



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

АБАЙ (ИБРАҒИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ МЕН ІЛІМІ

Республикалық сырттай ғылыми конференция
баяндамалары
Алматы, 10-15 тамыз 2020 жыл

АЛМАТЫ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
2020

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж.Дәдебаев (төраға), Ө.Әбдиманұлы, З.Бисенғали, Т.Есембеков,
Б.Жақып, А.Жақсылықов, Л.Мұсалы, З.Сейітжанов,
Ә.Тарақ, А.Темірболат

А 13 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Республикалық сырттай ғылыми конференцияның баяндамалары. Алматы, 10-15 тамыз, 2020 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л.Мұсалы, Б.Даутова. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2020. – 166 б.
ISBN 978-601-04-4145-3

Конференция Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында Абай күні басталды. Конференцияға еліміздің көрнекті абайтанушы ғалымдары, әдебиеттанушылары, қоғамдық-гуманитарлық ғылым мамандары, жас ғалымдар сырттай қатысты. Конференцияға қатысушылардың баяндамалары 10-15 тамыз аралығында Абай институтының вебсайтында күн сайын жарияланып отырды. Редакциялық алқаның ұсынуы бойынша, баяндамалар сараланып, электрондық басылым түрінде арнайы жеке жинақ болып жарық көріп отыр. Баяндамашылардың авторлық құқықтары сақталған.

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты

ISBN 978-601-04-4145-3

Алматы
Абай ғылыми-зерттеу институты
2020

Бірінші күн: 10.08.2020

**Ж.Дәдебаев, филология ғылымдарының докторы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры**

АБАЙ ІЛІМІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІ МЕН НЕГІЗДЕРІ

Абай ілімінің негіздерін құрайтын ұғымдар мен олар сипаттайтын құбылыстардың әрқайсысын танып, таразылаудың маңызы үлкен. Ал оларды жалпыландырып, жинақтап, екі салаға бөлгенде, әңгіме желісі жан мен тән арасынан тартылады. Адамзат қоғамының тарихында қол жеткен ғылым мен білім түгелдей жан мен тән жайында десек, артық емес. Соған қарамастан не тән жайында, не жан жайында түпкілікті, толық шешілген бір де бір іргелі мәселе жоқ. Абай келер ұрпаққа ғұзыр айтып, өзін жұмбақ жан, жұмбақ адам ретінде таныстырады. Адамзаттың басқа балаларын былай қойғанда, Абайдың жұмбақ жанын да жете түсініп болмағанымыз рас. Адамның жанын түсіну, әрине, оңай емес. Тәнді танып білу жанды түсініп білуден оңай секілді болып көрінуі мүмкін. Шындығында тәнді тану жанды білуден қиын болмаса, оңай емес. Тән өз мүмкіншілігін толық ашып болмаған, қойнында жан баласы танып білмеген бір алапат күш жатқан тылсым сияқты. Жанның жұмбағын танып, білу барша адам баласы үшін игілікті болуы мүмкін. Ал тәннің жұмбағын танып, білу керісінше нәтиже беруі де ғажап емес. Абай ілімінің кең арнасы осы бағытта жаңа бір қырынан ашылады.

Адамның тіршіліктегі істерін пайымдап, бағалай отырып, ақын адам болмысы, адам өмірінің мәні туралы терең ойлардың жүйесін ұсынады. Оның мәнісі ілгеріде айтылған қайрат, ақыл, жүрек туралы үшкіл жүйеге келіп саяды [1, 249]. Осы үшеуін бірдей ұстағанда ғана адам толық болмақ. Абайдың осы тұжырымының негізінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бірлігі адамның толықтығының, кемелдігінің өлшеміне сәйкес келетіні туралы пікір түюге болады. А.Машанов мұны «Абайдың үшкілі» ретінде пайымдап, нәтижесінде: «Абай үшкілі - даналық үшкіл» [2, 121], - деген қорытындыға келеді. Бұл абайтану ғылымындағы теориялық тұжырымдар қорына қосылған ерекше және құнды қорытынды еді.

Абай көрсетіп отырған үш қасиет - «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» - адам өмірінде ешуақытта азбайтын, арзандамайтын мәңгілік құндылықтар қатарына жатады. Бұл үшеуі - Абай ілімінің құрамдас үш бөлімі. Ақын шығармашылығында өмір құбылыстары, адам болмысы осы үштік тұтастыққа байланысты бағаланады. Ақын адам баласының осы үш қасиетті бірдей ардақ тұтып, өз болмысының ажарына айналдыра алғанда қандай күйде болатынын, оларға қол жеткізе алмай, олардан шет қалғанда қандай күйге түсетінін өз заманының нақты шындық құбылыстары шегінде үлкен реалистік қуатпен суреттеді. Аталған қасиеттердің әрқайсысын ғылымның көзімен пайымдауда Абай кемел ойдың желісін тартты.

Ақыл - табиғаттың адам баласына берген айрықша асыл сыйы. Оның шын бағасын адам баласы осы күнге дейін анықтап болған жоқ. Ақылсыз ешнәрсе табылмайды. Жаратқан тәңіріні танытатын да ақыл, екі дүниенің жайын білетін де ақыл. Оның қыры көп, амал мен айла да сонда. Жақсының да, жаманның да сүйенетіні – сол.

Қайраттың қаруы көп, күші мол, қаруына қарай қаттылығы да жетерлік, пайдасы да, залалы да бар, кейде жақсылықты берік ұстаса, кейде жамандықты берік ұстайды.

Жүрек жақсылыққа елжіреп, ериді, жамандықтан жиреніп, тулайды, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық – бәрі содан шығады. Ақылдың айтқан жақсылығына жаны-діні құмар болады, жаманшылығына ермейді. Жүрек қайратты да еркіне жібермейді: орынды іске күшін аятпайды, орынсыз іске қолын босатпайды [3, 153]. Жүрекке берілген осы сипаттамадан махаббат туралы ұғымның мәні ашылады. Сонда ақын ілімінің үш бөлімінің бірі - ақыл, екіншісі - қайрат, үшіншісі махаббат болады.

Ақын өзінің шығармашылығында жан мен тән мәселесін өзіне дейінгі данышпандардың тұжырымдары мен қағидалары жүйесіне сай саралай отырып, ақындық ойын өз заманының нақты әлеуметтік шындықтары негізінде жинақтайды. Мұның өзі ақынның жан мен тән туралы ойлары мен пікірлерінде, поэтикалық шешімдерінде өз заманының нақты шындықтары мен жалпы адамзат қоғамына тән мәңгілік рухани құндылықтардың өзара кірігіп, бірегей эстетикалық құбылыс ретінде тұтасуына алып келді.

Жанның ақиқаты немесе жүректің сыры, жан немесе жүрек дегенімізде жалғанда жайнап тұрған кереметтермен салыстырып сипаттайтындай немесе анықтайтындай нақты белгі, затты нышан болмайды. Платонның, Аристотельдің, әл-Фарабидің, Ибн Синаның жан туралы зерттеулерінде бұл жайында аз айтылмаған. Алла тағала Адамның тәнін топырақтан жасағанда, оған пәрменімен өзінің рухынан үрлеп жан салған. Жанды тәннен артық, тәннің әміршісі етіп жаратқан [4, 516]. Тән тозып, топыраққа айналғанда, жан өлмейді. Жан Алла тағаладан: «Өзіңнің Раббыңа оралатын бол» [Құран 89:28], - деген пәрмен алған. Жанның тәннен ажырағаннан кейінгі жолы әлем данышпандарының еңбектерінде ерте замандардың өзінде терең зерттеліп, маңызды ғылыми тұжырымдар мен қағидалар қалыптасқан.

Абайдың: «Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан, Түп иесін көксемей бола ма екен? Және оған қайтпақсың, оны ойламай, Өзге мақсат ақылға тола ма екен?», «Өмір жолы тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтіп екі басын ұстаған хақ» [1, 224], - деп айтқан сөздерінде үлкен мән бар. Жан түп иесін көксемей тұра алмайды. Оның себептері туралы жантану саласында жинақталған пікірлер, пайымдаулар аз емес. Түп иесіне қайтатынын ойлаған жан өзге дүниәуи тіршіліктегі мақсаттарға құлай берілмейтіні әлем әдебиетінің классикалық үлгілерінің қорындағы шығармаларда пайымдалған. Сөз өнерінің тарихында, адамтану тарихында мұндай құбылыстар, жанның мұндай қасиеттері түрлі кезеңдердің әлеуметтік ұстанымдарына сай пайымдалды, пайымдалу үстінде. Абай осы құбылыстардың ақиқат мәнін дүниәуи тіршіліктің түбіне бойлап,

ақылға салып таныған. «Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат» [1, 59], «Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі, «Мені» мен «менікінің» мағынасы - екі...» [1, 265-266], - деуінің мәні осында.

Берілген үзінділерде ақынның ойы екі түрлі тәсілде көрініс тапқан: нақты және бейнелі. Бейнелісі - «Өмір жолы - тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтiп екі басын ұстаған хақ». Байырғы авторлардың айтуынша, дүниеде иілгендердің мінсізі, иілген түрінің өзі оның мінсіздігі, айрықша артық қасиеті болатын зат біреу ғана екен. Ол – жақ, садақ.

Адамның өмір жолының тар соқпақ, иілген жақ кейпінде суреттелуінде, жақтың екі басын иілтiп жаратқан хақтың ұстап тұруында жасырын, астарлы мағына бар. Жаратқанның адамды, турасын айтсақ, адамның жанын осы иілген жақтың бір басына салып жіберіп, оны екінші басынан тосып алатыны, адамға берген жанын өзінің қайтып алуы туралы түсінік осы мағынадан туады. Қалған үзінділердегі ойлар нақты, затты қалыпта түйінделген. Ақынның айтып отырғаны Құранның сөзіндей екені рас. Ал жан туралы арғы дәуір ғұламаларының еңбектеріне назар аударғанда, Абай айтқандай, тәннің жерге (топыраққа) оралатыны, жанның Жаратушыға оралатыны туралы таным желілері көзге түседі. «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» [1, 225], - деген өлең жолдарында да терең мән бар. Оның тереңіне телміріп қарағанда, Абайдың ұсынып отырған пікірінің Платон, Аристотель, әл-Фараби, Ибн Сина қағидаларымен сабақтасып жатқаны белгілі болады. Платон өлім дегенді жанның тәннен ажырауы деп түсіндіреді [5, 22]. Абайдың пікірі де осы жайында, бірақ ақын жанның тәннен ажырауын өлім деп түсінгендерге сын айтады. Абайдың ақындық танымы бойынша, адамның «мені» - ақыл мен жан. Адамның адамдығы да ақыл мен жанда. Сондықтан «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан» [1, 265]. Осы пікірге сүйеніп, Абай келесі бір тұжырымды негіздейді: : «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» [1, 225]. Адамның «мені», анықтап айтсақ, ақылы мен жаны өлмейді. «Өлді» деген түсінік ақыл мен жанға, «менге» лайықты емес. Бұл - Абайдың Платоннан, Аристотельден, әл-Фарабиден, Ибн Синадан бөлек, өзінше түйген поэтикалық ойы. Адамның адамдығын ақыл мен жаннан тауып, ақыл мен жанның өлмейтіні туралы түсініктен адамның өлмейтіні туралы ой тую, содан келіп адамның «түп иесін көксемей болмайтынын», «оны ойламай өзге мақсаттың ақылға толмайтынын» ескерту адамзат тарихында, біздің білуімізше, Абайдың ғана қолынан келді.

Аристотель «Жан туралы» зерттеуінде өзіне дейінгі және өз тұсындағы данышпандардың ойларын сараптай келіп, жан туралы білімді білім біткеннің басына шығарады. Осы сарындағы ой Аристотельден Абайға дейін жасаған ғұламалардың, солардың ішінде түркі даналарының шығармаларында да көрініс тапқан. Олай болса, жан туралы білімді діни немесе ғылыми деп бөлектеу орынды бола алмайды. Жан мен тән туралы діни, азаматтық, жалпы адамзаттық білім мен Абайдың білдіріп отырған көзқарасы арасында алшақтық жоқ. Сондықтан Абайдың ақыл мен жан, жан мен тән жайындағы пікірлерінің төркінін бір жақты түсінуге және түсіндіруге болмайды. Біздіңше,

ақынның жан мен тән туралы көзқарасы жалпы дүние жаратылғалы бері жинақталған жалпы ілім мен ғылымның құндылықтарына негізделген.

Сократ өлім дегенді жан мен тәннің екі айрылуы деп түсіндіреді. Жан мен тәннің тіршілікте істеген істері олар екі айрылғаннан кейін де сақталып қалады. Мысалы, жан тәннен бөлініп шыққаннан кейін, оның табиғи болмысы айқара ашылып көрінеді: тіршілікте істеген әділетсіздігінен, қулығы мен сұмдығынан, зорлығы мен зомбылығынан, өтірігі мен өсегінен, құлқынқұмарлығы мен нәпсіқұмарлығынан түскен жаралардың орындары белдеу-белдеу болып көрініп тұрады [6, 370-371]. Платон дүниеден өткен адамдардың әдеттеріне, құлқына байланысты олардың жандары да түрлі кейіпке түсетінін Сократқа айтқызады. Тіршілікте тәннің дегеніне көнген, тәннің лас, былғаныш, кеселді тілектерін қанағаттандыру үшін қызмет еткен жанның өзі де ластанады, былғанады, кесел табады және тәннен ажырағаннан кейін де айналшақтап одан қара үзіп кете алмайды. Дүниеде «ар мен ұят ойланбай, тәнін асыраған», «ертеңі жоқ, бүгінге құмар болған» [1, 297], есепсіз ішіп-жеген, нәпсісін тыя алмаған адамдардың жандары тәндері жатқан мүрде маңында есектің, доңыздың және солар тектес жануарлардың кейпінде жүреді, ал тіршілікте әділетсіз, мансапқор, ұры-қары болғандардың жандары қасқыр, қаршыға, кезқұйрық секілді жыртқыш, қорқау хайуанаттар кейпін табады екен. Олардың жандары қиямет қайым күні тәндерімен қайта табысқанша осы күйде болатынға ұқсайды [5, 48]. Әл-Фарабидің пікірінше, мұндай адамдардың «жандары материяға байланған бойда қалады да, материядан арылып шығарлықтай дәрежеге көтеріліп жетілмейді, сөйтіп соңында материя опат болумен бірге олар да опат болады» [7, 141]. Абайдың «ертеңі жоқ» деп сипаттап отырған адамдары - осындай адамдар.

Әл-Фараби айтқан осы ой түрлі жазба ескерткіштер арқылы біздің заманымызға дейін жетті. Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали ат-Туси адамның табиғи мінездерін төрт түрге бөліп сипаттайды. Оның бірі малдың мінездері сипатында танылады: ішіп-жеу; ұйқтау; тұқымдану. Екінші түрі жыртқыш аңдардың тілектері, іс-әрекеттері сипатында көрінеді: жарып кету; қырып кету; алып кету; шауып кету; ішіп қою; жеп қою. Үшіншісі шайтанның тілектері сипатында ашылады: мен-мендік; аярлық; зұлымдық. Төртінші түрі Жаратқанның ұлы қасиеттерін ардақтайтын періштелердің қасиеттері түрінде белгілі болады [8]. Осындай ойларды Руми де терең толғаған. «Адамның тәні жыртқыштар өріп жүрген қалың жыныс іспетті, - дейді ол. – Біздің тәнімізде мыңдаған қасқырлар, мыңдаған доңыздар болады, бойымызда мыңдаған таза және лас, тамаша және оңбаған қасиеттер бар. Егерде осы қасиеттердің бірі үстемдік алатын болса, онда біз соның ырықанда боламыз... Адам бірде шайтанға, бірде періштеге, енді бірде хайуанға айналады» [9, 1416-1426]. Әл-Жилани ‘әбд әл-Қадыр (1077 – 1166) адамзаттың төрт түрлі типін көрестеді: бірінші типтегі адамдарда жүрек те, тіл де болмайды; екінші типтегілерде тіл бар да, жүрек жоқ; үшінші типтегілерде жүрек бар да, тіл жоқ; төртінші типтегі адамдар Жаратушы сарайының ұлылары деуге лайықты. Жүрексіз, тілсіз жандардың Жаратқан үшін ешқандай мәні жоқ. Күнакар, ақымақ, өркөкірек-

көркөкірек дегендер - осылар. Білімді жандардың оларға ақиқат жолын нұсқауы парыз. Әли Әбутәліпұлына пайғамбарымыз былай деген: «Егер сенің нұсқауың арқылы бір адамды Алла тағала ақиқат жолына түсірсе, онда бұл сен үшін күн астындағы игілік біткеннің бәрінен де игілікті». Тілі бар, жүрегі жоқ жандар ақылдың сөзін айтқанда, құстай сайрайды, ал сол айтқанын орындауға келгенде, теріс айналады. Олар тілімен әділет жолына шақырғанмен, өздері әділеттен алыс тұрады. Тілінен май тамызған мұндай екіжүзділерден кісінің аулақ болғаны абзал. Әділет жолындағылар - жүрегі бар, тілі жоқ жандар. Дүниедегі бар жақсылық, бар игілік солармен бірге [10, 86-87]. Пайғамбардың: «Құдайға құлшылықтың он бөлімі бар, солардың тоғызы тілсіз орындалады» [10, 87], - деген сөзі осы топтағы жандардың мінезін білдіреді. Мінезі періштелердің қасиеттері іспеттілер хақында Пайғамбар: «Өзі білім тапқан, өзгеге де білім берген және білген жолынан таймаған жандар Жаратқанның жайындағы жайсаңдар болып табылады» [10, 87],- депті. Алла өзінің білім нұрын осылардың жүрегіне құйған және өзгелерге аспаған құпияларын осыларға ғана ашқан деседі.

Абайдың шығармашылығында адам болам деген жанның асыл істерінің басы - білім табу, игілікті еңбек ету, тапқан білімін өзгеге де беру, өзі жеткен игілікке өзгелердің де жетуін тілеу. Сонымен қатар ақын: «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Содан тапқан шын асыл, тастай көрме» [1, 267], - деп насихат береді. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла» [1, 280], - дегенде де көздегені бар. Солардың мәні білу, адамның өзін-өзі тануы туралы ойға алып келеді. Кісінің өз парқын білуі ешбір жоғалмайтын түпкілікті білім болып табылады, ал ешбір жоғалмайтын түпкілікті білім дегеніміз – кәміл білім [11, 232]. Мұндай ұстаным Абайдың алдындағы әдебиет өкілдерінің бірінде де болмаған еді. Ақын осы тұрғысына сай өмірлік маңызы зор қағида ұсынады: а) түзу жолдағыларды шатастырмау; ә) қисық жолдағыларды түзету. Осы қағидасынан түзу жолдағыларды шатастырушы кісі және қисық жолдағыны түзетуші кісі туралы пікір түйеді. Бұл пікір образды түрде былай беріледі: «Жүз тура жолдағыларды шатастырған кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!» [3,175].

Адам атаның дүниеге келу тарихы тиісті әдебиеттерде баяндалған. Адам болмысының айрықша жаратылысы, адам өмірінің мәні жайын пайымдаған өткен дәуір ойшылдарының еңбектерінде де құнды ойлар айтылды. Шығыстан шыққан үш ғұлама, үш ұлы ұстаз Аристотельдің, әл-Фарабидің, Ибн Синаның осы саладағы ойларының тарихи және теориялық маңызы бүгінгі күнде де өте жоғары. Әл-Ғазали, әл-Жилани, Руми ұсынған пікірлердің негізі осы ғұламалардың ғылыми қағидаларында. Аристотельдің ілімі - әл-Фарабиге, әл-Фарабидың ілімі Ибн Синаға қандай ықпал етсе, Ибн Синаның идеялары оның өзінен кейінгі бірнеше ғасырдың мәдениет қайраткерлерінің көзқарасының қалыптасуына, дамуына сондай әсер етті. Бұл, өз кезегінде, парсы әдебиеті мен мәдениетінде әл-Ғазалиға (1058-1111) жол көрсетсе, ол әл-Жиланиға (1077-1166), Сухравардиға (1167 жылы өмірден өткен), Румиге (1207 – 1273) бағыт сілтеді. Жалаледдин Руми осы идеяны дамыта отырып, ақындық өнердің

шырқау биігіне көтерілді. Ислам мәдениетінде Құран кәрім мен Пайғамбардың хадистерінен кейін айрықша үлкен сұранысқа Румидің даналық толғамдары ие болды [12, 9]. Парсы әдебиетінің ірі өкілдері Румидің «Маснави-йи Ма‘нави» поэмасын «парсы тіліндегі құрандай» көрді [13, 13]. Аристотельден бермен қарай үзілмей келе жатқан осы дәстүрлі қағидалар жүйесі Абай «ғұламаһи Дауани» деп атаған Жалал ад-Дин Дауани (1426-27 – 1502-03), Ж. Баласағұн (XI), А. Йассауи (XII-XIII), А. Йүгінеки (XII-XIII), М. Хорезми (XIV), сондай-ақ Низами, Науаи, Әбдірахман Жәми, Сағди, Хафиз шығармашылығы арқылы жалғасады.

Аттары аталған ғұлама ақындардың ойларында үндес желілер көп. Негізгі қағидаларға келгенде, оларда бастапқы негіздің ортақ екендігі аңғарылады. Оның мәнісі адам өзінің ішіне өзі үңіліп, өзіне өзі зейін қойса, түрлі мінездерінің тегін, сырын білуге ұмтылып, соған тағат етсе, адамшылық осыдан басталады дегенге келіп саяды. Түрге келгенде, олардың бірінің сөзі нақты да затты болса, екіншісінің сөзі бейнелі, астарлы.

Шығармашылықтың өзекті ерекшеліктеріне келгенде, Абай бұлардың біріне де ұқсамайды: шығармашылық ойлауы дара; шығармашылық шеберлігі мінсіз; ақындық танымы терең; дүниеге көзқарасы биік. Абайдың шығармашылық тұрғысы бойынша, жаратылыс сырын танығысы келген, ақиқатты білгісі, әділетті сезгісі келген адамның баласы өзінің сыртқы бітімі мен ішкі болмысының екі түрлі нәрсе екеніне көз жеткізуі шарт. Адамның сыртқы бітімі - тән, ішкі болмысы - жан. Жан ұғымының аты қазаққа әуелден таныс. Шығыс халықтарының «нәпсі» (нафсы), «рух» деп жүргені, «діл» (жүрек) немесе «жан» дейтіні – бәрі, айналап келгенде, бір ұғымды, бір түсінікті білдіреді. Соған қарамастан жан туралы бір ауыз сөзбен анықтама беру қиын. Жанды от дегендер де, жылу дегендер де, қозғалыс, қозғалыс көзі дегендер де болды. Демокрит жан мен ақылды бір деп білді. Платон жаннан тыс ақылдың да, ақылдылықтың да болуы мүмкін еместігіне нұсқайды [4, 40]. Оның пікірінше, жан тәннен бұрын жаратылған және кемелдігі жағынан тәннен артық, тәннің қожасы һәм әміршісі - сол [4, 516]. Аристотель тәннің әміршісі һәм қожайыны жан екендігін айта отырып, жан аффектілерінің падишасы ақыл екендігі жайында пікір түйді [14, 384]. Жан дегеніміз, Аристотельдің анықтамасы бойынша, табиғи органикалық тәннің әуелгі (аяқталған) жүзеге асуы (энтелехия). Сондықтан, кендір мен оның бетіндегі суреттің бір екендігі туралы сұрақ қоюдың орынсыздығы сияқты, жан мен тәннің біртұтастығы туралы сұрақ қоюдың жөні жоқ... Аристотельдің ойы терең. Біз немен сезінсек, немен ойлансақ, немен өмір сүрсек, жан дегеніміздің сол екенін, ал оның материя да емес, субстрат та емес, әлдеқандай ұғым әрі форма екенін жазады ғұлама. Ұстаздың пікірінше, материя дегеніміз мүмкіншілік болса, форма - соның жүзеге асуы. Жаны барлар осы екі негізден тұрады. Бірақ жүзеге асушы тән емес, жан. Сондықтан адамның болмысында жанның тән бола алмайтыны, тәннен тыс та бола алмайтыны туралы айтушылар дұрыс айтады. Ақиқатында, жан тек білгілі бір тәнге ғана тән, бірақ тән емес. Осы ойларының негізінде Аристотель жан дегеніміздің жүзеге асуға

мүмкіншілігі бардың жүзеге асуы және пайымдалуы екендігі туралы тұжырымға келеді [15, 309-315]. Ғұламаның «парасатты (ақылды) жан» және «парасатсыз (ақылсыз) жан» [14, 150-151, 252-253], жанның ақиқатты тану қабілеттері, қасиеттері (түйсіну, елестету, ойлау немесе түйсік, пікір, білім, ақыл) [14, 253], ақиқатты тану немесе теріске шығарудың бес түрлі жолы (өнер, ғылым, тәжірибе, даналық, ақыл) жайлы қағидалары [14, 255] Абайдың жан мен тән туралы ойларының тегін тануға негіз болады. Әл-Фараби денелер мен акциденциялардың болмысына себепкер бастаманың алты сатысы барын көрсетіп, солардың ішінде әрекетшіл ақыл-парасаттың - үшінші сатыда, жанның төртінші сатыда тұратынын көрсетеді. Әрекетшіл ақыл-парасат тән емес, дене емес, тәнде емес, денеде де емес. Ал жан тәнде, денеде болады, бірақ өзі тән, дене емес. Ғұлама «адал рух», «қасиетті рух» және басқа осындай атаулармен «әрекетшіл ақыл-парасатты» атағанды жөн көреді [7, 49]. Берілген сипаттамалардан жан мен тәннің арақатынасы, жанның қабілеттері, қасиеттері, «парасатты (ақылды) және парасатсыз (ақылсыз)» бөліктері, олардың әрқайсысының іштей бірнеше бөлікке бөлінетіні туралы мәліметтер алуға болады. Абайдың жан мен тән туралы ойлары осы қағидалармен тектес.

Абайдың жан мен тән туралы ойлары Платонның, Аристотельдің, әл-Фарабидің жоғарыдағы ойларымен тамырлас. Абай да жан мен ақылды екі бөліп қарайды: «Адам ұғылы екі нәрсебірлән: бірі - тән, бірі - жан» [3, 219]. «Ақыл мен жан - мен өзім» [1, 265], «малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса» [1, 282],- дегенде, жан мен тәннің, ақыл мен сезімнің даралығына көңіл аударады. Бұл жанның тән бола алмайтыны, тәннен тыс та бола алмайтыны, ақиқатында, жан тек білгілі бір тәнге ғана тән, бірақ тән емес екендігі туралы Аристотель мен әл-Фарабидің қағидаларымен мейлінше сәйкес. Абайдың жан мен тән, адамның адами мәні, жүрек сыры, жан шындығы, ақыл жарығы жайындағы түсініктері мен қағидаларының түпкі негізі осы арнадан табылады. Сонымен қатар Абайдың жан мен тән және жан мен ақыл, сезім туралы ойларының жігіне назар аудару қажет. Абайдың пайымдауында құрамдас үш түрлі болмыстың өзара тұтасқан мынадай бірлігінің үлгісі көрініс береді: *тән↔жан↔ақыл мен сезім*. Тән - адам болмысының төменгі, материалдық негізі. Ол малда да бар. Ақыл мен сезім адамға тән. Ақыл - даналықтың, сезім - махаббаттың бастауы. Жан, бір жағынан, тәннің құмарына бұрылса, екінші жағынан, ақыл мен сезімнің сүйгеніне ұмтылады. Жан мен тән құмарлығының шегін білу, шамасын ұстау - ақылдың ісі.

Жоғарыда Платонның «Федон» атты еңбегінде жан мен тән, олардың арақатынасы, жанның тәннен ажырағаннан кейінгі жолы, хайуандар кейпін табуы жайында айтқан ойларына назар аудардық [5, 45-50]. Аристотель «Жан туралы» еңбегінде жан, белгілі бес сезім, ақыл болмысы айналасында іргелі зерттеу жүргізген. Ал «Риторикасында» адамдардың жас деңгейлеріне (жастық, жігіттік, қарттық), тегіне (текті), әлеуметтік жағдайларына (бай, би) қарай қалыптасатын мінез-құлықтарына сипаттама береді. Олардың қатарында Абай оң көрген қасиеттер де, теріс деп білген мінез-құлықтар да

бар. «Никомах этикасы» атты еңбегінде Аристотель жанның қалпына сәйкес «хайуан сипатты» адамдар болатынын көрсетеді, адамның өмір салтын үш түрге бөледі де, оның төменгісін «хайуанша күнелту» деп сипаттайды [14, 193]. «Саясат» атты еңбегінде де ол жанның тәнге бағынышты күйіне осы бағытта баға береді [14, 385]. Ғұламаның басқалардан жасырып, Александр Македонский үшін арнайы жазған «Күпиялардан күпия» атты еңбегінде айтылған ақыл сөздердің желісі де маңызды [16, 7]. Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу» атты еңбегінде мынадай пікір айтады: «Ақыл-естің тілегенін жасауға парасаты және батылдығы жететін есті адамдар болады. Мұндай адамдарды біз әдетте, өзінің лайығынша, ерікті адам деп атаймыз, ал енді өз бойында осы екі қасиет жоқ адамдарды хайуан тәріздес адамдар деп атаймыз, ал тек ақыл-есі ғана жетіп, батылы бармайтындарды жаратылысынан құл адамдар дейміз» [7, 29]. Жан мен тәннің осы секілді мәселелері Фрэнсис Бэкон (1561-1626), Рене Декарт (1596-1650), Блез Паскаль (1623-1662), Бенедикт Спиноза (1632-1677) еңбектерінде сипатталды. Б. Паскаль адамның ұлылығын оның ойлау қабілетімен байланысты түсіндірді. Жан мен тәннің Бенедикт Спинозаның «Этика» және басқа еңбектерінде көрініс тапқан сырлары мен сипаттарында да терең мән бар. Абайдың тән сипаты, жан құмарлығы, ақыл мен сезім қасиеттері туралы әлеуметтік-этикалық ойлары, философиялық көзқарастары Батыс пен Шығыстың жоғарыда аттары аталған ойшылдарының қағидаларымен үндеседі және өз заманының болмысына лайықты негізделеді. Осы ойлардың маңызы Абай шығармаларының өзегінде жаңа мағынамен толысып, жаңаша жинақталады. Мысалы, Абайдың өз заманының адамдары туралы: «көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоғынан азады» [3, 149],- деген пікірі аталған ғұламалардың ойларымен негіздес. Олар ақылдың тілегенін жасауға парасаты және ерік күші жететін немесе жетпейтін адамдар жайында айтса, Абай «ақылдының сөзін ұғып аларлық жүрегінде жігер, қайрат, байлаулық» бар немесе жоқ адамдар хақында айтады. Таным тектес, ой, пікір, тұжырым, баға мәнделес. Ал оларды негіздеудің, тұжырымдаудың жолдары басқаша.

Данышпандардың – Платонның, Аристотельдің, әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ф. Бэконның, Р. Декарттың, Б. Паскаль, Б. Спинозаның, Абайдың - белгілі бір құбылыс туралы көзқарастарының негізі тектес. Айырмашылық ойда, пікірде емес, сол ойды, пікірді негіздеудегі кемелдік деңгейлерінде, тәсілдер мен құралдардың ерекшеліктерінде. Егер ой айтудағы, пікір түюдегі кемелдік дегенімізді белгілі бір құбылыстың мәні туралы ойлардың суреттілігімен, айқындығымен, негізділігімен, көрнекілігімен сабақтас анықтайтын болсақ, Абай ақиқатты тану мен түсінудің бүгінгі деңгейінде осы қасиеттерімен дараланады.

Әл-Фараби «Азаматтық саясат» зерттеуінде, Аристотель айтқандай, «мал тәріздес», «жабайы аң тәріздес» және «жыртқыш хайуан тәріздес» [7, 149-150] адамдар табиғатын сипаттайды. Аристотель мен әл-Фарабидің осы ойлары мен Абайдың «Ақылға сәуле қонбаса, Хайуанша жүріп күнелтпек», «Көкіректе сәуле жоқ... Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз

артық?» деуінің арасында алшақтық жоқ. Аристотель мен әл-Фарабидің «хайуан сипатты», «күл», «хайуан тәріздес», «мал тәріздес», «жабайы аң тәріздес» және «жыртқыш хайуан тәріздес» деп мінездеген адамдар мен Абай «хайуанша жүріп күнелтпек», «малдан неміз артық» деп сипаттаған адамдардың мінез-құлықтары арасында да сәйкестік бар. Абай: «Адамшылықтың алды - махаббат, ғаделет сезім» [3, 225], - дейді. «Махаббатсыз, дүниедос» жандарды хайуанға қосуды дұрыс деп біледі [1, 154], адамның адамдығының негізі махаббат, сүю сезімінде екені туралы тұжырым жасайды.

Түрлі дәуірдің түрлі данышпандарының ой-пікірлері мен Құран аяттарында келтірілген «хайуандар тәрізді» [Құран 7:179; 47:12] адамдар хақындағы сипаттаулар арасында қарама-қайшылық жоқ. Әрине, бұл жерде осы қағидалар жүйесінің бастау көзін өмірдің шындығынан іздеген дұрыс. Ой, ұғым, түсінік, тұжырым, баға бірдей болса, оларға негіз болған шындық та біртектес екені анық. Кезінде Абай Сократтың, Платонның, Аристотельдің, Ксенефонттың, әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ф. Бэконның, Р. Декарттың, Б. Паскальдің, Б. Спинозаның ебектерімен таныс болмады деп айту ретсіз. Өйткені Абайдың дүниетанымында, ойлау табиғатында Сократтың, Платон мен Ксенефонттың, Аристотель мен әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ф. Бэконның, Р. Декарттың, Б. Паскальдің, Б. Спинозаның қағидаларымен де, әһли кітаптармен (Тәурат, Зәбүр, Библия, Құран) де үндесіп, үйлесіп жатқан мазмұн мен мән бар. Оның түпкі төркіні тектес, негіздес өмір құбылыстарын, ақиқат сырын тану мен бағалаудағы шынайылықта.

Дүниәуи тіршіліктің қызығы адамды Адам ата заманынан бері баурап келе жатқаны, оған «көп адамның бой алдырғаны», «аяғын көп шалдырғаны» Аристотель мен әл-Фарабидің де, Абайдың да шығармашылық еңбектеріне негіз болған шындық құбылыстардың қатарына жатады. Екінші жағынан, Абай қай заман, қай дәуір үшін де ортақ болып табылатын осы шындық құбылыстар туралы адамзат тарихының ұзақ жолында сұрыпталған, сараланған ойлардың жүйесімен таныс болған. Ақынның жан мен тән туралы қағидалары, ақындық танымы, азаматтық көзқарасы осы екі сала, екі арна құбылыстардың тұтастығына негізделеді.

Абай жан мен тән туралы өз заманы түбіне бойлап жете алмаған терең ойлардың жүйесін жасады. Ол ойлардың ғылыми маңызы мен мәні бүгінгі заман үшін де үлкен. Ақынның жан қуаттары, ақыл мен қайраттың (жігер, байлаулылық) «қосылуы» хақындағы тұжырымдарының антик дәуірден өзіне дейін жинақталған ойлар өзегімен қатар өрілуі оның әлеуметтік ойының кемелдігін, ғылыми танымының тереңдігін, ілімінің іргелілігін білдіреді.

ӘДЕБИЕТ

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. - Алматы, 1977.
2. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1994.

3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. - Алматы, 1977.
- 1.1.4. Платон. Сочинения в четырех томах // Под общей редакцией А.Ф. Лосева и В.Ф. Асмуса; Пер. С древнегреч. Том III. - Часть I. - СПб, 2007.
- 1.1.5. Платон. Сочинения в четырех томах // Под общей редакцией А.Ф. Лосева и В.Ф. Асмуса; Пер. С древнегреч. Том II. - СПб, 2007.
6. Платон. Сочинения в четырех томах / Под общей редакцией А.Ф. Лосева и В.Ф. Асмуса; Пер. С древнегреч. Том I. - СПб, 2006.
7. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы, 1975.
8. Аль-Газали, Абу Хамид. Наставление правителям. – М., 2008.
9. Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-йи Ма‘нави («Поэма о скрытом смысле»). Четвертый дафтар (байты 1-3855) / Пер. с перс. – СПб., 2010.
10. Аль-Джилани ‘абд аль-Кадир. Раскрытие сокровенного: Собрание семидесяти восьми проповедей / Пер. с англ. – М., 2008.
11. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973.
12. Джан Ш. Мевляна Джалаледдин Руми (Жизнь, личность, мысли) / Пер. с англ. – СПб., 2007.
13. Хисматуллин А. От редактора // Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-йи Ма‘нави («Поэма о скрытом смысле»). Первый дафтар (байты 1-4003) / Пер. с перс. – СПб., 2007. – С.13-18.
14. Аристотель. Этика. Эстетика. Политика. – Минск, 2011.
15. Аристотель. Поэтика. Риторика. О душе / Пер. с древнегреч. В.Аппельрота, Н. Платоновой и П.Попова. - М., 2009.
16. Аристотель. Тайная тайных // Библиотека литературы Древней Руси. Том 9. – [http:// www.pushkinskijdom.ru](http://www.pushkinskijdom.ru)
16. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. - ХҮІ том. – Алматы, 1980.
17. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С. - Алматы, 1989.
18. Роузентал Ф. Торжество знания / Пер. с англ. – М., 1978.
19. Руми, Джалал ад-дин, Мухаммад. Маснави-йи Ма‘нави («Поэма о скрытом смысле»). Второй дафтар (байты 1-3810) / Пер. с перс. – СПб., 2009.
20. Йассауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. - Алматы, 1998.
21. Бэкон Ф. Сочинения в двух томах. Т.2 / Сост., общ. ред. и вст. Статья Е.С.Лагутина, А.Л.Субботина. – М., 1972.

АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ

Толық адам. Абайдағы мораль философиясына байланысты гуманистік ойдың өзекті бір желісі – көбінесе, *толық адам, жарым адам, толық инсаният, пенделіктің кәмаләттығы, кәмаләт газамат* деген өз заманы мен ортасына танымалы, бірақ қалың оқырман қауым үшін мағынасы бейтаныс сөздер мен ұғымдар маңына тіреледі. Бұл аталған термин сөздердің көбі Абайдың қарасөздерінде мол қолданылса да, олардың мағыналық төркіні өлеңдерінде де жатады. Мысалы: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі – Абайдың програмдық мән беріп жазған туындыларының бірі. Көп ой қорытылып айтылған осы өлеңде Абай «адам болам десеңіз» деген тезисінің негізінде *толық адам* жайлы даналық ойлары мен біршама танымның басты белгілерін атап өткендей болады. Дегенмен, Абайдың адам болу туралы ойларының желісі өлеңдерінен гөрі қарасөздерінде жүйелі де толығырақ таратылған. Ұлы ақын адам болудың алғы шарты неден басталады деген сұраққа: «Қашан бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп нақтылы жауап береді. Осы іспеттес адам болудың жолына түскен баланың дұрыс өсіп жетілуі, Абайдың аңғартуынша, үш түрлі себепке байланысты болмақ. Олар: нәсіліне, өскен ортасына, тәрбиесіне байланысты боп келмек. Баланың тербеліп өсер бесігі – оның әлеуметтік ортасы. Сол ортадан бойына жұқтырған жақсылы-жаманды тәлім-тәрбиесі, алған үлгі-өнегесі – баланың мінез-құлқын, мұрат-мақсатын айқындауда елеулі мәнге ие болмақ.

Көбінесе, баланың адамшылық жолынан таюына надан орта, малға дос ата-ана, қиянатшыл туыстар жетегінде өскен: «...балалар талапқа да, ғылымға да, ұстазға да қиянатпен болады. Бұл қиянатшылдар *жарым адам...* Олардың адамшылығының кәмаләт таппағы қиынның қиыны», – деп қарайды. Жарым адам ұғымы Абайда, негізінен, ақыл мен қайратты ізгілік жолына жұмсамай, оларды үнемі зұлымдық, қиянатшыл ниетке қызмет еттіріп, амал-айланы сол жолда іске асырушы адамдар. Бұл жолдан арылудың, емделіп сауығудың бірақ амалы бар. Ол жол *ғылым, рахым, гаділетте* жатыр деп жөн сілтейді. Осы пікірге қарағанда, Абайдың танытуынша, *жарым адам* дегеніміз үш асыл сипаттың ең басты асыл қасиетін бойына дарыта алмай, ақыл мен қайратты зұлымдық жолына амал-айла ретінде жұмсайтындар болып шығады. Өйткені, олар:

Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда? –

деп Абай таңбалаған қиянатшыл жолға түсіп кеткендер.

Жасында осындай арсыз, алдамшы ортадан залалды үлгі-өнеге көрген бала өсе келе бойына біткен ақыл мен қайрат сияқты қуатты құралды қиянатшыл залалды жолға жұмсамай тұра алмайды. Мұны халық ұғымымен айтсақ, «ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледінің» керіне келеді.

Абай 38-қарасөзінде Алланың бойындағы сегіз сипатты: өмір ғылым, құдірет, көру, есіту, қалау, болдыру, сөзді оның бойындағы кәмаләттанудың көрінісі ретінде атап етеді. Осы сипаттардың жиынтығын *кәмаләт газамат* деп атайды. Кәмаләт газамат ұғымын өз еңбектерінде әл-Фарабидің өзі: «Біріншіні алатын болсақ... оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық. Одан кәміл жетілген еш нәрсе жоқ», – деп көрсетеді.

Абайдың айтуынша, осы сегіз сипаттың кемелденіп толыққан жиынтығы ретіндегі *кәмаләт газаматтың* ұшқындары аз да болса, оның пенделерінің бойында да болуы керек сипаттар. Абай сегіз сипаттың ішінен ғылым мен құдірет деп аталатын екі ең басты сипатты қосып жіберіп, бір ғана *ғылым* ұғымында алады. Сөйтіп: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр», – деп, ғылымға ғашықтықты, құмарлықты шын адамдық қасиет ретінде танытады. Тыңдаушыларын құдайды сыйласаң, ғылымды да сыйлауың керек деп нандырғысы келеді. Осы себепті Абай *кәмаләт газаматтағы* сегіз сипаттың ішінен жалғыз ғана *ғылымды* даралап, бөлектеп алады да, оған өз тарапынан нақлия, ғақлия дәлелдерге сүйеніп, *рахым* мен *әділет* деген екі сипатты тағы да қосады. Осы әрекетінің өзімен-ақ Абай дін шеңберінің ауқымынан шығандап та кетеді. Өйткені, тағриф бойынша, ғылым, құдірет қана Алланың басты сипатына жатады да, қалған алтауының бәрі де шарх қана, яғни басты сипатқа түсіндірме ретіндегі екінші дәрежелі сипаттар. Ал Абай осы ең басты сипат дәрежесіне тең етіп рахым мен әділетті қоса ендіреді. Әрі оларға гуманистік астар береді. Осы пікірін дәлелді де нанымды етіп көрсету үшін, *жәуанмәртліктегі* сипаттармен байланыстыра қарайды. Жәуанмәртлік орта ғасырларда Тұран, Иран жерінде таралған гуманизм жолындағы этикалық бағыт болатын.

Абай *кәмаләт газаматтағы* ең басты сипат ғылым мен құдіретті жәуанмәртліктегі сипаттармен бірлікте алады да: «Енді біздің бастағы тағриф бойынша, құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадәлатты, құдіретті еді. Сенде бұл ғылым, рахым, ғадәлат [сияқты] үш сипат бірлан сипаттанбақ... һәм толық инсаниятың бар болады», – деп, осы аталып отырған үш сипатты ыждағатпен ізденіп, әрекеттеніп бойына дарытқандар ғана толық адам санатына қосылады деп ой қорытады.

Абайдың «Әуеде бір суық мұз – ақыл зерек», «Кейде есер көңлі құрғырың», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл», «Менің сырым, жігіттер, емес оңай», «Жүректе көп қазына бар бәрі қызық», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері», әсіресе, 17-қарасөзде ақыл, қайрат, жүрек, рахым, әділет жайлы ой толғаныстарының бір ұшы толық адам туралы пікірлерімен іштей тұтасып жатқан түбірлі ұғымдар. Жоғарыда аталып өткен шығармаларында Абай ғылым атынан жүректің культін көтере танытқанда, шешуші орынды рахым-шафағат, мейір-махаббат, әділеттің

қайнар көзі ретіндегі жүрекпен ұштастырып отыратын ойларында аталған пікір төркіні мен мұндалап тұрады.

Толық адам (толық инсаният) – дегеніміз Абайдың танытуында, әрбір адам ақылымен, білімімен, мал-дәулетімен біреулерге әділет, шафағатымен жақсылық жасау немесе ақыл, қайратты жүректің қалауымен жүргізіп, оларды тек ізгілікті істерге қызмет еттіру жолы боп шығады. Кімде-кім осы: «...жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты ол ...*толық адам* делінеді», – деп, ең басты ой байламын жасайды. Бұл пікірлерінің негізгі желілері Абайдың бүкіл ағартушылық-гуманистік көзқарасынан туындап, шығар көзін жоғарыда таратылған адамдық үш сипаттан тартады. Бұл бүкіл ақын шығармаларының бойына жылылық беріп, таралып жатқан толық адам жайлы ойларымен терең түрде сабақтасып жатады.

Абай толық адам жайлы танымын тіпті адам образын жасау арқылы беруді де ұмытпаған. Бұл әрекеті, әсіресе, көп үміт күткен баласы Әбдірахман жөніндегі арнау өлеңдері мен хакімдер жайлы пікірінен де көрінеді. Мысалы, ғылым, рахым, әділет сияқты үш қастерлі сипатты меңгерген жастың үлгі-өнегесі ретіндегі ойын «Жаңа жылдың басшысы – ол» деп бағалайтын Әбдірахман образы арқылы көрсеткісі келеді:

Ғылымға ойы зеректі...
Ғылым оқып білгенше,
Тыным, тыныштық таппапты, –

деп қазақ даласы сусындап отырған ғылым-білімді меңгеруге ұмтылған жастың әрекет үстіндегі тұлғасын көз алдымызға келтіреді. Немесе *рахым, әділет* іспеттес адамшылық қасиетті бойына ұялатқан Әбдірахманды:

Тура сөзді жақтаған,
Бала айтса да хақ сөзді
Бұрылмастан тоқтаған, –

деп, шыншыл, әділетшіл мінезін сүйсіне жырлайды. Әбдірахман бойынан ғылымды, әділетті сипаттарды көріп қана қоймай, сол қасиетіне жарастықты мейір-махаббат, рахым-шафағаттың қоса өрілгенін:

Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Бөтен көзден көрсе жас
Ойнаймын деп күлдіріп...
Дүниеге көңлі жоқ,
Ағайынға бауырмал, –

болу жолына түскен толық адам тұлғасына тән қасиеттердің тұтас қамтылғанын аңғарамыз.

Абайдың *толық адам мен пенделіктің кәмаләттығы* туралы қарама-қарсы екі бағыттағы, келісімсіз, табиғаты жат екі жолдың қайшылығы туралы ойларында да терең мағыналы таным жатыр. Өйткені, жәуанмәртлікке тән үш сипатқа ғашық болмақты әулие-әнбиялар, пайғамбарлар үйретті. Бірақ олар «Ухрауи (ақыреттік, о дүниелік) пайдасын ғана күзетті», – деп, олар пенделіктің кәмаләттығы деген о дүниелік жолды мақсат тұтқан суфизм бағытын ашып көрсетеді.

Пенделіктің кәмаләттығы – дегеніміз Абай танытуында, бүгінгі, өмірден қол үзіп, о дүниелік жалған жолға түскен, қоғам мен адам тіршілігіне пайдасыз, ғұмырсыз үміті үзілгендердің жолы. Бұл Абай шығармаларында тілге алынатын иманигүл ұғымындағы екінші сүю, яғни «Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті» деген танымға кеп тіреледі. Мұны Имам Ғазалидің сөзімен айтсақ: «адамның бақыты құдайды танып, оған пенделік етуде», – дейтін әйгілі сарынға әкеп соғады.

Бұл іспетес пенделіктің кәмаләттығына бағыттайтын тақуалық жолды Абай ұсынбайды, қайта ол жолды қатерлі, ғұмырсыз өлі жол деп білгендіктен: «пенделіктің кәмаләты әулиелік бірлан болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді... Олай болғанда ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек», – деп, діни әдебиетте ғасырлар бойы дәріптеліп келген *пенделіктің кәмаләттығы* деген діни моральды батыл теріске шығарады.

Пенделіктің кәмаләттығын дәріптеп келген жолға Абай *камилиинсани* (толық адам) жолын ұстанған хакімдерді қарсы қояды. Өйткені: «Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі», – деп адамшылықтың басты белгілерін хакімдер жолынан табады.

Абай толық адам, жарым адам, толық инсаният, пенделіктің кәмаләттығы, кәмаләт ғазамат жайлы қазіргі оқырман ұғымына бейтаныс аса күрделі ойлар желісін кейде діни ұғымдармен ұштастыра қарағандай әсерде қалдыратыны бар. Осы ерекшелікті өз заманындағы тыңдаушыларының ұғымына сіңдіре отырып, мораль философиясы негізіндегі гуманистік мұрат-мақсаттарын таратуға ұмтылған Абай әрекетін Мұхтар Әуезов: «...ашық, айқын діншілдік үгіт сияқтанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына кеп қосылады... Ендеше бұл сөздің де түп мазмұн мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет-сипаттарды жеткізе түсу», – деп, көп нәрсенің өзекті желісін қолыңа ұстатқандай бағыт-бағдар береді. Толық адам ұғымына М. Әуезов балама сөз ретінде «нравственная личность» деген сөз оралымын қолданып отырады. Толық адам жайлы Абай ойларының төркіндерін осы тұрғыдан нақтылы танып білмейінше, ұлы ақын шығармаларын терең бойлап түсінудің өзі екі талай.

Абайдың 38 қара сөзінде бір-ақ рет қолданысқа түскен «толық адам» сөзіне мен «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» деген докторлық диссертацияға даярлық үстінде мән бере бастадым. Бірақ, «толық адам» сөзінің тереңде жатқан мән-мағынасын ойдағыдай біле алмадым.

Диссертацияның бір тарауы «Абайдың шығысқа қатысы Мұхтар Әуезов зерттеуінде» деп аталатын. Осы тарауды жазу үстінде Абайдың толық адам іліміне назар аударма бастадым. Бірақ бұл ілімнің шығу тарихы мен пайда болу себептеріне көпке дейін дендей алмай жүйесін танып-білуге уақыт қажет болды. Зерттеу үстінде жиған-терген ойларым «Ақиқат» журналының 2018 жылғы № 5-ші санында жариялады. Осы мақала негізінде толық адам ілімінің әлемдік деңгейдегі пайда болу көздері мен дәстүрлік даму жолы анықталды. Осы себепті М.Әуезовтің архивін бастан-аяқ түгел қарап шықтым. Мақсатым – кемеңгер ғалымның Абай мұрасының шығысқа қатысы жайлы қағаз бетіне түскен ой-пікірлеріндегі ой желісін, танымын толық танып білуге ұмтылдым. Орыс тілінде жазылған еңбектерінде «Нравственная личность» деген сөзге мән бере қарадым. Бұл сөздің толық адам сөзі екендігіне көзім жете түсті. Толық адам ұғымы діни рухани әлеммен тікелей байланыста жатуы себепті М. Әуезовтің бұл салаға баруға, өз пікірін ашық айтуы мүмкін емес заман еді ғой. Абайдың жәуанмәрттік іліміне қарым-қатынасын зерттеу кезінде «толық адам» ілімі өзіндік жүйесі бар дербес таным екеніне көзім жете түсті де, баспасөзде алғаш рет жариялап, ғылыми айналымға түсірдім. Толық адам ілімі жайлы ары қарай ұзақ уақыт ізденіп зерттеуім мені толық адам ілімінің тірегіне айналған Абайдың: 1) жүрек күлті; 2) Хауас; 3) Жәуанмәрттік; 4) Иманигүл деп аталатын терең ғылыми мәні бар шындықтарды танып, біліп барып айтқан көрегендік сыншыл ой танымы болғанына көзіміз жете түсті.

АБАЙ ІЛІМІ

Ұлы Абай ілімі қанша уақыт өтсе де, қандай қоғамдық формациялар өзгерсе де, өзінің ғасырдан-ғасырға жалғасатын даналық құндылығын жоймақ емес. Өйткені Абай өзінің алдындағы Шығыс пен Батыс, Еуропа ойшылдарының еңбектерін зерделеді. Өз уақытынан асып туған бірегей тұлға ретінде жинақталған ой жүйені ұлт кәдесіне жаратуды мақсат етті. Сондықтан да ол ғақлия яғни қара сөздерге өзін мазалап жүрген ой иірімдерін жинақтады. Бұл кейінгі ұрпаққа даналық, білімділік мәйегін ашты. Сан салалы ой тізбектері әдебиетшілерді, тілшілерді, философтарды, экономистерді, тарихшыларды, сондай-ақ саяси-қоғамдық қозғалыстар жетекшілерін, Алаш көсемдерін қызықтырды. Мұның күдіреті не? Бұл жансебіл көңілдің жүрек түбіндегі дабылы ма? Әрине, Абай сынды ақын қоршаған ортаға, қазақ өміріне бей-жай қарай алмайды. Ол қазақ даласының биігінен жан-жағына көз салады. Өркениетті, білімі мен ғылымы озған елдің тұрмысын зерделейді. Замананың көшіне сыймайды. Өз қазанында қайнаған қазақы тұрмыстың болымсыз, толымсыз жағдайы мазалайды, мазалап қана қоймайды, жүрегін сыздатады, сыздатты деу аздық етер, жанартаудай ашындырады, қапаландырады. Осы толғақ жанын қысады. Қайтпек керек? Яғни өз жанын жегідей жеген өмір шындығын, заман шындығын айтпақ керек. Ой қуалайды, кемерінен асып-жығылып жатқан жансебіл көңілдің шерін шығару қажет. Біраз жасқа келдік деп, алысып, жұлысып, айтысып, тартысып өткен күндердің не сабағы бар?! Абайдың Бірінші қара сөзіне жүгінелік:

«Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?» [1, 6].

Иә, Шекспир «Быть или не быть?» деген. Ал А.Чернышевский «Что делать?» деген сұраққа жауап іздеді. Ал Абай ше? Ол да сан тарам ойларға берілді, бірін тапты, бірін жоғалтты, бірінен көңілі қалды. Бірақ жауап іздеу қашанда ешкімге оңай соқпаған. Абайға да... «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен» адам мың ойланып, мың толғанды. Азапты ой шырмауықтай қысып, жан алқымға алды. Және оның жауабын іздеу Абай ілімінің орнығуына әкелді. Осылай «толық адам» концепті өмірге келді. Яғни жалғыз адам алысады, жол көрсетеді. Бірақ оны іліп алып дамытатын қоғам бар ма? Ақын күйзелісі осыны меңзейді. «Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма» деп запыран атты ақын баба.

«Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік» [1, 6].

Сонда не істеу керек? Софылық жол керек пе? «...тыныштық жоқ, осы

елде, осы жерде не қылған софылық!» [1, 6].

Бұл дана адамның жүрекжарды сөзі. Әлі де ескірмеген сөз. Қазақстан бүгін де Абай айтқан сан салалы сұрақтарға жауап іздеп келеді. Сондықтан да Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [2, 1], - деп жазды. Бұл – ұлы Абайдан бастау алған Елбасының бағдар жолы. Оны ұғатын жүрек, көретін көз керек.

Иә, Абай «өз сөзім өзімдікі» деп заманына болашағына сыр ақтарады. Соны аршып алып, ұлт мұратына жұмсау керек. Абай ілімі осылай дейді, Абай ілімі осыны меңзейді.

Екінші сөз

Өз ұлтыңды сүю оны құр асыра мақтауды қажет етпейді. Сондықтан да Абай қара сөздерін бұра тартып, «өз ұлтын жамандаған» деген әлдебір сөздер айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ ұлтқа жол сілтеу, қалай қарай жүру керектігін көрсету үшін адамның өз бойындағы кемшілігін түзеуі хақ. Сол себепті Абай ащы болса да алмас қылыштай ұлт кемшілігін кесіп түседі, қамшымен осып түседі. Жалған намыс жарға жығады. Өз мінін көре алмаған халықтың болашағы бұлыңғыр. «Жығылып жатып, сүрінгенге күлудің» кебі бұл. Арқадан қамыс әкетіп үйінің төбесін жабатын тәжіктігі дұрыс па, әлде осыны келемеж тұтып «шүлдіреген тәжік» деп миығынан күлген қазақтікі дұрыс па?

«Ноғай дегенше, ноқай десеңші» деп күлген қазақтікі дұрыс па, әлде солдат болып, «башалшік» (бакалейщик – У.Қ.) болып сауда жасаған ноғайдікі дұрыс па?!

«Орыс ойына келгенін қылады» деген... не айтса соған нанады» [1, 7] деп сақ-сақ күлген дұрыс па, әлде ілімі мен білімін қатар өрбітіп, өзге ұлтты малайдай жұмсаған орыстікі дұрыс па?!

Абай осыны ой елегінен, өмір тезінен өткізеді. Содан ой түйеді. «Сарттың екпеген егіні жоқ, саудагердің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. ...Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда» [1, 7].

Иә, Абай шындықты жайып салды. «Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз» [1, 7]. Сонда кім кімге күледі? Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда? Осындай шындықты айтқан Абайға қалай мін тағуға болады? Ол тамыршыдай қазақтың өз кеселінің, өз

ауруының мәнін ашып, өзі сақтандырып тұрған жоқ па? Ф.Тютчев «Умом Россию не понять» десе, М.Лермонтов «Прощай немытая Россия» деген. Ол үшін орыстар өз ұлтының ұлы ақындарын табалаған емес. «Пушкиннен анау артық, мынау артық» деп тепсінген емес. Пушкин орыстар үшін құдірет, ал қазақтың Абайды тепсінуі – қасірет!

Үшінші сөз

Абай – ұлттық паспортымыз ғана емес, ұлттық кодымыз. Ол – өз ұлтының озық ойлы данышпан тұлғасы. Ақындықтан бөлек, бірде ғаклия, бірде қара сөз деп айтылып жүрген дана сөздері, ұлттық философиялық ілімнің асыл бұлағы, қайнар көзі. Ол өз бойына тек қазақ халқының ғана емес шығыс пен батыстың, европаның озық ойынан синтезделген екшелген, сарапталған білімі.

Абай өз ұлтының мінін, кейбір табиғатын сынау арқылы ұлтты түзеудің жолын іздейді. Бәз біреулер Абай өз ұлтының, өз халқының мінін жұртқа жайған дегендей де пікір айтқанын білеміз. Бірақ шындығына келгенде, Абай өзі жинақтаған ілім-білімді халқын түзеу үшін, өзге елдердің қатарында болу үшін «не істеу керек?» деген сауалдарға жауап іздейді. Ұлы данышпанның 3-ші қара сөзіне аз ғана зер салып көрейікші.

«Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, өздерінің жалқау болатының себебі не?», [1, 8], – деп сұрақ қояды да соған жауап іздейді. Жоғарыда айтылған мысал әлі күнге сол күйінде тұр. Алысқа бармай-ақ өткен ғасырдағы репрессия жылдарын алайық. Бірін-бірі көрсеткен, домалақ арыздардың есебінен Алаш арыстары мен 80 мың интеллигенция өкілдері атылып кетті. Тіпті ашаршылық, колхоздастыру кезіндегі жайлардың да саяси ғана емес, экономикалық астарлы жағдаятын қайда қоямыз?! Кімнен жасырамыз? Тіпті ВКБ-ның XVIII съезінде Украинадан кейін көп қырылған қазақ халқы екені мойындалған болатын.

Мұның себеп-салдары неде? Абай бабамыз мұны былай түсіндіреді:

«Әрбір жалқау кісі – қорқақ, мақтанғыш келеді.

«Әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді, әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [1, 8]. Міне, бұл бүкіл ұлтқа күл шашу емес, бұл ұлттың арасында осындай мінез-құлық бар екенін айта отырып, ұлтты тезге салу мақсаты тұр.

Оны қалай түзеуге болады? Ол үшін Абай малды көбейту қамын емес, егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге ұмтылу қажеттігін ескертеді.

Міне, Алаш көсемдері, Ұлы Абай ілімінен нәр алған, оны ұлттық идеологиясының нысаны етіп алады. Сондықтан Алаш идеясы ұлы Абайдан басталғаны анық.

Абай жазады: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді» [1, 9]. Міне, осы қазақы кесел жойылып бітті ме? Жоқ.

Ұлы Абай үшінші қара сөзінде болыс болып сайланған адамдардың күнін

қалай өткізетінін жіпке тізіп береді: «бірінші жыл бұлғандығымен өтеді. Екінші жыл кандидатпен аңдысып күні өтеді. Үшінші жыл тағы болыс қаларға жол іздеумен күні өтеді» [1, 9].

Абай болыс білімді адам болу тиіс деген ойды алға тартады. Орысша білім алған кісі болса, халыққа пайдалы болар еді деп ой түйеді. Өйткені ғибратты жол және адам бақыты еңбекте екенін түсіндіреді. «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [1, 9], - дейді данышпан бабамыз. Бұл бүгінгі күнің де басты бағыты екенін өмір көрсетіп отыр. Сондықтан да Абай ілімі ешқашан ескірмейді. Ол біздің әрбіріміздің жүрегімізде шамшырақ болып жануы тиіс.

Төртінші сөз

Өмірдің мәні Абай үшін бос өткен уақыт та, арзан күлкімен өтер жылдар да емес. Ойсыз, арсыз, мәнсіз күлкі мас адамның кейпін көз алдыға әкеледі. Ғафилдік, яғни ойсыз өмір сүретін адамдардың бұл дүниеде де, ақыретте де жаны жай таппақ емес.

Ұқыптылық, әр нәрсені пайымдап, үйлестіріп, мың ойланып, мың толғанып шешетін адамның тірлігі оңды, өмірі мәнді. Демек ол адамның өмірі бақытты, соңы кенішті.

Уайым-қайғысыз өмір бола ма? Әрине, жоқ. «Жатқанға жан жуымас» деген осындай өмір тәжірбиесінен алынса керек. Сондықтан да Абай еңбек етуді, қарекет жасауды жөн деп біледі.

Біреуді табалап күлме. Оның қамсыз қаракетіне күйін, ызаланып күл. Жақсылықты танып күл. Одан рахат аласың, ғибрат аласың. Ғибратты адам салиқалы адам. Ол өз кемшілігін өзі түзей алады. бұл бос масаттауды тоқтатады, өтірік, бояма күлкіден сақтан. «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі» [1, 11]. Абай қысқа ғана ғұмырды босқа, «жарамсыз қылықпен» құр өткізуге қарсы. Міне, осындай тығырықтан шығаратын жол бар ма? Абай ақын бар дейді. Ол үшін... «әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп» еңбек ету қажет. Сонда қара жер ииді, еңбегінің зейнетін көресің. Көз сүзіп, тіленіп өмір сүру ит өмірмен пара-пар. Міне, Абай жай ғана ой айтпайды. Ол өз заманының, болашақ дәуірінің жастарына тығырықтан шығатын жолды нұсқайды. Еңбек ету, өмірден өз орнында табу – адамдық жол. Сонда берекелі өмір сүресің. Осы принцип кез келген қоғамның алдында тұрған міндеттерді айқындайды. Бүгінгі заманға жүгінелік. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке көтерілумен келеді.

...Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық.

...Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр.

Абай ...ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі.

...Халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

...Абай қазақтың суырып салма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырушы...

...Өміршілдік – Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді.

...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті.

...Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар...»

Демек, Абай ілімі бүгін де қажет, ертең де қажет бола береді. Ілімі тозбайды, ілім оздырады.

Бесінші сөз

Өз ұлтының кем-кетігін түгендеу үшін өз халқыңның жақсы мен жаман әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін білу керек. Сондықтан да ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп мал таппақ болған әдеттен арылу қажет. Абай сондай ойсыз, жетесіздікке жетелейтін мақал-мәтелдерді ұлт үшін кесел деп біледі. Басқасын былай қойғанда «қарның ашса – қаралы үйге шап» деген сияқты мақалдың адам табиғатына жанаспайтынын сынайды. Яғни орынсыз жасалған мақалдарды перде етіп өмір сүруге болмайды. Мал табу үшін «ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен» [1, 12].

Абай «тозақтан да қорықпайтын» осындай қазақы өмірден қорқады. Одан сақтандырады. Іздеген еліміз сол ма» деп күйінеді.

Ұлы ақын феодалдық-патриархалдық қазақ қоғамының жай-күйіне мазаланады. Ел не болып барады? Қайда бара жатыр? Осы ойлар ойшыл жүректі тілгілейді. Қолдан келер қайран болмаған соң оны зерттеп айығар жолды іздейді. «Әйтеуір бір жаңа заман келер, сол заманда қазақ қандай болуы кере»к деген ой көңіл күйігін сиямен сауыт алып, ақ қағазға түсіруге мәжбүрледі. Сол қазақ қандай өзгеріске түсті? Ойланарлық-ақ нәрсе. Етектегі басы төрге шыққан қазақтың бойында атам заманнан қалыптасқан жаман үрдістер әлі де көрініп тұр. Дүние үшін әке баласын, бала әкесін өлтіреді. Бір-бірін сотқа сүйреп жүрген ағайындылар, бірге туғандар аз ба? Сондықтан Абай ілімі ешқашан ескірмейді. Ұлт Абайды жатқа біліп, содан ғибрат алса ғана өркениетке жетпек. Абай ілімі – өркениет ілімі. Ұмытпайық!

Алтыншы сөз

Ұлы Абай қазақтың көп мақалдарын сын тезіне алып отырады. Өйткені ол мақалдар қазақтың түзелуіне емес, керісінше жалқау, өмірге бейімсіз болуына жетелейді. Алтыншы қара сөзде Абай «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалды зерделейді. Бір қарағанда осы мақалдан ешқандай кемшілік таба алмайсың. Дұрыс секілді. Тіпті бөтен ой да миыңа кірмейді. Ал Абай осы мақалды егжей-тегжейлі түсіндіреді. Бастапқы ойың өзгеріп сала береді. «Бірлік» деген ұғым қазақ үшін «ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ» болса деген ұғымға жақын. Яғни Абай үшін «бірлік – ақылға, бірлік малға бірлік емес». Сонда не? Ұлы Абай бірлік деген сөзден қазақ қандай түйсік алу керектігін түсіндіреді. Яғни, бірлік малға сатылмауы керек. Ағайын бір-бірінен алмаса сол бірлік. Парақорлықтан сақтандырады ұлы Абай. Сонда

«әркім несібесін құдайдан тілейді. Олай болмаса қазақ құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді» [1, 12]. Бұдан сақтанған жөн екенін меңзейді.

«Ырыс алды – тірлік» дегенді Абай басқаша түсінеді. Мұны пәлсапалық деңгейде қарастырады. Жанын қорғалаған, жаудан қашқан, еңбектенуден, қызмет етуден қашқан адам да тірлік бола ма? Еріншектікті бойға сіңдіріп алған адамның тірлігі өнбейді.

Осыларды талдай келе Абай «көкірегі, көңілі тірі болса» сол тірлік дейді. Абай ілімі басқаша. Адал еңбек, ерінбеу сені мүддеңе жеткізеді. Оны бір шумақ өлеңмен өрнектейді:

«Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас.
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас» [1, 13].

Дәл осындай психологиядағы адамды қалай тірі деп айтуға болады? Бұл өлімнен де күшті. Сондықтан да әр адамның жүрегінде осындай кеселден арылу мақсаты тұруы керек. Сонда адам мұратына жетеді.

Көкірегі ояу, жүрегі ашық адам ұлы Абай сөзін ұғынса, өмір де өзгереді, қоғам да өзгереді. Бұл сөздер бүгінгі қазаққа да, жүрекке де қажетті, имандылыққа да қажетті ұғымдар.

Жетінші сөз

Адам жаны мен тәні болмыстың ішкі бірлігін көрсетеді. Бірақ қалай бала күнгі білмекке құмарлық пен өскендегі адам психологиясындағы өзгерістердің қазақ руханиятындағы орны қандай?! Міне, осы сауалдар Абай қара сөзінің жетінші ғақлиясының негізін құрайды.

Сонымен, ұлы Абай анадан туған баланың екі түрлі мінезіне назар аудартады. Бір бала «ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады». Ол баланың өмірі бұлыңғыр. Олар тән құмарлығының аясынан шыға алмайды. Демек, «өзі өспейді, қуат таппайды» [1, 13]. Екінші бала өзгеше. Ол білуге құмартады, бәрін байқап, бәрін көріп, бәрін ұстап, дәмін татып, қоршаған ортадағы құбылыстарға «ол немене?», «бұл немене?» деп немесе «ол неге өйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп бәрін білгісі, бәрін ұққысы келеді [1, 13]. бұл – жан құмарлығынан бастау алатын қасиет.

Қазақтың бойындағы екі мінезді салыстыра отырып, Абай философиялық тоқтамға келеді. Бізге керегі хайуан жаны емес, ештеңені ойламайтын, ештеңені ұқпайтын, тек тамақ қана оның көздегені, ал адам жаны өзгеше. Ол білім, ғылым жолы, еңбек жолы. Яғни «тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді» [1, 14].

Бірақ балалық білмекке құмарлықты өмір трансформацияға ұшыратты. Сол кешегі білмекке құмарлық, өмір сынына шыдай алмай морт сынды. Абай: «жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық, жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң оған билетпедік» [1, 14].

Осы тұста ұлы Абай психологиялық кескін-келбет жасайды. надандықты, қараңғылықты шенейді. Ашық айтады, ұлтына жаны ауырып

айтады. Білімді жол – қазақ жолы, ұлт жолы, осыны ұғынғанда ғана ұлт түзеледі. Әрине, бұл бір күнде, бір жылда шешіле қояр нәрсе емес. Әйтеуір, бір күндердің күнінде жақсы заман келер, сол жолға дайын болу керек. Яғни Абай трагедиялық көңіл-күйді айта отырып, оптимистік ой көзбен толғанады. Осы ойды сегізінші қара сөзінен табамыз.

Сегізінші сөз

«Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» [1, 14]. Абайдың озық ойлы ой толғамы қаншама уақыт өтсе де, сол мызғымас күйінде тұр. Кешегі заман мен бүгінгі заманды салыстырып көрейікші:

«Біреу – болыс, біреу – би». Олар не үшін сайланды, малын шашты. Өздері билікке келген соң олар ұлтын түзейтін тұлғаға айналуы керек. Ол үшін сөзі халыққа насихат түрінде жетуі қажет. Бірақ олар қоғамның шынжырлы бұғауын үзе алмайды. Қайта керісінше: «Ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба?» [1, 14], – дейді.

Көрдіңіз бе, енді Абай айтқан осы кеселдер бүгінде бар ма, жоқ па? Қараңыз, сол кейіп қазақтың бойынан кетпепті. Парақор сот, кесепатты шенеунік, көбіне өз пайдасына аса алмайтын әкім қара аз ба? Суық қолды сұғанақтар жоқ па? Абай жазғандай «Мал болса, Құдай Тағаланы да паралап алса болады дейді» [1, 15]. Яғни мұндай адамдар құдайдан да, соттан да, заңнан да қорықпайды.

Абай көрегендігі, қоғам, өмір тамыршысы екенінің айғағы осы емес пе?!

Тоғызыншы сөз

Ақын ойы әр қара сөз сайын оның көңіл-күйін, алаңдаушылығын айқындай түседі. Бұдан қара сөздердің бір отырыста болмаса бірер айдың ішінде жазылмағанын көрсетеді. Бұл ойшыл ақынның сөз мәнерінен аңғарылып тұрады.

Тоғызыншы сөз «Осы мен – өзім қазақпын» деп басталады. Және баяғы грек ойшылдары сияқты өз-өзіне сұрақ қойып алып, соған жауап іздейді. Мәселен, ол «қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?» деп сауал қойып алады да, соған қатысты ойларын тізбектейді, өрнектейді, кестелейді. Жауабы да өзін алаңдатқан мәселермен қиыннан қиысып, жапсарласып жатады. Ылғи екіұдай, екіұшты ой шырмауында қалады. Ақын, ойшыл ойынша «егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді» дейді [1, 15]. Ол үшін «көңілге тиянақ қыларлық» «үміт үзбестікке» «көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді» деп толғанады ол. Сондықтан шыдамның шегі болуы керек пе?

«Бұларды (халықты – У.К) жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ» [1, 15].

Бұл – жан күйзелісі. Халқының күңгірт болмысы, тұманды болашағы жүрегін шоқтай қариды. Осы жолдан не құтқарады. Жауабын таппай қиналады. Сондықтан да өзін тірі өлікке балайды. Оны өзі де мойындайды. «Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты» □ сонда, 15-б□. Не ызалана, не күле алмай, не қуанып кете алмай өзін-өзі таба алмай күңіренуі Абайдың «мыңмен

жалғыз алысқан» кейпін көз алдына әкеледі. Дегенмен, ойшыл ақынды әлдебір сәуле жұбатқандай болады.

Иә, ол болашақ күннен үміт күтеді. Артында қалған күндерге емес «алдыңғы тілеуге» сенеді.

Өмір диалектикасы осы. Әркім өз болашағына үмітті. Халық та болашаққа сенеді. Абай дүдәмал көңілге осылай сенім отын жағып жылытады, ойлантады. Ұлылық қыры деген осы!

Оныншы сөз

Кез келген адам өзінен соң із қалғанын, ұрпақ қалғанын аңсайды. Сол үшін Құдайдан бала тілейді. Өмірдегі баланың орны, оның тәлім-тәрбиесі Абайды қатты толғандырады.

Сонымен, қазаққа бала не үшін керек? Абайша айтқанда, «өлсем орнымды бассын дейді, артымнан Құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді» [1, 16].

Міне, осындай мақсат-мүдде қойған адамның не ойы бар, не ойланары бар? Абай баладан қашпайды. Бірақ өмірге әкелген соң әр ата-ана оның болашағына жауапты. Өзің ит өмір сүрсең, бала да сондай ит өмір сүруі керек пе? Баланы тек өз мүдденің үшін ғана пайдалану – арсыздық. Өмірде жақсылық қылсаң сол адам да құранын оқиды. Өзің кәсіпке үйретпесең балаң қалай кәсіп істейді?

Абай айтады:

- Ахирет үшін бала тілеме;
- Қартайғанда асырасын деп ойлама;
- Малың болса, кім асырамайды.

Осы Абай айтқан сөздердің артық-кемі бар ма? Жоқ. Өйткені баланы өзің жақсы асырай білуің керек, оған білім беруің қажет. Жол көрсететіндей өзіңнің таза жолың болуы керек. Егер баланы масаттандырып, тентектікке үйретіп, ең арзан молдаға беріп, хат танытуды ғана мақсат етсең, «қу, сұм бол» деп үйретсең, ондай бала кім болып шығады? Ол елінің тұтқасы бола ала ма?

«Құдай Тағала саған мал табарлық қуат берді, ғылым берді» [1, 17]. Осы байлық, білімді қалай, қайда жұмсау керек? Арыңды сатып, абыройыңды сатып, тіленшілік жасау жақсылық жолы емес. Оны, яғни жиған-терген, тапқан малыңды «ғылым табуға жұмсау керек» деп ой түйеді Абай. Дүниенің кілті де, байлықтың жолы да – ғылымда. «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» [1, 17].

Малды иттікпен тапқанымен оны адамшылықпен жұмсау керек. Сондай қазақ Абай көзіне түспеген. Сондықтан да бос өмірден сақтандырады. Дүние де, мал да, бала да ғылым үшін, білім үшін жұмсалуды керек. Осыларды қара сөзбен айтып қана қоймай өлеңдеріне де арқау етті. «Ғылым таппай мақтанба», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан». Міне, Абай философиясы осы. Ол өз ұлтын, өз халқын ерекше сүйгендіктен жаны күйзеле жазады. Бұл өз халқын мұқату үшін емес, өз ұлтын түзету үшін жазылған ой-толғақтар.

Он бірінші сөз

Қоғам тазармай ел түзелмейді. Бұл – аксиома. Абай ілімі осы ұлт тазаруының екі жолын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін екі нәрсені білу керек, екі нәрсені түзету керек. Оның біріншісі – ұрлық, екіншісі – ел ішін бұзар өсек пен өтірік. Түсінікті болу үшін Абай бабамыздың өзіне жүгінелік:

«...ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр» [1, 17]. Міне, көреген адамның шындығы осы. Жең ұшынан жалғасқан паракорлық формуласы осы. Осы күні коррупция деп аталады. Яғни адамның рухани азғындауын осы пиғылдан көреді. Және замана тамыршысы екенін мойындамай көр. Өйткені дөп басқан кесел қазақ қоғамында баяғыдан-ақ бар екен. Бұған бүгінгі ұрпақ та, билік те сабақ алуға тиісті.

Екінші бір кесел – бұзақылар. Тағы да ұлы ойшылға жүгінелік: «бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр».

Азғырма сөз ұлықтардың құлағына жылы естіледі. «Мен сені бүйтіп сүйеймін деп ананы жеп, мынаны жеп жүр» □ сонда, 18 -б□. Ал қара халық не істемек? Ол да өз нәпақасын алып келеді. «Қай көп бергенге партиялас боламын деп» құдай жолынан шығып, қатын-баласын сатып жүр. Осы кеселден арылса ғана қазақ халқы түзелмек. Ұрыны тиюға болар, ал бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды? Абай концепциясының негізгі өмірді, қоғамды түзеуде жатыр. Әрине, ол оны жоюдың жолын рухани өзгерістерден, адамның ішкі жан дүниесінен іздейді. Эволюциялық өсу ісі – адамгершілікте. Осы себепті Абайдың қара сөздерін оқығанда бүгінгі заманмен үйлестікте қарауымыз керек. Ұлы ойшыл ақын жазған қазақы кемшіліктер әлі де мен мұндалап тұр. Соны өз қасиетімізге қарай пайдаланып, жаңа заманның жаңа ұрпақтарын тәрбиелеуге пайдалану қажет. Абай ілімінің өміршеңдігі де осында.

Әдебиеттер

1. Абай. Қара сөздер. – Алматы: «Арда», 2007. – 168 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» газеті. 2017 ж. 13 сәуір
3. Есим Г. «Palsara Ренессансы». «Егемен Қазақстан», 7 ақпан, 2019 жыл.

Екінші күн: 11.08.2020

Д.ЫСҚАҚҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

АБАЙ МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҰСТЫНЫ

Халықтың ұлт болып, қалыпты өмір сүруі, дамуы үшін оның өміршеңдігін қамтамасыз ететін рухани ұстындар, тіреуіштер керек. Онсыз қазіргі жаһандану заманында ұлттың ұлт болып өмір сүруі қиын болып бара жатыр. Ұлттық құндылықтарымен өмір сүріп, ұлттық болмысын сақтай білген халықтар ғана ұлт болып, мемлекет болып өмір сүріп жатқан жайы бар. Мысалы, қытайлар Конфуцийді, өзбектер Науаиды, түрікмендер Мақтымқұлыны, қырғыздар «Манас», якуттар «Олонхо» жырларын ұлттық идеологиясының негізі етіп алған.

Қазіргі әлемдік өркениетте ресми түрде ұлттық идеология жоқ. Жоқ болатын себебі – ұлттық идеология бір ұлтты өзге ұлттардан жоғары қояды, мұның аяғы шовинизмге апарып соқтырады дейді батыс ғалымдары. Десек те, ұлттардың болашағына қауіп төніп тұрған қазіргі жаһандану дәуірінде әрбір ұлт өзін-өзі сақтап қалу мақсатымен аты басқаша аталғанымен де іс жүзінде ұлттық идеология саясатын барынша жүргізіп жатқанының куәсі болып отырмыз.

Жаһандану дәуірінде оған қарсы бағытталған ұлт-азаттық, дінаралық, әлеуметтік қақтығыстар күшейе түсуде. Адамзат қоғамын жалпыға ортақ бақытты заманға жеткізбек жаһанданудың жалғасы әлемнің астан-кестенін шығарып, ойға келмеген қауіп-қатерлер алдан шығып жатыр. Тілімізді, ұлттық болмысымызды қалай сақтаймыз деп жүргенде, әлемнің бір шетінде пайда болған «індет» те жаһанданып, әлемді жайлап, жалмап барады. Тәжтажалдан коронавирус қорыққандар қазір өздерінің жеке ұлт, мемлекет екендері есіне түсіп, өздерін сақтап қалу үшін жаһандық байланыстарын тоқтатып, ұлттық үйлерінің – мемлекеттерінің есік-терезелерін қымтап, ешкімді кіргізбей де, шығармай да өмір сүруге көшіп жатыр. Басқа түскен ауыр жағдайда не істеуіміз керек, болашағымыз қалай болмақ деген сауалдар күн тәртібінде тұр.

Міне, осындай ұлттың болашақ тағдыры күн тәртібіне қойылған жағдайда ұлттық болмысымызды сақтап, басқа алпауыт ұлттардың ассимиляциясына түсіп кетпес үшін арқа тұтар, тірек қылар ұлтымыздың бар болмысын, өзіндік ерекшеліктерін, жақсы жақтарын да, кемшіліктерін де айнаға түсіргендей айқындап берген, адам болып, халық болып қалуымыз үшін не істеп, не қоюымыз керегін айтып, күндей күркіреп, өмірі күңіренумен өткен Ата қазақ Абайдай ұлы тұлға керек. Абайдың ұлылығы сонда, қазақ қандай болу керек, ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған мынадай қилы заманда өзімізді сақтап қалуымыз үшін не істеуіміз керек деген сауалдарға жауаптың

барлығын да Абайдан, оның қаламынан шыққан 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөзден табамыз. Сонымен қазақтың ұлттық бейнесін Абайдың рухани болмысынан толық көреміз; Абай дегеніміз – қазақ, қазақ дегеніміз – Абай.

Абай ел болу үшін, өсіп-өркендеу үшін ең алдымен, бірлік керек дейді. Абайды оқиық: «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда, байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес».

Әлеуметтанушы, психолог ғалымдардың анықтауынша, адамдардың, ұлттың бірлігі ойдың бірлігінен басталады. Ой бірлігі – жалпы бірлік атаулының бастауы. Идеялық бірлік болса, сөзде де, істе де бірлік болады. «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады» (Ә. Бөкейхан). Нағыз бірлікке ұлттық немесе мемлекеттік идеологияның арқасында ғана қол жетеді. Демократиялық қоғам орнатуға кіріскен елімізде идеологиялық жұмыстардың жетімсіздігінен ұлттық бірлікке қол жеткізудің қиын болып жатқанын осылайша түсіндіруге болады. Абайдың ұлылығы сол, ғылыми жағынан да, жүзеге асыру жағынан да ұлт үшін аса маңызды болуымен бірге аса қиын осы бір мәселенің дұрыс шешімін осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтып кетіпті. Абайдың «ақылға бірлік» деп отырғаны ой бірлігі, идея бірлігі бүгінгі қазақ қауымының алдына өткір қойылуда.

Адамның адам болып өмір сүруі үшін екі түрлі азық – тән азығы мен жан азығы керек. Абайша айтсақ, «Адам ұғымы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан» тұрады. Мұндағы тән азығы адамның биологиялық тіршілігін қамтамасыз етіп отыратын азық-түлік пен ыстық-суықтан қорғайтын киім-кешек болса, жан азығы дегеніміз – оның қоғамдағы қарым-қатынастарын, өмірлік мақсаттарын айқындап отыратын өмір сүрудің адамгершілік нормалары. Тән азығы негізгі қозғаушы күшке айналса, адам адамға қасқыр болып, қоғамды дүниеқоңыздық, жемқорлық, әділетсіздік, қылмыс жайлайды. Ал жан азығы алға шықса, адамгершілік салтанат құрғанымен де, елді кедейшілік жайлап, күнкөріс қиындайтын болады. Сондықтан да адамның дұрыс өмір сүруі, қоғамның қалыпты дамуы үшін осы екі түрлі – тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап отырудың маңызы зор. Абай былай дейді: «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік» (Жетінші сөз).

«Жас бала анадан туғанда, екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік... Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» (Жетінші сөз).

Ақынның ойынша, көпті көрген, көп ізденген, көп нәрсені ойына тоқыған, жақсы мен жаманды ажырата алатын адам – ақылды адам. Ал ақылсыздық – «ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі» болса, ақылды – жан қуаты күшті адам. Ақылсыздық, білімсіздік – адамның қоры. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. «Білімсіздік хайуандық болады». «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» (Отыз сегізінші сөз).

Абай әлемде не болып жатқанынан бейхабар халқын өзгелерден қалып қоймас үшін өнер-білімге, ғылымға шақырды.

«Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (Отыз сегізінші сөз), «Ғылымның бір аты – ақыл» (сонда), «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп білген Абай елінің ертеңін білім-ғылыммен байланыстырды; сондықтан да халқын оқуға, білім алуға, ғылымды үйренуге шақырды. «Ғылым» Алланың сегіз сипатының бірі екенін еске салды: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат», «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» (Оныншы сөз). Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Он сегізінші сөз), «Ғылым мал табу құралы емес, мал ғылымды дамыту үшін қажет» дейді. Демек, ғылым – өмірді танып-білудің бірден бір жолы; адам білімдар болған сайын ақиқатқа қарай, яғни Аллаға да жақындай түседі деген сөз».

«Ақыл» (ой, идея. Д. Ы.) іске асуы үшін міндетті түрде жүректің сарабынан өтіп, жылуына оранып, қайраттанып, қуаттанып шығуы міндетті. Сонда жүрек кез келген «ақылды» қабылдай бермейді, оларды сүзгіден өткізіп, бойында жылуы, жігері бар өміршең, тиімділерін ғана қабылдайды. Жүректің мұндай қасиеттері тәрбиемен қалыптасады. Жақсы тәрбие алған жүректер дұрыс шешімдер қабылдауға көмектессе, «катып қалған жүректерде» керісінше болады. Сондықтан да адам өмірінде жас ұрпақ тәрбиесінің, яғни «жүрек тәрбиесінің» маңызы зор. Мұндағы «жүрек тәрбиесі» деп отырғанымыз – адамгершілік тәрбиесі. Міне, Абай ақыл болғанымен де оны жүрек тәрбиесінсіз жүзеге асырудың мүмкін еместігін тағы да ескертіп отыр. Кезінде әл-Фараби де жүректі адамның ең басты дене мүшесі деген.

Абайдың айтуынша, сөз «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді»; «бойда қуат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз»; жүрексіз айтылған сөз – жалған сөз, ондайларға сенбе.

«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас, Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас. Жүректен қызу-қызба кете қалса, Өзге тәннен еш қызық іс табылмас. Достық, қызық, бар қызық – жүрек ісі, Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі. Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық, Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі» деп жырлаған ақын жүректің адамның рухани өміріндегі шешуші рөлін дәл айтып отыр.

Ақын халқының көзі, сезімі, жыршысы дейтін болсақ, өмірдің әділетсіздіктерін қайнаған ішінде жүріп көрген, барынша сезінген ақынның жүрегі «қырық жамау».

Поэзия – адам жанының сыры, сезімі. Ал осы сыр мен сезімнің ұясы – жүрек. Абай лирикасында сезім мен сырға толы «жүрек» сөзі жиі қолданылады. Адам «Ақылдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады», «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» дейтін Абай жүректен жарып шыққан небір әсем теңеулерді, эпитеттерді, метафораларды шебер қолдану арқылы қазақтың қара сөзіне жан бітіріп, өлеңнің поэтикалық, ойшылдық қуатын күшейтіп, көркемдік кестесін құлпыртып, сөзден сурет салған. Ақынның бұл сөзді өмірінің соңғы кезеңінде ішіне жиналып қалған мұң-шерін сыртқа шығарған көңіл күй лирикасында көбірек қолданғаны байқалады.

Абай «Он жетінші қара сөзінде» жүректі былайша сөйлетеді: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қанменен тарайды, жанмен де мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың жай-күйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің барлығы менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не?».

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», «Көжекбайға», «Көкбайға», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Күлембайға», «Сегіз аяқ», «Бай сейілді», «Ем таба алмай», «Заманақыр жастары», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Дүтбайға», «Жүрегім, нені сезесің», «Болды да партия», «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?», т. б. өлеңдерінде өз заманының кемшіліктері аяусыз сыналады. Осы өлеңдерінің аттарынан-ақ ақынның елдің ішін жайлаған әлеуметтік дерттерді дөп басып, ащы тілмен түйрей білгенін көреміз.

Абай қазақ халқын осындай күйге жеткізген үш түрлі жаманшылық туралы ескертеді:

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп, білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады» (Отыз сегізінші сөз).

Абайдың ұлылығы өз халқының бойындағы кемшіліктерді сынаумен бірге, оны жоюдың жолдарын да көрсете білуінен көрінеді. Ақын адам қайткенде, адам болып, ұлттық болмысын сақтай алады деген мәңгілік сауалға жауап берді; ғасырлар бойы жинақталған адамгершілік нормаларын жүйеге келтіріп, тұтас бір «Толық адам» концепциясын жасады.

Абай қазақтың бойындағы қисық мінездерді сынаған өлеңдерінде имандылықты басшылыққа алып отырған. Құнанбай қажының шаңырағында өмірге келіп, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде мұсылманша дәріс алған Абай жастайынан діни білім, тәрбие алып, иманды болып өсті.

Ақын әбден кемеліне келген елу жасында: «Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес. Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі хаққа қол емес. Дененің барша қуаты Өнерге салар бар күшін. Жүректің ақыл суаты Махаббат қылса, тәңірі үшін» деп жырлапты.

Өмірінің соңғы жылдарында (1902) хатқа түскен мына өлеңінде «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», «Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас...», «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті» деп адам өмірінің бақытқа бастар жолын имани тұрғыдан көрсетеді.

Әдетте біз махаббат сөзін екі жастың арасындағы сүйіспеншілік сезім ұғымында жиі қолданамыз. Абай бізге «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өсиет қалдырып отыр. Абайдың айтып отырған махаббаты – «әуел адамның адамдығы» (отыз сегізінші сөз) отбасынан – ата-анасын, құдай қосқан қосағын, бала-шағасын, бауырларын, туыстарын жақсы көруден басталып, одан әрі қарай жалпы адамдарды құрметтеп, өмірді сүйуге ұласуы керек. Отбасының тыныштығы, ағайынның татулығы адамның бақытты болуына жағдай жасап, елдің тыныштығына, қоғамның өркендей түсуіне алып келеді. Осы сияқты сан-алуан тіршілік әрекеттері сүйіспеншілікпен суғарылып жүзеге асса, Алланың нұры жауып, ол адам өмірдегі шын бақытқа кенеледі. Өйткені, «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім» (Қырық бесінші сөз). Адамдарды сүйе білген адам ғана Алланы шын сүйе алады. Жүрегі адамгершіліктің, имандылықтың рухымен нұрланған адам – нағыз адам, кемел адам.

Хакім Абай «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ақыретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіп, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?» деп, адам баласын

ойлануға, мына «бес күндік» жалғанда сыйластыққа шақырады. Тағы бірде ол «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдың имандылықпен суғарылған ой иірімдерін оқығанда мынау мың құбылған өмірдің қыр-сырларын енді ғана түсіне бастағандай боласың.

Абайды заманы атқа ерте мінгізіп, ерте есейткен. Ел-жұртына сөзін өткізе алмай, әбден қажыған Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деп, қамыққанда, небәрі 41 жаста, ал «Ішім өлген, сыртым сау», «Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ. Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ. Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным» деп, торығып жүрген кезінде небәрі 43-те екен.

Ел тұтастығы ой бірлігінен, «ақылға бірліктен» бастау алады деп білген Абай осы идеяларды жүзеге асырудағы сөздің атқаратын қызметін жоғары бағалайды. Ең басты шарт – сөз түзу болу үшін ой түзу болу керек. Ақын бір өлеңінде «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, халқына үндеу тастайды. Мұны айтып отырған себебі – адамды адам қып, елді бірлікте сақтайтын идеялар жасалды; енді соны дұрыс сөз арқылы сыртқа шығарып, халықтың санасына жеткізіп, әрі қарай жүзеге асыру керектігін алға тартып отыр.

Абай оннан астам өлеңінде тілдің құдіреті, өлеңнің қалай болуы керектігі жайлы пікір білдіреді. Абайдың сөз өнері жайлы ой концепциясы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Сегіз аяқ», «Сәулең болса кеудеңде», «Адамның кейбір кездері», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сияқты өлеңдерінде мейлінше ашық айтылған.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» қазақ поэзиясының өлеңмен жазылған теориясы. Өлеңді, өлеңнің теориясын өлеңмен жазған Еуропадағы атақты Буалоның «Поэтикасымен» салыстыруға болады. Сонымен бірге бұл өлең Абайдың сөз өнері жайлы айтқан ойларының шыңы, өлеңмен жазылған манифест іспеттес.

Абайды білгісі келген адам алдымен, оның «Сегіз аяқ» өлеңін оқуы керек. «Сегіз аяқ» – ақынның бүкіл адами, шығармашылық, дүниетанымдық болмысын аңғартатын философиялық толғау. Адамды бей-жай қалдырмайтын өмір жайлы терең толғамдар сырлы сөзбен салынған суреттер арқылы көркем кемелдікке ұласып, небір ғажайып ойларға жетелейді.

Абай «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» атты өмірмен қоштасу, кейінгілерге өсиет мазмұнды өлеңінде: «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей, Мен келмеске кетермін түк өндірмей. Өлең, шіркін – өсекші, жұртқа жаяр, Сырымды тоқтатайын айта бермей» деп, өмірінің қандай жағдайда өткені, нені атқарып, нені атқара алмай бара жатқаны жайлы ағынан жарылыпты.

Зымырап замандар, «кезекпенен» ұрпақтар ауысып жатыр. Бірақ та он тоғызыншы ғасырда айтылған Абай сөздері біздің ғасырда да күні кеше ғана

айтылғандай. «Өлді деуге сия ма, айтындаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп, ақынның өзі айтпақшы, Абайдың келер ұрпаққа жазып қалдырған өсиеттері де – қазақпен бірге мәңгі жасайтын «өлмес сөздер».

«Единица – жақсысы, Ерген елі – бейне нөл. Единица нөлсіз-ақ, Өз басындық болар сол. Единица болмаса, Не болады өңкей нөл» дейді ол. Ақынның өзі жырлағандай, Абайдың өзі ғасырларда бір-ақ туатын «единица», біртуар ойшыл.

Шығыста «Барлығын білетін, білгенін іске асыруға ұмтылатын адам – данышпан, оны ұстаз тұт» деген сөз бар. Абай – қалың елдің ішінде жүріп, азып-тозып бара жатқан қазақты қайткенде адам болып қалатын, бақытқа жеткізер, надандықтың ми батпағынан шығарар жолдарын іздеп, «басын тауға да, тасқа да ұрған», оны халқының даналығынан, исламның имандылығынан, Батыстың ғылымынан тауып, «Толық адам» ілімін жасаған, жұртын осы адамзат дамуының сара жолына түсуге шақырған данышпан. Абай бастап, одан кейін алашшылдар жалғастырған қазақтың қасқа жолымен адаспай жүру бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған үлкен сын.

Абай – қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге қазақтың мәңгілік ойы мен сөзін өркениеттің биігінде тұрып айтқан дала данышпаны да. Қазақтың халық болып жұрт қатарлы өмір сүруі үшін адал еңбек етіп, озық білім мен ғылымды игеріп, ұлттық рухани құндылықтар мен имандылықтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген «Толық адам» болуы керектігін ескерткен де – дана Абай. Абайдың ұлылығы сол, оның сөз өнерінің інжу-маржанына айналған поэзиясының әрбір сөзі ойымызға, бойымызға адамгершіліктің, ұлттық рухтың нәрін сеуіп, санамызды жаңғыртып, өмірге деген құлшынысымызды арттыра түсуінде.

А.Жаксылыков,
доктор филологических наук,
профессор
Ж.Дадебаев,
доктор филологических наук,
профессор

ЩЕДРЫЙ ДАР

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своей статье «Абай и Казахстан в XXI веке», делаясь с общественностью своими мыслями об актуальности творческого наследия, учения Абая, о том уроке, который народ может получить от восприятия творчества поэта, предложил систему значимых принципов, имеющих важное общественное значение. Конструктивные слова Президента, продуманные, системные мысли, дали новый импульс общественному сознанию, культуре и литературе, возрождению жизни народа: «Если мы хотим модернизировать национальное самосознание, и стать конкурентоспособной нацией, мы должны внимательно читать произведения Абая. Наследие Абая – наше священное сокровище, которое может открыть нам дорогу к устойчивому развитию страны, сплочению общества. Возвышая Абая, мы формируем национальный дух подрастающего поколения».

Казахский народ, а также мировая литературная общественность с энтузиазмом отмечают 175-летие великого казахского поэта Абая (Ибрахима) Кунанбаева. Нет никакого сомнения в том, что все поколения нашего народа с благоговением чтят бессмертные слова поэта, заключающие в себе сокровище национального интеллектуального богатства.

Время не властно над словами поэта, над светом, излучаемым ими. Это самобытное природное явление, подобное лучам солнца, сиянию луны. Поскольку поэт завещал грядущим поколениям, растущей молодежи:

Смотри вглубь сердца своего,
Подумай о загадке явления моего,
Я - дитя невзгод и нехоженой степи,
С тысячами один сражался, не осуди
(подстрочный перевод наш – А.Ж.), -

нынешнее поколение, чтя заветы великого мыслителя, воскресая в памяти его деяния, читая его произведения и изучая их как благодатное знание, стремится заново издать и перевести их на другие языки, комментировать и объяснять друг другу их смыслы.

Ярким свидетельством памятных, добрых дел, проводимых в юбилейный год 175-летия Абая, является выход в свет в Москве презентабельного тома избранных произведений поэта на казахском и русском

языках: Абай (Ибраһим) Кунанбаев. Избранное. – Москва: «Русский раритет», 2020. – 424 с.

Составитель и автор предисловия книги на казахском и русском языках - Таир Мансуров, доктор политологических и экономических наук, автор целого ряда книг, посвященных великим личностям Республики Казахстан, видный государственный и общественный деятель. Вот что он пишет о цели составления и издания данной книги: «Президент Республики Казахстан К.-Ж.К. Токаев подписал Указ о празднования в 2020 году 175-летнего юбилея великого казахского поэта и мыслителя Абая Кунанбаева. Именно этому знаменательному и памяtnому событию посвящается настоящее издание».

В рамках реализации Указа Президента книга Абая – один из самых весомых результатов.

Мы помним, как Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев и Президент Российской Федерации В.В. Путин 2006 год объявили годом Пушкина в Казахстане, а в России – годом Абая. В честь этого события 4 апреля 2006 г. в центре Москвы установлен памятник Абаю, а 16 декабря в обстановке торжественности в г. Петропавловск открыта скульптурная композиция «Абай и Пушкин». Во время осуществления данных крупных культурно-политических мероприятий рядом с обоими президентами находился тогдашний аким Северо-Казахстанской области, к тому же один из авторов скульптурной композиции «Абай и Пушкин», руководитель данного проекта, Таир Мансуров. Будучи Первым секретарем Евразийского экономического союза в 2007-2016 гг., членом коллегии Евразийской экономической комиссии по энергетике и инфраструктуре (министром) в 2014-2016 гг., Генеральным директором Евразийского центра развития (с 2016 г.), он никогда не упускал из виду творчество Абая, не забывал о мудрости Абая, вынашивая все это в душе.

Знакомство Таира Мансурова с Абаем, диалог с его поэзией, проникновение в его мудрость начались еще в прошлом веке. В 1992 году в Алматы им была издана книга прозы Абая тиражом в 100 тысяч экземпляров, через год, добавив к прозе поэмы, вновь издал книгу Абая тиражом в 100 тысяч экземпляров. Сауле Амирханкызы Мансурова в 2002 г. выпустила в 4 свет избранные произведения Абая в небольшом формате, а в 2003 г. повторно издала книгу в большом формате крупным тиражом. В 2010 году была составлена книга «Пушкин и Абай: гармония великих», с пониманием встреченная широким кругом читателей. В 2017 г. этот фолиант был пополнен и выпущен в свет в Москве издательством «Художественная литература». Все эти дела показывают, что тема Абая дорога душе не только Таира Мансурова, но и всей его семье.

Сборник избранных произведений Абая, над которым трудились лучшие дизайнеры, вышел в свет в прекрасном полиграфическом качестве. На первых страницах размещены цветные иллюстрации торжественного открытия 4 апреля 2006 г. в Москве памятника Абаю, там же мысли и взгляды деятелей и ученых о разных гранях величия Абая, в том числе первого Президента

Республики Казахстан-Елбасы Нурсултана Назарбаева, Президента Российской Федерации Владимира Путина, Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, писателя-академика М.О. Ауэзова, Николая Анастасьева, профессора Московского Государственного университета, автора книг «Мухтар Ауэзов», «Абай», вышедших в серии ЖЗЛ.

После этих мыслей и мнений идет введение составителя книги Тайыра Мансурова под названием «Абай – великий поэт и мыслитель». Автор вступительной статьи наряду с оценками разных граней книги раскрывает значение избранных произведений Абая в современном общественнополитическом контексте. Автор пишет: «У всех народов есть личности, ставшие подлинным символом национальной души. Таков Абай у казахов, Пушкин у русских. Бесконечно сложно сказать что-то новое об Абая и Пушкине. Но тем не менее писатели, литературоведы, критики с пристрастием изучают творчество двух гениев. Продолжаем постигать эту вечную мудрость и мы...». Очень к месту эти слова.

Стремиться к проникновению в самые трудные вопросы, глубоко погрузиться в вечную мудрость, акцентировать внимание на этом, сделать целью обращение этой мудрости в мотивацию, которой станет жить сердце растущего поколения нации, – все это берет исток из большой гражданственности, сильного познавательного посыла, из внутренней энергии государственного подхода к этой проблеме. Есть глубокий смысл в золотых словах, сказанных в этой статье: «Абай во все времена будет оставаться одним из тех мыслителей, который всегда поможет найти достойные ответы на самые главные вопросы жизни».

Во вступительной статье автора-составителя даются особые сведения о памятнике Абаю, установленном в центре Москвы. В Российской Федерации, не только в главном городе, но и в обычных других городах страны не устанавливались памятники поэтам и писателям других народов. В этих условиях установление памятника казахскому Абаю в центре Москвы, торжественное его открытие перед всем народом, – это историческое событие, которое по праву займет особое место среди культурных явлений 5 XXI века. Автор статьи, подчеркивая главный аспект этого события, очень уместно связывает его с речью Нурсултана Абишевича Назарбаева, сказанной во время торжественного открытия памятника.

В XIX веке Абай энергией своего творчества неповторимым образом, так что на всей земле не найти ничего подобного, воспроизвел произведения таких великих художников слова в русской литературе, как Пушкин, Лермонтов, Крылов, повторив в переводе величие их нерукотворных памятников, к которым не зарастёт народная тропа. Поэтому мы преисполнены уважением к России, которая поставила Абаю памятник в центре Москвы. Мы с удовлетворением восприняли факт установления скульптурной композиции «Пушкин и Абай» в Петропавловске, которая как бы свидетельствует об этом нашем уважении. Мы также почитаем Пушкина, которого так возносил Абай.

Уроки таких добрых и плодотворных дел, когда по отношению к сынам обоих народов была излучена такая светлая любовь, еще заключаются в том, что на разборчивое, вдумчивое отношение к отбору избранных произведений Абая повлияли глубокое знание жизни, устойчивая нравственная позиция, заключенные в них. Составитель книги, также автор вступительной статьи, дипломат, человек, искушенный в экономических и политологических науках, государственный и общественный деятель, смог достичь благой цели, проявляя свой интеллектуальный потенциал, четкую и выдержанную гражданскую позицию, добившись красоты созвучия и смысловой переклички избранных произведений поэта.

Существует немало переводов прозы Абая на русский язык. Составитель сборника выбрал среди них переводы В. Шкловского. Он внес в них некоторые изменения: 37 слово представлено в переводе Л. Соболева, 38 слово дано в переводе С. Санбаева. Такую стратегию составителя можно объяснить эстетическим отношением к творческому наследию поэта, наличием своего взгляда на переводы его произведений.

Когда же речь заходит о поэтических произведениях Абая, составитель проявляет предпочтение по отношению к переводам Ауэзхана Кодара. Есть много вариантов перевода каждого стихотворения Абая, причем переводчики являются мастерами поэзии. Составитель, проведя тщательную экспертизу, совершенно не случайно остановился на переводах А. Кодара. В сборник включены шестьдесят стихотворений Абая в переводе А. Кодара. В оригинале представлены тридцать стихотворений поэта.

Слова назидания Абая и его поэзия насыщены провиденциальными мыслями, богаты национально-специфическими изобразительно-выразительными средствами. Если это ментальное своеобразие не в равной степени сохраняется в поэтическом переводе, то в переводе прозы передано оно в большей степени. Переводы В. Шкловского характеризуются именно таким богатством.

В структуре книги есть один раздел, который словно бы излучает свет. Этот раздел составлен изображениями самого Абая, членов его семьи и близкого окружения. Художественные изображения Абая, фотокопии статуй сняты с тех оригиналов, которые хранятся в государственных музеях, фондах архивов. Сами по себе они – отдельные образцы изобразительного искусства. Они ярко представляют творческий почерк известных художников и ваятелей. Познавательное и эстетическое значение таких картин велико.

Последний раздел книги, названный «Прикосновение к Абаю», составлен из стихотворений, посвященных Абаю. Стихотворения Халижана Бекхожина, Магжана Жумабаева, Касыма Аманжолова, Абраша Жамишева, Жубана Моладагалиева, Кайрата Жумагалиева, Туманбая Молдагалиева даны на русском языке, стихотворения Фаризы Онгарсыновой, Дуйсенбека Канатбаева, Улукбека Есдаулетова, Магжана Жумабаева, Марфуги Айтхожиной, Жараскана Абдрашева – на казахском.

Книга завершается статьями Гарифуллы Есима на русском и казахском языках.

Система образов поэзии Абая ценна особой художественной выразительностью, основанной на национальном колорите, силой эстетического воздействия. В структуре и стилистике перевода необычайно трудно передать именно эту особенность и ценность, в некоторых случаях просто невозможно. По этой причине переводы стихотворений Абая по художественно-эстетическому воздействию в большинстве случаев никак не сравнятся с оригиналами поэта. Совершенно ясно, что есть дистанция между эстетическим восприятием переводов и эстетическим восприятием оригиналов. Тем не менее, понятно, что и переводы и оригиналы, включенные в книгу составителем, автором вступительной статьи, Таиром Мансуровым, будут поучительными для читателя. Каждый читатель найдет в этой книге бесценную сокровищницу и для себя и для других людей.

В книге дан такой фрагмент из выступления Мухтара Ауэзова 24 сентября 1954 года в Москве в Колонном зале Дома Союзов. «В эти дни Абай, как никогда, близок к нам, вновь вернувшись, став более понятным, он излучает для нас свет, неизвестный прежде. Думаю, это подобно тому, словно бы скопища звезд приблизились к нашей планете, тем самым став самой дорогой картиной на свете для душ людей, наблюдающих это явление».

Как сказал М.Ауэзов, в этом году мир Абая стал излучать для нас свет, невиданный и неизвестный нам ранее. Смысл этого, скорее всего, в горячей расположенности, в любви и уважении к творчеству поэта со стороны молодого поколения, да и всего народа.

Словно море, колыхается из края в край, народное содержание произведений Абая. Щемящие, проникновенные мотивы, обращенные Абаем к молодежи, волнуют души людей, обжигают сердца. Творческое наследие Абая, представленное в этой книге, создает образ бескрайнего пространства, где мы видим образ Абая, обращающегося со своими словами к молодежи. И нет ничего более великого, чем видение того, как трепещут сердца молодых людей, преисполненные почитанием, горят в обжигающей истинной любви к творчеству Абая.

Составление сборника избранных произведений поэта, признанного и оцененного народом, подготовка к печати, издание в книжном формате может быть успешным и выдержать испытание временем, если все это осуществляется в соответствии с современными научными требованиями, в рамках научной методологии. Поэтому составление творческого наследия такого большого поэта в книге, подготовка ее к печати требует самой серьезной ответственности. В этом деле масштабный научный подход, научный анализ и изучение насколько же значимы, настолько весомо бережное отношение к творческому наследию автора, защита авторских прав.

Составление книги избранных произведений элитного автора – это нелегкое дело. Тем более трудным делом является составление избранных произведений такого гения, как Абай, так как в этом большом деле нужны

глубокие познания, художественное чутье, внутренний духовный масштаб и проникновенное чувство своего человеческого долга перед духом поэта. Совершенно ясно, что такое дело, как составление сборника избранных произведений Абая требует от человека кропотливого труда, познания в области литературного творчества, окрыленного интеллекта, научной системности, даже общественно-политической выдержанности. Избранные произведения Абая составлены в соответствии с такими требованиями.

Книга избранных сочинений Абая, составленная Таиром Мансуровым, с его вступительной статьей, стала прекрасным подарком к торжествам 175-летия поэта. Эта книга Абая как бы излучает свет горячей признательности, огромного уважения и любви к творчеству поэта.

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДАЛА ШЫНДЫҒЫ

Тіл – адам баласының жалпы болмысын, ішкі табиғатын танытушы. Адам сөйлейді, сөзбен өз ойын айтады, ішкі ойын танытады. Сөз арқылы таңбаланатын лебіз шындық болмысты бейнелейді, сөзбен адам өз ойын жүйелейді, негіздейді, уәжін түсіндіреді. Кей кезде өзімен-өзі сөйлесу, өзінен-өзі күбірлеу т.б. жағдайлардың болуы – ойды жүйелеу, негіздеу қажеттілігінен туындайтын түпсаналық деңгейдегі әрекеттердің көрінісі. Тілді адам баласының қызметінің нәтижесі ретінде тану, тілдің пайда болуы туралы діни ұстанымдармен сәйкес келмейді. Тіл қалай пайда болды, алғашқы Сөз қандай еді, тілдің дамуы қандай деген сауалдар қазірде өзекті деп айта алмаймыз. Қазіргі прагматикасы бірінші орынға шыққан, «бүгін және қазір» деген ұстаныммен өмір сүріп жатқан ХХІ ғасыр ғылымы үшін, классикалық ілімнен гөрі, тіл экологиясы туралы мәселе кеңірек қозғалуы да ықтимал. Әрине, қазіргі тіл білімі теориясы кеңінен дамыды, әралуан аспектіден жан-жақты зерттеу үрдісі пайда болды. Қазақ тілінің құрылымы мен құрылысы жан-жақты айқындалды. Қалыптасқан дәстүрлі тіл білімімен қатар жаңа когнитивтік, лингвомәдени, коммуникативтік-функционалдық бағыт дамытылуда. Ендігі ғылыми ізденістер атаудың болмысындағы таным мен атаудың мәтіндегі әр алуан қызметін саралаумен, зерделеумен байланысты. Лебіздің мүмкіндігі мол, мағыналық-қызметтік ерекшелігі әлдеқайда бай болғанымен, ондағы сөздің мағыналық құрылымы мен қызметтік (функционалдық) ерекшелігі туралы ғылыми әңгіме аздау. Тіл тек лебізде ғана өзінің барлық көркімен әрлене көрінеді, сөздің парқы ақ парақта немесе ауызекі сөйлеуде нақтыланып, лебіз құрамында ажарланып, негізгі мағыналық сипатына сай ерекше контекстік мән иеленіп, ажарлана, ашыла түседі. Тек лебізде тіл өзінің басты қасиетін танытып, күшіне енеді, өз болмысын білдіріп, қоғамдық мәнге ие болады. Тіл лебізде ашылады, нұрланады, киесі кіреді, сезімнің жаршысына, жақсылықтың хабаршысына айналады. Лебізде қолданыста жүрген тіл нұрлана түседі, жасымайды – жасарады; солмайды – толады, қамалмайды – бояуы қанығады, дамиды, жанға жылу дарытады. Лебізде қолданысқа түсіп Сөз мағыналық жағынан дамиды, мәні тереңдейді, бұрын таңбаланбаған жаңа ұғымдарға атау береді, сөйтіп тіл де дамиды, байи түседі.

Лебіз бен тілді қарама-қарсы қоюға болмайды, олар: бірі – құралы, бірі – қызметі болып, Патша СӨЗДІҢ мағыналық құрылымын жаңартуға, жасартуға, байытуға, дамытуға, сақтауға қызмет етеді. Қазақ сөзінің патшасы – Өлең! Қызыл сөзге дес бермеген қазақ баласының басты қаруы да осы – Өлең!

Өлең – сөздің Патшасы, сөз сарасы.

Қиыннан қиыстырар ер данасы, –

деген ұлы Абай данышпанның сөзіне мән беру парыз. Кез келген адам сөзді қиыстырып айта алмайды, ердің данасы ғана сөзді саралайды, қиыннан қиыстырады, «аталы сөз» айтады. Бұны әрбір тілші ғалым ережедей ұстанса болады. Қазақ поэзиясында сөз өзінің нәрлі өңінде, сөлінде, шырайында, нақышында, мәнерінде, иірімінде ақтарыла ағылады. Біз мұнда Абай айтқан Өлеңді, сол Өлеңді өміріне балағандарды меңзейміз. Тілдің байыған, дамыған, жетілген, нұрланған тұсын көреміз.

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан,
Әдеті жеңіп күңгірттер.
Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып,
Бере берсең бер десе,
Үміт етер таласып.
Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?
Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?! [1]

Қазақ өлеңінің өлшемі мен ырғағы. Өлең мәні – тереңде. Бірден түсіне алмауың мүмкін! Уақыт тауып бірнеше рет қайталап оқу керек. Өлеңнің жалпы мазмұны көзі ашық, көкірегі ояу қазақ баласына түсінікті. Сөздерді жеке алып қарағанда түсініксіз болып тұрғаны немесе таныс емесі жоқ, өз ана тілін білетін, ел дәстүрінен хабардар кісіге анық. Ал сөздердің бір-бірімен байланысып, лебіздегі берген мағынасы мен оның ішкі мәнін түсіну үшін ақыл-парасат айдынына шомылған жөн болады. Терең ойға құрылған өлең жолдарының әрбірінде сом ой, шоң ақыл, мол пайым-парасат жатыр.

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

«Ұйықтаған ой». Ой ұйықтаса адамның өзге жаратылыстан айырмасы бар ма? Демек, ой ұйықтамау үшін жүректе қайрат болуы қажет екен де, қайратты басқаратын ақылға сәуле қонуы шарт екен! Ол қандай сәуле? Данышпан Абай жүрек пен қайрат сөзін байланыстырып, жүректе қайрат болуын қажеттілікке балайды. Қайрат – күш, жігер. Қазақта «ержүрек» деген сөз бар. Ерлік, батырлық жүректе деп тұр ғой. «Ерлік –білекте емес, жүректе» деп тағы да әпсаналайды дана халық. Жүрек пен қайрат қосылып біріксе, ұлы күшке айналады, жігері шыңдалады. Жүрек – сезім. Кейде бұларды синоним деп қабылдаса да болмаққа керек. Өзін «...адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – деп бағалайтын (Абай бағалататын) жүректе «дүниеде ешнәрсе онсыз кәмелетке жетпейтін», білімді ерінбей-жалықпай үйрену үшін керек, «Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын» (Абай) қайрат болғанда ғана ой-сана ұйықтамайды. Бұл мінезді жасайды. «Ермінез» сөзінің уәжі осы ұғыммен сабақтас. Жүрек-сезім қайратты болып ойды қозғайды, кісі ойланады. Ойланбаған жанның несі кісі?!

«Ақылға сәуле қонбаса» дегенді талдап көрелік. «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен» дейтін ақылға сәуле қону керек деп ойды толықтыра түседі данышпан Абай.

Сәуле – жарық, сәуле – нұр.

Мағынасы – кең, семантикасы – терең. Жарық – тәрбие, көргендік, оқу, білім, тағылым, күн, дін – бәрі осы бір семантикалық өрісте жатады да, бірін-бірі толықтырады, бүтіндейді, әдіптейді, сөйтіп ортақ салтанатты Сәулеге қызмет етеді.

Ия, адамды Алла тағала бірдей етіп жаратты, бірдей етіп сана берді. Ал Санаға саңлау түсіретін сәуле! Ол сәулені қондыратын адамның өзі. Тәрбиені алу-беру, көру, көргенді түю, оқу, білім алу, оқып білгеннен, көрген-естігеннен тағылым алу, дінді тану, табу, Алланы сүю – адам баласының өзінің істейтін қызметі, таным жолы.

Ал Сәуле – нұрдың жолы өзгешелеу! Нұр (араб.: *نور* – жарық сәуле) –

1) күн сәулесі; 2) Құдай ақиқаты мен ілімінің, шапағаты мен сипатының көрінісі деген мағыналарда жұмсалады. Құран Кәрімнің «Нұр» сүресіндегі «Алла көктер мен жердің нұры...» – деген аятта Нұр Алланың шексіз мейір-шапағаты ретінде жұмсалады. Адамның жан дүниесінің, өмір сүру кеңістігінің, мекені мен мезгілінің нұрлануының басты шарты осы Нұрдың бастау көзі Алланы барынша дәріштеп, көркем есімдерін еске алу делінген. Нұр-сәуле ұғымы Шаһкәрім Құдайбердіұлының өлеңдерінде кеңінен қолданылған. «Жазған хаттың сырымен, Жарқыраған нұрымен, Тазарып жүрек кірінен, Қайғыдан басым болды азат», «Нұрға байсың нұрыңнан зекет парыз, Мен кедеймін нұр сұрап қылдым арыз», «Мен жомартпын жар нұрына», «Нұрыңнан жарық жүрегім, Ғайыптан хабар білемін», т.б. көптеген өлең жолдарында жүректі тазартып, нұрландыратын Алла тағаланың мейірім шапағаты ретінде қабылданады, қолданылады.

Ақыл біліммен толығып, танымы кеңімесе, хайуанша жүріп те күнделікті күйбең тіршілікті пенденің текке өткізіп алуы бек мүмкін. Ақыл қайраттан асып, озық тұруы жөн, болмаса терең танымға бойлау мүмкін емес екен. Абай биігі осылай дейді:

Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан,
Әдеті жеңіп күңгірттер.

Бойдағы күш, жігер, қайрат ақылға бой ұрса мақұл. Қазақ дүниетанымындағы «60-қа келгеннен ақыл сұрама» деген әфсанаға Абай да қосылады, «ой шар тартқанда», бұрынғы әдет, өткен салттан ары аса алмайтыны, жаңа ойға, жаңа жолға, жаңа идеяға жол беруі қажеттілік болар деп пайымдадық. «Елу жылда ел жаңа» болса, елу жылдан соң жаңа пайым, жаңа түсінік, жаңа дерекке, ерекше ерен көзқарас та қалыптасуы қажеттілік болар.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?

Адамның ішкі сезімі мен ақылы оны өзге болмыстағы жаратылыстан ерекшелейді, демек, Алла берген сезім мен ақылды сәуле-жарық-біліммен толықтырып, тереңдемесең, адамдықтың несі сән? Кісілік қайда?

Абай данышпан ақылға сәуле қондырып, білім мен ғылымға бет бұруды үндейді, соған шақырады:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, –

деген өлең жолдары жоғарыда келтірілген қара сөздегі оймен үндес, қарайлас шығып жатады.

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

«Адам» мен «надан» ұғымын оппозиция қалпында танытып, білімнің маңызын тағы да асқақтата түседі. «Надан» сөзінің мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былай деп ажыратқан: 1. «Топас, пайымсыз». Ол (халық) қараңғы; надан – оны билеген күш қуат, қара албасты, қара түнек күштері. *Бұны ойласа Абай бір сәт шұғыл қатал бір ойға ауысады* (М. Әуезов, таңд. шығ.). *Жоқ, бұл сөз жалғыз ишанның ғана сөзі емес, осы отырғандардың бәрінің сөзі. Тогышар, надан, топтың сөзі* (І. Есенберлин. Қатерлі.). 2. «Топас». Хат танымайтын қараңғы, білімсіз. *Нұрымның зальмдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін, надан, пішіні де жаман, толған боқауыз бен были-были насыбай* (С. Торайғыров, таң. шығ.). Қас надан. Нағыз топас. *Ғылымды білме, өтірікке сене бер... Көрсөқыр, қас надан болып қала бер, деп тұрған жоқ па?* (М. Дүйсенов, Мейман.) [2].

Араб тілінен енген «надан» сөзінде біздіңше, екі тілдік тұлға бар: «на» – «жоқ» мағынасындағы префикс (нәмәрт, нақұрыс т.б. сияқты); қызметі – «а», «бей» префикстерімен бірдей; «дан», «дана» – әдепкіде «дана» мағынасын таңбалаған. Яғни, әуелгі мағынасы «даналық жоқ, даналықтан ада» болуы мүмкін. Сөз соңындағы «а» дыбысы екпін түспегендіктен, элизияға ұшырап, кейін мүлде түсіп қалған. Демек, Абай қолданысындағы «надан» – ақылына сәуле түсірмеген, оқымаған, хайуанша жүріп күнелтетіндер. Оқыған адам мен оқымаған наданның арасы тым бөлек, ерекше алыс. «Адам» – ақылына сәуле түсірген, көргенді, оқыған, білім қуған, ғылым алған, Алланы сүюге ұмтылғандар болса, надан – осыған қарама-қарсы ақылына сәуле түсірмеген, ештеңе көрмеген, көрсе де көкірегіне түйе алмаған, оқымаған, білім алмаған, ғылым қумаған, Алланы сүюге ұмтылмағандар.

Қазақ дүниетанымында «көрмеген», «ештеңе көрмеген», «көргенсіз» дейтін атаулар «көру» ұғымымен байланысты. Дала дүниетанымы «Көре-көре көсем боласың. Сөйлей-сөйлей шешен боласың» деп тәмсілдейді. Өзіне дейінгіні танып, көріп, сол көргенін істеген, жақсылықты таныған да кісіліктің келбетін танытады. Оқу мен білімге ерекше ден қойып, мән беріп, терең бағалаған Абай надандықтан бойын аулақ салғанымен, ең халықтың надандығын көріп, үлкен қиналысқа, толғанысқа түседі:

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

Бірінші, екінші жолдағы ойға екінші және үшінші жолдағы ой қарама-қарсы тұр. Сол арқылы Абай биігі мен дала шындығы көз алдыңызға қайта оралады. Абай даналығы мен сол замандағы қазақы орта, білім мен ғылымнан қалыңқы кешегі қазақы қалып. «Ауруын жасырған өледі», ал Абай данышпан елді, халықты өлтірмейтін, ауруын айтып, дертін танып, оның жазылар жолы мен амалын нақ басып, дәл тауып, халықтың, ұлттың нағыз дәруішіне, дәрігеріне айналады. Абай айтқан емді халық болып, ел болып қабылдады, айыға алды, айығып жатыр. Замана желі айықтырды, қалай қиналса да, сол жолда жан беріп, жан алып, қан төгіп, аштан өліп, соғыста атылып, асылса да, әйтеуір түбі қайырлы болды, білім мен ғылымға жетті, ақылға сәуле құйылды.

Өлеңнің мазмұнына талдау жасай отырып, сөздің мәнін ашуға ұмтыламыз, тұлғалық сипатын анықтап, кейбірінің шығу тарихына да үңілуге мүмкіндік болады. Түркі тілдерінің табиғаты ерекше ғой! Кез келген сөздің мағынасы анық та, этимологиясы мен мұндалап ар жағынан қол бұлғағандай болады. Жалғамалылық табиғатына сай, түбірі өзгеріске аз ұшырағандықтан, түркі түбірлері өзінің қалпы мен мағыналық құрылымын өзге тілдермен салыстырғанда анағұрлым жақсы және анық сақтаған. Сондықтан да болар, мұра тілде сақталған мұрағат бар. Тек ашудың тәсілі мен амалын таба білуге білім мен білік қажет. Сөз тарихы Сізді мыңдаған жылдар тарихына үнсіз жетелейді, сөз болмысын тану ұлт болмысын танудың тылсымына әкеледі. Тек жетекке еруге білім мен төзім болса жеткілікті. Тілде адамның ішкі сезім дүниесі, іңкәрлігі, жалпы болмысы жатыр. Ал оның ар жағында халықтық дүниетаным жатады. Сонда бір өлең арқылы алдымен сөзбен, сөз тіркестерімен берілетін ой желісімен танысамыз, Сөз мағынасы арқылы оның тарихын барлаймыз, Сөз арқылы ақынның немесе жеке адамның тұлғасын, ішкі жан дүниесі мен болмысын, жүрек сезімінің куәсі боламыз да, осының негізінде ақынның артында тұрған ұлттың, елдің, халықтың бейнесін көріп, дүниетаныммен табысамыз. Сөз құдіретіне бас иген, бір ауыз сөзбен ердің құнын шешкен бабалар неткен көреген еді, десеңші!

Тіл тек дыбыстардың жиынтығы немесе адам қызметінің көрінісі ғана емес. Тіл сөйлейді, сөзбен сыр айтады, тарихты шежірелейді, сезімді паш етеді, ел мен ел, ер мен ер арасындағы жанған дұшпандық отты сөндіреді, жаныңа шуақ төгеді, көзіңнен жас мөлдіретеді, жүрегіңді «жуады» (Шаһкәрім), нұрландырады.

Ал данышпандардың жүрегін жарып шыққан поэзиядағы сөздің құдіреті тіпті ерен. Жаңағы Абай өлеңі «Жүректе қайрат болмаса» деп аталады. Жүрек пен қайрат ұғымдарын қатар қою арқылы олардың бағасын таразылап, бағалап, танытып, пәлсапалық ой түйіп қана қоймайды ақын. Қазақи

шындықтың қатып қалған қабаттарын ашып үңілтеді, жүрегіндегі шерін ақтарады. Шындықтың бетіне тура қарайды. Қорықпайды. Өйткені ол шындықтың артында елдің болашағы, келешектің үміті мен үлесі жатыр. Өлең астарында ұйықтаған ойды түрту бар. Ойы ұйықтап жатқан кім еді? Неліктен ұйықтап жатыр ол ой? деген сұрақтар қаумалай алға шығады. Ұйқының басуы білімнің жоқтығынан, сол – надандыққа итеретін. Ұйқыдағы ойды түртетін қайрат пен ақыл, ал ақылға сәуле түсуі қажет.

ӘДЕБИЕТ

1 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1995. – 335 б. 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т. 7. – Алматы: Ғылым, 1983. – 306 б.

Үшінші күн: 12.08.2020.

**Т.ЕСЕМБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

ТАЛАНТ ФОРМУЛАСЫ

Адамзаттың ғасырлар бойы сарсылып іздеп, тап басып таба алмай келе жатқан әлемдік құпияларының бірі – талант формуласы. Әдеби талант туралы тамсанып талай сөздер айтылғаны мәлім, оған әр түрлі теңгерме терминдер де табылып жатты. Талант негіздері тәрбиеге, ортаға, дәстүрге, мінез-құлыққа байланысты, тіпті тәуелді деген пікірлер ғасырлар бойы жаңғыртылып келеді, бұл туралы дау-дамай, ғылыми дискуссиялар да үнемі жүріп жатады. Суреткерлерге талант иесі, аса талантты, тума талант, табиғи талант деген бағалар беріп жатамыз. Өлшеусіз, шегі мен шегі жоқ бұл ұғымды әркім өзінше түсіндірер, қадари қалы келгенше анықтар, оның шығармашылыққа әсер-ықпалы жалпылай да, қадап та, санап та айтылған, бірақ назар аударарлық ұстамды пікірлер көп емес. Қоғам алмасқанда, дәуір жаңарғанда нәрі мен бары жоғалып кететін, шығармалары ұмытылатын таланттар бар, ал данышпандықтың жөні бөлек оған уақыт пен оқиғаларың әсер ете алмайды. Сыртқы сымбаты мен ішкі қымбатын жоймайтын туындылары жасай береді.

Өнер түрлерінің ішінде көркем әдебиеттің орны айрықша екені туралы тұжырым көп, олардың дені сөз өнерінің ең негізгі материалы тіл және айтылым ерекшелігі төңірегінде ғана. Көбінесе күнделікті қолданыста, тұрмыстық деңгейде қатынас құралы болып жүрген қарапайым сөздердің болмыстың аса күрделі мәселелерін көркем бейнелеуге пәрмені мен әлуеті молынан жететін құбылысқа айналуына назар аударылады екен. Сонымен қатар ендігі жауап күтетін мәселе – тілді әмбебап деңгейде қолдану құпиясы, яғни сөзбен сурет салу кімнің қолынан келетіндігінде еді. Данте, Пушкин, Абай сияқты өнер иелерінің тілді меңгеруі, оны әдеби шығармашылықта қолдану деңгейінің жоғарылығы, шеберлігі талайларды таң қалдырады. Осындай керемет мысалдар күнделікті тұрмыстағы қолданылатын тіл мен көркем әдебиеттің тілінің арасындағы айырым мен алшақтықтың шамасын аңғартады, ал осы алшақтықтың өзі сөз өнеріне құпияға толы, сыры тылсым әлем деп қарауға негіз болды. Адамзат тарихының ерте кезеңдерінде оның табиғатын діни, мифтік түсініктер тұрғысынан бажайлау көне мәтіндерде жиі кездеседі. Суреткердің құдай мен адам арасындағы делдал екендігіне ақын Пиндардың мадақтамасында көп көңіл бөлінген. Өз еңбектерінде осындай мәтіндерге көп сүйеніп отырған Платон өз кезегінде ақынға абсолюттік идеяға жетуде музалар сыйлаған «құдайлық қуат» жол ашатынын атап көрсеткен. Сонымен қатар ол Ақынды болмысы жеңіл, шабытының қанаты бар әулие деп таныған. Ойшылдың тағы бір назар аударатын пікірі мынадай: ақын керемет

шабыттанбаса, оның нәтижесі – экстаз үстінде есін жоғалтпаса, жаза алмайды-мыс. Осындай пікірден соң біраз уақыт бойы шабыт табиғаты, экстаз күйі туралы көп әңгіме болғаны аян, бірақ орнықты пікір, тұрақты тұжырымға көпшіліктің келе алмағаны тағы белгілі.

Адамзаттың ойшыл ұлдарын қинаған осындай сұрақтардың Абайдың жанына да тыныштық бермегеніне мысал көп. Ақынның осы орайдағы бір үзік ойы мынадай:

Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.

«Өнер – тәңірден» деген пікірін Абай басқа шығармаларында да дамытып дамытып, өрлетіп отырғаны тегін болмаса керек, оның ежелгі дүние ғалымдарының ойларымен үндес болғанына мысал аз емес.

Классицизм дәуірінде, романтизм белең алған кезеңдерде ғылыми әңгіме көбінесе әдеби үдеріс мақсатында өрбіді, ал өнерпаз хақында жаңа көзқарас бола қоймады. Шелли өзінің «Поэзияны қорғау» атты атақты шығармасында дарын, шабыт, елігу, өзін-өзі ұмыту, «жасағанның жарлығы» сияқты қасиеттердің шығармашылықтағы орны мен қызметіне тоқталған, оның көне грек аңыздарындағы құдайларға көп сүйенгенінің сыры тереңде.

Көркем әдебиетте заманауи мәселелерді, адам болмысын түгел қамту, жете байқау мен кәміл түсінуге талпыныс көп болған, бола да бермек. Абайдың «улы сия, долы қол, не жазып кетсе, жөні сол» деген мазмұны терең ойына бойлай бергеннен әдебиетші қауым ұтылмас. Тоқсан толғақты көңіл, сексен сезімді жүрек, жан сыры көркем мәтінде қандай сия, нендей қолмен жазылатыны туралы оқымыстылар көп ойланған, ол төңіректегі тартыс әлі де толастар емес. Өзгенің көкірегіне сыр тұндыру кімнің қолынан қалай келетінін де тап басып айту қиынау. Бұл жайында антика дәуірінің алыптары, шығыс ойшылдары да көп толғанған. Әл-Фараби ақындық туралы трактатында шығармашылық болмыстың пәлсапалық негіздерін анықтауға күш салғаны белгілі.

Қ.Аманжоловтың «күніне жүз ойланып, мың толғанғаны», Абайдың: «Сөз өнері – дертпен тең», - деген ойы, Мағжанның: «Ақында адамзаттан дос болмайды, Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына», - деген өлең жолдары ақындай нәзік аспаптың құлақ күйін келтірудің амалдары ғана ма? Мұнда өнер әлеміне көз тастау да, әлем жайлы сөз саптау да бар. Мұндай терең ойларға тамсануды азайтып, таңырқауды көбейткен жөн шығар. Шығармашылықтың жай көзбен үңілуге бола бермейтін астарлары мен қабаттары деп түсінген дұрыс болар, бірақ індетіп зерттеуден қашпаған абзал.

Өнердің - болмысты қабылдау мен түсіндірудің субъективтік түрі екендігіне ешкім дау айта қоймас, сондықтан көркем мәтіндегі персонаждар баяны ең әріден келе жатқан жанрлар лирика мен драмада басты қызмет атқарады. Ал эпикалық туындыларда сырт көзге объективтік болып көрінетін көзқарас дамып отырған. Алдаркөсе, Жиренше шешенге байланысты аңыз-әпсаналарда олардың іс-әрекеттеріне түніктеме берілмейді, ашық бағалау да жоққа тән. Мұндай

мәтіндерде төл сөздің аз, төлеу сөздің басым болатынының себебі осында жатқандай. Кейбір эпостарда «бөтен адамның» баяны да кездесетіні де баяндаушының рөлін күшейтуге бағытталғаны даусыз.

Автордың өзінің асыл аңсарын, айнымас арманын, имандай иланымын, сарабдал сезімін өмірден өнерге көшіруі қалай жүзеге асатыны туралы алғашқы бөлімде аздап әңгімелегенбіз. Әрине, әдеби мәтінде оның иесінің көңіл көкжиегі, қаламгерлік қыры, кісілік көзқарасының да табы болатыны түсінікті.

Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық, -

деген Абай ақынның сөзінде тыңдаушыға қойылатын талаптың бірі бар, жалғасы тағы бар:

Жүрегі – айна, көңілі ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Ұлы ақынымыз әдеби туындыны қабылдау, түсіну, бағалау кезіндегі құбылыстар мен үдерістерге де жете мән бергені көрініп тұрғандай.

Бір кісі емес жазғаным жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ шырақтар, ұқсаң жарар.
«Ит маржанды не қылсын», - деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар, -

деген шумақта оқушы мен тыңдаушы эрудициясына қойылатын талабы, аудиториясының өрісі мен ауқымы жайлы арманы тұрғандай.

Әділет пен ақылға
Сыналып көрген-білгенін,
Білдірер алыс-жақынға
Солардың сөйле дегенін, -

шумағында оқырман географиясы анықталғандай. Ал «Бойда қайрат, ойда көз, Болмаған соң айтпа сөз», - деген Абайдың мазмұны терең ойы суреткерге қойылатын талаптың бір парасын меңзеп тұрғандай. Әдеби туындының идеясы мен оның авторының әлеуметтік санасы мен танымының арасында теңдік белгісі жоқ болуы да күмәнді, себебі, идея – ұғым, пікір, ой қорыту деңгейінде ғана бола бермейді. Ал суреткердің әдеби, лингвистикалық біліктілігінің де мәтінге тікелей қатысы бар екендігіне дау айта қоятындар жоқ шығар.

Әдеби үдерісте оқырман қауымның өз орны бар. Көркем туынды тағдырына ерекше әсер ететін негіздеудің бірі – оқырман пікірі мен бағасы, осы

маңайдағы талас-тартыстардан мәтін туралы көп мәлімет алуға болады. Оқырман образы жазушы санасында шығармашылық еңбектің алғашқы сатыларынан-ақ орын алады, оған өзінше ықпал ете бастайды, кейде оқырман көркем образға айналып кетуі мүмкін. Көркем шығармашылыққа тікелей әсер ете алатын оқырманды ықтимал, нақты, жасырын, ішкі адресат деп жіктеу қалыптасқан, ал көркем мәтінді қабылдайтындарды оқушы, оқырман қауым, рецептор, реципиент деп атау жиі кездеседі.

Көптеген қаламгерлер жазу үстінде болашақ оқырманын елестетіп отыратынын айтып келген, осындай елес оқырманды арнайы зерттеу нысаны ету шығармашылықтың диалогтық бастауларын анықтауға жетелейді. Қаламгер де оқырман таңдауға құқылы, дегенмен өз оқырманын іздейтіндер көп. Оқырманымен келісімге келе алмайтын авторлар да баршылық. Өз шығармасының оқырмандарына атын атап, түсін түстеуге пейілді авторлар да кездеседі. Абай Құнанбаев өз оқырманына көп талап қойған, үлкен міндеттер артып отырған.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік біреулер бар
Абайлар әрбір сөзді з халынша, -

деп қабылдаудың түрлерін тізбектесе, енді бірде өз оқырманы туралы былайша толғанған:

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар, көңіл шын беріп.
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

Әрбір суреткердің өз шығармасының дұрыс қабылданып, толық түсініліп, оның бағалануына мүдделі болатындығы анық, осы мақсатына жету үшін әрқилы амал-тәсілдерге жүгінеді. Шығарманың атауы, жанры, эпиграфы мен авторлық арнау оқырманға ақпарат беру үшін ғана емес, сонымен қатар оның оқырмандық ықыласын қалыптастыру үшін қызмет етеді.

Оқырманмен жақсы түсінісу үшін қаламгерлердің автоинтерпретацияға, автосынауға да жүгінетіні жиі кездесіп отыр. Әдеби шығарма оның рецензенті мен оқырманының оқиғаларға араласып жүретін мысалдары да жетерлік.

Жазушы ойы мен сезімінің мәтінде көріну-көрінбеуі, олардың оқырманға жету-жетпеуі, әсер ету-етпеуі көп нәрсеге байланысты. Қаламгердің өз туындының белгілі бір оқырман аудиториясына арнайтыны, мәтінді солармен байланысу құралына айналдыратыны туралы жалпы пікір көп, нақты дерек аз, жазу үстінде оқырман туралы ойлау тіпті жазуға бөгет жасайды дейтін авторлар бар. Бір мәтіннің оқырмандарының лек-легінің арасында уақыт өзгешелігі, кеңістік алшақтығы да болатыны анық. Абай поэзиясын оның тұтастарының

түсінуі мен ХХІ ғасыр оқырманының ұғынуының арасында ұқсастық та, айырмашылық та жетерлік болар. Оқырман деңгейі, білім-білігі, өмірлік тәжірибесі, мәселеге көзқарасы ұқсас бола бермеуі мүмкін, дегенмен ыңғайлас көрінуі де ғажап емес. Көркем ойлаудың кәдуілгі ойдан ерекшелігі бар екенін есте ұстасақ, әдеби тілдің кәдімгі сөйлеу тілінен айырмашылығы болатынына түсіністікпен қараймыз. Оқырман көкірегіне сыр, көңіліне нұр мен жыр тұндыру үшін қалай жазу керек деген сұрақтың басы ашық.

Бір тілде көркемделіп айтылған ойды басқа бір тіл арқылы дәл, анық, сәйкес түрде айтып берудің мүмкіндігі туралы талас жетерлік. Қазақ тіліндегі Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев прозасындағы, І.Жансүгіров поэмасындағы ұлттық күй өнерінің құдіреті туралы авторлық баянды күй тандап өскен қазақ оқырманы өзінше қабылдайтыны түсінікті, ал одан хабары жоқ адамның мәтіннің сол тұстарындағы маңызды ақпаратқа назар аудармауы да мүмкін.

Күй табиғатын тануда қазақ тілінің әлуеті басқа тілдерге қарағанда молырақ екендігіне дау айтатындар табылып қалар, дегенмен ауызекі сөйлеуде кеңінен қолданылып жүрген сөздерді әдеби тілдегі пайдалану мүмкіндіктері арта түсетіні анық. Бірақ бұған қарама-қарсы мысалдар да кездесіп тұрады. Кейде күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген сөздердің ауызекі сөйлесудің мағынасын түсінуге аздық ететін жағдайлары жиі кездеседі. Осындай мысалдарды сараптаған Н.Хомский деген ғалым бұрыннан бері белгілі «перформанс» (тілдік қызмет) ұғымына мағынасы қарсы «тілдік біліктілікті» ұсынып, осы екі ұғымның арасындағы қарым-қатынас түрлерін зерттеген. Белгілі бір сөздердің адамның сөздік қорында болуы оларды табиғи тілдік қатынастарда толық түсінуге кепілдік бермейтінін, сондықтан табиғи тілді меңгеру үшін жүйелі білім мен білік керек екендігін қуаттаған ғалым «*language competence*» деген арнайы терминнің мағынасы мен қызметін белгілеген. Н.Хомскийдің осы ұсынысын Д.Куллер өзінше пайдаланды. Әдеби мәтінді түсіну үшін арнайы дайындық қажет екендігіне кеңінен тоқталған ол «әдеби біліктілік» деген құбылысқа назар аударуды ұсынған. Әдеби біліктіліктің объективтік және субъективтік факторларға тәуелді екені мәлім.

Әдеби туынды туралы оқырмандардың жалпы пікірлерін анықтау үшін сауалдар жүргізу, олардың нәтижелеріне сүйене отырып тұжырымдар жасау әрдайым оқырман біліктілігін айқындаудың көрсеткіші бола бермейді екен. Сонда оқырман өресін анықтаудың, әдеби біліктілікті қалыптастыру мен дамытудың тиімді жолдары қандай болмақ деген сауалдар төңірегінде талай ойлар өрбіген. Арнайы филологиялық дайындығы бар мамандардың шығарма туралы пікірлерін жинақтай отырып идеал оқырманның образын жасауға тырысқандар болған, олардың жақтастары әлі де кездеседі.

Әдеби шығарманы дұрыс қабылдайтын, терең түсінетін, орынды талдайтын, орнықты бағалайтын білікті оқырманның көркем әдебиеттің өмірін ұзартатынын бағамдағандар ондай реципиенттің бойында қандай қасиетер мен сипаттар болуы керектігі жайында көп ойланған. Айтылған ой, естілген сөз, жазылған пікірді толық түсіну үшін ең алдымен адамның сөздік қорында табиғи тілдің элементтерімен бірге әдеби тілдің де белгілері тым болмаса пассив

деңгейде қолданыста болуы керек екен. Біраз зерттеушілер «әдеби тіл» және «әдебиет тілі» деген ұғымдардың аражігін анықтауға күш салған. Аталмыш мәселеге қатысты А.Ричардстың еңбектеріне назар аударған тиімді, оның әдебиет тілі туралы айтылған ойлары талай талқылаудан өткен, бірақ ол атап көрсеткен әдебиет тілінің белгілері төңірегінде қалыптасқан тұрақты пікір жоқ. Поэтикалық тілдің ерекшелігі туралы айтылған белгілі пікірлерді қайталаудан қашқақтаған А.Ричардс әдеби мәтіндегі сөздердің мағынасының тұрақсыздығына, мәнінің бұлыңғырлығына, қызметінің екідайлығына ерекше назар аударған. Сөздің тұрақты мағынасы тек қана орнықты контексте болады деп есептеген оның бұл пікірі әдеби мәтіндерді талдауға қолайлы болмады. «Пышақ» сөзінің тұрақты мағынасы кесу, турау әрекеттеріне байланысты туындайды, бірақ «пышақ кескендей тыйылды», «қайраулы пышақтай», т.б. қолданыстарда сөздің мағынасы өзгереді. Сөздің тұрақты мағынасын қолдан да қалыптастыруға болады. Ғылыми терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес оларға арнайы орнықты бір мағына беру кейде ортақ келісім арқылы жасалады, ол ресми түрде бекітіліп, ғылыми айналымға қосылады. Сонымен қатар сөздің мағынасы белгілі бір саланың көкейкесті мәселелеріне қарай өзгертіліп, семантикалық өрісі шектеледі, яғни сөздің қолданылу аясын жасанды жолмен тұрақтандыруға болады екен. А.Ричардс өнер мен әдебиетте мұндай «келісім» арқылы мағынаны тұрақтандыру мүмкін емес деп есептеген. Сөздің мәтіндегі икемділігі, ынтымақтастығы, құбылуы поэтикалық коммуникацияны жетілдірудің пәрменді құралы екендігін, мәтін мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты реттеп тұратындығын қайталаумен болған ғылым precision (дәлдік) және suppleness (иілгіштік) деген ұғымдар арқылы табиғи тіл мен әдеби тіл арасындағы байланыстарды айқындауды ұсынған. Сөз мағынасының өзгеруге икемділігі әдеби мәтінге де қолайлы. «Қызыл тілім буынсыз» (Абай) атты өлең жолының сөз болып жатқан тақырыпқа қатысы бар.

Әдеби шығармашылықтың структурасы, болмысты көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игерудің кезеңдері мен заңдылықтары, көркем құндылықтардың дүниеге келу барысы және оны қабылдау сипаты туралы ашылған сырлар аз емес, әлі күнге дейін анықталмай отырған жайттар да бар. Әдеби шығарманың туу үрдісі мен қабылдануының құпиясы әдебиеттанудың күн тәртібінен түспейтін зәру мәселесі болып келе жатқанының сыры тереңде. Шығармашылық еңбекке нақты қатысатындар қатары, олардың әрқайсысының үлес салмағы, ізденіс динамикасы, ондағы жалпы мен жалқының, дәстүр мен жаңаның арақатынасы, басқа өнер түрлерінің ара салмағы сияқты негіздер нақты анықталмай тұрып, шығармашылықтың ішкі формаларына ендеп кіріп, індетіп зерттеу ойдағыдай нәтижелі бола қоймас.

Әдеби шығармашылықты адамның рухани қызметінің ерекше түрі деп тану мәселені филогенетикалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Ал оны уақыт пен кеңістікке тәуелді психо-физиологиялық құбылыс деп бағалау онтогенетикалық зерттеулерге жол ашады. Көркем әдебиетті қоғамдық сананың айырықша көрінісі деп есептеу тарихи-әлеуметтік зерттеулерге жетелейді. Өнерді өмірге ықпалы бар, болмысты түсіндіру мен өзгертуге қабілетті күш деп

санау функционалдық сараптауларға жол ашпақ.

Әдеби шығармашылықты тек суреткердің жеке еңбегі деп санауға қарсы пікірлер бар. Оның бірі – жазушы еңбегін әлеуметтік үдерістің көрінісі деп қабылдау. Сөз өнерін қоғамнан бөліп алып қарау да кездеседі. Әлеуметшіл болып, қоғам ісіне белсене араласқан көркем әдебиетті ұмытуға тырысудың ғылымға берері шамалы. Өткен мен ертеңге бірдей қызмет ететін сөз өнері тарих сынағының талайына тапжылмай төтеп бергенінің сыры әдебиеттің әлеуметтің талғам сүзгісінен өте алғанында жатқандай.

Көркем шығармашылықтың үдерісін нақты сипаттарына сүйеніп зерттеу нәтижелі болмақ. Өнердің танымдық мәні мен қызметі туралы екідай пікір бар. Бірі – өнер оқу құралы немесе өмірлік бағдарлама емес, сондықтан ол болмысты танытуға міндетті емес десе, екіншілері өнерде жалпы, арнайы және қайталанбайтын маңызды ақпарат бар екенін алға тартады. Осы кезге дейінгі ілімдердің ешқайсысы көркем мәтінде ақпарат болатындығын жоққа шығарған емес, ал ақпарат бар жерде қандай болса да танымдық негіз бар.

Көркем әдебиеттің адамдарды, әлеуметтік топтарды, халықтарды байланыстыратын, бір-біріне жақындастыратын, ұрпақтарды жалғастыратын қасиеттері, қоғамдық әлеуеті бар екенін ешкім жоққа шығара алмас, өйткені сөз өнері – қоғамдық қарым-қатынастың өте белсенді және беделді түрі. Идеялар мен сезімдер, ниет пен ықылас арқылы көркемдік-эстетикалық ақпарат беріледі, таратылады және көпшіліктің игілігіне қызмет етеді. Әрине, әдебиеттің коммуникативтік қызметі бұлармен ғана шектеліп қалмайды.

Адам мен болмыс – бірінсіз бірінің күні жоқ өзектес мәселелер, бұл екеуі сабақтасып қарастырылса ауқымды мәселелер туады, ол оқырманын толғантқысы келеді. Адам тағдырына алаңдау, тұрмыс-тіршілігіне зер салу, оны шығарманың жұлын-жүйкесіне айналдыра білу – автор ұтысы. Көкейкесті сауалдарды әлеуметтік ауқымдандыру, астарлы ағындарға ұластыру, айбар мен дидактикалық дарытуға да авторлық мінез керек. Көркем образ. Психологиялық бітім. Сан-салалы өмір. Әрқилы оқырман. Ашық немесе ишара диалог. Көркем дүниеде, я журналистік жазбада болсын адамдардың жанына үңіліп, жүрек сыры шертілмесе, қаламгердің еңбегі еш, бейнеті сор болатыны айтылып жүр.

XX ғасырдың екінші жартысында әдеби сын қарыштап дами бастады, ол социология мен психологияның жаңа технологияларымен қаруланып алып, көркем мәтін туралы көзқарасын түбегейлі өзгертуге тырысты. Енді мәтіннің автордың ойын, сезімін оқырманға жеткізу қабілеті мен мүмкіндігіне күмәнмен қарау пайда болған. Ғасыр басында орыс ғалымы Е.Д. Поливановтың қаламгер оқырманына өз ойын толық жеткізе алмайды, ол үшін әңгіме арқауында екеуіне де белгілі ақпарат жатуы керек деген пікірі көп талқыланған. Автор мен оқырман арасындағы «ортақ тілдік ақпарат» төңірегінде талас көп болды. Авторы мен оқырманы екі тілде сөйлейтін аударма мәтіндерді түсіну қалай болар екен, себебі бұл екеуінің ортасында ортақ ақпарат, ұқсас білік өте аз болуы мүмкін ғой. Бұл мәселені шешуге Р.Якобсонның коммуникативтік моделін пайдалану ұсынылған болатын. Ю.Лотман белгілі бір оқиғаны ауызекі хабарлау мен әдеби тілде айтып берудің айырмашылықтарына назар аударып, олардың адресатқа да әсер-ықпалы

әрқилы болатындығын атап көрсеткен. Сөйлеу тілінде айтылған ақпарат не түсінікті, не түсініксіз болуы мүмкін, ал көркем мәтінді түсіну мен түсінбеудің арасында кең жолақ жататынын дiттеген ғалым «байланыс жүйесінің» мұндай ерекшеліктерін түсіндіргені дәйекті болды (Лотман. 1970.) Автор мәтіндегі айтқысы келген ойы мен оны оқырманның түсінуінің арасындағы айырмашылықтың төркіні оңай жойыла қоятын себептер емес. Мұндай құбылыстың өнердің өзінің органикалық қасиетінен туындайтынына тоқталған Ю.Лотман әрі қарай Н.Фрайдың осы мәселе төңірегіндегі көзқарастарын талдаған, көркем мәтінді автор мен оқырманды байланыстыратын канал деп қана қарауға қарсы болған. Көркем мәтін ақпаратты жеткізуші ғана емес, оның өзі де ақпарат тудыруға қабілетті. Бейнелеп айтсақ, ол – канал емес, оқырман суын қанша шарпыса да таусыла қоймайтын шыңырау құдық іспеттес.

Талқылау (интерпретация) үдерісін ғалым мәтінді түсіну кезінде екіге бөлінген оқырманның қайтадан эстетикалық тұтас тұлғаға айналуы дейді. Оқырманның жүйкесі мен сезіміне, ойы мен санасына мәтіннің ерекше салмақ түсіретін кезі – осы. Мәтінді аяғынан басына дейін тағы бір сүзіп шығу, кейбір тұстарды қайта-қайта талдау, жекелеген сәттерге шүйлігу, өзіне, мәтінге, авторға сұрақ қою, оларға жауап іздеу өте қиын үдеріс. Мәтін қойған сауал, оқырман дiттеген амал да бар мұнда. Осының бәріне жауап беруші – мәтін ғана, өйткені онда автордың эсплициттік жауабы жоқ. Әдеби туындының өзі базбір өмір сұрақтары мен сауалдарына жауап іздеуден туған деген пікірге ден қою керек осындайда. Эстетикалық тұтастықты әлсіретпеу үшін автор өзі қойған сұрақтарын мәтінде анық көрсете бермейді. Бұл жағдайда сауалды талқылаушының өзі қояды, сөйтіп мәтін туралы бұрынғы дәстүрлі концепция түзетіле бастайды. Бұрын мәтін оқырман сұрағына жауап беру үшін жазылады дейтін, өйткені онда тұрақты әмбебап «объективтік мағына» бар делінетін. Ал Яусс болса, мағыналар талқылау кезінде қалыптасатынына және олардан бір ғана идеяның көріністерін іздеудің бекерлігіне назар аударған. Бұл – ескеретін мәселе, ойланатын жайт.

Ал зерттеушінің қолдану дегені мәтіннің «тарихи көкжиегін», генезисі мен маңызын анықтап беретін үшінші оқылымның нәтижесі екен, оның барысында көп нәрсе нақтыланады. Жанашыр, катарсистік, ирониялық оқырманның тезінен өткен мәтінге енді тарихи-филологиялық түсініктеме беруге ғалым шығып, оқырманның интеллектуалдық түсінігін кеңейтеді. Бұл кезеңдегі жұмыстың қиыны – мәтін туралы қазіргі пікірді өткен уақыттағы көзқарастармен және бағалаулармен салыстыру. Туындының эстетикалық құндылығы көп ретте оның алғашқы оқырмандарын «қанағаттандыруына», «таң қалдыруына», «көңілін қалдыруына» байланысты болады. Бұдан тіпті 30-40 жыл бұрын елдің ыстық ықыласына бөленген шығармалардың қазіргі оқырманның «көңіл көкжиегіне» сәйкес келмей жататыны бар, себебі «оқырман көкжиегі» үнемі даму, өзгеру үстіндегі категория екені белгілі.

Қандай да болсын мәтіндерді оқу белгілі бір әрекеттерден тұрады, оларды қабылдау барысы салыстырмалы түрде компьютермен жұмыс істеу амалдарына ұқсас болады. Ең алдымен қажет бағдарламаны тауып алу, оның мүмкіндіктерін

сараптау, содан кейін осы «байланыс торабы» арқылы алынған ақпаратты кәдеге асыру, пайдаға жарату сияқты әрекеттер жасалады. Мұндайда оқырманға қойылар басты талап – интеллектуалды ақпарат пен эстетикалық әсерді үйлестіріп отыруға тырысу. Әрине, ақпарат көзін анықтау, оны меңгерудің амал-тәсілдерін дұрыс таңдау лингвистикалық және әдеби біліктілікке тәуелді.

Көркем мәтіннің эмфатикалық қызметі арнайы «адресаттық белгілер» арқылы жазушының оқырманмен эмоционалды, интеллектуалдық байланыс орнатуы болып табылады. Ал эмфатикалық функция сол байланыстың нақты объективтік нәтижесі, оқырман ойы мен бойындағы, жан дүниесіндегі белгілі бір сипатқа ие болған әсері мен ықпалының көрінісі. Өнердің басты мәселелерінің бірі болып саналатын бұл феномен талайдың назарын аударған, әрқилы ғылыми ізденістерге түрткі болған.

Әдеби туындының эмотивтік қуатын, оның пәрмені мен дәрменін тап басып танып, өлшеу – қиынның қиыны, бірақ оны кейбір мәтіндерде мүлдем жоқ деу де қисынсыз. Бірақ әсер мен ықпалдың күшінің әр түрлілігі, кейде сол потенциалдың әдеби шығармада жүзеге аспай қалатындығы сауалдар өрбітеді.

Көркем мәтіннің эмфатикалық қуаты тек тілдік структураларға ғана тиесілі емес, ол осы сөздерді «сезінетін», өз жанымен қабылдағаннан соң оқырман бойында пайда болатын сезімдерден де тұрады. Оқырманның туынды туралы өзіндік ойлары мен сезімдері, толғаныстары мәтінді күрделендіре түседі, мазмұнын кеңейтеді, мағыналарын тереңдетеді. Көркем мәтіннің күрделілігі мен тереңдігін өлшеу қиын, бірақ олардың төркіні белгілі. Айтылған ой мен оның қалай түсінілгенінің арасындағы алшақтық, айырмашылықтың оларға тікелей қатысы бар. Мұны ғылыми түрде эксплициттік (ашық айтылған) және имплициттік (ойдағы) мазмұндардың сәйкессіздігі деп бағалау да кездеседі. «Тілдік үнем заңы» деп аталған құбылыс та эмфатикаға қатысты. Айтылым (речь) кезінде тілдік белгілер үздіксіз қатар құрап, бірінен кейін бірі тұрса, әдеби тілде бұлай бола бермейді. Ишара, емеурін, меңзеу, дауыс ырғағы, екпін арқылы сөйлеу кезінде қанша қосымша ойлар айтылады, егер олай болмаса, бір ойды әдеби тілде айту қанша уақыт алар еді дейтін пікірлердің жаны бар. Сөзді артық қолдану көпсөзділікке, санамалап айту үнемшілдікке бастайды деген тезиспен толықтай келісуге болмас. Өйткені көркем әдебиетте тілді қолдану нормасының шамасы анықталмаған.

Көркем мәтіннің эмфатикалық қызметі тек қана тілдік элементтерге ғана тәуелді емес, мәселе сол элементтердің астарында жатқан әдеби кодтарды айқындауда екен. Көркем мәтіннің эмфатикалық функциясын оқырманға объективті түрде ықпал жасауға арналған байланыс каналы деп таныған орынды, бұл – автор мен оқырман арасындағы сезімдердің қарама-қарсы ағысы деуге де келетін құбылыс. Эстетикалық объект ретіндегі көркем мәтін оқырман көкірегіне тың сезім ұялатса, оқырман да өз көңіл-күйі арқылы мәтінге баға бере алады. Мұндайда «үнсіздік – сюжет құраушы» (Арнольд. 1983) деген пікірге ден қоюға тура келер. Оқырманға эмфатикалық әсер ететін негіз мәтінде ғана емес, оның түпсанасындағы архетиптерде, мифологиялық образдарда, ұжымдық бейсаналылық ақпараттарында болады. Сонымен бірге ассоциативтік ойлау

үдерісі де оқырманға әдеби мәтіннің «ақиқат сырын» ашуға көмектесуі мүмкін екендігін айтып жүргендердің пікіріне назар аударудың кезі келді деп ойлау керек. Эстетикалық сезім, эстетикалық әсер, эмпатия табиғаты сияқты құбылыстардың функцияларының мәтіндегі сипаттары сан түрлі болғандықтан оларды тығыз бірлікте қарастырған орынды.

Поэтиканың мақсаты сан алуан. Оның бірі - мәтіннің эстетикалық әсерін қалыптастыратын элементтерін табу және оларды жүйелеу. Ырғақ, лексика, синтаксис, тематика сияқты әдеби шығарманың белгілерінің көркемдік қызметін қарастыру поэтиканың еншісінде. Сонымен қатар әдеби шығармадағы дәстүрлі емес амал-тәсілдердің де эстетикалық әсері күшейіп кететіні бар.

Жалпы поэтиканы мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын зерттейтін үш бағытқа бөлу қалыптасқан.

Шығарманың дыбыстық құрылымының фонетикасы, метрикасы мен строфикасы, буын, бунақ, шумақ сияқты өлеңтануға сәйкес ұғымдар зерттеледі. Ал сөздік құрылымда шығарманың лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері қарастырылып, оны жалпы түрде стилистика деп атау қолданылып жүр. Сөздің таңдап алынуы (лексика), олардың байланыстырылуы (синтаксис) стилистиканың ішінде фигура және троп түрінде зерттелсе, «поэзия грамматикасы» деп аталып жүрген морфология енді зерттеле бастады.

Мәтіннің образдық құрылымын образдар (персонаждар, заттар), мотивтер (іс-әрекет, кимыл), сюжеттер (іс-әрекеттер байланысы) құрайды. Бұл саланың дәстүрлі атауы - топика.

Поэтиканың арнайы салалары әдеби шығарманы жоғарыда көрсетілген арнада зерттеп, оларға туындының эстетикалық белсенді қасиеттерін қосып, «модель» етіп құрайды. Поэтиканың басты зерттеу нысаны-композиция (метрикалық, стилистикалық, образдық, сюжеттік және жалпы). Поэтика мәтін элементтерінің арасындағы байланыстарды да зерттеуді қолға алған. Бейнелеу құралдарының көркем мәтіндегі басты нысаны «әлем образын» жасау болғандықтан ол көркем уақыт, әдеби кеңістік, «автор образы» сияқты мәселелерді зерттеумен шұғылдануда. Соңғы кезде микро және макропоэтика деген ұғымдар пайда болды. Микропоэтика жеке шығарманы зерттесе, макропоэтика тұтас әдеби кезеңді қарастыруға бағытталған. Көркем шығарманың ойтүрткісінен соңғы сөзіне дейінгі шығармашылық үдеріс барысын генеративтік поэтика талдайды. Тарихи поэтика жекелеген поэтикалық әдіс-амалдардың қалыптасу, даму кезеңдерін зерделейді.

Абайдың «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген сөзі көп қолданылады. Ал данышпанның «жүрегі – айна, көңілі – ояу» оқырманды аңсағаны анық.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз, -

деген жолдарда автор мен оқырман байланысының ең қажет тұстарын дөп басқан тағы да Абай. «Көкірегі сезімді, тілі орамды» деген сөзде ұлы ойшылдың оқырман біліктілігіне қойған талабы көрініп тұр. «Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ», - дегендегі «Түгел сөз» көркем мәтінге берілер баға деуге де болар.

Мұны оқыса кім танып,
Жүрегіне от жанып,
Сөзді ұғарлық жан тапса,
Айтса жарар ән салып, -

деген жолдарда автор мен оқырман байланысының ең қажет тұстарын дөп басқан – тағы да Абай. «Көкірегі сезімді, тілі орамды» деген сөзде ұлы ойшылдың оқырман біліктілігіне қойған талабы көрініп тұр. «Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ», - дегеніндегі – түгел сөзді көркем мәтіннің ақпараттық, поэтикалық қарымына берер баға деуге де болар.

Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа оған да айтар сөзді, -

деген Абайдың тұжырымынан автор мен оқырман арасындағы иерархиялық сипаттар аталып өтсе, мына шумақта адресаттың тағы бір парасы сөз етілген: «Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың», Айтсаң да үддасынан шыға алмайсың». Сен білмейді екен деп айтпасын ба, Неге мұнша сіресіп, құп алмайсың». Ақынның сұрақ пен сауалға толы осы өлеңінде оқырман тауаны мен мәтін ауанын үйлестіру үшін ізденіс ауқымы белгіленгендей.

Данышпанның «ойы мен тілі бөлінбес» ақынды аңсағаны – ұлттық әдебиеттегі шығармашылық тұлғаның басты қасиеттерінің бірін меңзегені. XIX ғасырда қазақ оқырмандарының жай-күйінен хабар берген, әр түрлі тыңдаушының бейнесін жасаған Абайдың поэтикасынан әлі де талай үлгі келтіруге болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Арнольд И.В. Интерпретация художественного текста.- М., 1983.
2. Ахмедьяров К.К. Лингвистическая поэтика: традиции и новации.- Алматы, 2002.
3. Брудный А.А. Психологическая герменевтика.- М., 1998.
4. Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика.- М, 1994.
5. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества.- М., 1979.
6. Блум Х. Страх влияния.-Ектеринбург, 1998.
7. Бодрияр Ж. Система вещей.- М., 1995.
8. Выготский Л.С. Психология искусства.- М., 1987.
9. Гройс Б. Утопия и обман.- М.,1983.
10. Дәдебаев Ж.Д. Өмір шындығы және көркемдік шешім.-Алматы, 1991.

11. Джеймс У. Психология.- М.,1991.
12. Джон Фоли. Энциклопедия знаков и символов.- М., 1997.
13. Долинин К.А. Интерпретация текста.- М., 1995.
14. Есембеков Т.У. Көркем мәтінді талдау негіздері.- Алматы, 2009.

С.МАНСУРОВА,
составитель и автор предисловия книги: **Абай (Ибраһим) Кунанбаев.**
Избранное. – Москва: «Русский раритет», 2020. – 368 с.

АБАЙ - РОЖДЕННЫЙ ДЛЯ ВДОХНОВЕНИЯ

Все народы мира чтят своих духовных авторитетов, творения которых ярко и полнокровно выражают душу народа. Таким для казахов и казахстанцев является великий поэт и мыслитель Абай Кунанбаев (1845-1904 гг).

Настоящий сборник избранных произведений Абая посвящён объявленному Президентом Казахстана Касым-Жомартом Токаевым празднованию в 2020 году его славного 175-летнего юбилея.

Открывая Год Абая в январе 2020 года, Президент К.К. Токаев отметил: «Мудрец Абай - олицетворение казахского народа. Возвышая Абая, мы формируем национальный дух подрастающего поколения. Через Абая мы представляем нашу страну всему миру. В мировой литературе мало таких личностей, как наш поэт, просветитель, мыслитель и критик Абай.

Личность поэта вносит большой вклад в популяризацию национальной духовности Казахстана на мировом уровне.

Наследие Абая должно стать важным направлением программы «Рухани жаңғыру...» Абай, по сути, является зеркалом казахской души.

В 2020 году в Казахстане отмечается 175-летие великого Абая.

Наследие Абая - наше священное сокровище.

Наше наследие Абая соткано из живых мыслей, не теряющих со временем своей новизны и актуальности. Из года в год мы продолжаем неустанно черпать из его произведений самые важные и самые необходимые для нас ориентиры бытия.

Творческий подвиг поэта выразился в том, что он сумел возвысить национальное самосознание, призывал соотечественников к упорству и терпению, к учению и знанию. Нам и сегодня глубоко созвучны идеи Абая о том, что народы должны жить в мире, что всё человечество по сути цельно и едино, без раздела на Восток и Запад, Север и Юг.

Он убеждённо и последовательно ратовал за взаимное обогащение культурным наследием народов. Вся его жизнь была бескорыстным примером служения этой идее. Он неустанно приближал своих соплеменников к вершинам мирового духа - переводил Пушкина и Лермонтова, Гёте и Шилера, Байрона и Мицкевича, изучал труды Аристотеля и Сократа, Спинозы и Спенсера. Он был настоящим энциклопедистом - выдающимся поэтом и прозаиком, философом и мыслителем, общественным деятелем и просветителем.

Абай оказал непреходящее влияние на своих современников. Он был автором выдающихся трудов, имевших колоссальное воздействие на все последующее развитие казахской литературы. Его творческое наследие

понастоящему современно, универсально и глубоко реалистично. Безусловно, оно находит у сегодняшнего читателя такой же благодарный отклик, как и более века назад, и раскрывает весь многогранный внутренний мир человека. Поэзия и проза Абая, вошедшая в этот сборник, несомненно, найдёт отклик и у молодого поколения, которое только вступают в самостоятельную жизнь. Мудрые размышления поэта и мыслителя будут одним из важных ориентиров в сегодняшней непростой жизни, помогут разобраться в сложных нравственных проблемах, которые волнуют молодежь. А такие вопросы в период бурного прорыва в информационных технологиях и глобализации всех сторон современной жизни, возникают сейчас всё чаще.

Поэтому Абай во все времена будет оставаться одним из тех мыслителей, который, всегда поможет найти достойные ответы на самые главные вопросы жизни.

В настоящее издание включены лучшие произведения Абая и его знаменитые «Слова-назидания», которые, безусловно, стали достоянием всего человечества.

«Слова-назидания» приведены в непревзойдённом переводе известного писателя и литературоведа, лауреата Государственной премии СССР Виктора Шкловского. Как известно, В.Шкловский, который находился в 1945 году в Алма-Ате в эвакуации, в письме М.Ауэзову отмечал: «Буду писать об Абае. Но у меня нет Вашей рукописи. Я знаю Ваш роман только в отрывках. Я верю в него, потому что я хорошо знаю Ваш сценарий. Вы мне много объяснили о судьбе Вашего народа».

В эти годы он также впервые перевёл «Гаклии» («Назидания») Абая, собранные Мухтаром Ауэзовым.

«Слова-назидания» Абая - это философская эссеистика, где на первый план выступает мысль, - замечает Николай Анастасьев, профессор МГУ им. М.В. Ломоносова, автор книг «Абай», «Ауэзов» в серии ЖЗЛ. - «Слова» порождены родной историей и бытом, и легендами, и речью Степи, и в то же время в Словах отчетливо уловима переключка с мыслителями разных эпох и разных народов. Поистине, как сказал бы Киплинг, «нет Востока и Запада нет». Собственное, уже самое их звучание, сама их форма размыкает предмет раздумий, пронизывает его лучами, направленными со всех концов света».

Мухамеджан Каратаев, известный литературовед и критик, академик АН Казахстана, Главный редактор Казахской советской энциклопедии в своём капитальном труде «Абай и его «Гаклия» писал:

«В совершенстве владея мастерством, накопленным устной народной поэзией казахов, Абай усовершенствовал и обновил традиционное казахское стихосложение... Благодаря ему получили права гражданства в казахской поэзии такие жанры, как философская поэма, сатирический памфлет, философская и гражданская лирика.

Многие свои стихи он положил на собственную музыку и они полетели по степям. Абаем введено и навсегда узаконено в казахской поэзии около полутора десятков новых, неизвестных ранее форм стиха.

В прозе Абай выступил как создатель своеобразного, специфического жанра назиданий (гаклия), включающих в себя элементы философских рассуждений, пламенной публицистики, благородных дидактических наставлений...

Изучив арабский и персидский языки, он в подлинниках читал и изучал труды великих поэтов и ученых Востока - Авиценны, Саади, Фирдоуси, Хафиза, Навои, Низами; ему были знакомы воззрения древнегреческих философов Сократа, Платона и Аристотеля».

У каждого народа есть признанные символы национальной души. У казахов таков Абай, Пушкин - у русских. Многие писатели, литературоведы, критики уже на протяжении веков изучают творчество двух гениев. Продолжаем постигать их вечную мудрость и мы...

Сегодня зачастую их имена неразделимы. Но что связывает этих двух творцов, живших в разные годы и по этой причине не имевших возможности общаться лично?

В России хорошо знают и чтут нашего великого поэта и мыслителя. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев и Президент Российской Федерации В.В. Путин 2006 год объявили Годом Пушкина в Казахстане, а в России - Годом Абая. В честь этого события в центре Москвы установлен памятник Абаю, дар Президента Н.А. Назарбаева.

На открытии монумента Нурсултан Абишевич обратился к москвичам и гостям столицы с такими словами:

«Сегодня на постсоветском пространстве все знают: нет ближе и роднее стран, чем Россия и Казахстан, нет более близкого сотрудничества, чем между нашими странами.

Великий Абай первым перевел на казахский язык произведения Пушкина, Лермонтова, Байрона, других европейских представителей культуры и искусства. Ему принадлежат слова: "Нужно учиться русской грамоте - духовное богатство, знание и искусство и другие несметные тайны хранит в себе русский язык". Так скажите, пожалуйста, где же еще быть памятнику Абаю, как не в Москве?»

Владимир Владимирович Путин подчеркнул:

«Выдающийся поэт и мыслитель Абай Кунанбаев перевёл на казахский язык свыше пятидесяти произведений Пушкина, Лермонтова, Крылова.

Это был тот человек, который постоянно говорил о взаимопроникновении двух культур.

Абай, без всяких сомнений, человек, который внёс огромный вклад в становление духовного взаимодействия между казахским и русским народами».

Учитывая, что в Астане и Алма-Ате были уже установлены монументы Пушкину, во многих казахстанских городах также имелись подобные памятники, в перекрёстный год Пушкина-Абая было принято решение открыть новый памятник в Казахстане.

Тогда, после открытия памятника в Москве на Чистых Прудах аким

Северо-Казахстанской области Т.А. Мансуров встретился с выдающимся скульптором современности Зурабом Церетели.

Обсудив несколько вариантов, решили создать новый оригинальный памятник Пушкину и Абаю на одном постаменте, объединённых Древом жизни.

По поручению Президента Н.А. Назарбаева этот величественный монумент 16 декабря 2006 года торжественно открыл аким Северо-Казахстанской области Т.А. Мансуров.

Абай жил в сложное, беспокойное время для казахского народа. Но когда отец отдал десятилетнего Абая в медресе в Семипалатинске, тот уже отлично знал казахскую устную поэзию. В медресе он стал изучать арабский и персидский языки, познакомился с классической восточной поэзией. Абай стал посещать и русскую школу. В это время он и начал писать стихи.

Подружившись с русскими ссыльными, которые жили в Семипалатинске, Абай через них познакомился с русской литературой: с творчеством Пушкина, Толстого, Гоголя, Лермонтова, Салтыкова-Щедрина, Крылова, Белинского, Чернышевского, Герцена, Добролюбова... В русских переводах он затем стал читать Сократа, Аристотеля, Платона, Гёте, Байрона и других мировых классиков. При этом Абай не только сам проникся великим творчеством Пушкина, но и решил разделить со своим народом удовольствие от чтения высокой литературы. Переводы стихов Пушкина он обогащал мелодикой: «Мысль, как птица, стремится ввысь, - говорил он, - и тень ее – мелодия».

Так, положенная им на музыку «Песня Татьяны», стала близка и понятна любому казаху. Переходя из юрты в юрту, из аула в аул, сильное и прекрасное чувство, описанное русским поэтом, нашло отклик в сердцах казахского народа, она стала бесценным помощником Абая в распространении культуры среди соотечественников.

«Отдельные отрывки из “Евгения Онегина” в форме писем Татьяны в вольном переводе Абая с некоторыми прибавлениями переводчика были поистине потрясающими явлениями на казахской почве и вскоре стали самыми популярными и любимыми песнями казахской степи, сформировал мысль Мухамеджан Каратаев. - Казахские читатели в этих отрывках и незначительном количестве стихотворений видели богатство чувств и светлое жизнеутверждающее начало творчества гениального поэта, народность Пушкина была причиной его необычного успеха в казахском народе. Она же была причиной глубокой любви Абая к Пушкину».

«Абай не делил человечество на расы, религии, политические формации, говорил о том, что нужно любить всех людей как братьев. Этот тезис характеризует Абая как ренессансную личность, возводит его на вершину духовной мысли Возрождения, - делает заключение академик Гарифолла Есим, автор «Философского трактата об Абае». - Именно поэтому такие личности, как Абай, не просто мыслители с узконациональным мышлением, это фигуры Ренессанса, выходящие за пределы сознания не только своей

нации, высокие мысли и идеи которых всегда являются ре-форматорскими, вселенскими. Мы называем Абая ренессансной личностью именно в этом аспекте».

Абай - новатор стиха, он придал поэзии свежее звучание. До него казахская поэзия знала две-три формы, Абай же утвердил более десятка новых стихотворных форм. Он утверждал:

Поэзия - властитель языка,
Из камня чудо высекает гений.
Теплеет сердце, если речь легка,
И слух ласкает красота речей.

А если речь певца засорена
Словами, чуждыми родному духу,
Такая песня миру не нужна -
Невежды голос люб Ддурному слуху...

К стихам стремятся смертные равно,
Но лишь избранника венчают славой,
Того, чьей мысли золотой дано
Блестать стиха серебряной оправой.

Абай для Степи был первым народным университетом. Содержание, ритм, выразительность стихотворений Абая были созвучны сердцу каждого простого человека. За оптимизм, веру в торжество справедливости, бескорыстное служение народу казахский народ признали его выразителем своей души.

Стихи Абая, песни, философский трактат «Слова— Назидания» многие люди знали и знают наизусть, что во многом и помогло сохранить его произведения, так как первые публикации отмечены только в 1889-1890 годах на страницах издававшейся в Омске «Дала Уалаяты» («Степная газета»). Первый же сборник стихов Абая вышел лишь в Санкт-Петербурге в 1909 году, то есть через пять лет после его кончины.

Его как поэтические, так и прозаические произведения - эти мудрые философские размышления о развитии общества, об образовании, знании и нравственности, о русском языке и культуре, о семье и воспитании, где он призывает к дружбе и духовному единению наших народов - актуальны и сегодня. В нынешнем XXI веке казахстанцы и россияне, связанные глубокими историческими корнями, не мыслят себе будущего в этом стремительно развивающемся мире без искреннего и тесного взаимодействия.

Общность исторических судеб, многовековая дружба между казахами и русскими в прошлом, всестороннее сотрудничество в настоящем, стремление народов наших стран совместными усилиями решать глобальные вопросы в будущем - главное свидетельство свершения тех великих

ожиданий, о которых так мечтал мудрый Абай.

«Меня поразило еще одно: эта их общая, Абая и Пушкина, народность, их общая строгость по отношению к своим же народам. Народ и Поэт. Учитель и Ученик. Порой они действительно меняются ролями, - отмечает известный писатель Георгий Пряхин, директор издательства «Художественная литература», секретарь Союза писателей России. - Меня поразила и «скрижалевидность» этих в самом деле будто бы высеченных, а не выписанных, «Слов-назиданий». Их зияющая глубина, одухотворенность и вместе с тем очень народная, почти фольклорная доступность и лаконичность».

Имя Абая навсегда связано с именем Пушкина, однако не следует воспринимать его лишь переводчиком. Исследователи творчества Пушкина нередко пишут, что его стихи было трудно переводить на другие языки. В свою очередь те, кто посвятил себя изучению творчества Абая, отмечают, что трудно переводить произведения этого поэта...

Общение с русской культурой определило социальную позицию самого Абая. Он решил для себя, что должен стать писателем. Установку на то, какова на земле роль поэта, задал ему опять же Пушкин. Отдельный цикл Абай посвящает значению поэзии в общественной жизни.

Как Пушкин, так и Абай видели цель своей деятельности в неразрывной связи с народом, в беззаветном служении его интересам. Если Пушкин сознавал, что «неподкупный голос мой был эхо русского народа», то и Абай с гордостью заявлял: «Народу отдал я любовь». Эти слова, соответственно, можно поставить эпиграфами ко всему творчеству поэтов.

И Пушкин, и Абай признаны мировой культурной общественностью. По решению Секретариата ЮНЕСКО 1995 и 1999 годы прошли под знаком этих поэтов. Но здесь же следует сказать, что осмысление значимости Пушкина и Абая в полной мере не завершено.

Абай Кунанбаев - великий поэт-гуманист, соединивший в своем творчестве вековые традиции степных певцов-жырау с достижениями российской и европейской культуры.

Абай и в стихах и в прозе был певцом добра, труда, свободы и дружбы между народами. Его жизнь была наполнена поиском новых форм, творческим диалогом с классиками Запада и Востока.

Вместе с Пушкиным, Гёте, Шекспиром и Декартом Абай входит в пантеон великих деятелей мировой культуры.

Төртінші күн: 13.08.2020.

**Л.МҰСАЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты**

АБАЙТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЕКІ ҚҰЖАТ

Абайтану ғылымы қазіргі уақытта ұлттық рухани өмірімізде өзіндік орны бар гуманитарлық ғылымға айналды десек артық айтпаймыз. Өз алдына жеке ғылым ретінде абайтанудың тарихы жүйеленді, теориялық қағидалары да айқындалу үстінде, тәжірибесі саралануда.

Әр ғылыми бағыттың дамуында нақты деректерге негізделген тарихи құжаттардың орны ерекше екені белгілі. Абайтануда да Абай Құнанбаевтың тұлғасы мен шығармашылығына қатысты деректі құжаттар маңызды болып табылады. Сирек кездесетін бұндай құжаттардың абайтануда, әдебиеттануда, ақын шығармашылығын зерттеу, зерделеу барысында көп көмегі тиетіні даусыз. Бүгінгі мақаламызда М.Әуезов жазған Абайдың ресми өмірбаянына және Абайдың орыс тіліндегі өлеңдер жинағына қатысты жазылған іскери хат (мәжіліс хаттамасы және баянхат) түріндегі құжаттар туралы айтылады. Мәжіліс хаттамасы мен баянхат мәтіндері және олардың жарияланған дереккөзінің сілтемелері қосымша берілді. Болашақ абайтанушылар үшін мұндай құжаттар таптырмайтын дереккөздер болып табылады.

Бірінші құжат өткен ғасырдың орта шенінде, дәлірек айтқанда, 1944 жылы 20 қарашада өткен Абай өмірбаянын жариялау бойынша редакциялық алқа мәжілісінің хаттамасы болып табылады. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеу еңбегін талқылау болған. Еңбекті талқылауға редакциялық алқа мүшелері (С.Мұқанов, Н.Сауранбаев, Е.Исмайлов, М.Сильченко), автордың өзі және басқа біраз жазушылар мен ғалымдар қатысқан. Абай өмірбаянының осы нұсқасын алдын ала оқып танысқан редакциялық алқа мүшелері және қатысушылар негізінен оң пікір айтады. Алқа мүшелері С.Мұқанов пен Н.Сауранбаев өмірбаянының осы вариантында кездесетін кемшіліктерді жіктеп көрсетеді. Мәжіліс соңында автордың өзі сөз алып, кемшіліктерді ескере отырып, толықтырып, түзетіп, қайта жариялайтынын айтады.

Екінші құжат есеп беру түріндегі баянхат (докладная записка) болып табылады. Баянхат 1945 жылы 24 қыркүйекте жазылған.

Ғылыми қызметкер Т.Нұртазиннің Абай Құнанбаевтың мерейтойы бойынша Үкіметтік комиссияның төрағасы Н.Оңдасыновқа Абайдың орыс тіліндегі бір томдығын дайындау барысын мәлімдеген баянхатынан көп мәлімет табуға болады. 1945 жылы Абайдың орыс тіліндегі таңдамалы жинағын дайындау үшін Мәскеуге арнайы іссапарға жіберілген Т.Нұртазин өзінің бұл бағыттағы атқарған жұмыстарын жүйелеп, толығымен баяндайды. Төрт бағыт бойынша: біріншіден, жолма-жол аудармадағы кемшіліктер; екіншіден, орыс ақындарына аударма бойынша кеңес беру; үшіншіден,

аудармаларды түпнұсқамен салыстыру, қабылдап алу; төртіншіден, корректуралық жұмысқа қатысу, өңдеу кезінде кеңес беру бойынша атқарған жұмыстарын нақты баяндап, есеп береді. Аударма нұсқаларды редакциялау Сталиндік сыйлықтың лауреаты Л.Соболевке тапсырылған. Алматыда жасалған жолма-жол аударманың 90 пайызы жарамсыз болғанын, көптеген орыс аудармашыларының түпнұсқаны ұқпайтынын, кітап шығарудың соңғы жағында кей жұмыстар асығыстықпен орындалғанын айтып қынжылады. Кітаптың баспадан шығуы, безендірілуі, Абай Құнанбаев есімін Мәскеуде насихаттау мәселелері бойынша атқарған жұмыстарын баяндайды. Баянхат мәтінінен 1945 жылы шыққан орыс тіліндегі таңдамалы жинақтың барынша сапалы шығуында бұл іске жауапты болған ғылыми қызметкер Т.Нұртазиннің еңбегі зор болғанын көреміз.

1 - ҚҰЖАТ

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ» ЕҢБЕГІН ТАЛҚЫЛАУ

АБАЙ ТУРАЛЫ РЕДКОЛЛЕГИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІ

20 ноябрь, 1944 г.

Редколлегия мүшелері: 1) Сауранбаев

2) Ауэзов

3) Муканов

4) Исмаилов

5) Сильченко

Қатысқандар:

1) Тажибаев А.

2) Нуртазин

3) Жакыпбаев

4) Маметова

5) Шоинбаев

Автор – Ауэзов М.

Абай шығармасын баспаға дайындау жөніндегі мәжіліс

Сауранбаев – Бұл өмірбаян толық талқылау үшін редколлегияның мүшелеріне бұдан бірнеше уақыт бұрын қолдарына берілген. Бұл мәжілісте сол өмірбаянның жалпы мәселесі туралы пікірлер алмасу, сондықтан пікірлеріңізді айтуларыңыз керек.

С ө й л е у ш і л е р :

1) Мұқанов – Абайдың өмірбаяны бұл жолы өте терең жазылды деуге болмайды.

Себебі Абайға қойылатын кейбір көзқарастар толық ашылмаған. Қаншама кең жазылғанмен әлеуметтік жағынан бірнеше үлкен-үлкен кемшіліктер бар. Олар мыналар:

Бірінші – Абай бұл қалпында жұртшылыққа бүкіл қазақ халқының ақылгөйі, кемеңгері болып танылмай, бір тобықтының ішіндегі ғана ақын болып отыр. Сонымен бірге ауылдағы дау-дамай, тартыс-талас, соның адамы болып көрінеді.

Екінші – Абайдың бұқарашылдығы, әлеуметтік ісі айқын көрсетілмейді. Абай көтерген мәселелердің социальный себептері, бағыты ашылмайды. Ылғи даудың арасында жүреді Абай.

Үшінші – Абайдың орыс мәдениеті мен орыс халқының бұқарашыл адамдарының көзқарасымен таныс болуы, оларға жақын болуы өте тар көрсетілген, кішкене көрсетілген. Бұл жөнде тек қана Михаэлис, Дол... ғана аталады. Шынында бұлар орыс халқының соншалық озат, ұлы адамдары емес, орыс халқының әдебиетінен, озат пікірінен үлгі алуы Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды тексерумен ғана бітпейді, ол Чернышевскийдің философиясымен, пәлсепесімен, Михаэлистің теорияларымен (...) шұғылданған. Одан әрі Спенсер, Дреперлермен, пәлсепелермен шұғылданған. Бұларды өмірбаянда тіпті де аз көрсетеді. Сүйтіп қорытып айтқанда, Абайдың өмірбаянына қойылатын (...) осы күнгі саяси, мәдени тілектер қолданылмаған, айтылмаған. Меніңше, өмірбаянды қайтадан жазу керек.

2) Исмаилов – Өмірбаянның бұл түрі өте кең жазылған, толық жазылған.

Әсіресе көп

жаңа мәліметтер келтірілген. Олардың көпшілігі бұрынғы өмірбаяндарда жоқ. Сонымен бірге Мұхтар бұл өмірбаянды өзінің кейбір көзқарастарын ғылыми түрде қолданып, өмірбаянды саяси жағынан, ғылыми жағынан өте терең жазған.

Көзге түсерлік тағы бір мәселе: Мұхтар бұл өмірбаянда Абайдың әкесі Құнанбайдың кемеңгерлігін, халқы үшін көп пайдалы жұмыстарын айқын көрсеткен. Құнанбайдың Кенесары көтерілісіне қолғабыс етуі, оған іш тартып, жақын тартуы Құнанбайдың сол уақыттағы қазақ жұртшылығында күрделі орын алғанын білдіреді.

Меніңше, өмірбаянның ешбір кемшілігі жоқ, нағыз марксшылдық көзқараспен терең жазылған.

3) Сильченко – Өмірбаянның кең жазылғаны, толықтырылғаны - өте дұрыс мәселе.

Бірақ бірер кемшіліктері де бар. Ол кемшіліктер мыналар: кейбір өмірбаяндарда адамның қалай өсіп, қалау дамуын көрсету үшін оның заманын, заманында болған уақиғаларды көбірек суреттеу болады. Бірақ мұнда да ең керекті мағыналы уақиғаларды ғана алу дұрыс. Майда-шүйде маңызсыз уақиғаларды бастан-аяқ сыдырғы келтіріп отыру әрине дұрыс болмайды.

Өмірбаянның бұл жолғысында Мұхтар романдағы тәсілін, яғни, зерттеу тәсілін көбірек қолданған. Сондықтан Абайдың социальный көзқарасын, әлеуметтік айналасын сынай көрсету аз болған.

Тағы бір нәрсе – Мұхтар Абайды көрсету үшін көбінесе ел уақиғасын көбірек айтып, соған еріп кеткен. Жазба мәліметтер аз келтірілген. Сонымен бірге Абай заманы туралы, оның саяси жағдайы туралы өмірбаянда ешбір

мәлімет жоқ. Бұл - үлкен кемшілік. Қысқаша болса да XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік тұрмысы туралы мәлімет берілгені дұрыс болады.

4) Маметова – Мен өмірбаянды түгел оқып шыққаным жоқ, бірақ сөйлеуші жолдастардың пікіріне қарағанда, авторға өмірбаянға жатпайтын монографиялық тілектің қойылып отырғанын сеземін...

Мұхтардың екі Абай жөніндегі пікірі меніңше дұрыс деймін. Үйткені автор бұл арада Абайдың ішкі ойын, мінезін, арманын өте терең түсіндіріп отыр. Шындығында да солай. Бірақ Абай бар, ол – ақын Абай.

Екінші Абай - ер жетіп, ой-санасы жетіліп, өнерге, білімге шақырған Абай. Меніңше Сәбиттің пікіріне қосылуға болмайды. Неғұрлым ауылдың сырын көбірек беріп, уақиғаларды анағұрлым көп келтірсе, Абайдың көзқарасы, өмірі өте түсінікті болар еді. Меніңше өмірбаян осы қалпында дұрыс жазылған, сондықтан қабылдануы керек.

5) Сауранбаев – Абайды әшейін тарихта болған бір адам деп, не болмаса жай ақын деп

қана көтеріп отырғанымыз жоқ, оны қазақ халқының тарихындағы рухани ойдың бір үлкен кезеңі, қазақ мәдениетінің кемеңгері деп көтеріп отырмыз. Осылай етіп жұртшылыққа танытпақпыз. Абайдың өмірінде, өнерінде, көзқарасында осы күнгі заманмен үндестік күшті. Сондықтан Абайдың өмірбаянын жазғанда, көбінесе осы күнгі жаңа тілек, жаңа мақсатпен осы тұрғыдан қарап көрсетуіміз керек. Сонымен бірге Абайдың өмірбаянын, көзқарасын тек қана ел аузындағы әңгімеге, лақаптарға сүйеніп қана көрсетуге болмайды. Негізінде оның шығармасына, шығармасындағы пікірлеріне сүйене отырып көрсетуіміз керек.

Жолдас Исмаиловтың өмірбаянды қазіргі тілек, қазіргі көзқарас тұрғысынан қарап жазу дұрыс емес деген пікірі қате. Қайткенде де Абайды осы күнгі ұрпақтың, осы күнгі халықтың тілегіне қарай, соның тұрғысынан қарап танытуымыз керек. Сол сияқты Исмаиловтың екі пікірі де қате. Абайды тек қана ел аузындағы мәліметке қарап көрсету деген пікірі дұрыстыққа жатпайды. Абайдың пікірі, ойы барлығы оның шығармасында. Егерде шығармаға сүйенбесек, Абайдың көзқарасын тани алмаймыз.

Өмірбаянның бұл вариантында мынадай кемшіліктер бар:

1 Абайдың әлеуметтік көзқарасы екі нәрсеге байланысты. Біріншісі – Абайдың өз халқын сүюі. Екіншісі – ақынның сол заманның тәртібімен, салт-санасымен, әдетімен келіспеушілік, соны жек көрушілік. Феодалдық құрылыспен ш... алмау. Осы екі қайшылық жағдай – Абайдың көзқарасының негізі болып саналады. Автор бұл жолы осы қайшылық жағдайды жұмсартып, Абайды Құнанбайдың тәрбиесінен адам болған деп көрсеткісі келеді. Бұл меніңше дұрыс емес. Абайдың өнерін талдап отырсақ, оның бүкіл феодалдықпен, оның ішінде өзінің туған әкесі Құнанбаймен келіспеушілікке өткенін көреміз.

2 Мұхтар бұл жолы пьесадағыдан да және романдағысынан да өзгертіп, Құнанбайды ақтап, мақтап көрсеткен. Құнанбайдың бала оқытуын оның халық

мүддесін ойлағандығы деп түсіндіргісі келеді. Бұл дұрыстыққа жатпайды, себебі Құнанбай - феодалдық құрылыстың с... тууына жол ұстаған адам. Оның бала оқытуы, төңірегіне сауатты адамдар жинауы - өз байлығын, феодалдық салтты сақтау үшін істелген әрекеттер.

Абайды ауылдағы уақиғалармен, сол арқылы көрсету деген бағыт, бір осал жақ бар. Ауылдың суретін беру арқылы ескі ауылдың, ескі әдеттің бәрін мақтап, кемшілігін жауып, шайып көрсету болып шыққан. Уақиғаны келтіргенде, оған саяси, әлеуметтік сын беріп отыру керек еді. Мұндай сын берілмегендіктен Абайдың бұл өмірбаяны өмірбаян сықылды емес, Абай уақытындағы ауылдың көркем суреті, тартыс, талас, ұрлық, қорлық, жанжал, ұрыс, қыз алу, құда түсу – осылар ғана.

3 Абайдың бұқарашылдық көзқарасы, әлеуметтік көзқарасы ашылмаған. Бұл ретінде Абайдың орыс әдебиетімен, орыс мәдениетімен байланысын кеңірек, тереңірек қойып көрсету керек еді.

Қорытып айтқанда, өмірбаянды біраз жөндеу керек.

Бірінші – келтірілген уақиғалардың санын қысқартпай, көлемін қысқарту керек.

Сонымен бірге ол уақиғаларға саяси-әлеуметтік сын беру керек.

Екінші – XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ ауылының әлеуметтік тұрмысы жөнінде қысқаша саяси мәлімет беру керек.

Үшінші – Абайды жалғыз Тобықты руының ішіндегі уақиғамен байланыстырмай, жалпы қазақ халқының саяси-мәдени-шаруашылық жағдайымен байланыстыру керек.

Төртінші – Абайдың бұқарашылдық озат пікірін оның жырын талдау арқылы айқын көрсету керек. Сонымен бірге орыс халқының озат мәдениетінен қалай пайдаланғанын анық көрсету керек.

Бесінші – Абайдың озат көзқарасының екі түрлі қайшылықтан туғанын көрсету керек: бірінші – халқын сүюі; екіншісі – халықтың әлеуметтік тұрмысына қанағаттанбаушылық. Осымен байланысты Абай феодалдық салт-сана, әдет-ғұрып, надандықпен күрескенін өте-мөте көрсету керек. Бұл ретінде Құнанбай ақталмауы керек. Құнанбайды Абайдың пікіріне қайшы келген адам етіп көрсету дұрыс болады. Шынында да солай. Осы айтылған тілектерді ендіріп, түзеу керек.

б) Ауэзов – Сөйлеушілердің пікірінде қабылданатын пікір де бар, Қабылданбайтын пікір де бар. Қабылдайтын дегенім – уақиғаға сын беру, қазақ ауылының әлеуметтік халі туралы қысқаша мәлімет беру, Абайдың көзқарасын ашу ретінде оның шығармаларын пайдалану сияқты пікірлер. Бірақ ауылдың суретін және уақиғаларды азайту дегенге қосылмаймын, үйткені Абайдың өмірін көрсету үшін сол замандағы оның өміріне байланысты уақиғаларды көбірек айтсақ, соғұрлым Абай дұрыс танылады.

Сәбиттің пікіріне қосылмаймын. Абайдың өмірбаянын құрғақ социологиямен көрсетуге болмайды, сол уақыттағы уақиғалар арқылы көрсетуге болады. Абайды тек Тобықтының адамы етіп көрсетті деген пікірі дұрыс емес. Тобықтының халі қандай болса, қазақ халқының халі де сондай

еді. Бұл өмірбаянда Абай Тобықтынікі емес, бүкіл қазақ халқының кемеңгері болып көрсетіліп отыр.

Құнанбайды мақтамау керек деген пікірді ойлану керек. Абайдың феодалдық жұртшылыққа қарсы екенін, оның көзқарасының с... туғанын біз білеміз. Өмірбаянда солай көрсетілген.

Декабрьдің 5-не шейін тағы біраз жөндеп, қарап, мүмкіншілігінше түзетіп беремін.

ҚАУЛЫ: Абайдың Мұхтар жазған өмірбаяны негізінен қабылдансын. 5 декабрьге дейін жоғарыда айтылған кемшіліктерін түзеп әкеп беру авторға тапсырылсын.

Жауапты редактор

Сауранбаев

Редколлегия мүшелері: Мұқанов, Сильченко, Ауэзов, Исмаилов

<http://nlib.library.kz/elib/Sait/Рукописи/611%20612%20613%20614/611-614.html#229/z>

Қ 611-614, 1-6-беттер / стр. 228-233.

2- ҚҰЖАТ

ПРЕДСЕДАТЕЛЮ ПРАВИТЕЛЬСТВЕННОГО ЮБИЛЕЙНОГО КОМИТЕТА АБАЯ Тов. УНДАСЫНОВУ

Докладная записка
о проделанной работе в Москве по выпуску
однотомника Абая КУНАНБАЕВА на русском языке

Приказом по Правительственному Комитету Абая от 20/II-45 г. за № 2, § 1 я был командирован в Москву для подготовки к изданию однотомника избранных произведений Абая Кунанбаева на русском языке.

По прибытию в Москву, я совместно с Ауэзовым Мухтаром имел ряд встреч с московскими поэтами, директорами издательств. Большинство поэтов всячески пытались увилить не приниматься за переводы. Поэтому мы совместно с отв. секретарем Союза писателей СССР тов. Поликарповым созвали совещание, где добились согласия поэтов и писателей, что они примутся за переводы. Редактирование однотомника принял на себя лауреат Сталинской премии Л.Соболев.

Направляясь в Москву, я имел перед собой основных задания:

- 1) работа над подстрочниками;
- 2) консультация русских поэтов в процессе перевода;
- 3) сверка готового перевода с казахским оригиналом и участие в приеме переводов;
- 4) консультация при корректурном чтении, при редакционных правках и при чтении оригинального экземпляра.

По этим четырем основным направлениям мною сделано следующее:

I. Работа над подстрочниками

Подстрочники, как стихов, так и прозы, составленные в свое время в Алма-Ата и отредактированные Союзом писателей Казахстана, на 90% оказались непригодными. Язанов в Москве сделал подстрочный перевод 2917 строк стихов и один печатный лист прозы. Кроме того вносил бесчисленное множество поправок в остальные подстрочники.

II. Консультация поэтов в процессе перевода

Консультация поэтов в процессе перевода оказались самой трудоемкой, обширной работой, она была связана рядом неприятностей. Для примера такой текст Абая:

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Күлеміз қасқыр жалап дәме еткенге.
Сол қасқырша жалақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе.

Тут что ни слово, то идиома. В подстрочнике дано дословное значение, а я как консультант, должен был довести до сознания переводчика-поэта, что Абай в приведенном четверостишии хотел сказать. Не легко это удавалось. Частенько переводчики не допоняв сокровенную мысль подлинника, пытались домыслить сами, прибежали к отсебятине. В таких случаях я забраковывал переводы, отдавая работу обратно. Поэты обижались, сердились, иногда дело доходило до того, что они начисто отказывались делать переводы. Пришлось, с одной стороны, отвергать некачественные переводы, с другой – тут же уговаривать поэтов переделать или доделать свою работу.

Такая кропотливая работа не ограничивалась консультацией поэтов, она продолжалась до окончательной сдачи сигнального экземпляра в типографию, т.е. с марта по 15 августа включительно.

III. Сверка готового перевода с казахским оригиналом и участие в приеме переводов

После завершения всей отделки переводчик-поэт сдавал материал в редакционный отдел гослитиздата, и последний передавал мне для сверки с оригиналом. Сверив с оригиналом, я одобрил перевод или указывал на необходимость дополнительной работы и отшлифовки. При окончательном приеме в редакционном отделе устраивалось обсуждение качества перевода, и тут тоже любой выступающий или высказывающийся обращался со справкой ко мне.

Так весь материал до перевода и во время перевода и после него прошел через мои руки.

IV. Консультация при корректурном чтении, при редакционных правках и при чтении сигнального экземпляра

Ввиду спешности книга была сдана в набор без окончательного просмотра ответ. Редактором Л.Соболевым (он выехал за границу 20 апреля и на 3 дня заезжал в Москву в начале июля).

Набор производился «молнией» (сврехспешно) – не в гранках, а сразу в верстке. За время 3-х дневного пребывания в Москве Л.Соболев просмотрел книгу, сделал замечания, внес ряд изменений в текст. При этом он не делал ни единого шага, не наведя предварительную справку у меня.

Пришлось выдержать бой при чтении книги политредактором.

Ел жаманы тобықты,
Көп пәлеге молықты, -

говорит Абай. В «Гаклия» Абай говорит, что для правильного воспитания и обучения казахских детей надо силой отнимать от родителей и отдавать в интернаты. Абай – просветитель, доказывал он, не может говорить подобные вещи, характерные любым деспотическим личностям. После длительных дискуссий удалось объяснить ему, что такие мысли Абая при определенных исторических условиях имели истинный смысл.

Анологичную работу пришлось вести во весь период чтения корректуры и сигнального экземпляра.

V. Качество перевода и художественное оформление книги

В целом перевод можно считать качественным. Знаменитое «Восьмистишие» Абая переведено известным поэтом В.Державиным (прежний перевод забракован). Проза Абая («Гаклия») переведена известным писателем – превосходным стилистом Виктором Шкловским. Гослитиздат, приняв расходы литературного перевода на себя, не пожалел средств, одно стихотворение отдавал нескольким авторам и выбрал самый лучший перевод, остальным по II разряду выплачивал гонорар.

Литературный перевод – работа творческая, а творческая работа не имеет пределов. Чем больше и углубленнее работает переводчик, тем качественнее будет перевод. Раз так, то в интересах качества работы выгоднее всего перевод делать двум-трем поэтам. Ввиду ограниченности времени мы привлекли большое количество переводчиков. Некоторые из них имеют дело с Абаем впервые. Последним с первого шага трудно было войти в своеобразный поэтический мир Абая.

Вообще работа над Абаем показала, что переводческие кадры нужно выращивать и беречь, известный круг московских переводчиков необходимо поощрять, держать с ним связь и заинтересовывать материально. Без этого желаемого результата в смысле качества мы не добьемся.

Книга оформлена известным художником орденоносцем Ильиным. Базируясь на фотопортрет, Ильин нарисовал сидячий портрет Абая, который

затем был выгравирован на дереве. Этот портрет дан вкладышем сразу же после титульного листа. Начало и конец каждого раздела заставлены национальным орнаментом в две краски – черная и красная. На титульном листе золотая надпись «Абай».

Нига оформлена хорошо, объем ее 20 печатных листов.

УІ. Выход книги

В марте 1945 г., после того, когда состоялось решение оргбюро ЦК ВКП(б), директор объединенного госиздата СССР Юдин П. издал приказ, где обязал Гослитиздат СССР обеспечить выпуск однотомника Абая на русском языке к 15 августа 1945 г. Гослитиздат принимал все меры, чтобы выпустить книгу до указанного срока, но обстоятельства помешали этому.

В марте и апреле при победоносном продвижении наших войск вглубь Германии московские поэты никак не хотели оставаться в Москве, не доделав свои переводы, выезжали на фронт. Наконец, 20 апреля 1945 г. выехал за границу ответ. редактор писатель Л.Собелев. Текучесть состава переводчиков, отъезд отв. редактора послужили большой помехой, и темп выполнения работ был замедлен. Текст в набор окончательно был сдан лишь во второй половине июня. Набор производился в верстке. Соболев, захвативший в Москву на 3 дня в начале июля, просмотрел верстку, внес ряд изменений, сделал на полях замечания. Часть переводчиков была в отъезде, на фронте. Пришлось молниировать, отзываться их обратно. Они неохотно возвращались.

К концу июля с большими усилиями была закончена вся работа по тексту и быстро завершён набор. Но тут поступила телеграмма от тов. Тажибаева Т., где предлагалось снять 38-е слово Абая. Это задержало типографию на три дня. 5 августа поступило закрытое указание агитпропа ЦК ВКП(б) – все возможности московских типографий мобилизовать на издание книг, брошюр, касающихся Японии. В результате подписан оригинальный экземпляр. К 18/УШ-45 г. обещали дать нам 300 экземпляров. Шарипов (постпред наш в Москве) обещал дастать самолет. Но типография задержала выпуск, сказали, что сумеет выпустить лишь к 1-му сентября 1945 г.

Поэтому я ждать не стал, поскольку вся, зависящая от меня, работа была завершена, 19 августа выехал из Москвы.

УІІ. Популяризация Абая в Москве

Хотя популяризация Абая не входила в мою функцию, я счел своим долгом принимать все меры к тому, чтобы познакомить московскую, Союзную публику с творениями кзахского классика. Я отобрал лучшие вещи Абая и сдал в редакции журналов «Новый мир», «Октябрь» (материал помещается в августовском номере), «Литературной газеты» (поместила 11 августа 1945 г.), «Правды» и «Известий» (последние две газеты за неимением мест, поместили лишь статьи об Абае). По моей инициативе в «Литературной газете» задолго до абаевского юбилея помещен ряд статей русских писателей и ученых. Прочел я два доклада в Клубе Союзе Писателей СССР, один доклад в Клубе

Всесоюзного радиокомитета, один доклад в малом зале Политехнического музея; организовывал к абаевским торжествам передачу по Московскому радиоузлу.

Я познакомил с творчеством Абая профессоров Тимофеева, Бельчикова, Зелинского, которые обещали впредь заняться изучением и разработкой творений Абая.

Научный сотрудник КазФАН

Нуртазин

24/IX-45 г.

<http://nlib.library.kz/elib/Sait/Рукописи/611%20612%20613%20614/611-614.html#351/z>

Стр. 239-242.

АБАЙҒА АПАРАР ЖОЛ

Бейкәсіби абайтанушының ойтолғауы

1. «Абай құбылысының» күрделілігі және түйткілді мәселелері

Бұдан әрі, абайтану мен абайтанымға қатысты оның «күрделілігі және түйткілді мәселелері» бойынша өзімнің кейбір ойларыммен және тұжырымдарыммен бөліскім және бұрын айтылған ойларымды одан әрі дамытқым келеді.

Абай шын мәнінде түпсіз *терең*, айтарлықтай *күрделі*, өзі айтқандай, *жұмбақ* («Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»), керек десең, *құпия да тылсым* –метафизик-эзотерик тұлға. Сондықтан да алдағы әрбір дәуір және оның өкілдері (субъектілері) «*Абай құбылысын*» («Абай феноменін») оның жоғарыда аталған және аталмаған жарқын қырларын қоса, іс жүзінде өзіндік танымымен қабылдап түсінеді, «көреді», ой сарабына салады, өзінше «таниды», бейнелейді, бағалайды. Кезінде (1913 ж.) Ахмет Байтұрсынов Абайдың күрделілігі туралы: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда» деген болатын [8. 136 б.]. Асыра айта алмайсың!

Ол осы жерде Абайды оқу және меңгеру «тәсілін» де ашып көрсетеді. Және бұл «Абайды кім оқыған жоқ», «Абайды кім білмейді» деген қарадүрсін жеңіл пікірлер жайлаған қазіргі кезде қаншалықты өзекті десеңізші! Басқаша айтқанда, жүз рет оқы, мейлі, мың рет оқы, алайда терең ойланып, толғанбайынша Абайға қол жеткізу ешқашан мүмкін емес. Сонымен бірге, Ф. Ницшенің *қанмен жазу керек*, өйткені қан жазушының рухы ғой деген пікіріне [9, 267 б.] мен «қанмен» *де оқу керек*, тек сонда ғана адам оқушы ретінде жазушының Рухына бойлай ене алады дегенді қосар едім.

Осы ретте, данагөй аталарымыз (оның ішінде Абайдың өзі) «Айтушыдан (жазушыдан - О.А.) тыңдаушы (оқушы.- О.А.) зор болсын» деп қалай шын мәнінде тауып айтқан. Қалай болғанда да, біздің ұлы Абай «қанмен» жазғанның нақ өзі! Ал, біз, заманауи оқушылар, жаңа ғана келтірілген тыңдаушы-оқушыға қойылар талапқа сәйкеспіз бе? Ай, қайдам! Осы жерде Абайдың «Айтушы мен тыңдаушы көбі надан» дегенін жазушы мен оқушыға, басшы мен қосшыға теліп, оны еш естен шығармай, оның «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дегенін бәріміз (әсіресе лауазымды билік жағы) басшылыққа алсақ-қой, шіркін!

Адамзаттың *Ұлы Лао-цзыды* (3500 жыл бойы), *Ұлы Сократты* (3300

жыл бойы), *Ұлы әл-Фарабиді* (1150 жыл бойы), *Ұлы Омар Хайямды* (мың жыл бойы дерлік) әлі де толық тани алмай келе жатқаны сияқты, дәл осылай, бүгін *Ұлы Абайды* да толық танып болған жоқпыз. Керек десен, «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» қағидасына сәйкес соңғы бірғасырлық ұрпақ өкілдері Абайды танудың, «абайтанудың» *бастауында* ғана тұр. Өзінің қайталанбас тұлғалық болмысымен, ерекше құндылығымен, аса терендігімен, ойлау мәнерінің, сөзінің және сезімінің өзгешелігімен (ауқымымен, деңгейімен, жұмбақтығымен, құпиялығымен, тылсымдығымен), өзіне дейінгі ойшылдар ұлылығынан еш кем болмаса да, Абайды әлем олардан әлдеқайда аз біледі. Неге? Оның себептері қандай, мен кейінірек осыған тоқталмақпын.

«Әркім өз әкесінің ұлы болмас бұрын, алдымен өз заманының ұлы» деген Аристотельдің ойынан Абайдың айырмашылығы, біз оны біруақытта әрі өзінің әкесінің де (құрметтеуге әбден лайық Құнанбайдың), өзі өмір сүрген өзгермелі кезеңінің де, қазіргі аумалы-төкпелі кезеңнің де, сондай-ақ болашақ заманның да лайықты Ұлы деп түсінуіміз керек және солай қабылдайтынымызға сенімдімін.

Өзінің тап осындай айтарлықтай ерекше-тұлғалық, яғни үш дәуірдің: өткен, қазіргі және болашақ дәуірдің, оның үстіне тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзат әлемінің лайықты *ҰЛЫ, АДАМЫ* мәртебесімен біздің Абай, – менің зерттеулерім мен пайымдауым бойынша, Лао-цзы, Сократ, әл-Фараби, Омар Хайям, Ә. Навои, Д. Махтұмқұлы, И.В. Гёте, О. Бальзак, А. Линкольн, К. Маркс, Л.Н. Толстой, М. Ганди, А. Эйнштейн тәріздес, *ең жоғары (13-ші) деңгейдегі өз-өзіне тақылеттестік субъект* [10].

Мен неге мұндай тұжырымға келдім? Мынадай бірнеше мысал-дерек келтірейін, қалай қабылдау өз еріктеріңізде. Лао-цзы: «Менің қымбат санайтын үш қазынам бар: біріншісі ол – *адамсүйгіштік* (адамды сүю.- О.А.) ...»; Сократ философияны табиғатты зерттеуден *адамды* зерттеуге қарай бұрды, сондықтан да оның ең сүйікті тәмсілдерінің бірі «Өзіңді өзің таны» осының айғағы; К. Маркс: «егер де мал болғың келсе, әрине, *адамзаттың* азабына арқа-жоныңды тосып, теріс айналуыңа болады»; Л.Н.Толстой: «мен – *адамның* ұлымын (тап солай болса да, «мен Николайдың ұлымын» демейді. - О.А.) және «Менің енді өмірден тілейтінім біреу ғана – ол ешкімді өкпелетпеу, ешкімді сөкпеу, ешкімге ... жайсыз ештеңе істемеу, оның орнына оларды сүю»; Абай: «*Адамның* баласы бол», «*Адамзаттың* бәрін сүй, бауырым деп»; А. Эйнштейн Израиль елінің жетіжылдығына байланысты баяндамасының қолжазбасын «Мен бүгін АҚШ азаматы ретінде емес, еврей ретінде емес, *адам* ретінде сөйлеп тұрмын» деп бастайды. Көрдіңіз бе, олардың бәрінде де – *Адам, Адам, Адамзат!*

Сонымен қатар, олардың бәрі және аты аталмаған тұлғалар да өзінің шығу тегін (қытай ма, грек пе, орыс па, қазақ па, еврей ме, үндіс пе, неміс пе, иран ба және т.б.) еш жасырмастан және құрметтей отыра өз халқын, өз мемлекетін «сын түзелмей, мін түзелмейді» қағидасы бойынша аямастай сынап отыра, жалпыадамзаттық рухани мұраттарды, құндылықтарды, имандылық-өнегелілік тұғырларды, өздері айтарлықтай зиян шексе де,

барынша асқақтата шырқауға, қорғауға, іске асыруға тырысты. Мысалы, «Жол тапқанды алдымен таптап өтеді» дегендей, Лао-цзы өзінің отанын тастап кетуге мәжбүр болды, оның кейінгі тағдыры белгісіз қалды, Сократ Афина сотының шешімімен у ішті, А. Линкольн атылды, Л.Н. Толстой шіркеуден аластатылып, өмірінің соңын оқшау жерде өткізді, К. Маркс елден қуылып, жеті баласының төртеуі аштық-жоқтықтан көз жұмды, М. Ганди түрмеге камалып, атылды, Абайды өзінің ағайындары соққыға жықты және т.б.

Жоғарыда айтылғандай, әлемде әлде де болса Абай есімінің аз аталуы мен белгісіздігіне себепкер **«Абайтанудың басты мәселесі»**, менің пікірімше, мынаған келіп саяды. Қазақ тілі мен әдебиетінің қыр-сырын мейлінше көп білетін және терең бағалайтындардың бірі де бірегейі Герольд Бельгер (тегі неміс, халық арасында «Білгір қазақ», «Соңғы қазақ» аталып кеткен) кезінде үлкен толғаныспен: ***Абай шығармалары өзінің аса терең мән-мағынасымен және философиялық байлығымен, көркем ойларымен және бояуларымен басқа тілдерге (тіпті орыс тіліне де) әлі де аударылған жоқ*** деп бірнеше қайтара айтып та, жазып та кетті [9]. Демек, бұл ретте, менің ойымша, жолы болған осындай басқа да тұлғаларға қарағанда Абай есімінің әлемде аз танылу сыры да осында.

Турасын айтқанда, осы кезге дейін шет елдердің 116 тіліне аударылды делініп келген Абай шығармалары аудармаларының ***сапа деңгейінің*** қандай екенін біз қайдан білеміз? Тап осы сұраққа иланарлықтай жауап бере алатын, осы тілдер бойынша кәсіби білімі жоғары мамандар бізде не шетелде бар ма екен? Жоқ-ау деп ойлаймын. Айтпақшы, болған, ол қазақ, орыс, неміс тілдерін жоғары кәсіби деңгейде бірдей игерген Герольд Бельгердің өзі (өзім ол кісімен өмірінің соңғы төрт жыл бойына біршама араласқанымды, әдебиет пен ғылым адамының шығармашылық әлемі, сонымен қатар өзіміздің қайсыбір еңбектеріміз туралы жазбаша да, ауызша да өзара пікір алмасқанымызды ерекше ризашылықпен еске аламын).

Алдымен, Абайдың осынау «шетел тілдеріндегі аудармасы» деп аталатын шығармалары әу баста қазақ тіліндегі ***түпнұсқасынан*** аударылды ма екен деген орынды сұрақ туады. Әй, қайдам! Оның үстіне, олар (аудармашылардың оң ықыласынан тыс), Г. Бельгер көрсеткендей, «бұрмаланып», қарабайырланған мазмұнымен және пішінімен, ашық болмаса да, өзіндік «теріс жарнамаға» айналып, «мақтаған Абайың осы болса...» деген тұрғыдан Абайдың өзі, демек бүкіл қазақ халқы туралы бұрыс пікір тудырмаса игі етті деген күдігім де жоқ емес. Мен, міне, осыдан қорқамын. Бұдан шығатын өзекті қорытынды: ***Абай шығармаларын өте жоғары сапада жасалған жаңа аудармаға біз қазір қаншалықты құштармыз, зәруміз десеңізші?!*** Бұл ретте, «Жеті рет ойланып, бір рет кес» қағидасы бойынша, «бас жоқ, көз жоқ» аударуға асығуға болмайды. Ол үшін Абай шығармаларын жанр-жанр бойынша шет тілдерге аударатын аудармашылар арасында қомақты сыйақылы конкурстар (мүшәйра) жариялап, кейін барынша ***сапалы аудармаларды*** мұқият іріктеу қажет деп ойлаймын.

2. «Абайтану мәселесін» шешу жолдары

«Абайтанудың басты мәселесін» және одан туынды мәселелерді түбегейлі шешу үшін, яғни **«Абай феноменінің»**, Абай данышпандығының барлық қырларын жан-жақты да кешенді, жүйелі де синергиялық түрде зерттеумен, оның ішінде әсіресе аталмыш сапалы аудармаларды ұйымдастырумен айналысатын, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын арнайы **«АБАЙ ИНСТИТУТЫН»** (қатардағы оқу орны емес) құратын (ашатын) кез келді. Қазіргі миллиардтаған қаражат оңды-солды жұмсалып жатқан жағдайда, оның үстіне бірнеше Конфуций институты бар Қазақстанда, өз мемлекетіміз (Абайды қастерлейтін отаны) бір ғана **Бас Институттың** қызметіне қажетті қаржыны неге таппайды?

Мынаған назар аударыңыз: елімізде Конфуций институттары бар да, ал жоғарыда бейнеленген санаттағыдай **бір де бір Абай институты жоқ!** Бұны қалай түсінуге болады? Бұл ретте, осы аталған жайттар, данагөй қарттарымыздың ежелден айтылып келе жатқан «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» және «Ауылдастың аузы сасық» деген ұлағатты нақылын амалсыз еске түсіреді. Сөз арасында айталық, Қытайда осыған ұқсас Абай институты бар ма екен? Ай, жоқ-ау!

Негізінен ғылыми-зерттеу жұмысымен түбегейлі және сапалы аудармашылық істі ұйымдастырумен айналысатын «Абай институты-тымен» қоса, елордада және еліміздің облыс орталықтарында (келе-келе шағын қалаларда және аудан орталықтарында) есігі ашық, еркін пайдалануға болатын **«АБАЙ ҮЙІН»** (музей емес) ашу қажет-ақ. Ескерте кетейін: осыдан мың жылдар бұрын Бағдад қаласында «Даналар Үйі» болған, қазіргі кезде Германияда «Гёте Үйі» бар екенін білеміз. Тіпті Абай Үйі Лондонда (отандасымыз Р. Сейсенбаев құрған), Қытайда (Ухань қ.), Ресейде (Санкт-Петербург қ.) бар. Ал бізде ше?

Абай Үйлерінде мыңжылдықтың әлемдік әлеуметтік өзгерістер аясында отанымыздың көпғасырлық бүкіл өркениеті мен мәдениетін қайта жаңғырту бағытындағы тәрбиелік, ағартушылық, рухани-имандылық, ақпараттық және насихаттық сипаттағы жан-жақты іс-шаралар мен форумдар (конгрестер, симпозиумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тұсаукесерлер, таныстырымдар, пікір сайыстар, талқылаулар, өнегелі адамдармен кездесулер, көрмелер, шығармашылық кештер, айтыстар мен күй тартыстар, бір реттік немесе циклды баяндамалар мен лекциялар, ғылыми хабарламалар, жәй ғана шағын кездесулер, ауыр шығармашылық жұмыс арасында тынығу түріндегі еркін отырыстар) өткізуге болар еді. Шыны керек, осындай кең ауқымды сипаттағы **«Руханият отауы»** елімізде әлі күнге жоқ. Неге?

«Абай институты» мен «Абай Үйі» менің көптен келе жатқан **көкейкесті арманым** және олардың қажеттігі туралы өзімнің философиялық-ғылыми лекцияларымда, баяндамаларымда, басқа да руханияттық отырыстарда және ауызекі сөздерімде ылғи қайталаумен келемін. Және де, егер, оларды өзімнің

фәни өмірімде көре алмайтын болсам (сұрағандарға «мен Абайдан «бар болғаны» 100-ақ жас кішімін» деп айтатыным бар), оларды кейінгі толқын өкілдері, бәрінен бұрын ойшыл Абайға деген оң ықыласты ұрпақтары, көрер, пайдаланар, асқақ та жасампаз сезімге бөленер деген үміттемін.

Әрбір жоғары оқу орнында және ғылыми мекемелерде Абайдың және басқа да дара тұлғалардың шығармашылығымен таныстыратын және оларды насихаттайтын, сонымен бірге ішінара «Абай Үйінің» қызметін атқаратын не **институт**, не **орталық**, ал колледждерде, мектептер (гимназиялар, лицейлер) мен мектеп жасына дейінгі мекемелерде, бірақ, сәйкесінше, жергілікті ауқымдағы және балалардың жастық психологиясы ескерілетін, мамандандырылған **Абай бөлмелері** (кабинеттері) болуы тиіс.

Сонымен бірге, қандай екеніне қарамастан, **барлық** жоғарыда аталған оқу орындарында «**Абайтану**» деп аталатын **оқу пәні** жүргізілуі қажет-ақ. Бастапқы кезеңде (көзделген Абай институты құрылғанға және әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында Абай мұраларын зерттеу бағдарламалары жасалып, тиісті оқу әдебиеттері дайындалғанға дейін) қазіргі кездегі Абайға арналған қолда бар әртүрлі әдебиеттерді пайдалануға болады [6, 7, 9, 11-15, т.б.].

Қазақ тілінде «Абайтануға» (2015-2019 ж.ж.) [7], негізінен оның көркем-әдеби мұраларына арналған қазіргі **көптомдықтың** (бүгінгі күні 40 том) жариялануын толықтай құптай отырып, отандық және шетелдік авторлардың Абай шығармаларында көрініс тапқан басқа да **қоғамдық өмір** мәселелеріне арналған санқырлы зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялауды жалғастырған жөн және олар қазақ тіліне (шет тілдерден), сондай-ақ басқа тілдерге (қазақ тілінен) сапалы түрде аударылуы қажет.

Ол үшін бастапқыда (Абай институты ашылғанға дейін) Үкімет деңгейінде білімнің әртүрлі саласында – жаратылыстану, техникалық, гуманитарлық ғылымдарда, сонымен қатар философиялық, өнертанушылық, діни және тіпті эзотерикалық салаларда жұмыс істейтін ғалымдар мен мамандарды тарта отырып, тек ұсынылған әдебиеттерді ғана емес, басқа да басылымдарды дайындау бойынша (пәнаралық не ғылымаралық қана емес) кең ауқымды **Білімаралық Редакциялық Кеңес** құру керек. Сөйтіп, осы «көптомдық» арқылы Абай мұраларының басты, одан туынды **жекепәндік, пәнаралық, ғылымаралық, тіпті білімаралық** тақырыптары мен мәселелерін, тиісінше, жалпы абайтану зерттеулері мен оқуларын (Абай дәрістерін) жүйелі қалыптастыруға болады.

Тек, сонда ғана біз болашақта ұлы отандасымыз Абайдың көпқырлы шығармашылық мұрасының мүмкіндігінше **толық және нақты бейнесін** жасай аламыз. Соның нәтижесінде «абайтану» және «абайтаным» барынша жүйелі де қисынды, ауқымды да терең, жұмыр да шымыр түрде тұтасқан, әмбебап-энциклопедиялық деңгейге көтеріледі және сонымен бірге «Абай феномені» өз нысанына, зерзаты (пәні) мен субъектісіне, дәлірек айтқанда, Абайдың өзіне, өзі армандаған «**толық адам**» тұлғасы мен болмысына лайық деңгейде сәйкестендіріледі:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда **толық** боласың елден бөлек.

Міне, басқа-басқа, нақ Абай бірінші кезекте түбегейлі зерттеуімізге, тануымызға, қабылдауымызға, сөйтіп оны (өзі қолданған «толық адам» ұғымына сәйкес) **нағыз толық, барынша үйлесімді адам** ретінде бүкіл әлемге насихаттауымызға, дәріптеуімізге, мойындатуымызға әбден лайықты. Ал, ол үшін жоғарыда айтылғандарға қоса, тағы да өте маңызды мынадай бірнеше қосымша ұсыныстарды енгізген жөн:

- Абайдың «Қара сөздері» (шын мәнінде «Даналық сөздер» немесе «Хикмет кітабы»), кейбір қайнаркөздер сияқты (оның ішінде діни, мысалы, 30-40 томдық тәпсірлерден – түсініктемеден тұратын Қасиетті Құран Кәрім де бар) іргелі де әмбебап **сөздік, мәтіндік, эпистемологиялық (білімтанулық), энциклопедиялық көптомдық түсініктеме** түзуді қажет етеді.

Басқа да мысал келтірейін: Бронислав Виноградскийдің Лао-цзы, Конфуций және Чжуан-цзы ілімдері туралы кең ауқымды жеке-жеке энциклопедиялық түсініктемелері бар. Біздің Абайдың, оның аталмыш «Хикмет кітабының» олардан несі кем, неге осы тұрғыдан талданбайды? Зер салып көріңізші: тек 45 «Сөзден» тұратын Абайдың «Қара сөздерінде» бүгінгі күнгі жекелеген гуманитарлық ғылымдар қолданатын атаулар мен ұғымдарды айтпағанда, менің есебім бойынша, «ҒЫЛЫМ» атауы 86 рет, «ҒАЛЫМ» – 11 рет, «білім» және одан туынды сөздер – 64 рет, «хакім» (ойшыл, данагөй) – бірнеше рет кездеседі. Құрметті оқырманым менің, Абайдың басқа жанрлардағы шығармаларын былай қойғанда, **Энциклопедиялық білім** дегенің, міне, осы емес пе!

Сөз арасында тағы да өзімнің **«құпия» арманым** жайында ой бөліскім келеді: Абайдың осы «Қара сөздері» («Даналық сөздері», «Хикмет кітабы») әрбір қазақтың, қазақстандықтың және де біздің отанымыздан тыс жерлердегі Абайды сүйіп оқитындардың **қойын** кітапшасы, ал оның көзделіп отырған көптомдық «Түсініктемесі» **үстел үсті** кітабы болса ғой, шіркін! Осы көкейкесті ойды, ойтолғауды барша жұртқа, әсіресе, ізімізге ерген жас толқынға, болашақ ұрпаққа жеткізе білсек, еге білсек құба-құп болар еді!

«Еге білу» демекші, халқымыздың «Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі» деген нақылын мен ұстаздық қызметіме байланысты бірталай уақыттан бері былай деп толықтырып айтып жүрмін: **«Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі, көпті көрген білмейді, көпті түйген біледі, көпті түйген білмейді, түйгенін өзгеге берген біледі, беріп қана қоймай, түйгенін өзгеге еккен біледі»**. Өйткені, «Интернатта оқып жүр/Талай қазақ баласы» деп Абай айтпақшы, көптен бері дүниенің төрт бұрышын аралап, оқып жүрген «талай қазақ баласы» (мыңдаған) баршылық. Ал олар нені көрді екен, нені түйді екен? Түйгені болса, елімізге не берді екен? Менің пайымдауымша, ілуде біреуі болмаса, олардың барлығы дерлік жақындарына, әріптестеріне, замандастарына, туған еліне айтарлықтай бірдеңе бермегені былай тұрсын,

тұшымды етіп ештеңе айта алмайтындығы, жеткізе алмайтындығы мені қатты ойландырады. Олардың бірдеңе «айта алғандығының», «жеткізе алғандығының» өзін өз басым бізге, елімізге азды-көпті «бергені» деп қабылдар ем.

– Әдебиет тізімінде [11] көрсетілген, Абайдың 150 жылдығы қарсаңында (1995 жыл) Алматыда шығарылған біртөмдық **Абай энциклопедиясы** абайтанудың басты қайнар көздерінің бірі бола тұра, көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да: бағыттары, тақырыбы, нысаны, зерзаты, субъектісі (жеке-дара), мәселелері, атаулары, ұғымдары, категориялары, тағы басқалары, оның ішінде бұрынырақ қаралған және бүгінгі күнге дейін қаралмаған тұстары айтарлықтай толықтыруды, барынша кеңейтуді қажет етеді. Және, мүмкін, ол болашақта біртөмдыққа сыймайтын да шығар.

– Елімізде қоғамдық мекемелер мен жоғары оқу орындары тағайындаған айтулы тұлғаларымыздың атындағы медальдер, көп болмаса да, баршылық. Мысалы Күлтегін, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Л.Н. Гумилев және т.б. атындағы. Осыған орай өзгелермен бірге қарт журналист М.М. Гольдбергтің *«Абай» медалін тағайындау керек*» деген орынды пікірін қолдай отыра, ол бекітілетін жағдайда оның мәртебесі мен сипаты қандай болмақ деген сұрақ тууы заңды. Осыған байланысты өзімнің ойларымды ортаға салмақпын.

Шынын айтсам, бұрын мені ресми және бейресми, ғылыми және бейғылыми атақтар мен марапаттар айналасында болып жататын орынсыз әуре-сарсандар, алып-қашты әңгімелер еш қызықтырмайтын. Ал бұл жолғы жағдай тіпті басқаша. Біріншіден, ол кезінде, дәстүрлі ислам тұрғысынан теріс болса да, атақты М. Жүсіп Көпеев айтқандай, *ол «біздің соңғы пайғамбарымыз»* деген теңдессіз теңеуге ие болған, қазақ халқының да, дүйім Қазақ Елінің де Символына айналған Абайдың өзіне тікелей байланысты. Олай болса, бұл жерде ел ішінде де, әлемдік аяда да *«Абай атын еш кемсітпей, керісінше, оны өзінің қайталанбас тұлғалық болмысына сәйкес дәріптеу»* қағидасын басшылыққа алу ләзім. Екіншіден, ол елімізде мемлекеттік және қоғамдық сыйлықтармен марапаттау ісінде, өкінішке орай, пендешілікпен әділетсіздікке бой ұратын келеңсіз жайттарға байланысты. Сондықтан да, бекітілген жағдайда, «Абай медаліне» қатысты төменде айтылатын ойларым мен ұсыныстарым осы екі бірдей жағдаяттардан туындайды. Нақты айтсам, олар мынаған саяды:

а) «Абай» медалінің мәртебесі жағынан мемлекеттік емес, **қоғамдық**, ал ауқымы жағынан **халықаралық** сипатта болуы шарт, өйткені елімізде Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық бар, бірақ әдебиет, өнер, архитектура салалары бойынша ғана. Бұл Абайдың көпқырлы да орасан бай шығармашылық мұрасына деген көзқарастың әлде де болса тар шеңберде екендігінің айғағы;

б) «Абай» медалінің мәртебесі еліміздегі қоғамдық сипаттағы басқа медальдердің бәрінен **жоғары** болуы шарт. Бұл Абайдың тәніне біткен **генетикалық**, жаны мен арына, ақылы мен зердесіне өркениеттік және мәдени жолмен қонған (егілген) **меметикалық** қасиеттерімен, яғни барынша

адамилық-адамзаттық, ойшылдық-данышпандық, әмбебаптық-кемеңгерлік тұрғысынан қайталанбас тұлғалық болмысымен тікелей байланысты;

в) «Абай» медалі *жеті* сала бойынша тағайындалуы шарт: дүниетанымдық-философиялық және эпистемологиялық (жалпы білімтану) саласы, тіл білімі және әдебиет саласы, өнер және архитектура саласы, тәлім-тәрбие, өнегелілік және білім беру саласы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, саяси, технологиялық даму саласы, мемлекеттік ұйымдарды, кәсіпорын ұжымдары мен қоғамдық құрылымдарды әділетті де тиімді ұйымдастыру мен басқару саласы, Абайды әлемге танытуға айрықша үлес қосу саласы. Әрине, қажет деп тапқан жағдайда жеті саланы бес номинацияға топтауға болады, бірақ оны өз басым құптамаймын. Қалай болғанда да Абай медаліне үміткер жұмыстардың барлығы да Абайдың көпқырлы бай шығармашылық мұрасымен тығыз байланыста болуы шарт;

г) «Абай» медалімен марапаттау *міндетті түрде* медальге үміткерлердің «мерейжастары» мен «мерейтойларына» не басқа да маңызды жайттарына қатысты болмауы шарт, бірақ олар медальге лайықты болған жағдайда ескерілуі де мүмкін;

д) «Абай» медалімен марапаттау рәсімі әр 2 не 3 жыл сайын жүргізілуі шарт, өйткені осы аралықта үміткерлердің еңбектерін саралап таңдауға уақыт жеткілікті болады:

е) «Абай» медалімен марапаттаудың әр саласы бойынша үміткер жұмыстарды іріктеу комиссиясы құрылып, оларға *әділеттілікті* «ту» ғып ұстайтын білікті де қоғамның оң көзіне іліккен тұлғаларды тарту қажет-ақ. Әр «салалық комиссия» мүшелерінің саны бес (5) адамнан аспауы тиіс. Осы жеті комиссияның негізінде жеңімпаздарды марапаттайтын *Жоғарғы (Шоң, Төбе) комиссия* құру керек. Бұл комиссия құрамы 9 адамнан аспауы тиіс: жетеуі «салалық» комиссияларынан да, қалған екеуі – сырттан. Осы екеуінің біреуі комиссия төрағасы (төрайымы), ал екіншісі комиссияның атқарушы директоры болуы шарт.

ж) аталмыш салалық комиссиялар да, Жоғарғы комиссия да қоғамдық сипатта болуына қарамастан автор ұсынып отырған болашақтағы **АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ** жанында құрылып, олардың жұмысына осы Институт жауапты болса құба-құп болар еді. Жоғары комиссия Абай Институтымен бірлесе отырып, «Абай атындағы медаль» туралы Жалпы Ережені даярлайды. Ал медальмен марапаттау рәсімі не осы Институтта, не ашылған жағдайда, елордалық Абай Үйінде өткізілуі тиіс.

– Сөз соңында айтарым – әділетті түрде еріксіз Абай есімімен тығыз байланысты Семей қаласының мәртебесі туралы. Президент К.Тоқаевтың Семей қаласына *«тарихи орталық»* мәртебесін беру туралы идеясын қолдай келе, оны жеткіліксіз және жартыкеш ұсыныс деп есептеймін, өйткені ондай қатардағы «тарихи орталықтар» бізде баршылық. Менің пікірімше, Семей қаласы еліміздің тарихи құндылықтарының барлық өлшемдері бойынша *«Республикалық маңызы бар қала»* мәртебесіне толық лайықты.

Енді негізгі білімім экономика ғылымына қатысты болғандықтан

мынадай маңызды мәселені айналып кете алмаймын: *мұның бәрі ненің есебінен, қандай қаржы көздерімен жүзеге аспақ?* Саяси экономия маманы ретінде «Абай феномені» болып табылатын осы «алып істі» қаржыландырудың бірнеше нақты көздерін атағым келеді.

Біріншіден, Абай халқымыздың ортақ рухани қазынасы болғандықтан, жекелеген субъектілерге емес, бәрімізге бірдей тиесілі табиғи ресурстардан түсетін Қазақстанның Ұлттық Қорының белгілібір бөлігі «Абай феномені» деген кодтық (шартты) атаумен аталатын Мемлекеттік бағдарламаның қаржылық қорының бастапқы қайнар көзі болып табылады.

Екіншіден, Қытайдың символы Конфуций, Индияның символы Махатма Ганди сияқты Абай Қазақ Елінің *ерекше де басты интеллектуалдық-рухани Символы* (тіпті де қазір модаға айналдырып, кейбіреулер жиі пайдаланып, Абайға теліп жүрген «бренді» емес, өйткені, қымыз болса бір сәрі, естіген құлаққа түрпідей тиер, арақ-шарап та қайсыбір елдердің бренді екені белгілі) болғандықтан, тап осы өте айшықты да ерекше орны бар жалпымемлекеттік рухани іс-шарамызды қаржыландырудың келесі бір қайнар көзі өзіміздің туған республикамыздың Мемлекеттік бюджеті болуы тиіс.

Үшіншіден, әрбір отандық, шетелдік, бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар (мекемелер), меншік нышанына қарамастан, біздің еліміздің аумағына орналасып және жұмыс істей отырып, өздерін Қазақстанмен, оның салт-дәстүрлерімен, мұраттарымен және құндылықтарымен (бәрінен бұрын өркениеттік-мәдени және интеллектуалдық-рухани) байланыстыруына, тақылеттестіруіне, оларды мойындауына қарай, жасанды емес шынайы патриоттық сезімін немесе жәй игі көңілін Абай есімі және оның алдағы мерейтойымен ғана байланыстырып қоймай, ұзақмерзімді руханияттық амалдарды да жүзеге асыруға мүмкіндігінше белгілі бір мөлшерде қаражат бөле алады деген ойдамын.

Төртіншіден, бұрын да айтып кеткенімдей, біздің бәріміз, жекелеген пенделер – Қазақстан азаматтары (және шет елдердегі қазақ диаспоралары) әрқилы деңгейде «абайтанушымыз» (біріміз кәсіби, біріміз бейкәсіби), ал тіпті қайсыбіреулеріміз «абай-сүюшілерміз», сондықтан да ұлы Абай есімімен байланысты осы бір санқилы, өнбойы игілік-имандылыққа толы ерекше іс-шараларға қолдан келгенше үлес қосу бәріміздің де қасиетті парызымыз. Мысалға, басқасы басқа, дәп қазір осы кітапшаны басып шығару және жұртқа тегін тарату – өзімнің зейнетақымның есебінен (онда да жетіп жатса) болмақшы. Бұл кітапшамды бүгінгі күнгі «Абай асарына» мысқалдай болса да қосқан өз үлесім деп есептеймін.

Бесіншіден, біздің елде көптеген әртүрлі отандық, шет елдік және бірлескен үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Олар іс жүзінде игілікті де ізгілікті, гуманитарлық-гуманистік сипаттағы аталмыш іс-шараларға қаржылық қолдау көрсетуден қалыс қала қояр ма екен? Қалыс қалмайды деп ойлаймын.

Алтыншыдан, бізде, өзімізде отандық миллионерлер,

мультимиллионерлер, тіпті миллиардерлер (теңгемен, сондай-ақ доллармен есептегенде) баршылық. Немене, осындай әлемдік руханияттық-шығармашылық саладағы Ұлы Тұлғаны – өзінің отандасы Абайды ұлықтау, дәріптеу, асқақтату, бүкіл әлемге таныту мен мойындату үшін өріс алған «бүкілхалықтық жорық» жайында сөз болғанда, олар «ұсақталып», бұғып қалуы мүмкін деп ойлайсыз ба? Егер, солай ойласаңыз, қателесесіз, олар тіпті де мұндай жандар емес. Олар жоғарыда аталған Абайға қатысты *әділеттілік* (тегі, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың астары терең, негізгі термині) бағыттағы рухани жаңғыру, яғни бәріміздің ортақ жарқын болашағымыз жолындағы «бүкілхалықтық жорық» пен бел шешіп кіріскен «рухани күреске», өз үлестерін (жинағандарынан), сөз жоқ, оң ықыласпен қосатынына сенімдімін.

Жоғарыда аталған басты қаржылық қайнар көздер «Әркімнен бір-бір жіп – жалаңашқа көйлек» деген орыс халқының нақылын тағы да еске түсіреді. Демек, өзіміздің Ұлы Абайымызды шырайын шығарып *«киіндіретін»*, оның өшпес мұрасын жан-жақты да терең таразылап, өзінің жоғары деңгейінде бүкіл әлемге таныстыратын, ұлықтайтын, дәріптейтін, мойындататын кез келді, **ОЛ** мұндай бағаға лайықты болғалы қашан?!

Құрметті оқырман, Сіздерге «Абай күндерінің», «Абай жылының» елең-алаңында, дәлірек айтқанда ұзақ мерзімді *«Абай дәуірінің»* бастауында өзімнің жүрекжарды эпистемологиялық-ғылымтанушылық және теориялық-әдіснамалық ойтолғауымды жолдап отырмын! Қабыл алу-алмау – өз еріктеріңізде. Абай айтқандай, «...кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқып алсын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі...» дер едім.

Баяндалған материалдың нысаналы-мақсатты және теориялық-қолданбалы бағытын, сондай-ақ ондағы Абайды бүкіл әлемге таныту мен мойындату жолындағы бірқатар нақты ұсыныстарымды оқушы қауым «Абай феноменін» одан әрі зерттеп-зерделеу ісінде авторға да берілген «әлеуметтік тапсырыс» ретінде қабылдайды деп сенемін. Сонымен бірге ол ұсыныстар еліміздің, мемлекетіміздің және Қазақстан қоғамының әртүрлі құрылымдарының ұлы ойшыл *Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына*, сондай-ақ оның (және басқа да лайықты тұлғалардың) есіміне қатысты болашақта ойға алатын, көзделетін, жүзеге асырылатын бағдарламалармен және іс-шаралармен үйлесімді түрде ұштасады деп ойлаймын.

Және солай болғай деп тілеймін!

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстановедение: познавательные, оценочные и прикладные проблемы. Материалы международной научной конференции. В 3-томах. Астана, университет «Туран-Астана». Астана, 2006.

2. Алиев У.Ж. Предметная область казахстановедения неисчерпаема. Казахстановедение как новая предметная область научного исследования // Материалы международной научной конференции, 17-18 мая, 2007 г. Астана,

Издательство университета «Туран-Астана», 2007; соныкі: Қазақстановедение: предмет, структура и методология исследования. Сборник материалов научно-практической конференции «Независимый Казахстан: история становления государственности и актуальные вопросы общественно-политического развития», Аркалык, 2011; соныкі: К осмыслению теоретических основ отечественной истории. «Қазақстанская правда», 23, 30 августа 2013; соныкі: Алаштану әдіснамасының кейбір мәселелері. «Алаш мұрасы – тәуелсіздігіміздің рухани тірегі». Астана, ҚазГЗУ университеті, 2015 ж.б..

3. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасының Тұжырымдамасы. Концепция научно-просветительского проекта Ассамблеи народа Казахстана «Қазақтану». Астана, 2018.

4. Айзексон У. Альберт Эйнштейн. Его жизнь и его Вселенная. М.: АСТ, 2019.

5. Алиев У.Ж. От человековеде(а)ния через Абаеведе(а)ние к Қазақстановед(а)нию. Материалы международной научной конференции «Қазақстановедение-5», посвященной 165-летию Хакима Абая. 20 ноября 2010 г. Астана: университет «Туран-Астана», т. 1.; его же: Путь к Абаю. «Қазақстанская правда», 15 января 2020, № 9.

6. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Слова назидания. Пер. С. Санбаева. - Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013.

7. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Көптомдық. Алматы: 2015-2019.

8. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Көптомдық. 1 том. Алматы: 2015.

9. Бельгер Г. Властитель-слово. Семей, «Народная библиотека», 2008.

10. Алиев У.Ж. Самоидентификация человека – социально-духовное основание единства народов Казахстана и всего человечества. Сборник тезисов международной научно-практической конференции «Идентичность и единство: Казахстанский путь и модель Н. Назарбаева» 28 ноября 2017 года, Астана, 2017; соныкі; Самоидентификация человека – онтологическое и гносеологическое основание социализации личности Сборник III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина. Астана 16-17 февраль, 2018 г. Астана, 2018; соныкі: Самоидентификация человека как методологическая основа поиска национальной самоидентичности социума. Монография. Россия на пути к России: концептуальный поиск и хозяйственная стратегия. Под редакцией

Ю.М. Осипова, И.Р. Бугаяна, Е.С. Зотовой. М.: Креативная экономика, 2018; соныкі: Теоретизация, методологизация, аксиологизация и праксиологизация самоидентификации субъектом. Сб. Археолого-этнографические древности Степной Евразии в мировом историческом пространстве. Нур-Султан, изд. ЕНУ им Л.Н. Гумилева, 2020.

11. Абай. Энциклопедия. Бас редакторы Р. Нұрғалиев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра», 1995.

12. Абай. 2 томдық. Алматы: «Жазушы», 1995.

13. Мұхтар Әуезов Энциклопедиясы. Бас редакторы С. Қасқабасов. Алматы: Атамұра, 2011.

14. Ердембеков Б. Абайтану. Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2012.

15. Досжан Д. Абайдың рухы. Ғұмырнамалық ойтолғау. – Астана: «Фолиант», 2008.

16. Алиев У.Ж, Корняков В.И. Письма-размышления не вслух. Астана.: университет «Туран-Астана», 2019.

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ И ИДИОМАТИЧЕСКИЕ ВЫРАЖЕНИЯ В СИСТЕМЕ ПСИХОПОЭТИКИ АБАЯ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ПЕРЕВОДА НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Передача национального своеобразия психопоэтики Абая - задача нелегкая. Особое внимание в этой связи обращает на себя перевод фразеологических единиц и образных выражений.

Каждый язык богат фразеологизмами, тесно связанными с историей, обычаями, социальной жизнью, психическим складом народа. Фразеологизмы ярче других средств отражают национальную специфику языка, его народность и самобытность.

Мысли и чувства, обычаи, поверия и привычки в языковом выражении шлифуются в течение веков, формируются в пословицах, поговорках, идиомах. В художественных произведениях довольно часто употребляются пословицы, поговорки и идиомы, представляющие наибольшую трудность при переводе.

Перевод устойчивых сочетаний и фразеологизмов представляет собой самостоятельную и достаточно сложную проблему, которая решается по-разному в зависимости от их характера и особенностей.

Поскольку в этой главе мы уделяем особое внимание анализу перевода пословиц и поговорок, то в первую очередь следует рассмотреть довольно интересные наблюдения Я.Рецкера над переводом фразеологических единиц. Он, в частности, отмечает, что при переводе фразеологических единиц с образной основой можно установить определенные закономерности. Главным образом это относится к фразеологическим единицам. Можно выделить четыре различных способа их передачи, а именно:

- с полным сохранением иноязычного образа;
- с частичным изменением образности;
- с полной заменой образности;
- со снятием образности.

Первым способом передаются фразеологические единицы самой различной структуры, но имеющие интернациональный характер, застывшие метафоры и перифразы, пословицы и поговорки, крылатые выражения [6, 225].

В переводах «Слов назиданий» Абая мы находим подтверждение классификации воссоздания фразеологических единиц, предложенной казахстанскими исследователями: встречаются чаще всего все три вышеописанных способа перевода фразеологических единиц, причем переводчики предпочитают не отходить от оригинала и воссоздают фразеологические единицы с полным соблюдением их формы и содержания, создавая при этом на русском языке новые фразеологические единицы.

Стремление к «точности» перевода произведения великого писателя вполне объяснимо, но не всегда верно.

Перевод с полным соблюдением смыслового значения фразеологических единиц, но через несколько иные изобразительные средства, чем в оригинале, также активно применялся переводчиками «Слов назиданий» Абая. И, на наш взгляд, этот способ более гибок, более удобен и даже точен, чем «точный перевод».

Использование взамен казахских фразеологических единиц (в основном пословиц и поговорок) русских. Причем они не всегда являлись идентичными, равнозначными, полноценными.

Фразеологизмы обладают многими качествами, которые могут представить затруднения для переводчика уже с первых шагов: это и их оформленность, и характер компонентов, в основном не отличающихся от обычных слов.

Фразеологические единицы в структурно-семантическом отношении неоднородны. В любом языке существуют различные типы подобных единиц, каждая из которых имеет свои особенности, знание и учет которых могут в значительной степени помочь переводчику успешно справиться со своей задачей.

С.Влахов и С.Флорин, отмечая трудности при переводе фразеологических единиц, выделяют несколько моментов. Первый - распознавание устойчивых сочетаний в подлиннике, которые требуют самостоятельного рассмотрения, так как множество неудач в переводе фразеологических единиц обусловлено именно «неузнаванием их в лицо». Например, переводчик принимает их за свободные словосочетания, что приводит к переводу их на уровне слова, или, замечая их слитность, приписывает ее индивидуальному стилю автора, или же, наоборот, наделяет свободное сочетание качествами устойчивого и передает его, соответственно, на фразеологическом уровне. При таком подходе вероятность правильного перевода редко бывает значительной.

Следующий момент - трудность восприятия распознанной единицы. В связи с характерной для фразеологизма невыводимостью значения целого из значений компонентов «пословный» перевод редко бывает верным. Неправильное восприятие самого слова часто приводит к искажению и всего контекста, который переводчик стремится приспособить к тому неверному значению, сложившемуся у него в голове.

Однако основной причиной ошибок как нераспознавания, так и недопонимания значения фразеологических единиц, является, конечно, недостаточное владение исходным языком [7, 228].

Переводу фразеологизмов уделено немало внимания в теоретических работах.

Фразеологизм имеет ряд существенных признаков: устойчивость, воспроизводимость, целостность значения, расчлененность состава. Воспроизводимость - это регулярная повторяемость языковых единиц разной

степени сложности. Устойчивость - это мера, степень семантической слитности, неразложимости компонентов. Устойчивость служит формой проявления идиоматичности. Идиоматичность - это смысловая неразложимость фразеологизма вообще.

К устойчивым метафорическим сочетаниям относятся пословицы и поговорки, являющие собой законченное высказывание и имеющие форму самостоятельных, часто эквивалентных, предложений, тем самым образующих уже самостоятельную единицу контекста.

В фразеологизмах запечатлен богатый исторический опыт народа, его мудрость. В них находят отражение все представления народа, связанные с трудовой деятельностью, бытом и культурой.

Как правило, фразеологизмы в «Словах назидания» несут национальную окраску, имеют особое экспрессивное значение в том или ином контексте и, естественно, они являются одним из наиболее выразительных средств языка.

Обычно пословицы отличаются характерной четкой композицией, ритмичным строем, звуковыми повторами, рифмовкой, которая может быть как внутренней, так и конечной. И эта характеристика применительна к пословицам, бытующим во всех языках. При переводе бывает трудно найти аналоги тем или иным фразеологизмам и тогда приходится жертвовать самобытностью языка и искать функциональное соответствие.

Характеризуя пословицы, С.Влахов и С.Флорин пишут: «Для пословиц характерно нравоучение, нередко являющееся их стержневым содержанием. Кроме того, пословицу можно рассматривать как: сгусток народной мудрости (объект философии, логики, этики); языковую единицу, фразеологизм (объект лингвистики) и литературное произведение, жанр народного творчества (объект литературоведения и фольклористики)» [7, 253].

Пословицы, поговорки, идиоматические выражения в художественном произведении являются важнейшим средством передачи национального своеобразия. Их условно можно разделить на две группы: нейтральные и национально окрашенные.

Наблюдения ряда ученых показывают, что многим пословицам, поговоркам и идиомам можно подыскать параллели и в языках различных народов.

Нейтральные пословицы, поговорки и идиомы, имеющие общий смысл, образовались в результате общих путей материального и духовного развития народов, общих путей развития их мышления.

Существуют группы понятий, свойственных всему человечеству, – это времена года, названия частей тела, отношения между родителями и детьми, свекровью и снохой, земля, вселенная, закономерность и случайность, форма и содержание, движение и покой, быстрота и медлительность, объединение и разъединение, утверждение и отрицание, прогресс и регресс, хорошее и плохое, белое и черное, большой и маленький, дорогой и дешевый, правда и ложь, цветок и колючка, личный и чужой, справедливость и насилие, война и мир, свет и мрак, свобода и рабство и т.д.

Существует общечеловеческое поведение, общечеловеческое достоинство, общечеловеческий долг и общечеловеческая обязанность. Такая общность понятий у народов мира, естественно, приводит к появлению в языках нейтральных пословиц, поговорок, идиом. Перевод их, как правило, не вызывает затруднений.

Приемы перевода фразеологии, которые мы постараемся привести здесь в определенном порядке, следует выбирать, опираясь на основное требование: фразеологизм переводят фразеологизмом.

В отношении способов, какими пословицы и поговорки, использованные в «Словах назидания», могут быть переданы на русском языке, возможна известная аналогия с переводом слов, выражающих специфические реалии. Во-первых, в ряде случаев, даже и при отсутствии традиционного соответствия в языке перевода, возможна близкая передача пословицы и поговорки, позволяющая воспроизвести предметный смысл составляющих ее слов и, вместе с тем, вполне сохранить ее общий смысл и характер как определенной и единой формулы, как фразеологического целого.

Создание эквивалента иноязычной пословице оказывается необходимым тогда, когда в ней упоминаются характерные исторические факты или географические названия, которые делают невозможным использование готового соответствия, даже если оно есть, но содержит упоминание о национальных реалиях.

Другой тип передачи пословиц и поговорок представляет известное видоизменение предметного смысла составных частей формулы подлинника, не приводящей еще к точному совпадению с уже существующей в переводе пословицей (поговоркой, оборотом), не вызывающей впечатления сходства с существующими реалиями данной категории.

Третий способ – это использование в переводе пословиц, поговорок и вообще фразеологических единиц, действительно существующих в языке, на который осуществляется перевод. Этот путь передачи отнюдь не всегда приводит к созданию национальной (бытовой или исторической) окраски. Этот вид перевода иногда играет существенную роль именно в плане передачи фразеологической интонации поговорки, точный перевод которых не создает впечатления афористичности или разговорной живости, какое создают соответствующие слова оригинала. Для восприятия русского читателя совершенно противоестественна такая формулировка, как «С головы уши на пожертвование» (дословный перевод национальной пословицы: «Бастан қўлак садаға»).

В тех случаях, когда близкий по предметному смыслу или адаптирующий перевод не дает убедительного результата, необходимо семантическое использование уже существующих в языке оборотов, таких как, «Бастан қўлак садаға» - «Стоит пожертвовать малым ради большего».

Для того, чтобы остановиться на наиболее подходящем соответствии, необходимо учитывать и такие критерии аналога, как лаконичность, частотность, эмоциональность, стилистическая принадлежность и, в первую

очередь, совместимость с контекстом. Особого внимания требует учет стилистических оттенков. Большинство пословиц относятся к разговорной фразеологии, но среди них есть и книжные; то же самое относится и к большинству крылатых фраз.

Следует констатировать, что в устойчивых метафорических сочетаниях, равно как и в пословицах и поговорках, обобщающий иносказательный смысл главенствует над прямыми значениями отдельных слов.

Идиоме одного языка в другом языке могут соответствовать по своему значению идиомы, которые служат их точным адекватом, не совпадая с ними, понимается, по словарному смыслу отдельных компонентов.

Абай относится к числу тех писателей, произведения которых национально выразительны и эмоционально окрашены, а стиль ярко индивидуален. Он умело пользуется в своих произведениях образцами устного народного творчества.

Включенные в текст «Слов назиданий» казахские пословицы показывают ход рассуждений поэта. Абай использует их каждый раз, когда обобщает явления действительности. Пословицы облегчали ему процесс обобщения, подсказывая народную меткую характеристику самого значительного в общественной жизни.

Казахские пословицы – специальная тема пятого и двадцать девятого слов. Оба «Слова» представляют большой интерес выраженными в них демократическими взглядами поэта на фольклор, характерными для казахских просветителей той эпохи.

Казахский поэт прекрасно знал о любви своего народа к меткому острому слову, к пословице. В своих стихах он использовал пословицу, афоризм; естественно, что в девяностые годы у него возникла потребность все это осмыслить теоретически. В пятом слове Абай показывает значительный пробел в тематической палитре казахских пословиц, обусловленный особенностями кочевого хозяйства казахов и феодально-патриархальными отношениями в казахском обществе.

В двадцать девятом слове Абай дифференцирует пословицы, замечает, что многие из них достаточно актуальны, а некоторые выбиваются из гуманистического ряда.

В подтверждение этого Абай приводит ряд пословиц с толкованием их этнографического и социально-исторического значения. Абай критически оценивает пословицы, закрепляющие и оправдывающие такие асоциальные качества людей, как попрошайничество и ханжество, безудержная страсть, торгашество и нажива: «Если ты беден, будь бесчестен», «Если поджигать с уменьем, снег загорится», «Чем сто дней быть холощеным верблюдом, лучше один день быть производителем».

С сарказмом Абай характеризует реакционную суть пословиц, морально оправдывающих погоню за богатством. Поэт показывает, как «власть скота» цепко держит человека, вытравляя из его души человечность. «Богатство (скот) милее отца-матери» («Ата-анадан мал тәтті»).

Иное отношение Абая к тем пословицам, которые соответствуют его прогрессивным воззрениям на жизнь народа. Тридцать седьмое слово составлено из отдельных афоризмов и сентенций. Некоторые из них в пословичной форме отрицают традиционную мораль и содержат просветительские назидания.

Абай, например, никак не мог согласиться с пословицей «Дурному не стать хорошим, хорошему не стать плохим» («Жаман жақсы болмас, жақсы жаман болмас»). У него сложилось свое отношение к человеку, вера в то, что люди меняются, перевоспитываются.

Ряд афоризмов и изречений навеяны чтением философской и исторической литературы.

В произведениях Абая нередки случаи творческого преобразования народной фразеологии, когда обновляется значение, а также состав фразеологических выражений или обыгрывается семантика фразеологизмов. Вместе с тем он создает ряд метких выражений, которые по своей сжатости и выразительности очень близки к общенародным фразеологическим единицам.

Переводчикам удалось сохранить оригинальность и выразительность фразеологизмов, что весьма важно для передачи индивидуального стиля автора.

При анализе переводов «Слов назиданий» Абая можно выделить следующие способы перевода пословиц, которыми пользовались переводчики при их передаче:

- первый способ - перевод посредством применения эквивалентов (эквивалентный перевод);
- второй способ - дословный перевод. Он встречается в практике довольно часто и иногда используется весьма удачно;
- третий способ - передача общего смысла пословицы;
- четвертый способ - локализация новой поговорки на основе поговорки оригинала.

Анализ этой актуальной в переводоведении проблемы показал, что наиболее приемлемым способом является эквивалентный перевод, хотя более распространен дословный. Однако первый способ не всегда возможен. В ряде случаев оправдывает себя дословный перевод.

В четвертом слове Абай пишет: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі».

Вариант В.Шкловского: «Жить хитростью, жить слезливыми просьбами это не значит жить, это значит существовать, как существует собака».

С.Санбаев опустил этот абзац.

Вариант К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева: «Жить хитростью, обманом, попрошайничеством – удел бездарных проходимцев».

«Өнерсіз ит» перевели как «бездарные проходимцы». Переводчики правильно осмыслили значение идиомы и осуществили перевод, близкий по смыслу к оригиналу. В некоторых случаях, хотя идиомы совпадают и по форме и по содержанию, они не всегда становятся эквивалентными.

В приведенном случае переводчики нашли соответствующие эквиваленты, отражающие экспрессивность и образность казахской идиомы.

Не все фразеологические выражения имеют в другом языке свои эквиваленты. В таких случаях их можно заменить аналогами, имеющими общий смысл с оригиналом, но облеченными в другую форму.

При замене одних фразеологических выражений другими важно не только отыскать достойный эквивалент идиоме, но и суметь передать национальное языковое своеобразие оригинала. При подобной замене следует избегать ярко окрашенных фразеологизмов с узкой национальной спецификой.

Известно, что многие мысли Абая закрепились в казахском языке в качестве устойчивых конструкций и пополнили ряды пословиц и поговорок. Многие из них Абай привел в тридцать седьмом слове.

В этом Слове, в отличие от других, нет какой-то одной определенной темы. Оно состоит из двадцати трех афоризмов, большинство из которых стали крылатыми выражениями, вошли в обиход как пословицы и поговорки. Например: «Мысль тускнеет, перейдя через уста», «Сын своего отца - недруг, сын народа - твой друг», «Сильный хоть и желает многого, но довольствуется малым, ничтожный просит мало, но хочет получить больше», «Работающий только для себя похож на животное, которое заботится только о своем брюхе. Всевышний любит того, кто трудится на благо человечества», «Дело ладится умением», «Слава - высокая скала. Змея забирается на нее ползком, соколу же достаточно одного взмаха крыльев, чтобы достичь ее вершины», «Нищий, прославившийся умом, выше счастливого царя», «Юноша, продающий плоды своего труда, достойней старика, торгующего своей бородой», «Хитрость превращает человека в попрошайку», «Плохой друг подобен тени, когда светит солнце - от него не избавишься, когда тучи сгущаются над головой - его не найдешь», «Доверяйся тому, кто замкнут, но дружи с тем, кто общителен», «Остерегайся беспечного, но будь опорой опечаленному», «Гнев без силы - вдовец, ученый без последователей - тоже вдовец, любовь без верности - вдова».

В пятом слове Абай говорит о незрелости той философии, которая владеет сознанием некоторых соплеменников. Как понять, сетует Абай, такие обращения к Всевышнему: «О творец, дай нам младенческую безмятежность». Значит, предел мечтаний людей - жить, довольствуясь тем, что есть, ни о чем не задумываясь, не утверждать себя делами, оставаться беззаботными детьми.

В качестве примера Абай приводит пословицы и поговорки, в которых звучит та же мысль: «Еда для батыра и волка - на дороге», «Не скудеет рука дающего», «Уповай на щедрость бая, надейся на милость бога», «Если голоден, найдешь еду в доме, где идут поминки», «У имущего лик светел, темен он у нищего» и другие. Поэт с грустью замечает, что смысл всех этих пословиц и поговорок сводится к желанию владеть богатством, иметь много скота. Ради этой цели все средства хороши: тут и тайный обман, и хитрая лесть, и подкуп, и шантаж, и открытая вражда. Люди, как дети, тянутся к тому, что лежит на

виду. Но богатым считается не только тот, у кого несметные табуны. Есть много других способов нажить капитал.

Абай говорит: путь к богатству, имуществу, силе лежит через знания, науку. Только образование может помочь избавиться от дурных пороков, от привычек жить беспечно, пользуясь тем, что есть. Надо понять, что наступили другие времена.

Время, в котором жил поэт, было временем окончательного засилья русских чиновников, когда казахи перестали быть единым народом, объединенным властью.

Абай это ясно сознавал, и, видя, как мельчают люди, как дурно меняются их нравы, а также чувствуя, что сам он бессилён что-либо изменить, обращается к своему поработанному народу со словами упрека и сострадания: «Ты ли это, мой народ, которого я люблю и к сердцу, которого ищу тропу?»

Здесь Абай пишет: «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я кезден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады».

Вариант В.Шкловского: «Писал про смех - теперь пишу про горе». (В оригинале нет таких слов). «Скорбь сжимает грудь, ослабляет все суставы тела, исторгает из человека слезы и потоки жалоб».

Вариант С.Санбаева: «Когда грудь полна печали, человек не владеет собой. Языком - тем более».

Вариант К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева: «Печаль омрачает нам душу, леденит тело, сковывает волю и, наконец, изливается словами из уст или слезами из глаз».

Лишь перевод К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева верен оригиналу.

Дальше в оригинале читаем: «Малдының беті - жарық, малсыздың беті - шарық».

Вариант В.Шкловского: «Богатому свет, а бедному тьма».

Вариант С.Санбаева: «У имущего лик светел, темен он у нищего».

Вариант К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева: «У богатого лик светел, а у бедного - все равно, что точило».

В пятом слове Абай использует пословицу: «Ердің малы елде, еріккенде қолда».

Ни В.Шкловский, ни С.Санбаев не перевели эту пословицу.

Лишь К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев сохранили ее в своем переводе. Вот как она звучит в их варианте: «Стада почитаемых мужей находятся в людях, заботятся они о своем добре от безделия».

Также в этом слове Абай пишет: «Берген перде бұзар».

В варианте перевода В.Шкловского эта поговорка не переведена.

Вариант С.Санбаева: «У щедрого нет врагов».

Вариант К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева: «Приносящий дары срывает завесу отчуждения».

Лишь К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев смогли сохранить смысл и образность мысли Абая.

Продолжая приводить в пример пословицы, поэт использует в оригинале и этот афоризм: «Алаған қолым береген».

В.Шкловский и С.Санбаев перевели его одинаково: «Берущая рука привыкает и отдавать».

Вариант К. Серикбаевой и Р. Сейсенбаева: «Рука, умеющая брать, умеет и отдавать».

В каждом переводе переводчикам удалось сохранить образность и лаконичность оригинальной фразы.

Не будем останавливаться на том, как трудно перевести или найти функциональный аналог фразеологизмов в языке, на который переводишь. Приведем примеры переводов, что определит способ, выбранный переводчиками:

Абай: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес».

Хорошо передал смысл этого предложения В.Шкловский: «О качестве человека суди по его замыслам, а не по тому, что из них получилось».

По-своему интерпретировал эту мысль Абая С.Санбаев: «Достоинство человека определяется тем, каким путем он идет к цели, а не тем, достигнет ли он её».

Оправдан ли подобный принцип активного, произвольного вмешательства в текст оригинала? Ответ можно найти в сравнении с переводом К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева: «О достоинствах человека суди по тому, как он начал дело, а не потому, как ему удалось завершить его». Со всем основанием можно отметить, что именно в переводе К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева ощущается глубокое понимание смысла предложения и сохранена его конструкция.

Приведем пример:

Абай: «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват».

В нижеприведенном отрывке обнаруживается неверное понимание переводчиком смысла этой мысли Абая.

В.Шкловский: «Человек - дитя своего времени. Но если ты дурен, не обвиняй в этом своих соплеменников».

В этом предложении переводчик вольно толкует авторское представление о значении времени и соплеменников в жизни человека, поэтому в предложении появилось смысловое противоречие: если Абай утверждает, что личность человека зависит от соплеменников, В.Шкловский настаивает на обратном, что в дурном воспитании человека не виноваты его соплеменники.

Приведем для примера перевод С.Санбаева - «Человек - дитя своего времени. Если он плох, в этом виновны его современники».

В переводе К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева обнаружен союз «и»,

который отсутствует в оригинале. Здесь необходимо отметить, что это небольшое добавление нисколько не искажает смысл, даже, наоборот, уточняет мысль Абая. Ведь в том, что человек стал плохим, нельзя обвинять только его современников.

Главным критерием сопоставительного анализа двух текстов (оригинала и перевода) является их художественно-функциональное соответствие. Значит, следуя логике постижения художественного текста, воссоздатель текста открывает то особенное, характерное, что делает перевод индивидуальным, колоритным. Так давайте же проследим, насколько это удалось переводчикам «Слов назидания» Абая.

В восьмом слове Абай, характеризуя баев, говорит: «Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім - еш нәрсе малдан қымбат демейді». В.Шкловский передал характеристику, данную Абаем, таким образом: «Так ходят они, задрал нос. Честь, бесчестие, разум, наука – все это для них ниже скота».

С.Санбаев: «Взгляд их не опускается на землю, помыслы витают еще выше... Честь, бесчестие, разум, наука, вера, народ для них не дороже скота».

Более удачно удалось перевести К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаеву: «Взоры их высоко, а помыслы еще выше. Честь, совесть, искренность для них не дороже скота». Как видим, характерная для Абая каноническая конструкция фраз сохранена. Не стремясь к лексической точности, переводчик точно передает смысл фразеологизма.

Аналогичным способом переведена пословица: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік»

В.Шкловский: «Хорошие дети - радость, плохие - горе».

С.Санбаев: «Хороший ребенок - радость, плохой - горе».

К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев: «Хороший ребенок - в радость, плохой - в тягость».

Каждый переводчик индивидуально подходил к процессу перевода. При переводе отдельных слов, фраз, предложений они использовали различные приемы. Например, при переводе слова «ноғай», В.Шкловский и С.Санбаев, перевели его как «татары», а К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев использовали прием транслитерации.

Вот другой пример:

«Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы жоқпыз».

Все три переводчика это сложное предложение разделили на два простых.

У В.Шкловского оно звучит так:

«О русских нечего и говорить. Мы не можем сравняться с их прислугой».

С.Санбаев:

«О русских же и говорить нечего. Мы не можем сравниться даже с их прислугой».

Теперь сравним эти примеры с вариантом перевода К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева:

«О просвещенных и знатных русских и речи нет. Нам не сравняться с их прислугой». Наличие здесь слов «просвещенных» и «знатных» свидетельствует об использовании переводчиками приема внутритекстового комментария.

Так же особое внимание привлекает перевод поговорки «Кедей көп болса ақысы, кем болар еді».

Абай очень экономичен в словах, лаконичен. В этом плане наиболее приблизились к Абаю С.Санбаев, К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев. Сравним:

В.Шкловский:

«Чем больше бедных, тем дешевле рабочие руки».

С.Санбаев, К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев:

«Чем больше бедноты, тем дешевле их труд». Вызывает большой интерес и перевод пословиц. Приведем пример пословицы: «ісі білмес, кісі білер». Этот пример наиболее ценен тем, что в оригинале Абай сам дает трактовку этой пословицы. «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалығынан жетерсің».

Надо отметить, что лишь предложенный К.Серикбаевой и С.Санбаевым фразеологизм сохраняет свою функцию и красиво вписывается в переводной текст, не нарушая гармонии в целом, и трактовка передана ими наиболее верно.

Сравним:

У В.Шкловского:

«Не в деле, в человеке сила». Эта пословица значит, что ничего не достигнешь правдой и все получишь обманом.

У С.Санбаева:

«Не по поступкам суди о человеке, а по его намерениям».

Выходит люди уверовали, что ничего нельзя достичь честным трудом, но все можно достичь обманом».

У К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева:

«Не суть дела, суть личности важна». Значит, добиться намеченного можно не правотою предпринятого дела, а ловкостью и хитроумием исполнителя его».

Данный пример доказывает наличие удачных переводов.

Приведем еще примеры. В третьем слове Абай пишет:

«Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады».

Одной из существенных особенностей «Книги Слов» является ее своеобразный полифонизм. В «Гаклии» наряду с собственно авторской речью мы постоянно слышим голоса разных людей. Обратите особое внимание на предшествующие пословице слова. Употребляя обобщающее существительное «люди», писатель поясняет, какие именно люди. В процитированном выше третьем Слове это люди, «хорошо знающие казахов».

Переводчику очень важно постигнуть стилистику произведения, его тональность, лексический колорит, чтобы найти адекватные средства

выражения. В переводческой практике, к сожалению, это далеко не всегда удается.

Теперь проследим, как предложение переведено переводчиками на русский язык.

В.Шкловский перевел как:

«Ведь и прежде говорили люди: «Там, где два бая, там четыре спора».

С.Санбаев:

«Деды наши не зря говорили: «Там, где сходятся два бая, рождается четыре спора».

К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев:

«Люди, хорошо знающие казахов, говорили: «Если баев двое, то споров четыре».

Только К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаеву удалось передать энергичную, упругую фразу Абая.

Смысл слов, предшествующих пословице, смогли более точно передать лишь К.Серикбаева и Р.Сейсенбаев. В.Шкловский опустил слова «хорошо знающие казахов». С.Санбаев вообще передал их как «деды наши», хотя в оригинале Абай не называл их «біздің аталарымыз». На этом примере видно, что излишняя вольность влияет на качество воздействия на читателя, в данном случае - познавательное. Если В.Шкловский придерживается принципа обобщения, то С.Санбаев придерживается принципа конкретизирования. В результате не была сохранена не только форма, но и смысл оригинальной фразы.

В двадцать четвертом слове Абай пишет: «Кірпік қақтырмай отырғанымыз».

Вариант В.Шкловского: «Не даем друг другу сомкнуть глаз хоть на мгновение».

Вариант С.Санбаева: «Не смыкая глаз враждуют друг с другом».

Вариант К.Серикбаевой и Р.Сейсенбаева: «Не давая ближнему своему и глазом моргнуть».

Каждый переводчик старался передать это предложение по-своему, сохранить при этом и смысл, и образность, что им и удалось.

Далее Абай применяет выражение: «сұғын қадап».

В своем варианте В.Шкловский это выражение опустил, С.Санбаев и К.Серикбаева с Р.Сейсенбаевым перевели как «зарятся».

В заключение хочется отметить, что в систем психопэтики Абая язык его прозы такой же живой и образный, такой же чувствительный ко всяким изменениям, как и язык поэзии. При переводе того или иного произведения следует внимательно относиться к каждой синтаксической конструкции психопэтики, к каждому обороту речи и прежде чем что-то переделывать, чем-то дополнять, нужно, по-видимому, серьезно подумать, а не несет ли оно какой-нибудь особой стилистической функции в системе психопэтики автора, не кроется ли за ним тот или иной важный, определяющий образ. Ведь именно

эти стороны художественного произведения ярче всего характеризуют лицо писателя, его стиль и язык, психопоэтику.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кунанбаев Абай. Стихотворения, поэмы, проза – Пер. с казахского. – М., 1954.
2. Абай. Слова назидания – Пер. С. Санбаева. – Изд. второе. – Алма-Ата, 1982. – 160 с.
3. Абай. Книга слов. Поэмы. – Алматы, 1993. – 269 с.
4. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Избранное / Пер. с каз. и комментарии А. Кодара. – Алматы: Ана-тілі, 1996. – 224 с.
5. Влахов С., Флорин С. Непереваемое в переводе // Мастерство перевода. – М.: Советский писатель, 1970. – №6. – С. 432-458.
6. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Международные отношения, 1974. – 216 с.
7. Влахов С., Флорин С. Непереваемое в переводе. – М.: Высшая школа, 1986. – 416 с.
8. Бельгер Г. Камни преткновения. Художественный перевод. Проблемы и суждения. – М.: Известия, 1986. – С. 58-75.
9. Есимов Г. Хаким Абай. – Алматы: Білім, 1995. – 105 с.
10. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. – Алматы, 1990. – С. 318.

Бесінші күн: 14.08.2020.

**М.Б. ҮМБЕТАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,**

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЗАМАНЫ ЖӘНЕ ЗАМАНДАСТАРЫ

Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген оқымысты, өнерпаз ұлы тұлғаларының соңдарында қалдырған көркем әдеби-ғылыми шығармашылықтары біздің бастау көзін көнеден алатын көркем сөз өнеріміздің аса айтулы бай қазыналарының қатарынан мәртебелі орын алады. Өйткені, XIX ғасыр – қазақ елінің тарихында бұрын-соңды болмаған қатері аласқа кететін, өте зардапты, алмағайып әлеуметтік оқиғаларымен ерекшеленеді. Бұлай болатын себебі жалпы түркі жұрттарына барынша жайсыз тиген он тоғызыншы ғасыр соно-о-у 1731 жылы басталған Ресей империясының Орта Азия атырабына жан сала аттанған бет қаратпас, о жар отаршылдық шабуылының әбден асқынып, шегіне жеткен кезі еді. Сондықтан да мұндай алапат дүлей күшке қарсы тұрудың мүмкін еместігін ерте аңғарған халқымыздың есті, жағдайды арыдан ойлайтын көзі қарақты, зиялы кісілері қазақтың аман қалуының өзгеше жоларын іздей бастаған.

Ендігі жерде күші асқан империямен жағаласып, текке қырылып кетпей, мына өз аяғымен келген, Европаның қарыштаған ғылымы мен жаңа технологиясы арқасында өркендеп жетілген ресейлік жаулаушылардың озық өнерін, техникалық соны құрал-жабдықтарын игеріп, ел кәдесіне жарату қажет деген игі мақсат-ниеттер, амал-әдістер бой көрсете бастады. Ол үшін, ең әуелі, орыстың тілін үйрену шарт болды. Осы идеяны алдымен айтушылар Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сияқты қазақ халқының сол тұстағы алғыр ойлы, пайымды парасатты жандары еді.

Міне, бүкіл бой-болмысын, орман-ойын нақ осындай мұрат-мүдде билеген Абай қазақ халқының болашақ тағдырына аса жоғары биіктен қарап, жиырма бесінші қара сөзінде түп-тура көрегендік көрсетті: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына (арапша: талас, тартыс, айтыс) кіреді, аса арсыздана жалынбайды... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты андысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз зорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел

болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» [1, 458]. Демек, орыс оқуын үйренгенде қазақты малданайын, қазақты алдап-сулап күн көрейін, қарақан басымды қорғайын деп емес, туған ұлтымды білім күшімен қорғайын, болашақ жақсы күндерге ұмтылдырайын, ғылым-өнері өскен, жетілген елдермен теңестірейін; жат жұрттық отаршылдықтың азабы мен қорлығы болмай қоймайды, оған төзе жүріп, күндердің күнінде елімізді, қазағымызды, тәуелсіздікке жеткізетін жол ашайық деп талаптану керек деп ұққан ұлы Абай.

Тура осындай пікірді Шоқан Уәлиханов та айтқан: «Жалпы қазақ халқының алдында европалық цивилизацияға жетуде, орыстардың византиялық дәуірден өткені сияқты, татар халқы арқылы өтудің өлермен перспективасы тұр.

Византийщина қаншалықты жиіркенішті болса да, бірақ ол әйтеуір даусыз ағартушылық элемент ретінде христиандықты енгізді. Соны және қабылдағыш қазақ халқы ой мен сезімді тек тежеу қабілеті ғана бар өлі схоластикадан басқа татар ағартушылығынан нені күтпек. Біз қайткен күнде де татар дәуірін айналып өтуіміз керек, ал үкімет бұл жағынан бізге көмектесу қажет [2, 197]. Мұнан көрінетін Шоқанның арманы – татар тілімен шұбарланған кертартпа оқудан бойды алыс салып, тезірек жаңаша орыс ілімін игеріп, жоғары деңгейдегі европалық жұрттарымен қатарласу емес пе?

Өз кезегінде, Ыбырай Алтынсарин орыстың христианшыл Н.И. Ильминский іспетті миссионерлерінің қысым-қыспағына шыдай жүріп, олар талап еткен кирилица қарпінде жазуды үйренуді желеу етіп, Торғай өңірінде жаңа тұрпатты, қазақша соны үлгідегі мектеп ашты, «Қазақ хрестоматиясы» атты әдебиет оқулығын жазып, құрастырды. Сөйтіп, тарихта тұңғыш рет келешектегі қазақ мектептеріндегі оқу құралдарын түзіп, жасаудың тың із-соқпағын көрсетіп берді. Және де тұңғыш педагогіміз Ы. Алтынсарин кейінгі болашақ ұрпаққа: «...бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды; оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» [3, 24], — деген сөз қалдырды. Жинақтай айтсақ, ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Абай, Шоқан, Ыбырай сияқты ғұламаларымыздың білдірген бұл пайымдарының өте дұрыс болғандығын бүгінгі тәуелсіз заманымыз айна-қатесіз расқа шығарып отыр.

Қазіргі, ХХІ ғасырдың басында тәуелсіз Қазақстан Республикасында өмір сүріп отырған біздер біршама ойланып қарар болсақ, басы ашық даусыз жайтты аңғарамыз – кім де болса жақсылықтан, өнерпаздық, ғылым табыстарынан, қол жететін тиімді игіліктерден қашпайды. Сол себепті он тоғызыншы ғасырдың адамдары – Абай бастаған оқымысты қауым өкілдері мен қадымша біршама білім-түсініктері өлеңдерінен көрініп тұратын текті, зиялы Дулат, Мұрат, Шортанбай, Шөже, Жанақ, Түбек сынды импровизатор ақындар ондай игіліктердің шет жағасын көрген де білген, естіп хабарланып отырған. Адам бейнетін жеңілдететін құрал-саймандардың ойлап табылғандығына, әрине, ғажап қалысып сүйінген. Негізінде, оларды

күңіректен, мұңайтқан – қылыштарын жалаңдатып, мылтық асынған, пушка сүйреткен техниканың жаңа жетістігін қиянат жасауға, қан төгуге қолдана бастаған, көршілерін құлдана бастаған солтүстіктегі бұзық империяның әрекеті екендігі – бүгінгі ұрпақты бұлтартпай мойындататын шындық.

Басқыншылар жүзеге асырып жатқан жаппай қырып-жою, көнбегенді күшпен көндіру, сөйтіп әр кімнің ата қонысын, ата салтын аяққа басып, таптап тастаушылық Абай, Ыбырай, Шоқан, Дулат, Мұрат, Шортанбай, секілді қазақтың өз уағының көзі ашық, есті азамат ақындарын, әрине, ашындырды, сақтандырды. Аталған оқымыстылар мен жыр жампоздарының шығармаларынан көрініп тұрғандай, олар қорқып үріккенде ауыр тұрмыс күйді жақсартатын машиналардан емес, қазақ пен қырғыздың түркілік-исламдық діліне, имандылыққа ұйыған мейірбан ниетіне, аққу құстай сұлу тіліне нұқсан келеді, жуса кетпес қара дақ түсе ме деп түршіккен, ол бәлелердің кетпей, орнығып қалу қауіпінен шошынған.

Осы аз ғана мысалдар арқылы тарихи тағдыры ұқсас қазақ пен қырғыз халықтарының басында ұзақ уақыт бойы күндей күркіреп тұрып алған аса қайғылы кезеңдердің ащы дәмін татқандай боламыз. Жан түршігерлік түрпідей суреттері жасаураған көз алдымыздан бұлдырап өтіп жатады. Аса зор географиялық аймақта, Атырау-Еділден бастап, Алтай-Енесай аралығындағы қалың елдің қатыгез империялардан көрген қорлығы мен зәбір-жапасы жазылмас жанды жарасындай болып, ауық-ауық сыздап ауырып-ауырып қояды. Ал, өнер туындыларында, айрықша сөз өнерінде халық есінен кетпестей болған мұндай тарихи оқиғалар терең із қалдырған, өлең-толғау, жыр-дастан, айтыс, термелерге сюжеттік арқау, нәр берген. Қалай болғанда да ежелден ел тарихнамасының ең әдепкі айтушысы, суретшісі, сәулетшісі, сырлап-әрлеушісі, мүсіншісі халықтың Абай, Дулат, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Түбек, Құлмамбет, Бақтыбай сияқты суырып салма ақындары мен сол тұстағы көзі ашық, данышпан Абай, Шоқан, Ыбырай іспетті ғұлама, білімпаз оқымысты ақын-әдебиетші, тарихшылары екендігі айдай ақиқат. Олардың соңында қалған мол әдеби-тарихи жазбалары мен өлең-жырлары қазақтың өткенінен баға жетпес тың мәлімет, сирек дерек беретін көркем дүниелер қатарына жатады.

Қазақ халқының соңғы мың жылдық тарихында ұстанып келе жатқан дүниелік наным – ислам діні. Күнделікті отбасылық тірлігінде, әлеуметтік қарым-қатынасында басшылыққа алып, әділетті заң-қағида ретінде қолданылып, олардың әдет-ғұрып салтына мұсылманшылық үрдістері көпшіліктің санасына әбден тереңдеп сіңген. Жаман сөз айтпайтын, жаман жер баспайтын, біреуге біреу залал тигізсе күнә саналатын, ізгілік, рахымшылдық, мейірбандық, парасаттылық қастерленген, үлгі етілген ортада тәрбиеленген халық ақындары замана жайлы толғанғанда сонау тым арыдан бастау алатын ұлттық игі дәстүр ғұрыптарға көңілдегі сенімге көлеңке түсе ме деп қауіптенген. Мұндай тамыры тереңге тартатын игілікті істер өсиет етілетін, имандылыққа ұйытатын атадан балаға сан ғасырлар көшінде көнермей мирас ретінде беріліп, бірге жасап, халықтың тұтастығын сақтауға өлшеусіз қызмет

атқарған қалыпты діл, салттар, наным-сенімдердің жойылып кетпеуіне қазақтың Бұқар, Абай, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Жанак, Түбек сияқты халық ақындары да қатты алаңдаған. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бабалар жолынан ауытқымай, сырттан таңылатын өрескел қылықтардан бойларын аулақ салып, оларды діл тазалығын құнттауға үндеген. Дегенмен де қазақтың импровизатор шайырлары жамандықтың бой көрсетпей қоймайтындығын сезген. Сезгендіктен де ет жүректері езіле отырып күңірене күйзелген. Өлең-толғауларында ондай анайы, кесірлі кеселдердің қоғамға дақ түсіретін кесепаттардың қалай танылатындығын, ондай жағымсыз жайсыздықтардың атын атап, сыпаттап берген.

Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының «Заман ақыр жастары» деген өлеңінде он тоғызыншы ғасырда әлеумет өмірінен орын ала бастаған көптеген кесепатты әдеттер ашық айтылған. Мысалы, Абай былайша толғанған:

Заман ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы,
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны.
Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер.
Сиырша, тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер.
Күлмендеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектеп, секек етем деп,
Шошқа туар сөздері [1, 181].

Мінекей, XIX ғасырда ресейлік отаршылдықтың, онымен ілесе келген жат, жамандықтардың қазақ арасына қалай сіңіп бара жатқандығы Абай өлеңдерінде осылайша көрініс тапқан. Қазақ жастарының бойындағы келеңсіз қылықтарды жіті байқаған ақын Абай осылайша қынжылады. Қазақ жастарына әдет болып бара жатқан өзара дұрдараздық, ар мен иманнан безушілік, еңбексіздік, құр тіл мен жаққа ерік берген сұхиттылықтың етек ала бастағандығына ақын қатты налиды. Он тоғызыншы ғасырдағы болашағы күңгірт елдің келешегін ойлайды, қазақ жамағатын келеңсіз жат жұрттық арсыз мінез-құлықтардан арашалайды деген жас өскіндердің ендігі мынандай оспадарсыз әрекеттері ұлы Абайды қатты ойландырған. Оларға хас жағымсыз жайларды атап-атап берген: сол пайда тапсам дегеннен басқаны ұмытқан жастардың шетінен көздерінің күлмендеп келетінін, бас жоқ, аяқ жоқ қалжыңбас келетіндігін, кекек-секек еткендердің мұсылманшылықтан жырақ іс-әрекеттеріне күйінген. Нақ сол данышпан Абайды сескенткен жамандықтар

қазақтың ойлы, майталман импровизатор ақындарын да бей-жай қалдырмаған.

Айталық, XIX ғасырдағы қазақ елінің басына төнген келер күннің ең келеңсіз түрлерін дәл басып бажайлаған қазақ ақындарының бірі Дулат Бабатайұлы еді. Ақынның дүниеге келген және қайтыс болған уақтысы әр жылдарда шыққан жинақтар мен оқу құралдарында бірде 1802-1874 делінсе, бірде 1802-1871 жылдар деп көрсетіліп жүр [4, 163; 53]. Азды-көпті айырмашылығына қарамастан, қалай болғанда да ақынның XIX ғасырдың оқиғаларына куә болғандығын айғақтайды. Патшалық империяның езгісіне қарсы үн көтеріп, туған елінің азаттығын аңсағандығы үшін Кеңес өкіметінің тұсында Дулат Бабатайұлына жала жабылды, біржақты ескілікті аңсаушы ақын ретінде теріс баға беріліп келді. Бірөңкей кертартпа, сары уайымшыл, жаңалыққа жаны қас ақындар делініп, әдейі жаңсақ түсінік қалыптастырылды. “Осындай түсініктер салдарынан XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің басты өкілдері Дулат Бабатайұлы (1802-1874), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906), Шәңгерей Сейіткерейұлы (1847-1920), Әубәкір молда, Құлыншақ пен Шәкәрім қажылар, Ғұмар ишан, Марабай Қалнияз, Бұдабай, Ақмолла, т.б. ақындардың творчествосы зерттеусіз қалды. Олардың еліне танымал боп келген өміршең өлеңдері мен заман қасіреттерін сынаған толғаулары құлыптаулы жатты” [5, 4]. Ал сөз бола қалса, коммунистік қырағы цензурадан жасқанған, тіпті, қатты қорқып қалған аға әдебиетші ғалымдарымыз аталған халық ақындарының поэзиясында шыншылдықпен өткір айтылған қазақ, қырғыз ортасында орын алған өмірдің қатыгез көріністерін: отаршылдардың еркіндікке тұсау салып, жер-судан айырған зорлық-зомбылығын, христиан дініне күшпен, айламен енгізу әрекеттерін батыл сынаған өлең-толғауларының негізгі түп тамырын қадап көрсете алмады. Әрине, өресі немесе білімі жетпегендіктен емес. Өйткені, патша билесе де, коммунистер билесе де өкімет тұтқасы өте қатыгез орыстың империяшыл шовинистерінің қолында тұрғандықтан, турасын айтса орысқа тиіп кете ме деп, ғылымның күллі саласындағы не бір білімпаздарымыз жетпіс төрт жыл бойы амалсыздықтың күнін кешті. Мұның мәнісі XVIII–XIX ғасырларда-ақ халық ақындары орыс үстемдігін, онымен ілесе келген неше түрлі көргенсіздіктерді сынаған болатын. Жан дүниесі мұсылмандықты қадір тұтқан қазақ, қырғыз жұртының күші асқан Ресей империясының құрсауында қалған қиын-қыстау күндерін ел импровизаторлары ашына толғаған еді. Сондықтан большевиктер орнатқан “өктем саясат тұсында қатал сынға ұшыраған Дулат, Шортанбай, Мұрат, Шәңгерейлердің шығармашылық мұралары күні бүгінге дейін орта, жоғары мектеп оқу құралдарынан тиісті орын алған жоқ. Ол туралы кереғар пікірлер жаңару тұсында, жаңаша ой-сана үстемдік құрған дәуірдің өзінде де орын алуда” [5, 5].

Дегенмен де қайта құру, жаңаша ойлау деп айдар тағылған 1980 жылдары там-тұмдап еркіндеу пікірлер білдірудің төбесі көріне бастағаны рас. Ал, шынтуайтына келер болсақ, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші ғалымдар тәуелсіздігімізді толық алғаннан кейінгі жылдарда ғана өткеніміз бен бүгінімізді, жалпы мәдени мұраларымызды қайта қарап, жаңа көзқарас

тұрғысынан сараптап-саралау жұмыстарына бел шеше кірісіп кеткені белгілі. Бұл – баршамыз жұмыла күш салмай, таяу арада біте қоятын оңай шаруа емес.

Ендігі жерде сол өткен ғасырларда жаудан көрген зәбір-зорлықты өлеңдерінде шарасы таусыла, өкси жырлаған халық ақындарының сөздерін әділ бағалап, ешкімге жалтақтамай, ақ-қарасын айыратын тәуелсіз заманымыз туды. Мысалы, өз уағының “көзі, құлағы, үні” десек болғандай, бұқара сөзін сөйлеген ақпа-төкпе қазақ жыр жүйріктерінің аса көрнекті өкілі Дулат ақын сол өзі көріп, куәсі болған дәуірдің қайғылы халін, мұнды көріністерін былайша толғаған:

1 Батыстан патша түнегі
Жеріңе келіп түнеді.
Жоныңнан таспа тіледі,
Ішіңе әбден кіреді,
Оны Дулат біледі [6, 64].
2 Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай айналаң,
Жаның жайлау кең алаң,
Атам қонған кең далам!
Мендей сені қызғанар,
Бауырыңда өскен қай балаң?!
Көл қорыған қызғыштай,
Сен десе салам байбалам...
Қилы-қилы заманды
Заманға сай адамды
Салыстырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай
Шыркөбелек айналам.
Кешегі бір заманда
Қасиетті еді хан, қараң.
Мынау азған заманда
Қарасы – антқор, ханы – арам,
Батыры көксер бас аман;
Бәйбіше – тантық, бай – сараң;
Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау, кер табан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?! [6, 81-82].

Бұл өлең жолдарынан Дулат Бабатайұлының өз заманының санасы сәулелі, аңғарымпаз азаматы екендігін көреміз. Отарлауға ұшыраған елдің хал-жайының нендей болытынын қабырғасы қайыса отырып түйсінген.

Кіріптарлыққа түскен елдің азапты тағдырын жарық-сәулесі жоқ түнекке теңеген. Патша өкіметінің қазақ елі мен жерін мықтап иелену үшін әбден зерттеп білуге жіберген залым ойлы миссионерлерінің, қаныпезер шенеуніктерінің, ниеті қара білімпаз этнограф, инженер, топограф, геодезистерінің кулықпен арбап, қыр-сырынды түгел ақтара тіміскілеп, олардың асықпай әлсіз, осал жерлеріңді дәл тауып жатқандығына күйінген. Сырынды жақсы біліп алған дұшпанның не сұмдықтарға іркілмей бара беретіндігіне көзі жеткен. Сондықтан да ақынның “Жоныңнан таспа тіледі, Ішіңе әбден кіреді, Оны Дулат біледі”, – деуінен ащы шындықтың зәрлі лебі еседі.

Жаратқанның асыл сыйындай сайын даланың әрбір аққан бұлағы, көкке бойлаған шытырман тоғайы, көз жеткісіз кең жайлауы Дулаттың ұғымында қазақ халқының мандайына біткен алтын бағы, толықсып тұрған ырысы, оны аяқ асты етіп бүлдіруге, былғауға ешкімнің хақысы жоқ. Дүниеге шыр етіп келіп, ес жиғаннан осындай пайым-парасат бесігінде тербелген, тағлым алған ақынның жан дүниесі енді мына көз алдында өтіп жатқан сорақылықтарға төзе алмайды. Ділі бөтен, діні бөтен, ілгеріде Бұқар жырау айтқандай “Кұдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Өзі сары, көзі көк, Бастығының аты поп” жаулаушылардың именбей келіп, еркінсуі, ойына келгенін күшпен орындата бастауы Дулаттай патриот ақынның арқасына аяздай батқан. Амалы таусылған қайран ақын “Көл қорыған қызғыштай, Сен десе салам байбалам” деп мұңданған. Қатыгез жаулаушының бетіне қараған қазақтың небір игі жақсыларының қабырғасын қаусатып, үнін шығармаса, олардың енді біразын аяр-сұмдықпен алдарқатып, дегеніне көндіріп жатқанына қатты ашынған. Өзі соншалықты қастер тұтқан ел-жұртының әп-сәтте тозып, азғындап, бара-бара жігері жемірілген, намыссыз, өткінші мансап, баянсыз байлыққа алданған кешегі елге қадірлі хан-сұлтандардың, қабырғалы билер мен бай-бағыландардың азайып, бірте-бірте көзден де, көңілден де ғайып болу қаупі төнгендігіне сескене қараған.

Кешегі бір заманда
Қасиетті еді хан, қараң, –

дегенде, ел шеті аман сонау бір бейбіт, бақытты заманда хан да қасиетті, қара да қадірлі, әркім өз орнын, өз бағасын білетін сыйластық сәні келіскен, дәулеті шалқыған, шіркін, армандай бостан тұрмысты аңсайды. Бүгінгі “Мынау азған заманда” ант ішкіш тұрақсыздарға, ниеті арам жаңа билеушілерге жол ашылып, күй таңдағыш жалқау, шабандардың көбейгендігін қамыға ескертеді.

Бозбаласы – бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң, –

десе, мына жалғаншыл, азған заманда босбелбеу, бошалаң бозбалалар, бетке келетін қыршаңқы, қырсық қыздардың пайда болғанын ақын жамандықтың

басы деп санаған.

Өзінше күнін кешіп, мамыражай жатқан жұрттың өскелең өркендерін бұзып, бағын байлаған, адам бойындағы жасырын жатқан жағымсыз, ашқарак нәпсіқұмарларының оянуына бірден бір кінәлі дағды-ырымы бөлек, ділі жат Ресей отаршылдары екенін атап көрсеткен. Шынында да бұлай пайымдаудың бұлтартпас дәлелдері болғандығы анық. Өйткені, күннен күнге әлдінің алдында құрдай жорғалап, арын сатқан сараң байлар, тек бас амандығын ел қызығынан жоғары қойған батырсымақтар молайып, қарсы тұрып, қайрат көрсетер қауқар азайды. Ептестірет ерлердің еңсесі түсіп, мылтық асынып, пушка сүйреткен мықты жауға тойтарыс ұймдастыру мұңға айналды, қазақ қоғамының дағдарысының тамыры тереңге тартты. Келешектен күткен жақсы үміт, орыс уәде еткен игі тұрмыс көз ұшында бұлдырап, сұры жаман сары уайым ұлғайды.

Адамдар байындағы бұл психология бір Дулат емес, сол тұстағы қазақ-қырғыздың көзі ашық, көкірегі ояу барлық даңғыл ақындарының, шешен билері мен ел қамын жеген кейбір хан-сұлтандарының да жан-жүрегін тербетті.

XIX ғасырларда өмір сүріп, сол дәуірлердегі оқиғалардың куәсі болған қазақ ел ақындарының соңында қалған әдеби мұраларына көз жіберсек, халық басына түскен зор қайғы, қабырға қайыстырған қасіреттердің негізінен агрессияшыл, өз жері аздай, өзге елдің жерін күшпен тартып алуға құмар, ниеті жаман көршілердің қанды жорықтарынан туындап жататындығын талассыз аңғарамыз. Бұл пікірімізге дүниежүзілік тарихта дәлел көп. Халық бастан кешкен ондай алмағайып ауыр кезеңдерге қазақ импровизатор ақындары қайырсыз қайғылы заман, қысқан заман, кер заман, тар заман, зар заман, ақыр заман деп ерекше даралап көрсету мақсатында алабөтен айдар таққан. Сөйтіп, ақын-шайырлар қалың бұқара тағдырындағы қанды қиыншылықтарды ой-санаға, рухқа түскен салдары ұзаққа кететін, жазылуы екіталай шипасы жоқ дерттей, тозақтай, түнектей шақтарды өздерінің өлең-толғауларына арқау еткен, сонысымен кейінгі ұрпаққа баға жетпес мағлұмат қалдырған. Көз көрген тарихты бейнелі, образды түрде баяндап айтудың тамаша, қайталанбас көркем үлгілерін жасаған.

1847-1848 жылдары бүкіл ұлы даланы, қырғызды толық тепкісіне түсірген Ресей жаулаушылары ақырында, 1864-1865 жылдары Ташкент, Бұқара, Хиуа, Самарқанд секілді Орта Азияның шаһар-мемлекеттерін талқандап бағындырды. Сонысымен тек қазақ-қырғыз жерлері ғана емес, бүкіл Кіндік Азияның бірден бір әмірші қожасына айналды. Бұл — қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, тәжік, т.б. ұлт-ұлыстар үшін шыққан күні батып, соңғы үміті үзілгенмен бірдей еді.

Сөйтіп, бас еркінен айырылған қалың елдің мұң-зары күннен-күнге үдей берген. Артта қалған жайлы тұрмысты, жайбарақат өмір қызығын көксеген жұрттың сарғайған сағынышы, күйінішті зары неше алуан әфсана-аңыздар мен өлең-толғаулардың басты тақырыбына айналды. Қазақ поэзиясында бұл тақырыпты алдымен көтерген Дулат, Мұрат, Шортанбай сынды ақындар

болды. Мәселен, Шортанбай Қанайұлы өзінің “Зар заман” атты өлеңінде:

Зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман.
Сөздің басы – бисмілла,
Біз айталық, сіз тыңда...
Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы – жаннан түңілген,
Жаман – малдан түңілген,
Мұның өзі-зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін күндеген,
Жай-жайына жүрмеген
Мұның өзі – тар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті,
Тәңірім болғай демесін...
Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
Аламын деп талпынды,
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алқынды [7, 10-12], -

деп торыққан. Ұлттық поэзиямыздағы осы сарындас ақындардың әдеби мұраларына назар аудара келіп, академик-жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов былай деген: “Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына “зар заман” ақындары деген ат қойдық. Бұл ақындардың дәуірі — жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан, қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады” [8, 192].

Асылында, адам баласы басына күн туып тарыққанда, үміті үзіле торыққанда зар илейді. Жан-жағын қарманалды, қолға ілігер тым құрыса талшыбық іздейді, оны таппайды. Содан көкірегі қарс айырылып қайғырады, күңіренеді, бір кездегі бейқам күндерді ойлап, уайым шегеді, аһ ұрады. Кіріптарлыққа түсіріп, шерменде қылған уақытқа қарғыс айтады, бұл жағдайдың түп себептерін іздейді, салдарына күйзеле ой жібереді. Ақырында олар күллі кесапатты әкелушілер жат жұрттық отаршылдар деген тоқтамға келеді. Міне, осындай зіл батпан ойға түскен ақындар қазақ поэзиясында Абай,

Дулат, Мұрат, Шортанбайлар болды. Олар қазақ елінің басындағы кер заманның, тар заманның, зар заманның дүние қарап болардағы ақыр заманнан несі кем дейтін қорытынды түйген. Ақыр заманның көріністері мен белгілерін атап шыққан. Мысалы, Шортанбай:

Сөйлеген сөзі жалған-ды,
Шайнаған асы арам-ды.
Кім мұсылман, кім кәпір,
Бір Аллаға аян-ды.
Дос кісіге қас қылсаң,
Өз бойыңа жаман-ды.
Атасы ұлға нанбайды,
Көңіліне қуаныш қылмайды.
Уәліден кетті керемет,
Патшадан кетті ғаділет.
Ақыр заман таянды!
Бұл асылық асқан заманда,
Ұл туады атаменен егесіп,
Қыз туады анаменен теңдесіп.
Баласы кетті тыюдан.
Масқаралар таймайды,
Жас сыйласып тұрудан [7, 13], -

деген.

Аталған шығармашылықтардан ХІХ ғасырдағы қазақ халқының өзгерген дүниеге көзқарасы, оған берген бағасы көрініс тапқан. Әдепкіде ел ішінде орын алған оғаш, сорақы қылықтарды санамалап, сарнай зарлаған Дулат, Шортанбай сияқты ақындар сол келеңсіздіктердің бара-бара мүлде бас бермей, тереңдей түскендігін көріп қайғырған. Бейнелі түрде осының барлығын ақыр заманның белгілеріне ұқсатқан. Өзегін өкініш өртеген Шортанбай Қанайұлы мына заманда жалған сөйлеушілер, арамды адал көретіндер, досына қастық қылатындар көбейді, бала атаға қарсы шығып, қыз анаға қарсы шығып, жасы үлкенді сыйламайтын масқаралар пайда болды, “Ақыр заман таянды” деп түйген. Және де Абай, Дулат, Шортанбай бастаған ақындар қазақ халқының дүние танымдық негізі, күллі тәрбие-тәлім дағдыларының басты ұстыны, қоғамдық тіршіліктің рухани тіні ислам дінінің қағидаларын елемейтін, ата жолын сыйламайтын зәу-заттар тобының қарасы зорайып, өсіп келе жатқандығын да қоса байқаған. Өздерінің өлеңдеріне қарағанда, халық ақындарының бір парасы сол ХVІІІ–ХІХ ғасырларда-ақ медіресе-мектеп көріп, сауат ашқан ба дейміз. Оған назар аударарлық негіз де бар. Орта Азия тұрғындарына ислам діні VІІІ–VІХ ғасырларда тарай бастаған. Соған орай, араб дүниесінде қарыштап өркендеген ғылым жетістіктерімен, оның аса көрнекті ғұламаларының, педагог-психологтарының есімдерімен, құнды-құнды еңбектерімен танысудың реті жүзеге асты. Араб қарпін үйретіп, білім беретін

оқу орындары – медреселер ашылған. Самарқанд, Бұқара, Хиуа секілді шаһарларда жоғары деңгейдегі білім-ғылым ғимараттары жұмыс істеген. Бір ғана Ұлықбектің өңшең білгіш мұғалім-зерттеушілер сабақ берген медресесінің өзі неге тұрады! Ал оның аспан шырақтарының қозғалысын анықтаған және күннің шығып-батыуы туралы әрі жыл он екі айдың ұзақтығын дәл өлшеген обсерваториясы ше?

Мінеки, осы исламдық шалқар өркениет табыстары ұлы далаға да кеңінен жол салды. Нәтижесінде қазақ және өзге түркі дүниесі арасында арабша-парсыша сауаттандыратын, мұсылмандықтың алғышарттарын ұқтыратын, Алланың бірлігін пайғамбардың өкілдігін негіздеп түсіндіретін ауылдық молда-мұғалімдер көбейеді. Осыдан барып, молданың алдын көрген, өздерінің хал-қадерінше әліпті таяқ деп білген, шама-шарқынша кітап оқи алатын адамдар қатары молая түскен. Бұл пікірімізге дәлел – халық ақындарының өлең жолдарында мейірім, шапағат, инабаттылыққа үндейтін және ислам дінінің пайда болуы, дамуы, қаһармандары, әр дәуірде жасаған пайғамбарлары, әулие-әнбиелері жөнінде кездесетін қызғылықты мәліметтер дер едік.

Мысалы, Абай өлеңдеріндегі мынандай жолдар назар аударады:

1 Патша құдай сыйындым
Тура баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме...
О да – құдай пендесі,
Түспей кетер деймісің,
Тәңірінің құрған тезіне? [1, 90]
2 Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес... [1, 266]

Бұл өлеңдерінен Абайдың исламдық үрдістерді жан-тәнімен қабылдап, оны бұзбауға шақырғандығын анық байқаймыз. Өйткені, оның «Патша құдай сыйындым, тура баста өзіңе» деген сөздері ислам дінінің қасиетті кітабы Құран кәрімнің «Фатиха» атты беташар сүресін еске түсіріп тұр. Онда былай делінген: «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. Аса қамқор, ерекше мейірімді. Қиямет күнінің иесі. (Әй Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! Бізді тура жолға сала көр! Нығметке бөлендіргендеріңнің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!» [9, 1]. Аса құдіретті Жаратушыдан ақын өзін тура жолдан адастырмауын өтінген. Ал, қазақ ішіндегі Арғын, Найман сияқты ірі-ірі тайпалар қаншама асқақтап

арындағанымен олар да құдайдың пендесі. Ендеше, тура жолдан адасса, олар да «Түспей кетер деймісің, Тәңірінің құрған тезіне» деп түйеді Абай ақын. Ақынның түсінігінше, Алланың адамзаттан талап ететіні – «ынталы жүрек, шын көңіл». Демек, ұлы Жаратушыны ақ-адал жүрек-көңілмен ұмсына, ынталана сүю шарт. Мұнан өзге дүниеауи аңсар-ауандардың барлығын да Хақтың жолымен сыйыспайтын пендешілік әрекеттерге жатқызған.

Данышпан Абайдың осы ұстанымы Шортанбай өлеңдерінен де жақсы көрінеді:

1. Күнәкәр болма, жігіттер,
Алланың жазған хаты бар.
Кәләм-шәріп құранда,
Мың бір есім аты бар.
Бұл сөзімді ұғады,
Иман нұрлы заты бар [7, 19].
2. Атамыз – Адам пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір – халық боп,
Сол адамнан таралды [7, 21].

Қоғамдық ортадағы сан қилы аумалы-төкпелі, қым-қиғаш құбылыстарды, адамдар ара қатынасындағы жөнсіздіктерді мінеп, олардың ата-баба дәстүріне қайшы келетін тұстарын нұсқаған кездерде Шортанбай ақын әрқашан да мұсылмандықтың адамгершілік турасындағы үлгі-өнегелерін алға тартып отырады. Оның түгелге дерлік әдеби мұраларында Алланың ақ жолы, шарифаттағы, пайғамбарымыздың хадистеріндегі қасиеттілік пен қасиетсіздік жөніндегі моральдік өлшемдер дәйектеледі. Соған қарағанда, біз Шортанбай Қанайұлы және одан өзге де қазақ, қырғыз халық ақындарының өз мезгіліне сай білім-біліктерінің болғандығына, кейбірінің арабша хат танығандықтарына көз жеткіземіз. Әйтпесе, олар “Құран кәрім”, “Сияр шәриф” және басқа да имандылықты насихаттайтын киелі кітаптарда баяндалған, тіпті, тұжырымдалған ежелгі ғылыми қисындарды қайдан біледі? Әрине, білгендіктен де ол өз кезіндегі әлеуметті күнәкәр болмауға шақырып, Кәләм-шәріп құранды Алланың адамдарға жазған хаты деп таныған. Алланың мың да бір есімі бар екендігін мәлімдеген. Кәләм-шәріп мағыналарын түсіндірушілердің еңбектеріне көз салсақ “Алланың күш-қуаты өлшеусіз, қаһарланса он сегіз мың ғаламды тарының жарты қауызына сыйғызады. Алланың ұлы-ұлы сипаттарын, сапаларын, қадір-қасиеттерін санай берсек, мың да бір болады. Соларға лайықты мың да бір есімі бар. Оның біреуін Алланың өзі ғана біледі, жаратқан пенделерінің бірде-біреуі білмейді. Мыңыншы есімі де құпия. Бірақ оны періштелер біледі... Адамдардан Алланың аса сүйікті құлдары білсе білген болар, бірақ олар ешкімге айтпаған... Сонымен мұсылмандардың ең мықты деген ғұламалары Алланың 999 есімін ғана біледі. Мың да бір есімінің ішінде аса ұлық болып есептелетіні – жүз де бір. Олардан біз білмейтін екі есімді шегерсек – 99. Тәспиктың

тастарының саны тоқсан тоғыз болатындығы сондықтан. Шын тақуа әр тасты тартқанда Алланың бір есімін айтып отыруы қажет” [10, 26-27].

Осындай-осындай қазақ халқының ішкі психологиялық бітім-болмысын, мінез-құлық қалыптарын, дүние жаратылысы жайлы танымдарын, басқа да толып жатқан қадау-қадау әлеуметтік ұстынды түсініктерін Абай және оның Шоқан, Ыбырай, Дулат, Шортанбай сынды замандастары өте терең де нәзік сезінген. Ал, Абайдың өзі болса жас шағынан-ақ мұсылманша оқып, одан туындайтын ереже-қағидаларды, жол-жора үрдістерді жіті аңғарған. Бұған ақынның көз ашқаннан арап-парсы тілдерін жақын жақсы біліп, жоғары деңгейде игергендігін қоссақ, онда оның көптеген өлеңдерінен қазақтың негізгі пайым-түсініктерінің ислам дінінің шарифат заңдарымен астасып жататындығына көз жеткіземіз.

Қорыта келгенде, қазақ халқының ХІХ ғасырда өмір сүрген ұлы перзенттері – Абай және оның замандас оқымысты-ғалымдары мен атақты ақан-жыраулары өздерінің өшпес, өміршең поэзиясы мен әдеби-тарихи жазбаларында туған елінің сол кездегі өмір тұрмысынан барынша толық ақпарат береді. Ешбір архив құжаттарында кездеспейтін соны да тың, аса қызғылықты, мән-маңызы ескірмейтін құнды-құнды мәліметтер аламыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1961. – 694 бет.
2. Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы. 2 – бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 бет.
3. Алтынсарин Ыбырай. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 бет.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 388 бет;
5. Жұмалиев Қ. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 434 бет.
6. Сүйіншәлиев Х. ХІХ ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 360 бет.
7. Дулат Бабағайұлы. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 бет.
8. Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. Құрастырушылар: Қ.Мәдібаева, К.Жүністегі. – Алматы: Айқап, 1993. – 80 бет.
9. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет;
10. Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі (Аударған: Халифа Алтай). – Медине: Екі Харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәриф басым комбинаты, 1991. – 604 бет.
11. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 бет.

КАТЕГОРИЯ ХРОНОТОПА В ПОЭМАХ АБАЯ КУНАНБАЕВА

Творчество Абая Кунанбаева занимает особое место в истории казахской и мировой культуры. Его произведения по сей день сохраняют свою актуальность и значимость, вызывая огромный интерес читателей, исследователей, общественности. Литературное наследие Абая Кунанбаева регулярно обсуждается на международных и республиканских конференциях, симпозиумах и форумах.

Значительный вклад в изучение творчества великого мыслителя и поэта внесли такие известные ученые, писатели, критики, как С. Муқанов, Г. Мусрепов, М. Ауэзов, Х. Жумалиев, М. Сильченко, Ш. Сатпаева, К. Бейсембиев, Т. Тажибаев, Б. Кенжебаев, М. Каратаев, А. Нуркатов, Р. Сыздыкова, А. Жиренчин, Б. Габдуллин, З. Ахметов, Х. Суюншалиев, Т. Алимкулов, Ж. Ысмагулов, Г. Бельгер, Ж. Дадебаев, Ш. Елеукенов, Б. Майтанов и другие. В своих работах они раскрывают новаторство, поэтическое мастерство Абая, особенности организации художественного мира его произведений [1; 2]. Большое внимание ими уделяется идейно-тематическому содержанию, проблематике поэзии и прозы А. Кунанбаева [3]. Исследователями рассматриваются особенности мировоззрения Абая, роль его произведений в формировании личности [4; 5; 6]. В работах ученых раскрываются самобытность поэта. На основе сопоставительного изучения произведений А. Кунанбаева в контексте восточной литературы прослеживается преемственность художественных традиций и национальное своеобразие его наследия [7].

В последние годы в литературоведении активно разрабатываются проблемы дискурса и категории времени-пространства в его художественных творениях [8]. Столь пристальный интерес к данным проблемам обуславливается тем, их изучение позволяет открывать новые грани наследия А. Кунанбаева. Они позволяют понять особенности его мировоззрения и мировосприятия, концепции бытия. Ибо категория хронотопа играет огромную роль в творчестве А. Кунанбаева. Многие поэтические произведения Абая пронизаны образами с пространственным и временным содержанием. Данные категории нередко выносятся в заглавие стихотворений А. Кунанбаева. Пример тому – произведения, объединенные в цикл «Тихой ночью при луне». В каждом из них описывается определенный временной период в жизни людей и природы. Автор отмечает особенности изображаемого момента, его место и роль во всеобщем круговороте бытия.

Интересна пространственно-временная организация поэм Абая Кунанбаева. Их хронотоп характеризуется сложностью, многоплановостью. Так, повествование в поэме «Искандер» ведется от третьего лица. Автор излагает основные события, рассказывает о царе, покорившем весь мир.

Изображаемое в произведении действие описывается с позиций будущего времени. Тем самым автор подчеркивает, что его хронотоп не совпадает с хронотопом событий, разворачивающихся в поэме.

Такая позиция позволяет повествователю дать объективную оценку происходящему, объяснить причины, мотивы поступков Искандера, выразить свое отношение и показать мнение людей, с которыми царь вступает в диалог.

Хронотоп произведения отличается неопределенностью. В поэме не указываются точные временные рамки и пространственные границы.

Система координат, в которой разворачивается действие произведения, меняется. Границы хронотопа варьируются, то сужаясь до частной судьбы, то приобретая планетарные масштабы:

Помнит *мир* Искандера, его дела.
Македония скипетр ему дала.
Был сыном Филиппа-царя Искандер.
Мечтою о славе его жизнь была.

<...>

Много крови *в моря и в реки* он влил.
Без счета невинных на смерть осудил.
Осталась недобрая память *навек*
О кровавых делах, что он совершил [9, с. 252].

Особенности пространственно-временного континуума поэмы обуславливаются образом главного героя. Будучи царем, завоевателем, он возвышается над окружающими и вершит судьбами людей, государств. Искандер покоряет разные страны, расширяя территорию своего края. Соответственно его хронотоп тесно переплетается с хронотопами завоеванных им народов, государств.

В поэме четко прослеживаются две системы пространственно-временных координат. Одна из них отражает походы Искандера. Вторая – связана с пребыванием царя в пустыне и встречей с мудрецом.

Обе системы фактически противопоставляются друг другу. Ибо в первом случае описываются завоевания царя, его жестокость, алчность, стремление к богатству. Она отражает материальный мир.

Во втором случае характеризуется душевное состояние Искандера. Автор описывает страдания героя во время его пребывания в пустыне.

Своеобразной точкой отсчета, моментом смены жизненной позиции и устремлений царя выступает понятие славы. Ибо именно о ней говорит автор в начале произведения и при характеристике пространства сознания, души Искандера, изнемогающего от жажды в пустыне.

Был сыном Филиппа-царя Искандер.

Мечтою о славе его жизнь была [9, с. 252].

И далее:

Хотел Искандер всех мечом умертвить,
С мечтою о славе всемирной простясь [9, с. 253].

Однако, решающую роль в судьбе царя Македонии играет встреча и диалог с мудрецом. Покинув благополучно пустыню, Искандер снова отправляется в завоевательный поход. Лишь мудрецу удастся вразумить царя и умерить его жажду власти.

Такое развитие событий имеет глубокий смысл. Ибо ситуация в пустыне наглядно демонстрирует Искандеру бессмысленность его походов, относительность и преходящность всего материального. Это своего рода предупреждение царю о необходимости переосмысления им своего бытия.

Диалог с мудрецом окончательно развеивает миф о величии Искандера, о значимости его завоевательных походов. На его уровне проводится четкая грань между вечным и преходящим, земным и небесным, духовным и материальным.

В поэме наблюдается противопоставление между прошлым и настоящим. Это отражается прежде всего на уровне глаголов «есть» и «была»: «Говори. Встретив радость, не "есть" – "была"» [9, с. 257]. Тем самым автор подчеркивает относительность бытия людей, преходящий характер таких категорий, как «счастье», «слава», скоротечность жизни человека («Жизнь кратка, поманит – и уже ушла» [9, с. 257]).

Противопоставление прослеживается в описаниях государств, завоеванных Искандером. Автор показывает, какими они были до нашествия царя Македонии и после:

Непокорных покорными сделал он,
Свои земли просторными сделал он,
Дни *светлые* ханов, султанов, царей
Омраченными, черными сделал он [9, с. 252].

Контраст позволяет, с одной стороны, глубже постичь драму покоренных народов, с другой – увидеть изменение хронотопа их бытия. Ибо с приходом Искандера жизнь людей существенно меняется. Их судьбы попадают в зависимость от его воли. Соответственно частный хронотоп Искандера начинает как бы вбирать в себя хронотопы жителей завоеванных государств.

Интересна композиция поэмы. Условно ее можно поделить на три части. Первая охватывает завоевательные походы Искандера, вторая – его пребывание в пустыне и встречу с мудрецом у ворот Бога, третья обращена к читателю и содержит назидание автора. Соответственно каждая часть имеет свои пространственно-временные координаты.

Так, в первой события описываются в прошедшем времени. Автор выступает сторонним наблюдателем. Он перечисляет деяния Искандера.

Основу второй части составляет диалог царя и мудреца. В результате чего хронотоп автора накладывается на хронотоп героев. Создается ощущение сопричастности повествователя происходящим событиям.

В третьей части автор прямо обращается к читателю, тем самым сокращая пространственно-временную дистанцию. Назидая и обобщая, он заставляет воспринимающего субъекта вступить в своеобразный диалог с ним и осмыслить описываемые явления, события.

Такое построение произведения, во-первых, способствует более полному раскрытию авторской идеи о преходящем характере всего сущего, о значимости общечеловеческих ценностей; во-вторых, позволяет усилить воздействие на читателя; в-третьих, помогает постичь суть деяний Искандера, его роль в исторической и общественной жизни античных государств.

В поэме поднимаются темы жизни и смерти, славы и вечности. Обращение к ним писателя обуславливается его стремлением постичь законы бытия.

Смерть противопоставляется жизни. Она, с одной стороны, подчеркивает конечность бытия людей, ограниченность их частных хронотопов; с другой – выступает спасением от страданий и лишений.

«Безумели люди и, жизнью томясь,

Лишь смерти молили, судьбе покорясь» [9, с. 253].

Смерть в понимании автора уносит человека в иное измерение, где слава, богатства, лести не имеют никакого значения, ибо время там бесконечно, а пространство безгранично.

Жизнь предстает в поэме как мимолетная и скоротечная. Ибо бытие человека протекает в четких временных рамках и в конкретных пространственных границах. «Жизнь кратка, – говорит автор, – поманит, – и уже ушла [9, с. 257].

Слава, согласно концепции писателя, носит иллюзорный характер. Она подобна миражу.

Ты стяжаешь себе похвалы глупцов,
Окружаешь себя ты толпою льстецов.

Но на шаг отошел – и осмеян ты, –

"Вот, скажут, бесчестный, и сроду таков! [9, с. 257].

Категория славы неразрывно связана с категорией пространства. Ибо она разносится по всему миру, о чем свидетельствует описание походов Искандера:

Победы его разглашали гонцы,

Его слава летела во все концы [9, с. 253].

Слава окружает человека, вызывая в нем ощущение собственного величия. Под ее воздействием меняется пространственно-временная позиция людей. Они как бы начинают возвышаться над остальными.

Однако, по мнению автора, это всего лишь иллюзия. Слава человека, с одной стороны, меркнет перед лицом смерти, с другой – она носит относительный, субъективный характер. Более того, слава сужает границы индивидуального времени-пространства человека. Замыкаясь на ней, люди перестают понимать подлинную суть вещей, объективно оценивать реальность, ощущать многогранность бытия. Подтверждение тому – непонимание Искандером ситуации с брошенной ему глазничной костью.

Слава противопоставляется в поэме категории вечности. Соотнося данные понятия, автор еще раз подчеркивает относительность, условность бытия людей, их устремлений к материальным благам.

Категория вечности переплетается в произведении с духовным началом. Согласно концепции писателя, подлинное величие человека заключается в чистоте его помыслов, благородстве деяний, нравственности, мудрости. «Если есть в тебе свет – говорит автор, обращаясь к читателю, – он будет светить» [9, с. 257].

В поэме изображаются две модели бытия людей – горизонтальная и вертикальная. Первая отражает жизнь Искандера. Охваченный желанием славы, ведя завоевательные походы с целью расширения своих владений, он движется по горизонтали. Вторая модель бытия описывается мудрецом и автором в финале произведения. Она предполагает движение человека ввысь, к Богу, к миру гармонии. Живущий по вертикали преисполнен нравственного величия и следует подлинным ценностям бытия.

Соответственно в произведении противопоставляются земной и небесный миры. Границей между ними выступает гора.

Символично ее описание. Перед Искандером гора предстает «грозной» и «высокой». Это обуславливается тем, что Искандер, будучи завоевателем, не достоин пребывания в небесном мире. Своими кровопролитными походами, он погубил жизнь невинных людей, разрушил древние города и фактически утратил духовные ценности, забыл имя Бога.

Глубокое значение несет в себе образ золотых ворот. Они преграждают путь в ущелье, в которое уходит живительный родник. Ворота – это прежде всего «врата в небесный мир», «врата Бога». Отсюда их нерушимость и бессилье перед ними Искандера.

Искандер в ворота ударил рукой –
Далеко прокатился звон золотой.
Железная странно немеет рука, –
Ворота стоят нерушимой стеной.

Искандер, не знавший преград никогда,
Искандер, в боях побеждавший всегда,

Всесильным доселе считавший себя,
Бессилье познавший, впал в гнев от стыда [9, с. 254].

Золотой цвет ворот символизирует божественный свет. Он связан с образом солнца. Более того, в античной культуре золотой цвет воплощает бессмертие. Он выступает символом рациональности мышления. Именно поэтому рука Искандера немеет при ударе в ворота. Тем самым автор подчеркивает неразумность деяний царя, ограниченность его бытия и всецелую принадлежность земному, материальному и преходящему миру.

Многозначностью характеризуется образ родника. Он, во-первых, выступает источником жизни; во-вторых, воплощает собой светлое, чистое начало («Освежила уста и душу струя» [9, с. 253]); в-третьих, связан с божественным миром, на что указывают его истоки и целительные свойства.

Интересно соотнесение образа родника с образом звезды:

Обнял Искандер шею друга-коня, –
Поднялся, вдруг видит: блестит луч звезды.

Он идет на луч, но, взамен огня,
Там струится ручей, прохладой маня [9, с. 253].

Данное сравнение подчеркивает связь родника с небесным миром. Оно показывает величие божественного мира, живительную силу прекрасного и светлого начал.

Символичен уход Искандера в сторону заката. После разговора с мудрецом и осознания ничтожности своих деяний по сравнению с вечным, он поворачивает на запад. Тем самым автор показывает, что Искандер постигает конечность своей жизни, ограниченность хронотопа своего бытия.

Неоднозначностью характеризуется мир поэмы «Масгуд». Ее события разворачиваются в городе Багдаде во времена правления известного халифа Гаруна-аль-Рашида.

Действие произведения излагается с точки зрения автора. Отсюда наличие комментариев к образам героев, их поступкам и происходящим событиям.

По отношению к изображаемому автор выступает сторонним наблюдателем. Он повествует о событиях сквозь призму будущего времени. Индивидуальный хронотоп автора не совпадает с хронотопами героев.

Повествование произведения пронизано репликами участников описываемого действия. На их уровне происходит пересечение индивидуальных времен и пространств автора и героев. Более того, они способствуют сближению хронотопов прошлого и будущего, создавая впечатление, что диалог Масгуда и Кыдыра развивается в настоящем. Этому способствует также использование глаголов со значением

продолжительности, незавершенности действия, его осуществления в грядущем. Пример тому – слова Кыдыра:

Эй, джигит, я в большом пред тобой долгу!
Но от платы посильной не убегу.
Достоянье мое, мою жизнь ты спас –
Отплачу я тебе, джигит, чем смогу [9, с. 258].

Поэма состоит из двух частей, которые четко обозначаются автором. Первая посвящена встрече Масгуда и Кыдыра. Во второй части повествуется о деяниях главного героя, когда он становится визирем. Она заканчивается наставлением автора.

Обе части произведения связаны между собой и фактически раскрывают два противоположных поступка главного героя. В первой показывается мудрость Масгуда, во второй – глупость. Тем самым автор проводит мысль о двойственности человеческой природы, бытия, мира.

Поэма строится по принципу противопоставления. Оно проявляется, во-первых, на уровне героев произведения (Масгуд и злодей; визирь, халиф и толпа обезумевших людей). Во-вторых, противопоставляются такие категории, как добро и зло, ум и глупость, любовь и ненависть. В-третьих, в поэме соотносятся материальное богатство и духовное, вечное и преходящее, свое и чужое.

Противопоставления подчеркивают дуализм бытия людей, наличие в нем разных начал.

Интересен хронотоп главного героя. Его пространственно-временная позиция в процессе развития действия меняется. В первой части произведения Масгуд в силу своей мудрости, благородства совершенного поступка возвышается над окружающими его людьми. Об этом свидетельствует имя, которое ему дают в народе. «Светоч мира» называют Масгуда.

Во второй части хронотоп героя постепенно сливается с хронотопами обезумевших от дождя людей. Стремясь сохранить свою жизнь, Масгуд уподобляется толпе. Он теряет свое нравственное и духовное величие. Границы его частного хронотопа замыкаются на личных интересах, тем самым ограничивая его внутреннее пространство и лишая его возможности стремиться ввысь, в мир света, гармонии, мудрости.

"За разумность хотят нас глупцы убить, –
Так не лучше ль ума лишиться, чтоб жить?
Омрачился их ум от волшебной воды, –
Придется и нам ее, видно, испить".

И наполнили кружки водой дождевой,
И безумие разделили с толпой.
Теперь, когда стали глупцами они,

Каждый славил их мудрость под крик и вой.

К пощаде взывал, кто им смертью грозил, –
И халиф их простил, и визирь простил.
Так случилось, что сброд лишенных ума
И умных двоих рассудка лишил [9, с. 263-264].

На примере судьбы главного героя автор проводит мысль об относительности бытия. Более того, поступок Масгуда показывает зависимость человека от окружающих его людей.

В поэме раскрывается идея индивидуальности пути каждого человека, уникальности его частного хронотопа. Отсюда градация на «свое» и «чужое». Наставляя читателя, автор заявляет о том, что всегда нужно следовать зову собственной души, разуму и не идти на поводу у толпы.

Вот пример, как всеильна глупость порой.
Не пускай свой ум *по дороге чужой*.
Не много хорошего приобретешь,
Слепо следуя за безумной толпой [9, с. 264].

Большую роль в произведении играют сон, сакральные числа. На уровне видения главного героя происходит его встреча с Кыдыром, который раскрывает будущее, ожидающее Масгуда. Тем самым сон выступает особым пространственно-временным измерением, соединяющим настоящее и грядущее.

Повествуя о Масгуде и Кыдыре, автор упоминает числа «три», «семь». На их уровне осуществляется связь земного и божественного миров.

Семь – число духовного совершенства. Именно поэтому спустя неделю безумные, по словам Кыдыра, снова станут здоровыми. Они пройдут как бы путь духовного развития. Более того, число «семь» неразрывно связано с образом Масгуда. В течение недели он должен, пройдя испытание, достичь духовного величия.

Число «три» несет в себе значение гармонии, завершенности, целостности. В поэме оно также обозначает грани, неотъемлемые составляющие бытия людей – ум, богатство, любовь.

Заслуживает внимания место встречи Масгуда и Кыдыра у древней гробницы, под одиноким деревцем. Данные образы заключают в себе сакральный смысл. На уровне места встречи героев происходит связь прошлого и будущего, вечного и настоящего. Именно поэтому деревце растет посреди пустыни возле гробницы и шелестит над ней листвой.

Примечателен цвет плодов, растущих на дереве:

Белый, красный и желтый – снег, кровь и мед [9, с. 259].

По сути они выражают совершенно разные, не связанные между собой понятия. Однако в контексте поэмы единство снега, крови и меда очевидно, что проявляется на уровне характеристики плодов. Описывая их цвет, Кыдыр говорит Масгуду:

Съешь ты белый плод – будешь всех умней,
Желтый съешь – будешь первым из богачей,
Красный съешь – станешь всем ты женщинам мил.
Все любви будут искать твоей [9, с. 259].

Белый цвет связывается в произведении с умом и образом снега. Это обуславливается тем, что он воплощает собой чистоту, высоту помыслов человека. Кроме того, образ снега символизирует холодность, трезвость рассудка, позволяющая человеку принимать правильные решения.

Желтый цвет ассоциируется с богатством и медом. Это объясняется тем, что он связан с золотом. Мед показывает сладость, испытываемую человеком от ощущения собственного богатства.

Красный отражает любовь женщин. Автор связывает данный цвет с образом крови. Ибо красный – символ страсти, огня, от которого в человеке все кипит.

На уровне диалога Кыдыра и Масгуда происходит раздвижение границ хронотопа описываемых событий до вселенских, общечеловеческих масштабов. Объясняя свой выбор, главный герой постоянно ссылается на то, какую роль сыграет съеденный плод в его судьбе и в жизни людей.

«Плод желтый потом захотелось мне съесть,
Чтоб богатства вселенной всей приобрести. –
Но подумал: богаче всех прослышу,
А действительно ль это большая честь?» [9, с. 260].

Позиция героя подчеркивает значимость совершаемых человеком деяний, масштабность их последствий. В словах Масгуда заключена мысль о единстве хронотопов людей, связи их индивидуальных времен и пространств с хронотопом окружающего мира, Вселенной.

В произведении проводится мысль об ограниченности, замкнутости бытия людей. При этом в качестве ее причины выступает двойственность явлений, мира. Подтверждением тому являются слова Масгуда:

Плод белый сперва я подумал сорвать,
Чтобы умных умней, мудрей мудрых стать.
Но буду ль тогда властелином ума?
Нет, ум станет мною тогда помыкать [9, с. 260].

Символическим смыслом наполнен выбор героя произведения. Он берет красный плод.

Масгуд выбирает любовь женщин, мотивируя тем, что это самый драгоценный дар. Ибо данное чувство способно спасти и защитить человека от врагов, помочь в трудные моменты жизни.

Будет враг у меня, не лишусь я сна:
У врага есть мать, дочь, сестра, жена,
У жены его также найдется мать –
Окажет заступничество хоть одна.

Ни один человек без ссор не живет.
О ссоре толкуешь с женой наперед.
Если гневен муж, на жену положишься:
Для гнева и злобы лекарство найдет... [9, с. 261].

На примере выбора Масгуда автор показывает величие и силу любви. По его мысли, она способна разрушать пространственно-временные границы, разделяющие людей.

Следует отметить образ пустыни. Как и в поэме «Искандер», герой, оказавшись на ее территории, осмысляет свою жизнь и принимает решение. В этом плане пустыня символизирует место раздумий человека. Ее безлюдность, отсутствие растительности способствуют погружению героев в себя, в свой внутренний мир.

Таким образом, отличительными особенностями хронотопа поэмы Абая Кунанбаева являются многомерность, сложность, неопределенность и условность. Границы пространственно-временного континуума произведений постоянно варьируются. В поэмах А. Кунанбаева нередко наблюдается оппозиция «верх – низ». Частные хронотопы героев отличаются двойственностью и неоднозначностью. Огромную роль играют образы юрты, реки, луны, степи, способствующие более глубокому пониманию концепции бытия А. Кунанбаева. В его поэмах изображаются различные типы хронотопов и темпоральных ритмов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
2. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995.
4. Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – Алма-Ата: Казахское гос. изд-во, 1957.
5. Тажибаев Т. Абай Кунанбаев о воспитании молодежи. – Алма-Ата: Казахское гос. изд-во, 1954.
6. Есімов Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994.
7. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. Алматы: Қазақстан, 1994.

8. Темірболат А.Б., Кенжеғараев Н.Ж. Абайдың поэтикалық әлемі. – Поэтический мир Абая: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015
9. Абай. Стихи. Поэмы. Проза. / Перевод с казахского. – Алматы: Мектеп, 2002. – 192 с.

АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ М.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕ

М.Әуезовтің артында қалдырған мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды рухани игіліктерге қосылады. Себебі жазушының алғашқы әңгімелерінің өзі кезінде әлемдік деңгейге көтерілген еді. М.Әуезовтің алғаш әңгімелері мен повестерін жазған тұста-ақ оның суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейдегі жазушы деген бағаға ие болғаны бүгінгі жұртшылыққа белгілі. Академик жазушы С.Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді»,– деп әділ баға берген еді [1, 25-26]. «Жазушының жиырма төрт жасында жарық көрген «Қорғансыздың күні» әңгімесі қазақ топырағындағы прозалық шығарма жазудың балаң шағы мен таптаурын тәсілін жаңа сатыға көтеріп, туған әдебиетіміздің абыройын еуропалық деңгейге шығарған айтулы туынды болды» [2, 39].

М.Әуезовтің күллі прозасына тән болып қалыптасқан шеберлік қырлары да осы әңгімеден кейін жалғасын табады. 20-30-шы жылдары жазған прозалық шығармалары ұлттық әдебиетімізде жаңашылдықтың жаршысы болды. Сан алуан ұлттық рухани игіліктерімізді жаңғыртып, екшеп, жаңа түрмен алдымызға әкелді. Жазушы туындыларында сомдалатын кейіпкерлер өмірі, олардың портреттері мен характерлері, ішкі психологиясы, табиғат құбылысын адам көңіліне лайықтап суреттеу шеберлігі қаламгердің қас дарынын танытады. Әуезов прозасына тән ерекшеліктер мынадай: пейзаж бен адам психологиясы астасып жатады, оқиға желісі реалистік дәлдікпен беріледі, көркем шығармадағы кейіпкерлер психологизмі терең жарасыммен сипатталады. Қай

кезеңде, қай туындысын алсақ та, Әуезов әңгімелерінің тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. Қазақ халқының өткен тарихын қозғап, ел тұрмысының шынайы болмысын баяндап, адамдар тағдырының шындығын суреттейді.

М.Әуезов алғашқы әңгімелерінде сол кездегі қазақ тұрмысындағы толғағы жеткен мәселелерді көтереді. Төңкеріске дейінгі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті, озбырлықты, адамдар арасындағы қым-қиғаш қайшылықтарды нанымды бейнелейді. Қорғансыздар мен панасыздар, жетімдер тағдыры реалистік тұрғыдан көрінеді. М.Әуезов бұл әңгімелерінде гуманизм мәселелерін жоғары көтереді.

Жазушының осы тұңғыш прозалық шығармаларының өзінен-ақ реализмнің өзгеше бір сипаты анық байқалады. Жазушы ащы шындықты ақтара ашуға ұмтылып, қарапайым жандардың қатал тағдырына жаны ашып, кейіпкерлеріне іш тартады. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерлерінің ауыр

тағдырына арашашы болып, оларды авторлық көркемдік идеямен қорғайды. Сондай-ақ, жазушының бұл шығармалары терең психологизмге құрылған. Оның мұндай шығармаларын оқушы көкірегінің қарс айырып, егіліп отырып оқиды.

М.Әуезов шығармаларына тән нәрсе – стильдің қайталанбауы, ондағы кейіпкерлердің зор сезімталдығымен, нанымдылығымен, психологиялық тереңдігімен ерекшеленіп тұратындығы. Профессор Р.Бердібай М.Әуезовтің қазақтың көркемсөз өнеріне қосқан жаңалығын атап көрсетеді: «М.Әуезовті қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін жасаушылардың бірі ғана емес, бірегейі деп білеміз. Оның қаламынан қазақтың сөз байлығы, сөйлеу дәстүрі өзгеше құлпырып, гүлденіп, түрленіп шығатын. Ол қаншама сөзді қайта тірілтуші, көп сөздерді жаңадан жасаушы немесе өңдеуші ұста еді. Суреткердің шығармалары халқымыздың көркемдеп ойлау мәдениетін шыңға көтерді» [3, 181]. Жазушының шағын әңгімелері ғажайып талантын танытып, үлкен прозаға бастайтын алтын көпір болды. «Мұхтар Әуезовтің халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармаларын қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек», – деп жоғары баға береді З.Ахметов [4, 35]. Расында да, М.Әуезов ауыз әдебиетінен және Абай поэзиясынан нәр алып, шығыс әдебиеті мен орыс, батыс әдебиетінің озық үлгілерін бойына сіңіріп, қазақ әдебиетіне өзіндік даралығымен келіп, бүкіл әлем әдебиетіне қосылған ірі құбылыс болды.

«Мұхтар Әуезов – кесек тұлға, таным тамырлары шеңгелдене ұйысқан күрделі талант иесі. Оның жан сарайын түсінуге тырысу да талантқа көрсетілген тағзым. Оның... өміртанымын, көзқарасын сөз еткенде ұлы Абайдың рухани дәстүрінсіз талдау мүмкін емес. Онсыз Мұхтар тұлғасы толық ашылмайды», – деп ғалым-жазушы Т.Жұртбай Абай дәстүрінсіз Мұхтар шығармалары туралы сөз қозғау мүмкін еместігін ескертеді [5, 10].

Мұхтар Әуезов шығармашылығының нәр алған негізгі қайнар бұлағы - Абай мұрасы. Абай мұрасынан нәр алып сусындаған, ақын дәстүрін бойына сіңіріп өскен М.Әуезов оған рухани жағынан өте жақын болып кеткен. Абай мұрасы Әуезовтің шығармаларында көрініп, өзгеше үйлесімдікпен жалғасып, келісімді тұтастықпен түрленіп отырады. Әуезовтің әр шығармасында Абай поэзиясының, ақын қарасөздері әсерінің іздері сайрап жатады. «Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар», – деп М.Әуезовтің өзі айтқандай, жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мұрасы көрініс беріп, прозалық туындыларында ақынның тіл өрнегі, ой желісі молынан кездесіп, әр шығармасында ұшырасып отырады.

Көрнекті ғалым Р.Нұрғалидың: «Әуезовтің Абайды тануы әуелі өлеңдерін жаттауы, Шыңғыстау еліндегі әңгіме-аңыздарды тыңдап жадыға тұту, жар-жолдас, ағайын-туыс, көз көргендермен әңгімелесуден басталып, бірте-бірте зерттеушілікке ойысады», – деуі, Әуезовтің шығармашылық жолындағы Абай мұрасының әсерін анықтай түседі [6, 141]. «Әрине, Мұхтардың көркем шығармашылыққа бет бұруында пәлендей кездейсоқтық

жоқ. Оның Абай үлгісін ұстана отырып, осы жолға түсуі заңды да» [5, 63]. Ғалымдар пікіріне жүгіне отырып, профессор М.Базарбаевтың: «Ұлы Абайдың қолын алған, достық қолын алған Мұхтар Әуезов өзі де классик жазушыға айналды. Абай сияқты ол да жаңа дәуірдің көркем сөзін биік сатыға көтерді», – деген сөзінен де Әуезовтің өзіне Абайды рухани ұстаз етіп, шығармашылығына үлгі-өнеге тұтқаны айтылады [7, 140]. Жазушының прозалық тұңғыш шығармасы «Қорғансыздың күні» атты әңгімесі қазақ ауылының өмірінен алынған аса бір ауыр шындықты, адамның жаны түршігерлік сұмдықты баян етеді. Жазушы бұл әңгімесінде әлділердің, озбырлардың қорғансыз жандарға жасаған хайуандығын бейнелейді. Осы оқиғалардың барлығын жазушы аса мұңды тебіреніспен оқырманға шебер тілмен жеткізеді.

Мұхтар Әуезовтің бұл әңгімедегі кейбір сөз оралымдарынан Абай өлеңдеріндегі сөз өрнектерінің үйлесімдігі байқалады. Мәселен, «Қандай арамдық, не бұзық, құлқы болып еді? – Ешбіріне жауап жоқ» [8, 253]. Бұл үзінді Ғазизаның зұлымдыққа ұшыраған кезінен алынып отыр. Жазушының толғанысты сөзі Абайдың:

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?
деген өлең жолдарындағы ой желісі мен сөз жүйесіне келеді.

Сорлы күйге ұшыраған, ыза кернеген Ғазиза жайлы жазушы ары қарай: «Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп, дуылдап басына бір-ақ шықты», – деп суреттейді [8, 253]. Ар, намыс, ұят деген танымдар Абай шығармаларының басты нысаны екені белгілі. Мына өлеңде:

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап, -

деп ақын адамға керек басты қасиеттерді айтады.

Абайдың «Кешегі Оспан» деген өлеңінде інісі Оспанның жақсы қасиеттері айтылады.

Кешегі Оспан –
Бір бөлек жан,
Үйі – базар, түзі – той, –

дейді. Оспанның мінезін суреттейтін осы өлең жолдарындағы «үйі – базар, түзі – той» деген метафоралар «Қорғансыздың күні» әңгімесінде кездеседі. Жазушы Абайдың бұл сөздерін өзінің бұрыннан құлағына сіңісті қалыппен қолданады. Мысалы, «Жоқтығына қарамай, үйін – базар, түзін – той қылып, думан қылып отырудан босаушы ма еді. Момындығы, биязы сыпайылығы қандай еді, топырағың торқа болғыр, қарағым!» [8, 245]. Бұл – Ғазизаның кәрі әжесінің екі жолаушыға айтқан әңгімесі. М.Әуезов кейіпкерлерін сөйлетуге өте шебер жазушы. Әсіресе, жадау үйдің үлкені, үлкенді-кішілі баласын о

дүниеге амалсыз аттандырып, су қараңғы келіні мен пәк жанды бойжеткен Ғазизаны пана көріп отырған қарт ананың монологі көп нәрсені ұқтырады.

М.Әуезовтің алғашқы туындыларының бірі – «Оқыған азамат» әңгімесі. Бұл әңгімеде қала тұрғындарының өмірі шынайы суреттеледі. Қазақ тұрмысының ауыр жақтары, ұсқынсыз көріністері бейнеленеді. Шығарманың басты кейіпкері мұғалім Мақсұт арманына жете алмай, науқастанып қыршынынан қиылады. Бұнда да қорғансыз кемпір бейнесі бар. Әңгімеде: «Жалғыз баласы – Мақсұттан басқа сүйеніші, тілеуі жоқ әлсіз сорлы шешесі көкірегі қайғы-шерге толып, көздері мөлтілдеген улы жасқа толып, жаутаңдап, қуат-көмек сұрағандай болып, Мейірханға қарай береді», – делінген [9, 6]. Осы үзінді Абайдың мына өлең жолдарына сарындас:

Қаза көрген жүрегі жаралы ол,
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп, -

Жазушы әңгіменің атын тырнақшамен «Оқыған азамат» деп береді. «Жазушы бұл әңгімесінде қазақ жастарының оқығандары ішінен дүниеқор, заңқор болып шыққандарды мінейді. Өзінің қайтыс болған жолдасының әйеліне үйленумен тынбай, жолдасының кәрі шешесінің қолындағы дүние-мүлікті «заңын» тауып, зорлықпен алатын Жұмағұл сияқтының оқумен тапқан білімі арам байлық, тақыстық жолына жұмсалғанын көрсетеді», – дейді ғалым Р.Бердібай [3, 175]. Оқыған азаматтың істеп отырған қылығы осылай болса, онда басқа адамдар не істемек деген оқырманға үлкен ой салады. Әңгімедегі ащы мысқыл кімді де болса мақтамен бауыздағандай ауыр тиеді. Осы жөнінде жазушы-ғалым Т.Жұртбай былай дейді: «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Заман еркесі», «Кінәшіл бойжеткен», «Қазақ қызы» әңгімелерінің атындағы мысқыл да соны танытады. Мұнда Абайдың «болыс болдым, мінеки» дейтін өлеңіндегі әжуа бар. «Міне, оқыған азаматтың, заман еркесінің, қазақ қызының сиқы. Солар өзін осылай атап жүр-ау!» – деген ашынудан туған реніштің табы жатыр» [5, 286].

Бұл әңгімеден де Абайдың сөз кестелерін кездестіруге болады. Мәселен, «Тұрғын халқының көбі қазақ болған Сібірдің кішілеу қаласы қыстың ақ киімін даламен бірге жамылып, жабайы табиғаттың жайлы күйін күйлегендей». Немесе «Ай жарық, түн желсіз тынық» деген жазушының табиғат көріністерін берген суреттемелері Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдеріндегі сөз өрнектеріне ұқсас келеді.

М.Әуезовтің «Барымта» атты алғашқы әңгімесінде де Абайдың сөздері кездеседі. Мысал келтіретін болсақ: «Жарық айлы түн еді». «Қазіргі жарық түннің тыныштығының ортасында Кеңөзек ұйқыға кеткен сұлудай болымсыз дымқыл тұманмен бусанып, тыныс алған сияқты». Енді бір мысал: «Сондықтан енді түн болған сайын жүдеу тартқан кемпір-шал: «Тағы не болар екен, тағы қандай пәлесі сап етеді?» – десіп, күрсініп налығандай». Аталмыш әңгімеде: «Бұл жолғы жау бұрынғылардан гөрі қимылдайтындай түсі суық, екпінді еді». Осы «Барымта» әңгімесінен келтірілген мысалдар Абайдың

«Күз», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдеріндегі сөз тіркестерін қайталайды.

«Барымта» әңгімесінде қазақ ауылының шынайы өмірінің бір кезеңі суреттелген. Жазушы ертедегі ел арасында тараған жауласып-барымталасқан әдетті сынайды. Мысалы: «Соңғы екі жылдан бері екі ел бір-біріне әбден өштесіп ап, қолдарынан келген қастықтарын ашпайтын болып еді». Осы үзінді Абайдың мына өлеңін еске түсіреді:

Заман ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары,
Бір-біріне қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Абай жастардың бірлігінің жоғалып, берекесі кеткенін, бір-біріне қастық қылатынын жүрегі ауыра отырып айтады. Осыған ұқсас ел ішіндегі сабырсыз, арсыз, еріншектерді әшкерелеп жазған өлеңінде ақын былай дейді:

Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.

Адал еңбектен безінген, оңай жолмен пайдаға ие болғысы келген жексұрын адамдардың қылығын ақын ащы тілмен шенейді. Ел кезіп, көрінгенге арын сатып, адамгершіліктен жұрдай болған мұндай жандардың кәсібі ұрлық екенін баса айтады. Ауылмен егесіп, шабысып жүрген істерін ақын қатты сынайды. Осы өлеңдегі шумаққа сарындас Әуезовтің «Барымта» әңгімесінде былай делінген: «Жаз болып бір-біріне еріксіз жақындап, қоян-қолтық келгенде қолмен іс қылып: не ұрласып, не барымталасып, кей уақытта жасақ жиып шабыспақ та болып, дөң-айбат жасасып қалатын». Бұл үзіндіде жазушы қазақ аулындағы айықпас, кеселді әдет-ғұрыптардың бірі – барымтаның зиянды жақтарын көрсетеді. Яғни, алысып-шабысып кескілескен ауылдың келеңсіз жайын жазушы да сынайды. М.Әуезов өз әңгімесінде Абай сияқты ел ішінде етек алған жаман қылықты әшкерелейді. Мысалы: «Екеуі де малды, кісілі, жуансыған, соқтыққыш ел болатын. Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз өткізем деген бақталасы, бақкүндестігінен және солардың екі елді бүлдірген мінезінен барып, ақыры, бір-біріне қатты уыққан, қатты аңдысып шатасқан ел болатын. ... Екі жағы да қарсы елдің басты кісілерін ұлыққа шағысып, талай-талай арыздар берісіп, адвокатпен де қуысқан» [8, 317]. Барымтаны туғызып отырған ел билеген зорлықшылардың бақталасы екенін жазушы дөп басып айтады. Ру басы жуандарының айдап салуымен барымташылардың, атшабарлардың бірінің малын бірі тартып алып, атысып-шабысқан елдің келеңсіз жайын жазушы реалистік тұрғыдан

сипаттайды. Әуезовтің әңгімесінде суреттелген оқиға Абайдың поэзиясында да талай айтылған еді. Мәселен, Абайдың «Бөтен елде бар болса» деген өлеңінде былай делінген:

Ажарлыңыз, малдыңыз.
Пәленшені ұрам деп,
Түгеншені қырам деп...
...Қазақтың малын сапырып,
Көп бәлеге шатылып,
Кесапатқа жолықты.
...Жуандарға сыя алмай.
Сыйымсыз болды алашқа,
Барымтасын тыя алмай – [10, 110].

Абай қазақтың малын сапырып, барымтамен көп бәлеге ұшырап, шатылып жүрген адамның мінезін сипаттайды.

«Әуезов Абайды тану арқылы өз халқының тыныс-тіршілігін терең білді, қам-қаракетін, қайғы-қасіреті мен шаттығын, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынды», – деген белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың пікірі Әуезовтің Абайды тануы арқылы қазақ халқының бүкіл болмыс бітімін танығанын сипаттайды [11, 11].

М.Әуезовтің «қара сөз қаламгері» деген атын шығарған «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі» атты әңгімелері еді. Жазушының «Ескілік көлеңкесінде», «Кім кінәлі», «Сөніп-жану» әлпеттес шығармалары кең тыныста және шебер жазылған туындылар екені Ы.Дүйсенбаевтың еңбегінде қарастырылған [12, 8].

Жазушының прозалық туындыларынан Абай тілінің өрнектерін іздей қалсақ, оның әрбір шығармасынан ақынның сөз кестелеріне тап боламыз. «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімесінде бас кейіпкер байдың ерке қызы Жәмешке ғашық болып жүрген Қабыштың арманын жазушы былай деп береді: «...Қалай да болса, Жәмеш жарық айлы түнде, оңаша тоғайдың ішінде алғашқы рет Қабышпен көрісетін болса, соның өзі де жас жігіттің бұл күнге шейін басынан атқармаған рақаты болмақ» [8, 370].

Сондай-ақ «Кім кінәлі?» әңгімесінде: «Тыстағы жарық ай, тыныштыққа батқан желсіз түн, ұйықтаған ауыл, жым-жырттықпен қалғыған салқын ауа көңлін басып тұрған ауырлықты бір мүйнетте сергіткендей» [8, 289]. Бұл үзінділердегі желсіз түн, жарық ай деген тіркестер Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіндегі тармақтан алынып отыр. М.Әуезов бұл тіркесті ақын өлеңінен алып арнайы дәл осы жерге пайдалануды көздемеген сияқты. Себебі Абай өлеңіндегі «желсіз түнде жарық ай» тіркесі жазушының «Абай жолы» эпопеясының бірнеше жерінде, сондай-ақ көптеген әңгімелерінде жиі қайталанып отыратынын байқауға болады. Абай мұрасына қанығып өскен М.Әуезовке ақынның тілі өте таныс, бойына жақын болып кеткен. М.Әуезовтің Абайды білгені соншалық, соған рухани бар болмысымен сіңісіп

тұтасып кеткен. Демек, М.Әуезов Абайдың кейбір сөздерін өз жанынан дағдылы түрде қолдана берген деуге болады. Осы жерде Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығы жайлы айтқан профессор М.Мырзахметұлының сөзіне көңіл бөлсек: «Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығының басы олардың сөйлеу тіліндегі рухани тұтастықта жатыр. Абай шығармашылығындағы сөздік қордың бәрі де М.Әуезовтің сөздік қорының үйірінен табылады. Бірақ құрғақ қайталанбайды, қайта сынғырлап аққан бұлақтай үйлесім тауып, өнерлі тілге айналады. Абай поэзиясындағы ақындық тіл мен М.Әуезов прозасында жаңарып кестеленіп барып түрленіп қолданысқа түскен тілдегі табиғи үйлесімді танимыз» [13, 4]. Ғалым М.Әуезов шығармашылығында Абайдың сөз оралымдары, тіл кестесі, сөздік қор үйірі кездесетінін ғылыми жұртшылыққа мегзеп көрсетеді.

«Ескілік көлеңкесінде» әңгімесін ары қарай оқысақ: «Ең болмаса, бүгін осыны бір өкіндіріп кетеміз. Содан кейін оқ тиген киіктей жаралы боп кете барсын» [8, 370]. Осы жерде Жәмешті оқ тиген жаралы киікке теңейді. Бұл Абайдың Пушкиннен аударған «Татьяна сөзіндегі» мына өлең жолдарын еске түсіреді:

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем [14, 202].

Абай аудармасында Онегинді жаралы жолбарысқа, Татьянаны киіктің лағына балайды. Ақын өлеңіндегі метафоралық қолданыс жазушы әңгімесінде күрделі теңеу арқылы беріледі. Осы сияқты мысалды Қабыштың Жәмешпен кездесуге бара жатқан сәтін суреттеген тұсынан да кездестіреміз. «Қабыштың көңіліне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лүпілдеп, буынынан сұлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көне бергендей» [8, 371]. Махаббат сезімінің терең психологиялық иірімдерін білдіретін Абайдың «Қызарып, сұрланып» өлеңіндегі әсерлі сөз кестелерін М.Әуезов қыз бен жігіттің кездесу сәтіне келісті шеберлікпен өрнектейді. Салыстырып көрейік:

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі
Өзгеден ұрланып
Өзді-өзі керегі [10, 148].

Абай ғашықтық сезімді, махаббат мұңын аса бір шабытпен, беріле құлаған ынтық сезіммен жырлайды. Ынтық болып, зорға қосылған қос ғашық өзгеден ұрланып тіл қата алмай біресе қызарып, біресе сұрланады. Ақын ғашықтық сезімді осындай табиғи күйде, аса іңкәр күйде табысқан тылсым күштің жанды суретін осылайша шебер жырға қосады. Осы өлеңдегі сезім иірімдерін білдіретін сөздерді жазушы әңгімеде Қабыштың қызбен кездесу алдындағы сәтіне дөп басып, жігіттің психологиялық күйін нанымды бейнелейді.

М.Әуезовтің психологиялық прозадағы асқан шеберлігін танытатын үздік шығармасы – «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесі. Жазушының алғашқы әңгімелерінің ішіндегі сюжеті өзгешерек тұрғаны да осы әңгімесі. Себебі әңгіме оқиғасы бұрын қазақ жерінде болмаған әрі айтылмаған тың тақырыпқа жазылған. Кейіпкерлерінің тағдыры да күрделі психологиялық шиеленіске құрылған. Мұнда губерниялық қаладағы қазақтың оқыған жастарының өмірі суреттелген. Әңгіменің басты кейіпкері – гимназияда оқып жүріп, оны бітірмей кеткен қазақ қызы Ғайша. Алғашында ол халықтың құрметіне бөленіп, ықыласына ілігіп жүреді. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласады, бірақ мұнысы ұзаққа бармайды. Көркі мен ақылына, «оқығанына» мастанған жас қыз өз жұлдызына сеніп, оқуын тастайды, қызметтен де қол үзеді, бірыңғай ойын-сауыққа, сән-салтанатқа салынады. Мұнысы бара-бара әдетке айналып, сауықшыл жеңіл мінезін тоқтата алмайды. Уақыт озған сайын Ғайша көріктен де, беделден де айрылып, құлдырай береді. Енді Ғайша үшін күйеуге шығу, тұрмыс құру деген үлкен қасіретке айналады. «Бұл уақытта күйеусіз тіршіліктің күні қараң екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды. Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Ғайшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы, бар қайғысы сол еді» [15, 251-252]. Бұл әңгімеде Семей қаласындағы болған оқиға шындығы көрініс тауып, автордың өзі араласып, куәсі болған оқиғалар желісі суреттелген. Мұхтар өзінің жастық шақта басынан кешірген сезім бұлқыныстарын көркем тілмен кестелейді. Жазушы мұндай тебіреністі шақтардың сезім шарпуын өз жүрегі арқылы сыннан өткізеді.

«...Әңгімесінің бұрынғы атын («Қазақ қызы») өзгертіп алуы жазушының өз кейіпкеріне деген қатынасы мен авторлық позициясындағы жаңа нышанды байқатады. Өйткені, Ғайша сол кездегі қазақ қыздары үшін типтік, жинақтық бейне бола алмақ емес. Ал «Кінәшіл бойжеткен» деген атауда нәзік астармен берілген юмор, тіпті ажуа да бар» [15, 443]. Ғайшаның ендігі танысқан жігіті губерниялық қалаға шет жерден жаңадан келген Ғаббас еді. Ғайша мен Ғаббастың танысқанына көп уақыт болған жоқ, бұл күні екеуі губерниялық қаланың бақшасында кездесті. Ғаббастың Ғайшаға білдірген сезімін жазушы былай деп береді: «Ол ішкі сырын сүйемін... құмармын... тілегім, үмітім... деген сияқты ыстық сезім тілімен бітірді. Сол сөздер Ғайшаны өзгертер, толқындар деген сеніммен айтылған, Ғайша бірталай нәзік сөзді естісе де бұрынғы қалпынан көп өзгермеді» [15, 242]. Бұл үзіндіні оқып отырған адам Ғаббастың өтірік сөзінің астары мен сайқымазақ қылығының шетін аңғарады. Ғайша болса бұндай сөзді бірінші рет естіп отырған жоқ, құлағына әбден үйреншікті болған сөз. Жазушы кейіпкерлерінің қылығын әзіл юмор арқылы сынайды.

«Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне Абайдың арзан ойын мен күлкіні, сауықшыл жеңіл мінезді сынаған «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңі арналып тұрғандай. Осы жерде Абайдың «Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе» деген сөзі еске түседі. Абай адамға

жағымсыз жат қылықтарды әшкерелеп, жігіттер мен бозбалаларды жақсы қасиеттерге шақырады. Мәселен:

Көп жүрмес, жеңісқойлық тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар [10, 87].

Жастардың сүйіспеншілік сезімінде айнымас беріктік, тұрақтылық, адалдық болуына айрықша мән бере отырып, ақын жігіттердің құбылма, айнығыш, жеңілтек мінезін қатты сынап шенейді.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме! [10, 87].

Ақын өлеңінде жігітке жар таңдауда қыздың мінезіне, ақылына, адамгершілік қасиетіне көз жеткізу керек екенін ұғындырады. Қыздың көркіне қарап, лапылдап, көрсеқызарланып нәпсіге ермеуді талап етеді. Бұл жай «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі Ғаббас пен Ғайшаның лапылдап құмарлықпен кездесіп, ақыры суынып сала берген сезімдеріне сәйкес келеді. «Ғаббастың бүгінгі сезіміне Ғайшаның соңғы сөзі тәттіге ащыны араластырғандай тиіп еді. Бірақ әлі Ғайша бұған қымбат, әлі де сұлу, жақсы әйел, сондықтан жас жігіттің көңіліндегі сүю мен құмарлық мынадай аз бөгетке қарап кеміген жоқ» [15, 243]. Жазушы қыз бен жігіт арасындағы сезімді психологиялық шеберлікпен суреттеп, оқырманға шынайы жеткізеді.

Ғайша жүрегінің қайғысы мен өмірінің өкінішті арманын баяндап Ғаббасқа хат жазады. Қыз өмірінің жүдеулігін, өз басының сүйеу көрмеген жалғыздығын айтып, енді шынайы махаббатын тапқаны туралы машық болып кеткен дағдылы өтірігін жазады. Хатының соңынан Ғаббасқа деген махаббатын білдіріп, Татьянаның Онегинге айтқан сөзін береді.

...Шыныңды айт – кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен,
Жаумысың теуіп таптаушы?
Шеш көңілімнің жұмбағын:
Әлде бір алданыш,
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс?..

«Ғаббас хатты бір жолдасына тастап, сақылдап күліп еді», -деп әңгіме жалғасады [15, 125]. Жазушы әңгіме оқиғасы барысына Абайдың аудармасы

«Татьянаның Онегинге жазған хатынан» үзіндіні алған. Бұл аудармадан үзінді беруінің себебі, Татьянаның хатын сол кезде қазақ жастарының барлығы сүйіп айтатын болған. Ғайшаның хат жазуының өзі шынайы көңілден емес, жасанды мінезден туғанын автор білдіреді. Оқырман осы сәтте Ғайшаға жаны ашып, Ғаббастың мазағына қалғанына ыза болып кетеді. Ғаббастың қыздан алған хатына осынша сақылдап күлуі өрескел мәдениетсіздік пен білімсіздікті көрсетеді. Автор Ғайшаның ішкі сезім пернелерін дәл тауып, оның өкініш, арман, қиял, күйік, қайғы, мұң сияқты көңіл күйін білдіретін психологиялық жағдайын дәл бедерлеп, оқырманның ішкі әлеміне әсер етеді. Ғайшаның арпалысқан сезімі, торыққан көңілі, күйінген ішкі сыры, әлсіздік күйі мен толғатқан ойлары терең психологиялық дәлдікпен берілген.

Жазушы Ғайшаның қазақ қызына лайық емес жеңіл жүрісін сынай отырып, оның бақытсыз тағдырына жаны ауырады. Автор оқырманды Ғайшамен бірге сырластырып, онымен бірге ойға батырады. Ғайшаның іс-әрекетін оқып отырған оқырман ашуға кенеліп, қазақ қызының қылығына ащы сын айтып та отырады. М.Әуезов осы әңгімесі арқылы халқымыздың әдет-ғұрпына жат қазақ қызының қылығын әшкерелеп, қыз тағдыры, қыз тәрбиесі мәселесін көтереді. Сол кездегі «қазақ оқығандарының», қазақ жігіттерінің беті жылтыр мінездерін де айтып сынайды. Қала халқының гулеп тұрған өсек-аяңын да ашына түйрейді.

Осы туындысы сияқты кейіпкерлер тағдыры, ішкі сезім сырлары күрделі психологиялық шиеленіске құрылған «Сөніп-жану» әңгімесіне талдау жасап көрейік. М.Әуезовтің «Сөніп-жану» атты әңгімесі ең алғаш «Заман еркесі» деген атпен 1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланады. Қалыңдық іздеп, ауыл-ауылды аралап, жұрттың мақтаулы қызына көз тоқтатқан әңгіме кейіпкері Сыздық қыздың бойынан асқан сұлулық таппаса да, көңіліне жақын тұтып, оны ұнатқан. Сыздық: «Қыздың пішіні сұлу болмаса да, сүйкімді жақсы түсі бар. Әкесінің мінезділігі осы өзіміздің бір болыс елге түгел белгілі. Қыздың өзі қатын болуға жарайды», -деп ойлайды [15, 150]. Құда түсуге бел байласып, келер жылы қалыңдығына үйленеді. Алайда, сезімтал, талғампаз жігіттің сезімі су сепкендей тез басылады. Алғашында қалыңдығының жүзін көруге ынтығып, қиялдап жүрген Сыздық қайнына келіп қызды көргенде, көңілі аяқ астынан бұзылып, суып сала береді. Танып-білмей жар еткен адамын сүймейтінін, қате басқанын түсініп, іштей қатты өкінеді. Суынған жігіт көңілі даланы аңсап, бақытын өзгеден табады.

Көптен бері қалыңдығын көргісі келіп жүргенде, қайнына барып, жас қалыңдығын байқаған Сыздық мынадай сезімде болады: «Асығып, аласұрған хиялға, қызылды-жасылды болып қуантып жүрген үмітке, жылылықпен атын құрметтеген жүрекке қалыңдығының кәзіргі қалпы ешбір үйлеспейтін сияқтанды. Жәмила бұған әдептілік, сыпайылықты тіпті орынсыз жуастыққа, жасықтыққа жеткізген отсыз адам сияқты көрініп қалды» [15, 156-157]. Қалыңдығы туралы ыстық қиялға батып жүрген Сыздық қайнына ұрын келіп, Жәмиланы көргенде көңілі су сепкендей өзгереді. Алдында көріп ұнатып, іштей қиялдап жүрген сезімі енді Жәмиланы көргенде басқаша сезімге ұласып,

бойын өкініш билей бастайды. М.Әуезовтің «Сөніп-жану» әңгімесіндегі бұл оқиға Абайдың мына өлеңін еске түсіреді.

Сүйсіне алмадым, сүймедім,
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйісіп саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың [10, 284].

Абай махаббат деген сезімнің сырғып, аңғартпай өтіп кеткен соң «аһ» ұрғызатын киелі қасиетін өлеңге арқау еткен. Махаббаттың зары, өкініші, оның қайғысы, сүйген жанның қосыла алмағаны, ал сүймегенге жар болып бара алмайтыны жөнінде айтылады.

М.Әуезовтің «Сөніп-жану» әңгімесін оқып отырғанда, Сыздықтың басындағы жайттарға Абайдың ғашықтық, құмарлық жайлы толғаған ойы дәлме-дәл келетін сияқты. Мәселен:

Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып [10, 147].

Абай ұғымынша, ғашықтық пен құмарлық – екеуі екі нәрсе, екі жол. Ақын ғашықтық сезім мен көрсеқызар құмарлықтың ара жігін ажыратып береді. Жақсы көргеннің бәрі ғашықтық емес. Ғашықтықты ерекше жоғары сезім деп түсіндіреді. Ғашықтық келсе бойыңды жеңіп алатынын айтады. Ғашық адамды ауру адамға теңейді. Шын ғашықтың айтатын сөзі: «Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, мен не болсам болайын, сен аман бол», – деп бұл сезімді аса жоғары бағалайды.

Адам баласының бойындағы осы сезімдерге арналған Абай өлеңіндегі көтерілген мәселе М.Әуезовтің «Сөніп-жану» әңгімесінде де кейіпкердің ішкі психологиясы арқылы көркемдік шеберлікпен өрнегін тапқан. Мәселен: «Таңертең тысқа шыққанда қалыңдығы турасынан қандай ойға байланғанын күйеудің өзі де анық білген жоқ еді. Неше түсті көмескілеу сезімдер көңілінен елестеп өтсе де, өз бойынан анық білген нәрсесі – қалыңдығына құмар болып

сүйетін, ғашық болғандай болып елжірейтін түрдің жоқтығын байқады. Оның ойынша, «ғашықтық» дегенді бұл турада ауызға алуға болмайды. Себебі – ол сезім көп уақыт ынтық болып жүргенде, қол жеткізбейтін бөгет көп болғанда, әйел жағынан бірде үмітті жылы жауап естісе, бірде тәкаббар, салқын жауап естіп жүрсе, сондай кездерде көп сынның артынан туады» [15, 160].

М.Әуезов Абай сияқты әңгімеде ғашықтық сезімді бәрінен жоғары қояды. Жазушы әңгімеде ғашықтық пен құмарлық сезімдерге Сыздықтың ойы арқылы түсініктеме береді. Өкінішке орай Сыздықтың Жәмилаға деген ғашықтық, құмарлық сезімінің сөніп қалғаны баяндала келіп, әңгіменің соңында Сыздықтың махаббатының қайта жанғаны туралы былай делінеді: «Сыздық бұл әйелмен бір жолдасы бастық болып отырған мекемеде таныс болып, алғашқы көрген жерде құмарлықпен ұнатып еді» [9, 166]. М.Әуезов әңгімесіндегі ғашықтық пен құмарлық сезімдері ұғымдарының түп негізі Абайдың бір кездерде жазған «ғашықтық», «құмарлық» туралы толғаған ойларымен сабақтасып жатқанын аңғардық.

М.Әуезовтің өте көркем, тартымды жазылған «Кім кінәлі?» әңгімесінде: «...Ғазизаның да жүрегі елжіреп босай бастады. Асау сезімі есінен тандырып, бір суынып, бір күйінген, жас жігіт айтар сөзі таусылып, Ғазизаның жұмсақ денесін қатты қысып, қайта-қайта сүйе берді. Ғазиза да жабысып құшақтап, досының дуылдаған қызулы бетінен, дірілдеген ыстық ернінен ұзақ-ұзақ сүйді...» [8, 293]. Абайдың «Қызарып, сұрланып» өлеңіндегі мына шумақтағы сезім сиқырын шертетін сөздерге үндес келеді.

...Дем алыс ісініп,
Саусағы суынап,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.
...Жүрегі елжіреп,
Буындар босанып,
Рахатпен әлсіреп,
Көзіне жас алып [10, 148].

«Кім кінәлі?» әңгімесінде бас кейіпкер Ғазиза мен Ісләмнің арасындағы махаббат күйі баяндалады. Жазушы әңгімеде олардың армандарына жете алмай, шиеленіскен оқиға үстінде күйінішті трагедиялық жағдайға ұшыраған халдерін шындықпен көрсетеді. Екі жастың сүйіспеншілігін мына үзіндіден көруге болады: «Ғазиза қарсы алдында жантайып жатқан Ісләмнің шашын қолымен сипап қайырып:

- Ол күн келмесе кеткен емес пе? Абайдың өлеңінде бар емес пе? «Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс» деген сияқты әлін білмеген жас көңіл қызыққа жетем деп ойлаған шығар» [8, 291]. Ғазизаның басындағы оқиға мен Татьянаның махаббатының ортақ тілектен туғандығын білдіріп, жазушы Абайдың Пушкиннен аударған «Татьянаның хаты» өлеңінен мысал келтіреді. Абайдың «Татьяна-Онегин» аудармасы арқылы қазақ

сахарасындағы көптеген мұңлық қыздарға үлгі болған Татьянаны М.Әуезов Ғазизаның басындағы оқиғасына ұқсас екендігін түсіндірмек мақсатпен өлеңнің осы сөздерін қолданады. Абайдың «Татьянаның хаты» өлеңінің бар мазмұнын ашып тұрған қуатты жолдар - «Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс». Бұндай сөзді Абайға дейін кездестіргеніміз жоқ, ақынның өзіне ғана тән поэтикалық шеберлігін танытады.

Жазушы әңгіменің бас кейіпкері Ғазизаның мүсінін сипаттағанда, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сұлу қыздар портретін еске түсіреді. Әсіресе Тоғжан кескінін сомдағанда М.Әуезовтің Абайдың сұлу қыздардың портретін айшықтап жазған өлеңдеріне сүйенгенін білеміз. Сол сияқты «Кім кінәлі?» әңгімесіндегі Ғазизаның портретіне үнілсек: «Аз ғана уақыт өткен соң есік жаққа көзін салып отырған Ісләмнің құлағына ақырын сылдырлап келе жатқан шолпы даусы естіліп, біраздан соң үйге Ғазиза кірді. ...Сәнді киімі Ғазиза кіргенде, үйдің ішіне айрықша көрік, жарастық белгісі бірге кіргендей болды. Жастар біріне-бірі қысылып қарап, ақырын амандасқанда Ғазизаның ақшыл беті дуылдап қызарып кетті» [8, 287]. Жазушы Ғазиза көркіне ерекше сән беретін сылдырлаған шолпысы, қос етек ақ көйлегі, қара камзолы, оқалы тақиясын түрлі бояумен нақтылы бейнелеп, қыздың кескін-келбетіндегі құбылыстарды шеберлікпен даралап кестелейді.

Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңінде:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін [10, 89].

Сондай-ақ, әңгімеде: «Екі жылдан бері қарай жаңа ғана көрген Ісләмға Ғазизаның түсі бұрынғысынан әлденеше рет сұлу болып, үйдің ішіндегі ала көлеңкелеу сәулемен ақшыл жүзі өзгеше нұрланғандай көрінді» [8, 287]. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінде:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды [10, 14].

Екі үзіндіге де көз жіберсек, қыздың бет пішіні, ақшыл жүзі, қара көзі нұрға бөленгені суреттеледі. Қыздың жүріс-тұрысы, сылдырлаған шолпысы, сәнді киімі сияқты Абай өлеңіндегі бар суреттемелер Әуезовтің әңгімесіндегі Ғазиза портретінде қайталанып, одан сайын ажарлана түскен.

М.Әуезов кейіпкерлер портретін мүсіндеудің ғана шебері емес, сонымен бірге шығармада әңгімелеп отырған тұлпар аттың, көкжал қасқырдың да түр-тұлғасын сомдаудың қас суреткері болып танылады. Жазушының «Көксерек» повесі қазақ әдебиеті үшін мүлде соны, ғажайып жаңашыл құбылыс болды. Әлемге әйгілі «Көксерек» повесінде жазушы Көксеректің күшік кезінен арлан болып өскенге дейінгі бой-тұлғасын оқырманға кезең-кезеңмен дәлдеп нақты

табиғи түрде суреттеп береді. Мысалы «Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес» [8, 259]. Бұл - алғаш күшікті ауылға әкеліп, үйге үйретіп асырай бастағаннан кейінгі кезіндегі түрі.

Көксеректің күшік кезіндегі түрі мен көк шолақ қасқыр болып келе жатқандағы кескінін, одан кейінгі арлан болып өскендегі тұлғасын жазушы аңшыларға тән білгірлікпен таныстыра бастайды. «Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті. Аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қылаңдап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да жоны шығып, алқымы түсіп, семіріп кетті» [8, 264]. Әр мезгіл Көксеректің әрекетін әңгімелер кезде, жазушы оның түр-тұлғасына сипаттама беріп, алдыда күтіп тұрған оқиғаға оқырманын іштей дайындайды.

Ешкімге бой алдырмай жүрген Көксеректің ізіне Қасен аңшы қасқыр алатын ит Аққасқаны салады ғой. Әңгімеде Аққасқаның жаратылыс бітімі, түр-тұлғасы, аяқтарының жуан сомдығы шеберлікпен мүсінделеді. Жазушы қасқыр алып жүрген итті Көксеректен де зор қуатты әрі әсерлі кескіндемелер арқылы суреткерлікпен оқырманға таныстырады. Мәселен: «Екі шекесі «торсықтай» деп аңыз ғыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды» [8, 277]. Осы үзіндіден Абайдың аттың сынын беретін «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіндегі тіркестерді ұшыратамыз. М.Әуезов Абайдың аттың сынын алып иттің мүсінін сипаттауға қолданды деген ойдан аулақпыз. Повесте жазушы Аққасқаны бейнелегенде «құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып» деген Абайдың аттың сынына арналған өлеңіндегі тіркестерді жоғарыда айтқанымыздай дағдылы тәсілмен қолданады. Ал Абай өлеңінде аттың сыны былай берілген:

Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
...Қабырғалы, жоталы, болса күшті [10, 38].

Көшпелі күйде тірлік еткен ақын аттың бағасын өзгеше түсінеді. Мұнда ақын қолмен қойғандай, барлық сыны сырт сымбатынан көрінетін аттың кекілі, құлағынан бастап түгел мүшесін толық баяндап шығады. Бәйге аттың мүсінін сынап санауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір саятшы, атбегі сыншы болып шығады. Абайдың саятшылық өнерін танытатын аса шебер тілмен жазылған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты өлеңіндегі:

Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда [10, 9].

деген жолдағы сөздер «Көксерек» повесінде кездеседі. Баулып әкелген иесі

Аққасқаны Көксеректі ұстауға әзірлеп, тау басында күтіп отыр. Осы сәтті жазушы былай бейнелейді: «Тыныштыққа бой ұрып, жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр» [8, 279]. Үзіндідегі «биіктен томағасын тартқан қырандай» деген тіркес Абайдың саятшылық өнерге арнап жазған өлеңіндегі ақын сөзін қайталайды.

“Жыртқыштық - тура ұғым. Хас жыртқыштың жан сезімі (адамға айналып кетпей) дәл бейнелеуі үлкен сын жазушыға. Ғылымға тірелді. «Көксеректі» қазбалай түссең оның көркемдігінен өнер мен ғылым алдыңнан кеңістік ашатындай. Мұханды Абай арманы, Абай шамшырағы демей, не дейсің. Абайды өзі ілгерілеу арқылы тірілтті: Ендеше, Парасат – жеңіл сөз емес”, – деген ғалым Б.Кәрібаеваның сөзінен М.Әуезов туындыларының көркемдік кеңістігінен Абай мұрасының іздері көрінетінін анықтай түсеміз [16, 8].

Сонымен қорыта келгенде, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен Абайдың сөз өрнектерін табуға болады. Демек, екі ғұламаның сөздік үйірінің ұқсас жақтарына көзіміз жетеді. М.Әуезовтің прозалық туындыларында Абайдың ақындық сөз кестелері кездеседі. Абай поэзиясындағы ақындық тіл Әуезов прозасында түрленіп, жаңарып қолданысқа түсіп, табиғи үйлесімдік табады.

ӘДЕБИЕТ

1. Мұқанов С. Жазушы жолы / Мұхтар Әуезов тағлымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
2. Серғалиев М. «Қорғансыздың күні» - композициясы мен тілі. - // Абай. – 1997. - №2-3. –39-41 бб.
3. Бердібаев Р. Дәстүр тағлымы. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, – 232 б.
4. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.
5. Жұртбай Т. Бесігінді түзе: Роман-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 560 б.
6. Нұрғали Р. Трагедия табиғаты. – Алматы: Жазушы, 1968. – 176 б.
7. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. - Алматы: Рауан, 1994. – 368 б.
8. Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 384 б.
9. Әуезов М. Кінәшіл бойжеткен. – Астана: Таным, 2003. – 96 б.
10. Абай Құнанбаев. Шығ. бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәд баспасы, 1961. – 692 б.
11. Кекілбаев Ә. Әуезов туралы сөз. / М.Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.

12. Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов. (Мақалалар, естеліктер). – Алматы: Ғылым, 1974. – 220 б.
13. Мырзахметұлы М. Абай және Әуезов: рухани сабақтастық. / Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. Құраст. С.Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 120 б.
14. Абай. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1976. - 240 б.
15. Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жин. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 1 т. - 456 б.
16. Кәрібаева Б. Әуезов – әлемдік тұлға // Қазақ әдебиеті. - 2000. - 19 мамыр. - Б. 8.

Алтыншы күн: 15.08.2020.

**Ө.ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор**

АБАЙТАНУ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАШ КЕЗЕҢІ

Қай халықтың болмасын белгілі бір тарихи кезеңде өнері мен әдебиеті, яғни бүкіл мәдени болмысы өзгеше бір биікке көтеріліп, кейінгі өрлеу мен дамуға кең жол ашары сөзсіз. Ендеше біздің қазақ халқының тарихында да сондай кезеңдердің бар екендігі шындық. Қазақ халқының руханияттық дамуында осындай толағай өзгерістер мен ерекше серпілістердің көзге айрықша шалынар сәті – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы.

Қос ғасырдың тоғысар тұсында «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» екі жаққа үңілген ұлы Абай, халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ол ғылым мен білім, өнер үйрену жолы еді. Замананың тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшілікті тұстарын Абайдай көре білген, ұлы ақындай таныған жан кемде-кем. Абай жасампаздығының мәңгілігі мен өнерінің өрістілігі осында жатса керек. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Абай феномені – қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы орны - айтып болмас ұлы құбылыс!

Әрине, Абай ұлылығын, шығармашылық тұлға ретіндегі болмысын тап басып тануға біраз уақыт қажет болды. Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары. Олар өздері міндет етіп алған ұлт үшін атқарылар ұланғайыр істердің бастау көзі ұлы Абайды тану мен танытуда деп біліп, ең алдымен, сол ұлы ұстаздың ұлылық қасиетін ардақтауға ұмтылды. Абайды өздері ғана қадір тұтып қоймай, оның ұлт абызы ретіндегі кемеңгерлік тұлғасын өздері айтпақшы «жұртқа», яғни көпке танытуды мақсат тұтты.

Қазақ зиялылары ә, дегенде-ақ, Абай туралы туралы келелі ойларын сол кездегі түрлі басылымдарда жариялай бастады. Оның ішіндегі елді елең еткізер, оқушылары тұшынып оқыр, рухани азығы молы да, кеңге қанат жайғаны да, әрине, «Қазақ» газеті болды. «Қазақ» халыққа қызмет көрсетуге жарарлық, халықтың көкейкесті ой-арманын көрсете алатын материалдарды ғана жариялап, озық үлгідегі дүниелерге ғана орын берді. Және әрбір жарияланымдағы ұлттық сипаттың айқындылығына көңіл бөлді. Соның бірі қазақ зиялыларының әдебиетке, әдеби тұлғаларға қатысты пікірлері. Ал, енді газеттегі әдебиетке қатысты мақалардың негізгі авторлары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов екендігі тағы шындық.

Алаш ардақтаған басылым өзінің алғашқы сандарының бірінде «Қазақ

тарихы» деген мақала жариялап, онда мынадай ой айтылды: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылыми жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан «қазақ әдебиетін» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы». Бұдан біз газеттің негізгі мақсаттарының бірі қазақ әдебиетін өркендету болған айқын аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі шығармашылық мәселелерін мүмкін қадарынша сарапқа салып, жұрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғаш қадам жасаған «Айқап» журналы болса, оның артынша «Қазақ» бұл істі жандандыра түсіп, оны биік деңгейге көтере алды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» әдебиетіміздің озық үлгілерін насихаттауда ерекше қызмет атқарды. Кемел ой мен келісті сыр тоғысқан, сұлу сезім мен мұңлы шер шарпысқан көрікті де көркем жырдың шебері Абай шығармаларына айырықша назар аударуы - осының бір айғағы. Әрине, газеттегі қайбір мәселе болмасын іргелі ойға қозғау салушы бас жазушы Ахмет Байтұрсынов екендігі белгілі. Соның ең үлкен мысалы - Абай сияқты ұлы тұлғаны кеңінен насихаттап, оның шығармашылығына айрықша назар аударып, терең талдау жасап, әділ бағасын беруге көшбасшы болуы.

Қазақ сөз өнерінің «патшасы» Абай арқылы қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні жайлы сөз қозғап, өлең сөздің қадір-қасиеті жайлы толғаулы ой қозғаған алғашқы мақала Ахмет Байтұрсынов қаламынан шықты. Абай туралы “Қазақ” газетінің 1913 жылғы 39-41-сандарында газет редакторы Ахмет Байтұрсыновтың “А.Б.” деп қол қойған “Қазақтың бас ақыны” атты көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев туралы алғаш тереңнен тартып ой айтылған. Абай өлеңінің асыл қасиетін терең түсінген, өлең өнерінің озығы екеніне көз жеткізген А. Байтұрсынов: “Одан асқан бұрынғы-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ”, - деген тың да түйінді тұжырым жасайды.

Жалпы Ахмет Байтұрсыновтың өзі басқарып отырған газетінің бетінде жарияланған өлеңдерден Абай үлгісін көргісі келетіні, ақындардан сол деңгейдегі талап-талпынысты танығысы, оларды сол бағытта баптап, тәрбиелеуді мақсат тұтатыны анық сезіледі.

Ахметтің Абай шығармаларын өте жоғары қоятыны әуелден-ақ, әр кезде, әр жағдайда жарияланып жүрген түрлі мақала, жазбаларынан белгі беріп қалатын. Ал мына мақала сол бір Абай жайлы толғамды ойларының түгел күйде жарыққа шығып, оның өз талап-тілегінің негізсіз еместігін дәлелдей алғанының нақты көрінісі еді.

Автор өз мақаласында бүгінгі зерттеушілеріміз көтеріп жүрген көптеген өзекті мәселелерді тілге тиек еткен. Ол Абай шығармаларының тілінің ауырлығы, мазмұнының қабылдауға қиын екендігін айтар ойға азық етіп, оны шеберлік қыры ретінде көрсете алған. “1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға

шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас», - деген жолдар жоғарыдағы сөзімізге нақты дәлел бола алады.

Автор мақаласында өзі пір тұтып, талантын, дарындылық қасиетін ерекше бағалаған Абай ақынды сол заманның ақындарынан даралап көрсетеді, оның артық екенін дәлелдейді. Жалпы Ахмет Байтұрсынов қалың жұртқа Абайды таныстыру мақсатында оның шығармаларын газет бетіне жиі жариялап тұрған. Ол «Қазақ» газетін екінші Абай мектебіне айналдырды. Ахмет айналасындағы алаш зиялылары өздерінің шығармалары арқылы Абай дәстүрін әрі қарай жалғастырды.

Абайды әр қырынан ашуға тырысқан мағыналы мақалада мынадай жолдар бар: «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай, оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді таңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген». Мұндағы Ахметтің айтпағы Абай ақынның сыншылық көзқарасының өткірлігі мен нағыз ақынға қажетті де керекті шеберлікті толық игерген жасампаздық тұлға екендігі.

Замана ауыртпалығын, елдің басына түскен зорлық-зомбылықты терең сезініп, жүрегімен түсініп, жырлай білген Абайды «Қазақ» газетінің авторлары пір тұтқан, ұлы ұстаз тұтқан.

Ахмет Байтұрсынов аталмыш мақаласында Абай өлеңдерін қабылдау қиынға соғатындығын айта келіп: «...Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас, бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік», - деп бір түйіп алады. Сөйтіп, Абай сөзін ұғынудың қиындығы Абай поэзиясының жадағай жылтыр сөзден құралмай, ойлы, мағынасы тереңде жатқан сөз жүйесі болғандықтан деп біледі. Одан әрі осының бір мысалына Абайдың «Көк тұман алдындағы келер заман», - деп басталатын өлеңін алады.

Көк тұман алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған, -

деп басталатын өлеңді «оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді», - дейді автор. Яғни, Ахмет пайымдауынша оқырманның Абай сөздерін түсінбеуінің басты себебі,

ақынның өз заманындағы талғам-танымнан озық кетіп, сол тұстағы оқырман деңгейінен ой асырып тұрғандығынан.

Асыл сөздің әрі мен нәрін тап басып танитын сөз өнерінің білгірі: «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абай сөзінде ғана емес, өзінде де болған», - дейді. Сөйтіп Ахмет Абайдың өскен ортасына, тәлім-тәрбиесіне, өмір жолына көз жіберіп, осылардан қалыптасар адамдық болмысына ой тастап, одан туындаған пікірлерін ортаға салады.

Жалпы, Абайды күллі қазақ даласына, ел-жұртқа таныстыруда, оның шығармаларын жариялап, өнегелі де ғибратты сөздерін қазақ оқырмандарына жеткізуде «Қазақ» газетінің және оны шығарушылардың еңбегі орасан зор.

1903 жылы Абай сөздерімен алғаш танысқан Ахмет қызыға да тұщына оқи келе, құдіретті сөз иесінің кемеңгерлік болмысын байқап, байыптап, сөз асылының қыр-сырына әбден қаныққан соң, Абай өлеңдері тебіrentкен тұнық сезім мен тың ойларын оқырманмен бөлісуді қалайды. Абайдың әрқайсысы дәуір жүгін арқалаған сөз құдіретінің құпиясына үңіліп, Абай әлемінің әсемдік сырын ашуға ұмтылады.

«Әрбір сөзі оқырманға сын» Абай ақындығының өзгелерден оқ бойы озықтығы оның өмірден түйгені мол көрегендігімен қатар, терең білімпаздығынан деп таныған Ахмет Абай білімінің құнары еуропалық ғылым-білімде деп есептейді. Абай білімінің негізі жайлы жаза келе: «Михайэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен бәлки кетер еді, қандай асыл, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді. Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ», - деген ой түйеді.

Сонымен бірге Ахмет осы мақаласында ақын шеберлігінің сыры неде деген сұраққа жауап іздестіреді. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, дәмді, орынды болуына сыншылық керек, мағыналы, маңызды, болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған». Міне, Ахмет тапқан Абай шеберлігінің сыры осыларда жатыр. Жалпы ақынға, өнерпазға тән қасиеттің бәрі бойына жинақталған Абай ақындығының табысы да, табиғи ерекшелігі де әлгі Ахаң айтқан үш нәрседен қуат алады, «сондықтан да өлеңі қай тарапынан болса да толық».

Ахмет мақаласында Абай шығармашылық тұлға ретінде толық болмысымен көрінді. Ол Абай поэзиясының төл ерекшеліктерін нақты мысалдар, өлеңдерінде өрілген көркемдік белгілер арқылы ашып көрсете алды. Сондықтан да бұл мақала қазақ көркемсөз танымының алғашқы ірі қадамы болып саналады. Өйткені қазақ сөз өнерінде жеке ақын шығармашылығына эстетикалық талдау жасап, биік көркемдік талғамнан өткізу – онша жиі кездесе бермеген құбылыс. Қазақ әдебиетіндегі осынау сүрлеуді алғаш А. Байтұрсынов салып, әдеби шығарманы көркемдік-эстетикалық тұрғыдан тануға жол ашқаны қазақ әдебиеттану ілімінің қалыптасуына айрықша ықпал еткендігін жоққа шығара алмаймыз.

Әрине, Ахметке дейін де баспасөз бетінде, кейбір жинақтарда Абай

туралы пікірлер жарияланып тұрды. Абай ақындығына баспасөзде [«Дала уалаяты», 1889] алғаш баға берген - Мәшһүр Жүсіп Көпеев. 1909 жылы Абайдың Петербургта шыққан өлеңдер жинағына Кәкітай Ысқақов «Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлының өмірі» атты алғы сөз жазды. Кәкітай мұнда Абайдың ата-бабасы, өскен ортасы туралы алғаш рет толымды мәлімет береді. Және әкесі Құнанбай данышпандығы туралы қысқаша айтып өтеді. Оның Абайды тану үшін ақынның өскен ортасын білудің мәні зор екенін жақсы сезінгендігі көрінеді.

Кәкітай сонымен бірге өз мақаласында Абайдың ұлылыққа тән өзгеше мінезін, ақындық лабораториясын танытуға айрықша көңіл бөледі. Бұл туралы Ол: «Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы нандықпен өлеңді өнер орнына жұмсамағандарды» қатты сынға алғанын ашық айтады. Әсіресе, оның өзіндік әдеби мектеп қалыптастырғанын баса көрсетеді. Бұл туралы Кәкітай былай деп жазады: «Абай жазған өлеңдерінен басқа, әншейін отырғанда көбінесе өзінің қызықты көріп, көңілі рахат болатұғыны: сөзі ұғар бала-шағасы уа ғайри жаңа талап, байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай қылықпен бұзылады, ғылымды қалай іздеуге болады, өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай, әйтеуір нетүрлі нәсихатын болсын жастарға ғибрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да еш жалықпай, ынталы көңілмен бек рахаттанып айтып, ұқтырып отырушы еді». Бұл Абай ортасының өзіндік сырын ашқан шындық сөз. Кәкітай сонымен бірге Абай ақындығы тәлім алған бастау бұлақтарға да жөн сілтеп, ол оқыған орыс-батыс ақындарының, орыс-батыс ғалымдарының атын атап, түсін түстеп те кетеді. Бұл дерегі мол тарихи мәні зор нақты мәліметтер болып табылады. Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов: «Абайды танудың басы төңкерістен бұрын басталғанын және оны бірінші бастаған Кәкітай болғанын көреміз», - деп Кәкітай еңбегін қатты бағалайды. Шындығында, осы «Алғы сөз» Абайды қазақ оқырмандарына алғаш кеңінен таныстырған сөз еді.

Ал орыс оқырмандарына Абай есімі бұдан сәл ертерек танылды. Абай өмірі мен твор-чествосының білгірі Қайым Мұхамедханов: «Абайдың көзі тірісінде, оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов» екенін айтады. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық кітаптың 1903 жылы «Киргизский край» деген 18-томы жарық көрді. Оның авторларының бірі Әлихан Бөкейханов «Абайға ерекше тоқтап, қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы» атаған», - дейді.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде, 1907 жылы басылып шыққан «Записки Семипалатинского Подотдела, Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического Общества» деп аталатын кітапта Абай өмірбаяны басылып шыққан, авторы - Ә. Бөкейханов.

Абай туралы және бір мақала 1908 жылы татар тіліндегі “Уақыт” газетінің

393-шы санында жарияланды. Мақала авторы Міржақып Дулатов болатын.

Жоғарыдағы мақалалардың қай-қайсысы да өз кезегінде Абай ақындығын тануда біршама қызмет атқарғаны талассыз. Солай дей тұрғанмен де, бұл мақалаларда тарихи өмірбаяндық сипаттың бел алып жатқандығын байқау қиын емес. Оларда Абай ақындығының ерекшелігі, оның қазақ поэзиясын дамытудағы атқарар қызметі там-тұмдап сөз болғанмен де терең зерттеліп, кеңінен толғап пікір айтылған жоқ. Ендеше, шынайы әдеби талдаудан өтіп, зерделі ой, зейінді талғаммен Абай ақындығына ғылыми тұрғыдағы алғашқы әділ баға А. Байтұрсынов мақаласында берілді.

«Қазақ» газетінде жарияланған Абай туралы дерегі бар мақала авторларының бірі – Нәзипа Құлжанова. Ол 1887 жылы Торғайда дүниеге келген. Педагог, мәдени қайраткер, журналист, аудармашы болған. Нәзипа Қостанай қаласындағы орыс-қазақ әйелдер гимназиясын бітірген. Ол «Қазақ» газетіне оқу-ағарту, мәдениет мәселесі туралы мақалалар жазып, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің бағдарламасы туралы пікірлерін жариялап, белсенді арласып жүрген. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 101-санында «Нәзипа» деп қол қойып, «Бір керек жұмыс» деген мақаласын жариялаған. Мақалада қазақ жерінде әдеби кештер және басқа да түрлі ойындар өткізу турасы сөз болады. 13 ақпанда Семей жерінде өткен әдебиет кеші және сол кештің рухани тірегіне айналған Абай туралы ой қозғалады.

Мақаладан біз автордың көксегені халқының рухани баюы, білімді ел қатарына қосылуы екенін байқаймыз. «Басқа жоғары мәдениетті елдерге еліктеп біз де мәдени-әдеби кеш, жиындарды жиі ұйымдастырып тұрсақ деген ниет» деген жолдар - осының айғағы. Мақаланың өн бойынан сол кезеңдегі өнер-білімге жақын, жалпы, қолына қалам ұстаған кез-келген азаматтың цензурадан көздерін аша алмай, айтарын айта алмай қиналғанын байқаймыз. Нәзипа Құлжанова оқырмандарға «сендер тек сол жоспарыма қосылыңдар, бірігіп жұмыс істесек алға басамыз» деген ой тастайды.

Газет Абай тұлғасына қатысы бар біраз мақалалар жариялаған. Солардың бірі – газеттің 1915 жылғы №10-санында «Қыр баласы» деп қол қойылған «Жаңа кітаптар» атты мақала. Мақаланың авторы – Әлихан Бөкейханов. Мұнда ол соңғы шыққан кітаптармен таныстырады. Таныстырып қана қоймай, олардың мазмұнын түсіндіреді, кітаптың авторы туралы бірер деректер беріп кетеді. Кітаптың жазылу жайы туралы да құнды ойлар айтады.

«Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического Общества. Выпуск VIII, 1942 г. Цена 1 руб.», - деп басталатын мақалада автор бұл кітаптың ұлы Абайдың ұстазы - Евгений Петрович Михаэлиске арналып жазылғандығы туралы айтады. «Бұл кітапта, – дейді Әлихан Бөкейханұлы, - Абай Михаэлиске айтқан көп сөзі болуға лайық. Михаэлис тәржіма хәлін жазған Г.Б. «Қырда жоғалатын қазақ алтыны Абайды тапқан - Михаэлис». Шыныменен, егер Михаэлиспен Абай өмірде кедеспесе, Абай өз бойындағы бүкіл қабілет-дарынын аша алар ма еді. Оны осындай дәредеге жеткізіп отырған, нағыз «Абай» қылған – Шығыс және Батыс мәдениетін, әдебиетін, ғылымын жете танып-білуі. Ал оны

осы жолға түсірген – Михаэлис».

Михаэлистің хаттары мен әртүрлі тақырыптарда жазылған мақалалары топтастырылып берілген бұл кітаптың қазақ жұртына берері мол екендігіне Әлихан Бөкейханұлы баса назар аударады. Ол мақалалардың барлығында қазақ жері, суы, жануары, Тарбағатай, Алтай тауларының табиғи ерекшеліктері туралы жазылғандығы, бұл деректердің келешек ұрпаққа да қалатын мол әрі құнды дүниелер екендігін көрсетеді.

Уай, қаным, сен денеде аз күн қонақ,
Заман жоқ көп тұруға, өмір шолақ.
Жас мезгіл екі айналмас, мойынын бұрмас,
Жұмыс ет, оқтай зырлап, қардай борап, -

деген өлең жолдарымен аяқталған бұл мақалада өмірдің өткінші екенін, «аз ғұмырыңда оқу оқып, білім біл, еңбектен» деген ой меңзелген. Сол арқылы өсіп келе жатқан жастарды еңбексүйгіштікке, ғылым-білім жолына түсуге үгіттеу мақсаты білінеді. Жалпы, Әлихан Бөкейханұлының газет бетінде шыққан мақала-лары немесе жасаған баяндамалары мен жазған дүниелерінің мазмұнына үңілсек, басым көпшілігі танымдық тұрғыда жазылған.

Абай творчествосын тану мен танытуда өзіндік орны бар мақаланың бірі – Міржақыптың «Абай» атты мақаласы. Ұлы Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толғанына орай жазылған бұл мақаланың мынадай басты құндылықтары бар. Бірінші – Абай ақындығын, Абай мұрасын, Абайдың ұлылығын ұғынудың алғашқы соқпағын салушылардың еңбегін көрсетіп, зерттеушілер есімін нақты атаумен бағалы. Қашанда әділдік жақтаушысы, өзгенің еңбегін бағалауда тура жолдан таймайтын Міржақып осы мақаласында Абайды алғаш елге танытушы Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов екендігін айтып, оларды тұңғыш Абайтанушылар ретінде бағалайды. Абай шығармашылығы туралы түйіндеулерінде әдебиеттің халық өміріндегі орны жайында айтқан Ахметтің қадау-қадау пікірлерін дамыта отырып, «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет. Жансыз тән жасамақ емес», - деп түйеді. Сондықтан да ол Абайды қазақ әдебиетінің асқар шыңына балап, Абайдың ұмытылуы – қазақ әдебиетінің ұмытылуы, жоғалуы деп санайды. Абайдың қазақ әдебиетінің алтын дінгегі екендігін, одан көз жазып қалу болашақ ұрпақ алдында кешірілмес күнә екендігін ескертеді. Ақын Міржақып Абай ақындығын терең түсініп, «Әдебиетіміздің негізін қалаған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай ойы боларға керек. Абайға шейін қазақ қолға алып, оқырлық шын мәніндегі қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. ...Бәлкі мұнан кейін, Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жұлдыз – Абай», - деп, Абай ақындығының әділ бағасын береді.

Автор осы мақалада Абай есімін ұмытпау тұрғысында істеліп жатқан

шараларды қуана қарсы алып, сол жолда ізденіп жүргендердің ісін құптайды. Семейдегі Абай кешін өткізген оқыған қазақ жастарының ісінен игіліктің бастамасын көреді. Сөйтіп, Абайды болашақта жан-жақты таныр, Абайды жаттап өсер күннің туарына сенім білдіреді.

Адалжанды, халқының аяулы перзенті сол күндерде бүгінгінің жайын сезгендей, өз рухының халқымен бірге екендігін де ескерте кетеді: «ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер».

Міржақып атап өткен еске түсіру кеші Абай шығармаларын насихаттаудағы игілікті шаралардың бірі еді. Бұл туралы «Қазақ» газетінде «Тілші» деп қол қойған автордың мақаласы жарияланды. Онда «Бұл жағрафия жұмхриатының көші халықты сүйіндіріп, көңілін ашты: «Бізде де Абайдай данышпан адам туады екен-ау, атағы қазақ түгіл орысқа да шығып, өзі өлсе де терең ойларын, қымбат сөздерін, түрленген күйлерін жұртына мирас қылып, артына қалдырғандай» деп жұрт шаттанды», - деп жазды. «Абай туралы» баяндаманы «Нәзипа ханум (Құлжанов жамиһаты) орысша оқығанын» да көрсете кетеді.

Жалпы алғанда, ХХ ғасырдың басында ең көп таралыммен тараған газеттің бетіндегі озық ойлы қазақ зиялыларының Абай жайлы айтылған келелі ой-тұжырымдары ұлтының ұлы рухани ұстазы туралы зерттеудің қалыптасуына жаңа жол ашты. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану дәуірі солардан бастау алады. Ол кейін кең арнаға, ұлы ағысқа айналды.

Бүгінде абайтануда тың белестерге көтерілдік десек, ол - ең алдымен осы ғылымның бастауында тұрған ұлылар еңбегінің нәтижесі. Соның жемісі. Мұны еш ұмытуға болмайды. Ал, абайтанудағы қазақ зиялыларының «Оқшау сөздері» ХХ ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап назардан тыс қалып келгені тарихтан белгілі. Оны енді-енді байыптай бастадық. Ештен кеш жақсы демей ме?! Сең қозғалды. Ары қарай іс жүреріне еш күмән жоқ. Ұлылардың ұлылығын тануға кең жол ашылғай.

АБАЙДЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

К.Батюшков: «Қайырымдылық ешқашан жоғалмайды, әсіресе, музадан жасалған қайырымдылық айырықша, олар маңызды да игілікті» деп пайымдағандай[1], аударма өнері де халықтар арасындағы қайырымдылықтың, ізгіліктің бір жарқын жолы. Шын мәнінде көркем әдебиет аудармасы – ұлттардың өзара жақындасуының, қуатты рухани арнасы. Қазақ әдебиетінің жаңа заманауи үлгісін берік қалаған Абай Құнанбаев орыс және батыс поэзиясын сәтті аударуымен музадағы қайырымдылықтың үлгісін көрсетіп кетті. Бүгінге қазақ көркем аудармасының жеткен жетістігін саралай келгенде, Абайдың поэзия аудармасындағы сара жолы мен дара үлгісі өзгеше мектеп.

Көрнекті сыншы С. Әшімбаев: «Бізде әдебиетке Абайша әділ қарау, оны Абайша терең қастерлеу дәстүрі әлі жетпейді» деп орынды атап өткендей, Абай ұлттық сөз өнеріне ғана емес, аудармаға да, шынайы құштарлықпен, адалдықпен қарады[2]. Аударма туралы ұғым болғанымен, нақты теориялық ережелері айқындалмаған уақыттағы аударма өнеріне үлгі болатын үздік тәржімелер жасады. Абай аудармалары алғашқы тәжірибелік ізденістер болып қалған жоқ, поэзия тәржімелеудегі ұлттық шеберлік мектебі болып қалды. Абай орыс, батыс поэзиясын аударып қана қоймады, кейбір өлеңдердің мазмұнын терең тану барысында ондағы ойды дамытып, ширатып, қайта жырлады. Бұл бір жағынан таланттың талантты танытудағы тың тәсілі. Бұл олардан оза шауып, дараланудан бұрын, ізденіс биігін дәлелдеудің поэзиядағы бір амалына, тың амалына да ұқсайтын. Мұны академик жазушы Ғ.Мүсірепов байқап, өзіндік байламын да білдірген. Ол: «Абайда еліктеу жоқ, үндестік барын даусыз дәлелдейтін көп өлеңдер бар. Бірақ ол үндестік сезіну жағынан, реалистік ақындардың өз ойын өзінше дәл суреттей алу жағынан» деп ақынның бір ерекшелігін дөп басып таныған[3].

Алайда, сол үндестік ақынның іштей шығармашылық бәсекелестігін де байқатады. «Сенің айтар ойың осы болса, менікі мынау» дегендей өзге ел ақындарының жырларынан кейбір жетіспеген тұстарын ізденіс шеберлігімен толықтырып, жетілдірді. Мұны аударма өлеңдерінен де аңғаруға болады. Абайдың Лермонтовтан алып, қайтадан жырлаған өлеңін салыстыра қарасақ, аударма деуден гөрі, өзіндік ізденістегі жаңа туынды тәрізді. З.Ахметов Абай аудармаларын «орыс классиктерінен аударма және белгілі шығарманың сарынымен жазылған төл шығарма» деп екі топқа бөліп қарастырады. Сонымен бірге, «орыс классигінің өлеңін қызықтап, жарыса жазып, өзінің ой-сезімін, өз көңілінің күйін толғап, еркін кететінін» және «ақын таңдауы түскен өлеңді дәл аударуды мақсат еткенде орысша айтылған ойды, қазақша жеткізудегі асқан шеберлігімен және таң қалдыратынын да» бағалайды[4].

Шынында да, Абайдың кей аудармаларында осы жарыса жазу, ой таластыру айқын сезіледі.

Т.Әлімқұлов аударма мәдениетін Абайдан тарата келіп, «қол жетпес үлгілер жасай білгенін, ең бастысы «Ана тілден айна-қатесіз балама тауып, жүректің қанымен жазудың үлгісін жасады» деп өнегелейді[5]. Бұл Абай аудармасына берілген биік пайымдау. «Жүректің қанымен жазудың үлгісі» - шын мәнінде ұлы ақынның аудармадағы айырықша еңбекқорлығын, ізденісін көрсетеді.

«Аударманы Абайдың өз ағартушылық қызметіне пайдаланып, бағзы бір шығармаларды тым еркін аударды, арасына өз идеяларын, өз көзқарастарын қосып, соған үндеді» деген пікірі де дұрыс[5]. Мұны кейінгі зерттеушілер де құптап отыр. Абай әсіресе А.С.Пушкин мен И.А.Крыловтан еркін аударған, аударма теориясы тілімен айтқанда прагматика жасаған. Бұл мақсатты түрде, сол кездегі оқырманның таным-түсінігіне бейімделген тиімді тәсіл. Екінші жағынан ол жастардың көркем аударма арқылы классикалық әдебиетке қызығушылығын туғызуды көздеген.

Абай аудармалары – өз заманының әдебиеттегі қол жетпес биігі ғана емес, қазіргі көркем аударманың да үйреніп, үлгі аларлық өзгеше шырқау шыңы. Тіпті, әлемдік көркем аударманың нағыз классикалық үлгілері қатарына мақтанышпен қосамыз.

«Абай – алыс қазақ ауылдарына әлем әдебиетінің классикалық мұраларының алғашқы таратушы» – М. Әуезов Абайдың аудармашылық еңбегін осылай бағалайды[6]. Абайдан бұрын шығыс әдебиеті үлгілері нәзира дәстүрімен ел арасына таралса, Абай орыс және батыс әдебиетінен бірқатар өлеңдер аударып, әлем әдебиетіне соны сүрлеу салды. «Абай қазақтың мақалын да, ертегісін де, дінін де, салтын да, бәрін де суретке пайдаланады» немесе «қазаққа таныс образдарын өзі бұрынғы құрысып, қатып қалған күйінде тұрмайды, жүріп кетеді, жан бітеді, жетіліп, өсіп, ашылып, жарқырап кетеді» деп М. Әуезов классик ақынның поэзиялық аудармадағы ізденісі мен шеберлігін айрықша көрсетеді[6]. Аудару өнерінің қалыптасу кезінде-ақ Абай бұл салада көрегендік танытты. Абайдың А.С.Пушкиннің «Онегині» аудармасындағы:

«Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс»

деген жолдағы алыс айға «алыс айға саусағын жайып талпынған жас жүрек» бейнесі қазақтың «Арыстан айға шауып мерт болған дейтін мәтелінен алынған» деп дәлелдейді[6]. Абайдың ұлы талантқа тән ерекшелігі де осында. Дәл қазіргідей ежелгі әдеби мұралары том-том кітап болып шықпаған кезде, халық тілінің байлығын жадында жаттаған даналық ойларының тереңдігін санасында сақтаған. Тыңнан теңеу тапқан, соны тіркестер, бейнелі жолдар жасаған.

Т.Әлімқұлов өз пайымдауында ұлы ақынның Пушкин мен Лермонтов поэзиясын аударуының басты мәнін түсіндіреді. «Біздің Абай неге Пушкин мен Лермонтовты аударды? Олардан ұзақ жасайтын ой таныды, әлеуметтік

қоғамдық мәні бар реалистік поэзияның келешегін болжады. Абайдың біз үшін ұстаздығы да осында»[5]. Расында, Абай сол кездегі әлемдік поэзияда орыстың өзі шапқан қос классигінің ғаламат ізденістерімен әдебиет қазынасына мол, жаңа олжа қосқанын жүрегімен ұғынды. Ондағы романтикалық асқақ мұраттарды, ел тағдыры үшін күрескерлік бағыт-бағдары айқын аңғарды. Өзінің көкейдегі көлдей тілегімен үндестік тапты.

Абайдың аудармашылық шеберлігін бағалаған асылдарымыздың бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол мынадай тұжырым жасайды: «Көп өнерінің бірі – Абай керемет переводшы болған. Переводқа шеберлігі мынадан білінеді: кейбір орыс өлеңдерін қазақ тіліне аударғандары өзінің төл өлеңінен артық деуге болады. ... Кейбір өлеңдерді, мысалы: «Қараңғы түнде тау қалғып», «Тұтқындағы батыр», «Кинжал», «Жолға шықтым бір жым-жырт» қалыбынан, мағынасынан һәм аудармай перевод еткен. Кей жерлерде сөздің мағынасынан ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткен. Абайдың ақындығының еркіндігі сол: кейбір переводты өз өлеңінен асырып, түрлеп жіберген. Мысалы: «Теректің сыйы», «Онегиннің хаты» Пушкиннің геройынан өзгертіп, тілін сұлулап перевод қылған»[7]. Бұл қазақ поэзия аударма зерттеуіндегі аудармасындағы алғашқы талдау тұжырымдары. «Абайдың өнері һәм қызметі» мақаласында ұлы классиктің шығармашылық қырларын жан-жақты зерттеп, аударма тіліне де тоқталып өтеді. «Орыстың әдебі болған толғаулы, ырғақты, намысты, бай тілімен жазылған сөздерін қазақтың кедей, дөкір тілімен ұғымды, мағыналы, терең тілге жеңіл келтіріп переводтауы мейлінше ұсталығы» деген түйінге тоқталады[7]. Алайда бұл тұжырымда «қазақтың кедей, дөкір тілі» дегенде автор сол кезге дейінгі әдеби тілді меңзесе керек. Әйтпесе, Абай өлеңдерінің тілі қандай нақышты, өрнекті, бай, бояулы болса, аудармаларында да ұлттық тілдің байлығын құндылығын бойына сіңіргені айқын.

Зерттеушілердің ортақ тұжырымы осынау тәржімелердің төл туындыдай оқылатындығы. Бұл – аударма өнерінің жетістігі. Осылайша ұлы ақын өзінің үлкен таланттылығын аудармада да айқын дәлелдеді. Өзінен бұрынғы және замандас таланттарға, классиктерге зор құрмет көрсетті. Аудару теориясы, аудару мәдениеті әлі қалыптаспағанда, тіпті көптеген елдерде дербес жазба әдебиеті жоқ кезде тәржімені өнер әрі туыстық ұғымында тәжірибеде үйлестірді. Жалпы әдебиетке, аудармаға айырықша сүйіспеншілікпен қарау арқылы сол халыққа, ұлтқа, оның таланттарына, шығармаларына адалдық сезімін танытты. Бұл үлгіні қазақ аудармашылары Абай дәстүрі ретінде дамытты. Алайда Абайдың өз туындыларының орыс және басқа шет тілдеріндегі тәржімесі көңілден шықпады. Абайдың дара да сара аудармашылық жолын ұстана алмады.

Пушкин қайтыс болған екі жылдан кейін белгілі француз саяхатшысы әрі әдебиетшісі маркиз Астольф де Кюстин Петербургке келіп, кеменгер ақын туралы кітап жазған. Сонда ол «Кеше мен Пушкиннің бірнеше аудармаларын оқыдым... Ол өзінің бояуларын жаңа европалық мектептен кіріктіріпті. Сондықтан мен оны ұлттық орыс ақыны деп айта алмаймын» – депті[8].

Кюстиннің көңіліне ұнамағаны – орыс классигінің басқа ұлт ақындарының шығармаларын аударуда уақыт-кеңістік сәйкестігін сақтамай, жаңа еуропалық әдебиетке теліп жібергендігі. Пушкин заманының ақындары көркем аудармада, поэзия аудармасында В. А. Жуковскийден аса алмайды. Ал Абай жалғыз бүкіл ұлт әдебиетінің жүгін көтерді, аударма өнерінің жаңа бағыт-бағдарын көрсеткен абыройы болып қалды.

Аударма зерттеушісі А.Гинзбург: «Осы күнге дейін Германияда неге Пушкин де, Лермонтов та, Блок та жоқ? Өйткені, егерде өлең астарында не барын түсінбесең, егер де бір тілдегі сөзді екінші бір тілге жай ғана жеткізу деп түсінсең, онда ештеңе де шығара алмайсың. Бұл үшін өлеңнің тынысын сезіну қажет. Мен бұған өзімнің әдеби тәжірибемде әр уақытта да көз жеткізудемін» деп жазды[9]. Ақын аудармашының ащы ақиқаты Абай поэзиясының орыс және басқа тілдерге аудару мәселесіне де қатысты. Абайдың поэзиясы қайталанбас керемет. Өлі күнге табындырып, таңырқатып, тамсантаып келеді. Адамзаттың асыл ойлар айтқан алып тұлғаның көреген көңілден шыққан сұлу сөзді, терең танымды тамаша поэзиясы ғасырлардан ғасырға биіктеп, ұлылық құдіретіне бас игізуде.

Абайдың айшықты да ажарлы аудармалары да – талантының ұлылығын айқындайтын кәделі де қадірлі дүниелер. Абай аудармалары зерттеп талдаған сайын жалт-жұлт етіп жарқырап жаңа құпияларына қанықтыруда. «Жазушының суреткер болып тууы сияқты, аудармашының да суреткер болып жаралуы керек. «Абай аудармаларының оның төл шығармалары дәрежесінде болуы да осыны көрсетеді». Бұл – поэзия аудармасын зерттеуші Р.Хайруллин тұжырымы[10].

Көрнекті орыс жазушысы В.Иванов Абайдың орыс поэзиясын аударуына қатысты: «Осылай ол әрі өзі үшін, әрі өз халқы үшін жаңа әлемді ашты» – деп атап өткендей[11], Шығыстың әдемі лирикаларынан сусындаған поэзия шебері, батыс пен орыстың өлең өнерінен де көп нәрсе үйренді, өзіне керектіні ала білді. Ең бастысы аса қиын поэзия аудармасына батыл бет бұрды. Абайдың аудару шеберлігі де кәсіби мамандануының жоғарғы үлгісі. Біз оны зерттеу барысында нақты талдап, дәлелдеп көрсетті.

Абайдың орыс әдебиетінен алғашқы 1881 жылғы жасаған аудармасы классик ақын М.Ю.Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңінен үзінді. Ең соңғысы – Лермонтовтың «Вадим» атты әңгімесінің ұзақ желісінен бір оқиғаны алып, қысқартып жасаған аударма поэмасы. Зерттеушілердің айтуынша Абай орыс әдебиетінен 50-ден астам өлең аударған. Олардың арасында лирика да, сатиралық өлеңдер де, мысалдар да бар. И.Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын екі нұсқада аударған. Гете, Байрон, А.Мицкевич, И.Бунин, Я.Полонский аудармаларын алғаш Абай жасады. Орыс әдебиетінің классиктерін аударуда Абай шығыс халықтарының арасында алғашқы аудармашысы саналады. Шығыс елдерінде 1889 жылға дейін тек азербайжанда ғана Пушкиннің «Евгений Онегині» аударылған екен. Көршілес өзбек, татар, түркімен, қырғыз, тәжік т.б. шығыс елдерінен бұрын Пушкинді қазақша сөйлеткен ұлы Абай ғана.

Абайдың 70-80 жылдардан бастап орыс әдебиетіндегі озық идеяларды танып, білді. Ресейлік патшалық биліктің керітартпа әрекеттерінің отарланған қазақ даласына да күштеп жүргізілгенін аңғарды. Осы мақсатта А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов шығармаларын аударды. «Қасқыр мен қозы», «Қарға мен түлкі» оқиғаларының мысалы қазақ елінде де ұшырасатын өмір көріністері мен жағдайлар болатын. Абай аудармада да ұлы талантқа тән терең талғам танытты. Абайдың аудармалары ұлтының мақсат-мүддесіне сай жасалды.

«Абай Крылов өлеңдеріндегі орыс тілінің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, мазмұны мен мағынасын терең түсініп аударды. Қазақ тіліне жатық етіп, қазақ тұрмысына бейімдеп, ұғымына жеңіл етіп аударды, – деп Қ.Мұхамедханов бағалайды[12]. Осындай шынайы тұжырымдалған ойларды сараптай келсек, Абайдың аударма туралы теориялық әзірлігінің замандастарынан озықтығын аңғарамыз.

Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні терең. Қазақ оқырмандары Пушкин, Лермонтов, Крылов, Бунин поэзиясымен алғаш Абай аудармасы арқылы танысты. Абай аудармалары ұлттық табиғи бітімімен, тілдің байлығымен ерекшеленеді. «Татьянаның хаты», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар», «Жалғыз жалау жалтылдап» өлеңдері төл туындымызға айналды. Зерттеушілер Абай аудармаларын дәл және ерікті аударма деп екіге бөлген. Дәл аудармалары бунақ, шумақ буын ұйқастарына қарай өзара екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аудару барысында Абай шумақ, ұйқасын да өлеңнің түрлерін де бұзбай, сол қалпында жеткізген. Орыс өлеңдерінің құрылысы тоника не силлабика-тоникалық болса, қазақ өлең өлшемі силлабикалық, сондықтан буын, ырғақтары үйлесе бермейді. Кейбір өлеңдердің буын санын қазақша дәл беру мүмкін емес. Алайда ақын буын саны жағынан жақындайтын өлеңмен аударған. Кейде ұйқастары да, образдары да дәл шығып отырады. Мұны Гете-Лермонтов аудармасынан жасаған «Қараңғы түнде тау қалғып...» лирикасынан көз жеткіземіз.

Әсіресе, дәлдігі жөнінен «Жалғыз жалау жалтылдап...», «Қараңғы түнде тау қалғып...», «Қонады бір күн жас бұлт» лирикалары түпнұсқамен бәсекелесе алады, тіпті асып та түседі.

Абайдың Лермонтовтан аударған «Қанжар», «Теректің сыйы», «Дұға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз...», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Еврей күйі» атты өлеңдері түпнұсқаға сәйкес, дәлме-дәл аударма үлгісі.

«Евгений Онегин» аудармасында буын ұйқастары сақталмағанымен, түпнұсқадағы автордың ойын дәл мазмұндап әрі образдарда сәйкес баламалар таба білген. Онегиннің мінездемесін берудегі Абайдың тапқырлығы еріксіз таңдандырады.

«Евгений Онегин» романының қазақшалану жайлы Абай Пушкиннен алшақтамай оның бейнелі сөздерін де көркемдік қалпын сақтап, шебер аударып береді», деп Қ.Мұхамедханов пайымдай келе, «екі жастың ішкі нәзік сезім, терең сырларын ашуға ақындық өнерін барынша жұмсағанын» атап көрсеткен. Абай аудармаға айрықша мән берген. Аса ұқыптылықпен қараған.

Сол кездегі оқырман түсінігіне бейімдеп аударды дегенімізбен, оның тәржімасы алғашқы үлгі болып қалған жоқ, өмірлік үздік аудару тәжірибесі.

Абай шығармаларының үздік болуын зерттеушілер көзқарасынша мынандай: 1) үлкен таланттылығы; 2) орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жай мәнін ғана емес, әдемілік қасиеттерін терең ұғынуы; 3) қазақтың өз тіліне ақынның мейлінше байлығы. Тағы бір қыры – ұлы ақынның аудармасы өз шығармасындай адалдықпен қарауы[13].

Абайдың ерікті аудармалары – «Онегиннің Татьянаға жазған хаттары», Крыловтан аударған мысалдары, қара сөзбен аударған «Вадим» поэмасы. Абай оларды өз түсінігімен, өз сөзімен түпнұсқа мазмұны негізінде мазмұндаған.

Абай ерікті аудармаларында орыс өлеңінің мазмұнын, түрін сақтай отырып, оны тың оймен жеткізген. Өлеңнің көркемдік құндылығын ұғымға сай жеткізе білуі – Абайдың айрықша аудармашылық қыры.

Талантты талант қана таниды, бағалай алады, оның шығармасының мазмұн тереңдігіне, ой астарына тіл байлығымен, еркін ойлайды. Абай, Гете, Лермонтов, Крыловтардың ұлы талант екенін сезінумен бірге, өзінің де кемелденген талант даралығын, олардың шығармасын дәл, түсінікті, жеңіл, мәнді, мәнерлі аударуымен байқатты. Абайдың орыс әдеби тілін сол елдің ұлы классиктеріндегі жақсы білгендігі өз алдына ана тілінің байлығын аударманың жоғары сапада шығуына тиімді қолданды.

Абай аудармалары – аудармашылық ізденісті, шеберлікті ұштайтын үлкен тәжірибелік мектеп. Аудармада Абайдан асқан талант жоқ. Қазақ аудармасында Абай ұлы ұстаздық жолмен дара тұрады.

Абай қазақ әдебиетінің аударма саласында ұлы дәстүр негізін қалады. Абай аудармалары қазақ әдебиетінің даму жолында соны бағыт берді. Қазақ оқырмандарын озық әдебиет үлгілеріндегі ұлы идеялармен сусындатты.

Орыс әдебиетін шынайы жақсы аударумен бірге ондағы жаңа бейнелеу көркемдік үлгісін қазақ әдебиетіне қосты. Қазақ әдеби тілін жаңа ұғым, тіркес, жолдармен байытып, құлпыртты. Классикалық поэзияны қалай аудару жолын нұсқап, әдебиетіміздің келешегіне мықты серпін берді.

ӘДЕБИЕТ

1. Батюшков К.И. Сочинение в 2-х т. М.:Художественный литература.т.2. Из записных книжек. Письма. – 708 с.
2. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық: Әдеби сын мақалалар мен портреттер. Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.
3. Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 286 б.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы, Ана тілі, 1995 – 272 б.
5. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.
6. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дереккөздері. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
7. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. –

Алматы: Ел-шежіре, 2013. — Т. 6. Мақалалар, хаттар. — 383 б.

8. Солнце России. Русские писатели о Пушкине. Век XX. — М.: Дружба народов, 1999. — 416с.

АБАЙ – МЕНІҢ ЖҮРЕГІМДЕ
(Филологиялық эссе)

Бабаның жатқан жері жайлы болғай!..

Биыл халық боп ұлы Абайды ұлықтап жатырмыз. Биліктің осындай орны айрықша даталарға мән беріп, даналардың дара жолын зерттеуге, әдеби мұраларындағы, ғылыми еңбектеріндегі оқшау ойларды, тың концепцияларды ұстын есепті елге ұсына бастауын ізгіліктің нышаны деп білдік, жақсылыққа жорыдық. Жасырары жоқ, қатты қуандық. Өйткені, ұмыт қалған тұлғаларға, ғылым-білімге, әдебиет пен мәдениетке көңіл бөліне бастады. Айталық, 2020 жылдың 9 қаңтарындағы «Егемен Қазақстан» басылымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты етектей мақаласы жарық көрген еді. Президент сөзбасында: *«Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, азартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшесіз қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды»* деген болатын. Араға уақыт салып барып таяуда Қасым-Жомарт Кемелұлының тағы бір мақаласы жарияланды. Сол «Егемен Қазақстанда». Атауы – «Абай – рухани реформатор». Осы жөнінде жастардың ойын білмек ниетпен әдебиет зерттеушісі, сыншы, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым академиясының академигі Жаңғара Дәдебаев басқарып отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйытқы болуымен онлайн-вебинар ұйымдастырылды. Аталған салаға қызығып жүрген қатарластарымызды көріп, пікірлесіп, бір жасап қалдық. Шара тізгінін филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы Ләйлә Мұсалы ұстады.

Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізіміне енгізіп жіберді. Енді сәйкесінше, әр тамылжыған тамыздың оны күні ойшылды жадымызда қайыра жаңғыртамыз, қайыра Абайдың рухани бастауынан қанып ішеміз, ал нәрегей нәр алады, қуаттанады. Жоғарыдағы мақалада автор «білім игеру», «тәрбие мәселесі», «жаңа кәсіп игеру», «ынтымақ мәселесі» секілді төрт аспектіге айрықша тоқталған-ды: *«Біз аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр»*. Білім, тәрбие, кәсіп және ынтымақ болған жерде мемлекет те

өркендемек, дамымақ. Бірақ, ол үшін де көп нәрсе қажет. Бағдарымыз – туғанына 175 жыл толған хакім өнеге-өсиеті.

*Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.*

*Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.*

«Таланатты талант қана таниды», - деген тәмсіл бар. Келісемін. Ойлап қарасақ мәні – арыда, тереңде жатыр. Ілияс Жансүгірұлының «Әдебиет майданы» журналындағы (1934 ж.) «Абайдың сөз өрнегі» делінген талғампаздықпенен, талдампаздықпенен өрілген мақаласы – дәп қазіргі ойдың дәлелі. Ілияс ақын онда былай депті: *«Абайдың ақындық қуаты, тілге шеберлігі – оның сөзінің арасына қыл сыймайтындығы. Абай ақындықтың өнері – сөздің іші, сырты екеуі де жақсы, екеуі де көркем болсын деген.*

*Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?*

Сөзді осылай саптап өлеңге кіріскен Абайдың өлеңінің іші – өз мазмұнында алтын болып шығады. Оның аз сөзіне көп мағына сыйып кеткен, сөз шеберінің іші қалың қазына, өлең қауызының іші толған дән болады. Абай – өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы. Абай бұрынғы қазақтағы ел өлең-жырларының өлшеміне парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, үлгілерін кеңітудің үстіне, араб, қазақ әдебиетін жаңалаған адам. Сол түрлерге қазақша тәтті тілмен қызықты мазмұн салып, тыңнан тартқан өз үлгісімен де қазақ өлеңін байытқан адам».

Автор Абайды «сөз шебері» деп отыр, мұнда құр мақтау емес, дәлелді сөз, құрмет пен тағзым бар. Жазушы, драматургты былай қойғанда, қазақтың қай ақыны болсын хакімге соқпай кетпейді, бір соққан соң оралып отырады, қайта-қайта оқиды, жастанып оқиды, жаттайды, жатқа соғады. Бұл – елдің құрметі, елдің бағасы.

Қай дана, қай ғұламаны мысал қып алсаңыз-дағы, ол әлемдік тауарихқа, өркениет өрісінің кеңеюіне, әдебиетке, мәдениетке, ғылымға, адамзатқа ғаламат әсер еткен боп шығады. Пендеге бағыт-бағдар сілтеп, жол көрсетіп, адамшылыққа адаспай, сүрінбей-қабынбай, құламай-құлдырамай, шаршамай-шалдықпай, мүдірмей-кідірмей, бөгет-бөгеусіз жетуге бірден-бір сеп

болатындар да – сол ұлылар. Жаңағыларды жалпақ жаһанға тарыдай шашып жіберген Жаратушымыз да – шексіз шебер иесі ғой, олардың көп болмауы да сондықтан деп ойлаймыз. Аз бола тұра, бәрімізді азғындықтан сақтап, күндіз – күлкі, түнде – ұйқы көрмей, қай уақытта да сопиған соқа басын емес, жұртшылық қамын жегені... Біреуі ерте туады, енді бірі дер шағында туады, келесісі кеш туады, өмірдің 3 басты циклы секілді, тұп-тура: «дүние есігін ашты» (Абай), өмір сүрді, дүниеден өтті. Қайткенде де еңбегі еленіп, есімі ел есінде қалып жатқанына – абыз кейіптес тарих куә. Солардың бірі де бірегейі – Құнанбайдың Абайы. Қазекем хакім Абай деп ерекше қастер тұтады, бөлекше ардақтайды. Манағы көпшіліктің ішінде біз де бармыз. Оның тек маған ғана емес, көзі ашық, зерделіге тигізген әсері орасан, өлшеусіз. «*Қарны тоқ, қаса надан ұқнас сөзді / Сөзді ұғар көкірегі болса көзді / Қадірін жақсы сөздің білер жанға / Таппай айтпа, оған да айтар кезді*», – демей ме ойшыл. Оның әдеби мұрасын бір-екі ауыз сөзге сыйдыра салу қиындау, әлбетте. Себебі, Ой дегеніңіз кеңістік ұқсап ұлғайып, далиып кете береді, кете береді, кете береді, шекара-шектеуі, басы да, аяғы да жоқ. Абайды тек қана жаттап, судыратып айтып беру аздық етеді, оны мейлінше түсініп, ұғынып, он ойланып, мүмкін болғанша тереңіне сүңгіп барып оқымақ керек. Оқисыңдағы: «Бұ, қалай болды, өзі?» дегендей ойға қаласың. Одан ойшылдықтың қаншалықты қиын жолмен келетінін ұғындым. Ол Алланы тануға, арлы болуға, адам болуға, білім жиюға үндейді, еңбектің қандай ғажап құндылық екенін түсіндіреді. Бұдан артық ақылман жанға не қажет, айтыңызшы? Санагердің сан алуан қыры бар, әр кісі өзін масаша мазалаған сауалға жауап алады. Абай – менің жүрегімде...

*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

Ұстыны мығым ұстанымым – осы.

Мен жаспын ғой. Орда бұзар отыздан енді-енді астық. Заманы бір замандастарым дейінші, олар Абайды біледі деген ойдамын. Сенемін. «Бірақ!» деген дүние бар, білу басқа, қызығу басқа, ал жан-тәнімен сүю, құмарту мүлде бөлек нәрсе. Жалпы, ұлыларды ұғу үшін сыртқы және ішкі дайындықпенен уақыт керек. Ойшылдар от сияқты, абайламасаң өртеніп өлуің мүмкін, әгерәки сырын ашуға талпынсаң керемет жылу сыйлайды, бөтенсінбейді, керісінше бауырына тарта түседі, өзіңмен теңдей дәрежеде сөйлеседі. Әуелгіде, маңына жолатпас, томаға-тұйық, көп көзінен оқшау ұстайды. «Сыртына қызыл сөзден бал жаққандық» (Т. Ахтанов) емес, бұл. Кісімсіп, цицероншылап (Цицерон Марк Туллий) отырғам жоқ, шыным – осы. Жер басып жүрген адам – көп, алайда тұлға – аз, некен-саяқ, бірен-саран. Абай – мәдениеттер тоғысында туған тұлға, феномен, құбылыс. Тұлғатану – соларға тән энциклопедиялық білім мен жан-жақтылықты талап ететін салмақты сала. «*Бұл дүниенің ләззаты*

бәрі сонда, Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды», - деп тұрған жоқ па?! Тағы да Абай...

Абай деп жазсақ та, айтсақ та: «Бұл қай Абай болды екен?..» – деп сұрамайды, ешкім. Ол – шүбәсіз, күмәнсіз нәрсе. Өйткені, оның асыл образы ұлт жадында ойып тұрып орын алған-ды. Бұл – халық махаббатының тақ көрінісі. Көп деген жақсы. Бағалайтын да, сүйетін де, күйетін де, кейбір кезде сынайтын да – сол көп. Ұнатса астындағы атын беруге әзір тұрады, ұнатпаса абыройсыз етуі де мүмкін. Бүгінгі тілмен айтқанда аудитория ғой. Әр Сөз сонда бағытталады, оны бойға сіңіру үшін ынта қажет, ынтасыздық пен ынжықтық – туыс, өстіп-өстіп бірінен соң бірі балалай береді, балалай береді. Регресс.

*Көп салқын бірін-бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас.*

Әнеки, қайыра ескертуде. Әр адам тарихтың бөлшегіне айналып, ұлы уақиғалардың басы-қасында жүргісі бар. Дәмеміз – дәу. Анау бір қыр басына қарасаң, төмпешік жетерлік. Алайда, артында қалған белгі аз. Сонда мына бес күндік жалғанға, мына дүрмекті дүнияға не үшін келді деп те ойлайсың. Ойланасың. Шоқан құрлы, Ыбырай құрлы, Абай құрлы, Әлихан құрлы жоқ па екен, сонда?! Мұның атауы – мұратсыздық, Пәлсапаның пәленше жыл зерттеген орталық тақырыбы – пәруай. Өмірдің өзегі – мақсаттан мақрұм жаннан не күтуге болады, бұл тіршілікте? Құдай береді, Құдай алады. Келді, кетті, болды, осымен тамам...

Ұлыларға қарап – ұрпақ өседі. Аксиома. Постулат. Соларға теңескісі келеді, бой түзейді, солардан үйренеді, кейінгілер. Сондықтан, бұндай атты алып жүру – қиын шаруа. Сәл ауытқып кетсем, көмекке көненің көзі – Абай атам келеді. «Былай істегін, былай жүргін», – деп ақылын айтып, тәртіпке сап, арқаңнан қағып, асқан жанашырлық танытады.

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.*

Оқы, ерте жастан ізден, жаһандық жаңалықтан құр қалма, селтеңбай жүрісті қойғын, қоғамға аралас деп тұр ғой, хакім. «Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім». Тағы да Құнанбайдың Абайы. Жоғарыдағы айтылғанды қаперге ап, жиырма бір жасымнан жазу-сызумен айналыстым, қазір отыздың екісіне аяқ бастық. Санамаласақ, Қазақстан Жазушылар одағына қарасты Республикалық «Қазақ әдебиеті» гәзетінде табаны күректей он жыл қызмет етіппіз, аз демейміз, көп демейміз, Құдайға шүкір. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ін бітіріп, оң-солымызды енді-енді таныған сарыауыз балапан

күйімізде ақын, көсемсөзші Жанарбек Әшімжанның ағалық алғауымен Одаққа келдік. Екі Төраға (Нұрлан Оразалин, Ұлықбек Есдәулет), үш Бас редактормен қатарласа (Жұмабай Шаштайұлы, Жанарбек Әшімжан, Дәурен Қуат) еңбек ету бұйырыпты, маңдайға. Аллаға сансыз алғыс... Сөйтіп жүргенде, жастарға жанашыр академик Уәлихан Қалижанның (о кезде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры) қолдауымен оқуға түсіп, филология ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы Айгүл Ісімақованың жетекшілігімен магистрлік диссертацияны қорғап шықтық. Зұфар Сейітжанұлы, Кәкен Қамзин, Нұрдәулет Ақыш, Өмірхан Әбдиманұлы, Гүлзия Пірәлі, Сағымбай Қозыбаев, Әлімжан Хамраев, Раушан Әбдіқұлова, Құдайберген Тұрсын, Айгүл Рамазанова, Аманқос Мектептегі, Қайрат Сақ, Сағатбек Медеубекұлы, Жолдасбек Мәмбетов, Шоқан Шортанбаев, Жұмашай Рақыш, Гүлжаһан Орда, Айсұлу Ойсылбай, Нұржан Қуантайұлы, Римма Жақсылықбаева, Қарлыға Мысаева, Гүлмира Сәуленбек секілді ғалымдардың дәрісін тыңдап, сабақ алдық. Сол аралықта прозаға, драматургияға (Сұлтанәлі Балғабаев, Роза Мұқанова, Бақыт Беделхандар ұстаздық қылды), әдебиеттануға ден қойып, бұрқыратып жазып жүрдік. Қасиетті Қарашаңырақтың әсері, Ұстаздарымның әсері деп білемін. Сүгіретке түсуді аса ұнатпайтындықтан шығар, сапасы нашарлау, қою қара жейде киген фотодағы бейкүнә жігіт материалдарымның төменгі жағында тұрақты тұратын, елге мәліе қарап. Қазіргі уақытта Абай атындағы ҚазҰПУ-і Филология және көптілді білім беру институтының докторантымын. Жетектеп жүрген ғылыми жетекшім филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы, поэтолог, мұқағалитанушы Сәуле Әбішева.

М. Мырзахметұлы, Ж. Шойынбет, М. Әліпханның «Абай мұрасының өзекті мәселелері» атты зерттеу еңбегінде: *«Абайдың толық адам туралы ілімінің өзегі – ақыл, әділет, рахым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ой-пікірлерінің мән-мағынасы аса зор, күрделі мәселелер. Бұлардың түп төркіні Абай қара сөздері мен философиялық лирикасындағы Алланы тану мен жантану жолындағы ой ағысының тарту күші зор ой иірімдерінде жатыр. Абайдағы толық адам ілімінің өзегіне (ядросына) айналған мәні мен мағынасы аса зор этикалық танымдағы ақыл, әділет, рахым, қайрат деп аталатын мағынасын ізденіп барып, жүйеге түсіріп алмақ керек. Болмаса ұстатпайтын терминдік мағынасы көп қатпарлы аталымдардан құралып, толық адам ілімінің қаңқасын құрайтын киелі ұғымдардан құралады. Абай өзі негізін салып қалыптастырған толық адам ілімін осы мақсат тұрғысынан өзінің идеялық күрес құралына айналдырғаны оның шығармалар желісінде осы гуманистік идеяны молынан насихаттап, жүйелі түрде қызу таратып жатуында көп мәселенің астарлы сырлары жатыр. Өйткені, Абай туындыларында жиі ұшырасатын «пенде, адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл, хауас, үш сүю, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы, кәмалат газамат» деп аталатын терминдік мағынасы терең ұғымдардың*

бәрі де тікелей кейде жанама түрде толық адам ілімімен сабақтасып ұштасып жатуы жәй нәрсе емес», - делінген.

Жоғарыда сөз етілген әр ұғымға жеке-жеке тоқталып, талдап, кең-молынан қамтылған комментарий, тәптіштелген тәпсір сұранып тұрғаны хақ, соңыра түйіндегенде ғана «Толық адам» ілімін терең де түбегейлі түсіне алмақпыз, сонда ғана оның картинасы анық әм қанық шықпақ. Бір әділет я ақыл деген түсініктердің ішіне қаншама дүние сыйып кетеді, сол сыйымдылығымен де концепт тектес мазмұнға бай, құнарлы, қуатты келеді. «Өлеңді көркем проза биігіне көтере талдаудың тамаша үлгісі – «Жұмбақ жан» деп Тәкен Әлімқұловтың шынайы бағасын асырған профессор Құлбек Ергөбекке («Жұмбақ жан – 2») ерекше риза болдық. Сол «Жұмбақ жанда»: *«Абай Құнанбаев сынды ұлы ақындардың мағынасы терең мұрасы бір кезеңнің, бір дәуірдің еншісінде қалмайды. Оған ауыспалы ұрпақтар өз көзқарасын білдіріп өз бағасын бере жатады. Мазмұнды өмірбаянның, мәнісі творчествоның қыры мен сыры дәуірлердің барысында ашыла түседі», - деп жазылған. Хакім хақында ой қозғайтын жастар туатынын, шығатынын сезген Тәкен де данышпан ғой, шіркін. Өзі зерделеп жүрген философияны каноника, физика және этика сықылды 3 бөлікке бөліп қарастырған Эпикур: «Қайтсе адам бақытты болмақ? Бақыт деген не?» - деген сұрақтарға ғұмырбақи жауап іздеп өткен ғой. Этика дегеннен шығады, конфуциандыққа (Конфуцийдың этикалық-философиялық ілімі) жүгінетін Қытай, Корея, Жапония, одан еш жамандық көріп жүрген жоқ. Ұлттық идеологияны сабылып, әр-әр жерден іздеп жүрміз, Абайдың әдеби мұрасына зер салсақ, сонда бәрі рет-ретімен тұрғанын байқаймыз да, алайда көрмеген сыңай танытамыз. Алысқа шауып арамтер болу – орынсыз қылық.*

*Басында ми жоқ
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл, кердең наданның.
Көп айтса, көнді,
Жұрт айтса, болды.
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.*

Не:

*Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық.*

Хакімнің сыншылдық ойы кей шақта Канттың «таза ақыл сыншылдығы» ұғымымен (Абайша айтқанда «нұрлы ақыл») толығымен болмаса да үндестік табатынын ұғамыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы, әдебиеттанушы Жаңғара Дәдебаевтың «Абайдың

антропологизмі» атты еңбегінде бұй делінген: «Абайдың ақындық дүниетанымы жүйесінде ақыл, қайрат, жүрек тән мүшелерін сыпаттамайды, адамның ішкі мәнінің қасиеттерін білдіреді. Тән – адам болмысының көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын сыртқы қауашағы. Адамның ішкі мәнін көзбен көру, қолмен ұстау мүмкін емес. Оны арабша «нәфсі», парсыша «жан», «діл», «рух» деп те атайды. «Діл» сөзін қазақ тіліне тікелей аударғанда, «жүрек» ұғымы шығады. Ол Құран Кәрімнің аударылған мағынасы мен түсінігінде «орныққан нәпсі» (Х. Алтай) [89:27], «обретшая покой душа» (Э.Р. Кулиев) [89:27], «покоившаяся душа» (Г.С. Саблуков) [89:27], «ничем не омраченная душа» (И.В. Порохова) [89:27], «душа успокоившаяся» (Абдель Салам аль-Манси, Сумайя Афифи) [89:27] ретінде аталса, философиялық еңбектерде «есті жан» делінеді. Адамның сыртқы болмысы мен ішкі мәні туралы арнайы әдебиеттерде осы аталған ұғымдар бір сөзбен беріліп, солардың бәрінің мәнісін қамтитын бір ұғым ұсынылады. Ол – жүрек».

Ғұламаның «Қара сөздері» мен өлеңдері мазмұнға бай, мәнге толы. Мазмұн да, мән де – дерексіз нәрсе. Абстракция. Оны ми қызметінің операциялары, сезім мүшелері мен түрлі қасиеттер негізінде ғана тани алмақпыз. Екеуін көзбен көріп, қолмен ұстамаған жағдайда да сезе, сезіне аламыз. Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ пен талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Қайсысына басымдық берілсе, сол – доминанта. Жақсылыққа бет бұрсақ жақсы боламыз, жамандықтың жалына жармассақ жаман атанамыз. Бұл – қарапайым формула, бұрнадан бергі өмір заңдылығы, баршаға аян классификация: жаман мен жақсы, жақсы мен жаман...

Абай шығармаларының үзіндісі әркімнің үйінде ілулі тұру керек, бұл көбіне-көп басқару органдарына қатысты. Шешімтал тұста хакім өлеңдерінің мәніне үңілсе, оқыса, күрмеулі мәселе де өз шешуін табады деп ойлаймыз. Бүгіндері тең құрбыларымыз, қанаттас-қатарластарымыз жеңіл ақша тапқанына желпініп жүргенін байқадық. Кәсіп бастап, тез байығысы келетін ұқсайды. Дұрыс қой, қарсы емеспіз. Өссін, өркендесін, тілекшіміз. Десек те, бұл руханияттан, бай мәдени мұрадан нәр алған кәсіп болуы керек. Сонда ғана ол қайырлы болмақ, сонда ғана қайырымды жан көбеймек, бұны макроэкономикада «қайтарымды капитал» деп атайды. Абай көтерген проблематика қай кезде де өзекті. Себебі, автор универсалды, адам баласына ортақ рухани кеселдерді сынайды. Адам жаны – Құдай мен Ібілістің майдандасатын орны, айқасқа түсетін алаңы. Алла жеңсе, тазарасың, имандылыққа бет бұрасың, екіншісіне ерік берсең құрдымға кетесің, тандау еркі – өзінде. Қараны – ақ, қараңғыны – жарық, жаманды – жақсы етіп көрсетіп, алдарқататын Әзекең – Әзәзіл емес пе?! Кісіге берілген, әрі Ақылға бас иген ерік, еркіндік, тәуелсіздік дәп осы тұста бас көтеруге тиіс.

Жазушы, сыншы Тұрсынжан Шапай «Шын жүрек – бір жүреkte»: «Абай шығармашылығында сыртқы қалыбы мен ішкі сырының құпиясын аштырмаған тылсымдар тым-ақ көп. Толық ашылуы мүмкін де емес – эстетикалық ұлы құбылыстарға ортақ заңдылық. Әр ұрпақ, танымның әр

деңгейі өз сөзін айтады», - депті. Рас, көкейге қонымды. Өйткені, әр қазақтың өз Абайы бар. Сонымен тілдеседі, сонымен сырласады.

Қанша дүниетаным болса, сонша Абай бар деп білеміз. Мұндай калибрдағы ұлылар біржақты талдауды жақтырмайды, бір түйгенім. Мұхит жағасында тұрып арғы жағына көз тастап ек, ұшы-қиырының көрінер түрі жоқ...

АБАЙ АУДАРМАСЫ: ТАРИХЫ, КӨРКЕМДІГІ, ТІЛІ

(«Мен көрдім сынық қанат көбелекті» өлеңі негізінде)

Абай – көркем әдеби шығарманы қазақ тіліне аударудың ерекше жолы мен түрін көрсеткен ұлттық интеллектісі зор, поэтикалық қуаты мол күшті ақын әрі аса талантты аудармашы.

Біздің кемеңгер бабамыз киіз үйде өсіп, ұлы дала атырабындағы өркениет мәдениетін терең меңгерген тұлға. 1882 жылы Абай алғаш болып еуропалық әдебиетке жол ашқан, қазақ әдебиетіне реформалық өзгеріс енгізген ақын. М. Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңін аударып, көркем әдеби аудармаға ден қойған ақын мазмұны мен сипаты алуан түрлі өлеңдерді төлтумадай ерек қалыпта қотарды. Ақын орыс әдебиетінен ұзын-ырғасы елуден астам өлең аударып, көркем әдеби ойдың арнасын кеңейтті. Бір анығы, Абайдың орыс әдебиетінің озық үлгілерін алғаш болып аударуы – тек қазақ халқының ғана емес, бүткіл Орта Азия, түркі тілдес халықтардың мәдени дамуына қосылған елеулі үлес. Міне, осыдан кейін кемеңгер шайырдың сөзі, төлтумасы мен телтумасы, ғақлиялары – қолына қалам ұстап, ақ қағазды серік еткен әрбір жанға ар ісінің биік межесіндей кейіптегі ұғымға айналды.

Абай аударған өлеңдердің табиғатына жалпы шолу жасасақ, ақын өзінің жүрегіне жақын деген өлеңдерді ғана таңдап, талғап қана алған. Мысалы, В.Крыловтан аударған «Мен көрдім ұзын қайын құлағанын» деген өлеңін ғана алайықшы. Бұл өлеңді 1898 жылы аударыпты. Туынды түпнұсқада 16 жолдан тұрса, аудармада – 20 жолға ұлғайған. Абайдың 1945 жылы шыққан шығармаларының толық жинағында бұл өлеңнің авторы М. Лермонтов деп жаңсақ көрсетілген. Абай мен Лермонтов поэзиясын, әдеби мұрасын салыстыра жіті зерттеген үлкен ғалым, академик Зәки Ахметов кейіннен бұл өлеңнің авторы М. Лермонтов емес, В. Крылов екенін анықтаған-ды. Бұл, негізінде, «Разбитое сердце» деген орыстың романы екен, ал әуенін жазған – А. Рубинштейн деген неміс композиторы.

Абайдың аудармасы түпнұсқа мәтіннің мазмұнына жақын болғанымен, көркемдік қуаты мен ерекшелігі, ойы В. Крыловтың жазғанынан әлдеқайда артық, бәсі жоғары. Сөзіміз дәлелді болу үшін әрбір шумаққа жеке-жеке талдау жасап, тоқталып көрейік.

Түпнұсқадағы бірінші шумақ:

Я видел березу – сломались она,

Верхушкой к земле преклонилаь она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах.

Ал, бұны біздің Абай былайша сөйлеткен:

Мен көрдім ұзын қайын құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Қараңыз, екеуі мазмұны жағынан үйлескенмен, идея, табиғаттың құбылысын бейнелеуде алшақтық бар. Түпнұсқада қайың жапырағының қурау процесі туралы айтылса, Абайдың танымында мүлде басқа ой бар. Ол ой әрбір шумақта ажарланып, соңғы шумақ, яғни өз жадынан қосқан төртінші жолда мүлде басқа ойға ауысып кеткен. Мәселен, екінші шумақты алайық:

Я бабочку видел с разбитым крылом,
Бедняжка под солнечным грелась лучом.
Стараясь и слабость и смерть превозмочь,
Пока не настала холодная ночь.

Бұл жерде айтатын мәселе Абай аудармасында екінші, үшінші шумақтың орны бір-бірімен ауыстырылған.

Абай аудармасында бұл шумақтағы ой былай өрбіген:

Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О дағы білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті.

Түпнұсқада көбелектің аянышты хәлі баяндалса, Абай аудармасында көбелек жаратылыстың өлшеп берген өмірі, адам мен табиғаттың байланысы айтылған. Орысшасында өлім туралы ой болса, қазақы шапан киген өлеңде бұл ой жоқ. Ал орны ауысқан екінші шумақтың түпнұсқасына назар аударсақ:

Стрелка видел я, как лань подстрелил,
Животное пало в крови и без сил.
Со смертью боротья оно не могло,
И жить перестало, как солнце зашло, —

деп берілсе, қазақыланған нұсқасындағы бұл жол төмендегідей өрбіген:

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Бұл жерде автор мен аудармашы арасында тағы да ой құндылығының алшақтығы байқалады. Мәселен, Абай бұл тұста мәселе көтеріп, оқырманын ойлантады. Ал автор болса өлеңнің алғашқы шумағындағы ырғағын сақтап, сол өлімнің өзін жырлаған.

Ах, мне измениа подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову –
И с сердцем разбитым живу да живу.

Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.
Жылы жүрек суыды, жара түсті
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.

В. Крыловтың айтқысы келгені осы – соңғы шумақтағы ой еді. Түпнұсқа авторы махаббаттан жолы болмаған, ғашығынан айырылған шерменде екені анық байқалады. Қайғыру мен қамығу, өткенді аңсап торығу сияқты эмоциялық сипаты басым болған жолдарды Абай парасаттылықпен, салқынқандылықпен ғана аударып, өлеңнің табиғатын мүлде құлпыртып, оқырманға зіл батпан ой қалдырып кеткен. «Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік» дегенінен-ақ тағдыр ісіне көнген, бірақ күдерін үзбей алға жылжып бара жатқан адамның кейпі елестейді. Ал В. Крылов болса сол баянсыз махаббаты үшін өлгісі де келетінін немесе бірге болсақ ғашықтық күйіміз басқаша болар еді дегендей тайғанақ тағдырына «ah» ұрып, налып отыр. Сөз басында айттық Абай аудармасында өлеңнің мазмұны мүлде басқа арнаға ауысқан деп. Ол ақынның жанынан қосылған бесінші шумақта анық әрі айқын көрініс тапқан. Міне, осы бесінші шумақ – бүткіл өлеңнің табиғатын ашатын, оқиға желісінің кульминациясы сықылды ең мәнді, мағыналы тұсы. Қарап көрелік:

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін, –

деп түпнұсқадағы автор ойын көріктендіріп, оған күш-қуат қосып, мазмұнын үдете түскен. Енді қараңыз, бірінші шумақтан төртінші шумаққа дейінгі айтылған ойдың бәрі – кез келген адамға тән, көрген-білген өмір барысындағы тіршілік әрекеттері. Ұзын қайыңның құлауы, сынық қанат көбелектің тырмысуы, қырдағы қызыл киіктің ойнақтағаны, ғашық жанның бір-біріне деген уәдесіздігі – өмірде талай болған және тағы да жалғаса беретін процестер ғана. Автор өлімге басын тігуге дайын болса, Абай әр жол арқылы өлімге тура, анық қарағандай. Бұдан шығар қорытынды сол – Абай өлімді саналы түрде мойындағанымен, оқырманына ой тастап, мына дүниенің баянсыздығы мен мағынасы жоқ екенін сұрау қойған емеурінмен білдіріп отыр. Абайдың пайымдауынша, мына қызылды-жасыл жарық дүние «кейіс дүние» еді. «Жылап туып, кейіп өлетін» адамға тірліктің байлауы жоқтығын айтқан есті сөзі осы – бесінші шумақтағы ой-тұғын. Нәзирагөйлік үлгідегі санаға сілкініс жасаған, жан-дүниенді қопарған соңғы шумақ – ақының «Толық адам», «Кәміл мұсылман» деген ойларымен астастасып-қабаттасып жатқан гуманистік идеялары.

Сөзімізді түйіндеп айтар болсақ, Абай аудармаларының тілі – поэтикалық тілдің айрықша бір көрсеткіші. Оның орыстың сөзіне дәлме-дәл тапқан баламасы я көркемдегіш әдеби құралдарды келістіре, қиыстыра орайына қарай қолданғаны – тыңға түрен салғанмен тең. Сосын, Абай аударған шығармалардың бәріне ортақ бір ұстаным бар, ол – ақынның өз қалауымен таңдап аударғаны, мысалы, аударма өлең не философиялық, не патриоттық я болмаса адамның мінез-құлқына, ойлауына жөн көрсетер тәрбиелік мәні зор бағыттағы тақырыптар. Ақынның аударма туындылары – еркін әрі ерікті әдеби аударманың озық үлгісі, ерек шығарма ретінде өзінің өзектілігін, өміршеңдігін ешқашан жоймайды. Қысқаша айтсақ, «Жүрегіне кір жасырмаған» ақынның қай өлеңі болсын я қай аудармасын алып қарасаңыз да, шын мұсылмандықтың ақ адал жолы туралы айтылған. Өйткені, Абай – өз-өзіне сын көзімен қарап, нәпсісін ауыздықтаған, өзін-өзі тәрбиелеген мінез айнасы, болмыс сыншысы.

ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА

Ж.ДӘДЕБАЕВ , Л.МҰСАЛЫ

«Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі» атты республикалық сырттай ғылыми конференция өзінің мәресіне жетті. Алты күн ішінде (10.08.2020-15.08.2020) көпшілікке жиырмаға жуық баяндама ұсынылды. Конференция аясында жас ғалымдардың онлайн пікір алмасуы жоғары деңгейде өтті. Көптеген жаңа ойлар, пікірлер, ұсыныстар айтылды. Олардың ғылыми маңызы жоғары. Абайдың шығармашылық мұрасы мен іліміне аға буын өкілдерінің де, жас ғалымдардың да зор ықыласты екенін аңғардық.

Ұйымдастыру комитеті конференцияға сырттан қатысушы ұстаздар мен ғалымдарға, зерттеушілерге, онлайн жүйесінде өткен дөңгелек үстөлге қатысқан жас абайтанушыларға разылығын білдіріп, зор денсаулық, шығармашылық соны табыстар тілейді.

Абай күні аясында өткен іс-шаралардың нәтижелерін тиянақтау барысында қойылған сұрақтар бойынша Абай институтының директоры профессор Ж.Дәдебаевпен әңгімелескен едік. Осы әңгімені конференцияға қатысушылардың назарына ықшамдап ұсынуды дұрыс көрдік.

Л.Мұсалы:

Абай жылында Абайды тану, Абайдың шығармашылығын насихаттау бойынша қол жеткен қандай елеулі нәтижелерді айтар едіңіз?

Ж.Дәдебаев:

Қол жеткен елеулі нәтижелер аз емес. Солардың кейбірін атап өтейін.

•Республиканың Білім және ғылым министрлігінің 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру құжаттамасында мамандандырылған ғылыми бағыттардың басты бір тармағы «Абайтану. Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы» болып бекітілді.

•Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Абай залы» ашылды. Университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты абайтану ғылымы саласында тарихи қалыптасқан мектептерде өндірілген білімдердің дербес ғылыми базасын жасады, «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымының 40 томы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді, дербес ғылыми базаның қоры Абай институтының электрондық кітапханасы арқылы көпшілікке ұсынылды.

•«Халықаралық Абай клубы» Абайдың шығармаларының толық жинағын қазақ, ағылшын, орыс, неміс және француз тілдерінде он том етіп баспадан шығарды. Абайдың шығармаларын әлем халықтары тілдеріне аударғандар - жазушы, баспагер Роллан Сейсенбаевтың әдебиеттегі және өмірдегі достары, айтулы аудармашылар.

•Ресейде Абайдың таңдамалылары екі үлгіде жарияланды. Бірі Тайыр

Мансұровтың құрастыруымен және алғысөзімен, екіншісі Сәуле Мансұрованың құрастыруымен және алғысөзімен Мәскеудің «Раритет» баспасынан жарық көрді.

•«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры Рауан Кенжеханұлының басшылығымен Абайдың шығармаларының толық жинағын әлемнің он тіліне аударып, он том көлемінде әлемнің белгілі баспаларынан бастырып шығарды.

•Қазақстанның жоғары оқу орындарында «Абайтану» пәнін барлық мамандықтар бойынша оқытуға бетбұрыс басталды.

Л.Мұсалы:

Орта және жоғары оқу орындарында «Абайтану» пәнінің мазмұнына, оның дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етілу деңгейіне көңіліңіз тола ма?

Ж.Дәдебаев:

Оқу пәнінің мазмұнына, білім алушының оқу нәтижесінде алған біліміне қойылатын мемлекеттік талаптар бар. Ол талаптар тиісті жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарда бекітілген. Біздің мұндай мемлекеттік стандартымызда бекітілген талаптар Блум таксономиясына (1958) негізделген. Оқу пәнінің үлгілік бағдарламасы мемлекеттік стандартта бекітілген осы талаптарды іс жүзіне асыруды көздейді. Оқулықтар осы сипаттағы үлгілік бағдарлама талаптарына сай дайындалды. Бұған көңілім толады деп айта алмаймын. Осы орайда өзіңізге мынадай бір риторикалық сұрақ қояйын: Мұхиттың арғы жағындағы Блумның таксономиясын (1958 жылғы) таңсық көріп, оны біздің бүгінгі мемлекеттік стандартымызға негіз етіп алудың қандай жөні бар?

Л.Мұсалы:

Абайтану, абайтанушы ұғымдары айналасында айтылып жүрген ойларға қалай қарайсыз?

Ж.Дәдебаев:

Абайтану – қалыптасқан ұғым. Абайтану – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде анықталған, айқындалған, қалыптасқан сала. Абайтанудың зерттеу пәні, зерттеу нысаны анық. Оны құқықтық кеңістікте даралау үшін, қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласына жататын және пәнаралық мазмұнымен ерекшеленетін ғылыми мамандық ашуымыз керек, оның паспортын, бағдарламасын жасап, бекіту қажет, ол «Абайтану» деп аталуы шарт.

Абайтанушыға келсек, бұл ұғымның айналасында айтылып жүрген ойлар бар. Әдебиеттану ғылымының есігін ашқан сәттен бастап Абайды, Абайдың шығармашылығын зерттеумен шұғылданып, сол салада үлкен жетістіктерге жеткен, еңбегін ел таныған ғалымды «абайтанушы» деп атаудың артықшылығы жоқ. Егер «Абайтану» деп аталатын ғылыми мамандығымыз болса, ол мамандық бойынша білім бағдарламасын толық игерген және тиісті диплом алған маманды да «абайтанушы» деп атау лайықты болуы мүмкін. Ал егерде «Абайтанушы» деген құрметті атақ немесе академиялық атақ болса, ол атақты тиісті бір құзіретті мекеме немесе ұйым бермек.

Абайтану саласында еңбек етіп, зерттеу жұмыстарымен айналысып

жүрген ғалымдарға мынадай қасиеттер артықтық етпейді: әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны саласынан терең кәсіби білім; әдебиетті, сөз өнері туындысын қабылдаудағы кемел эстетикалық талғам; пәнаралық кәсіби біліктілік т.б.

Менде мынадай ой бар: әдебиеттану ғылымында, жалпы әдебиетте қазір алдыңғы буынға айналып келе жатқан қаламгерлердің арасында шығармашылық, ғылыми-шығармашылық мәнер-машығы айқын, таным даралығы, талант саралығы анық тұлғалар бар. Олардың таңдаған жанрлары, нысандары, зерттеу пәндері түрлі-түрлі. Осы тұлғаларды абайтану ғылымының тиісті мәселелерін зерттеуге арнайы тарту үлкен нәтижелерге жеткізеді. Бұл ойды әзірге жеке өтініш деңгейінде, шығармашылық тұлғаларға достық тілек аясында ғана ұсынып келеміз.

Л.Мұсалы:

Абайтанушыларды докторантура арқылы даярлау мүмкіншілігі де бар емес пе?

Ж.Дәдебаев:

Ондай мүмкіншілік бар. Докторантураға қабылдаудың өзіндік тәртібі болады. Оған оқытушы-профессорлар қауымының қатысы жоқ. Тиісті бір мамандық бойынша докторантураға бір докторант қабылданатын болса, оның тақырыбын, ғылыми жетекшісін кафедра, деканат, ректорат тағайындайды. Ғылыми жетекші өзінің ғылыми бағыты бойынша, мысалы, абайтану бойынша дайындайтын докторантын өзі таңдай алмайды. Ал докторантурадағы докторант өзіне қажетті тақырыпты, ғылыми жетекшіні өзі таңдай алады. Мұндай жағдайда ғылыми жетекші алдындағы докторанттың қандай бейімі, қабілеті барын біле алмайды, баспасөзде ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатында мақалалар жариялап, тиісті бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілеті барын көрсеткен жасты докторант қылып алуға ғылыми жетекшінің құзіреті жүрмейді.

Л.Мұсалы:

Абайдың шығармаларын әлем халықтарының тілдеріне аударып, кітап қылып шығарып жатырмыз. Сол аудармалардан Абайдың шығармашылық тұлғасы қаншалықты лайықты көрінеді?

Ж.Дәдебаев:

Оған толымды жауап беру оңай емес. Өйткені мінсіз аударма жасау өте қиын. Қазақта мінсіз аударма жасаған қазақ біреу. Ол – Абай. Ал Абайдың шығармаларының аудармаларында осы күнге дейін кемшілік болып келді. Ендігі аудармаларда кемшілік жоқ деуге болмайды. Жаңа аудармаларда Абайдың шығармашылық тұлғасы қаншалықты лайықты көрінгенін арнайы зерттеулер анықтайды. Ол – алдағы күндердің міндеті.

Л.Мұсалы:

Абайдың жеке басына, шығармашылық мұрасына нигилистік көзқарастағы жандар әлеуметтік желі арқылы өздерінің теріс пікірін басқаларға да таңғысы келеді. Оған байланысты не айтар едіңіз?

Ж.Дәдебаев:

Ондай теріс пікірді өзінің ұлттық рухани құндылықтарынан тыс қалған

немесе жаттанған, «ар ойламай, пайда ойлаған» жандар айтуы мүмкін. Бұл жерде бүкіл бір елдің, тұтас бір мемлекеттің рухани құндылығын жоққа шығару ниеті бар. Оған қарсы қандай да бір нақты іс-шара қолдануға нақ осы шақта елдің де, мемлекеттің де мүмкіншілігі жоқтығы байқалады. Себебі елдің, мемлекеттің рухани мәдениетінің асыл құндылығына айналған ескерткіштерді жаттың жаласынан, қорлауынан қорғаудың құқықтық негізін біз жасамадық. Егерде біз елдің, мемлекеттің рухани мәдениетінің асыл құндылығына айналған ескерткіштерді қорғаудың құқықтық негізін жасап, оны тиісті тәртіпте қолданысқа енгізген болсақ, онда әлгіндей жалаға, қорлауға қарсы тиісті құқықтық іс-шара қолданар едік. Сонда ұлттық рухани мәдени құндылықтарымызға қарсы әлгіндей жалалы, қорлау сөз айтушыларға заң жүзінде тыйым салар едік. Ондай құқықтық негіз болмаған жағдайда халықтың: «Ит үреді, керуен көшеді», - деген тамаша даналық сөзін сүйеніш етпеске ләж жоқ.

Л.Мұсалы:

Абай ғылыми-зерттеу институты «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» деген атпен көптомдық сериялық басылымды шығара бастады. Бүгінде осы сериялық басылымның 40 томы жарық көрді. Басылым әрі қарай жалғасады. Кейінгі замандарда осы еңбектерді оқитын, керек қылатын, Абайды зерттейтін жастар болар ма екен?

Ж.Дәдебаев:

Болады деп үміт етеміз. Үмітімізді үзбейміз. Абай институтының жасап жатқан жұмыстары ғылыми-көпшілік сипатта. Көптомдық та сондай. Бірақ оны, Абайды көпшілік қолынан түсірмей оқитын болуы үшін қажеттілік, сұраныс қалыптастыру шарт. Бұл – жалпы азаматтық, қоғамдық, мемлекеттік міндет. Егер Абай, Абайтану әр үш жылда өсер өркеннің бірінің доктоантурада оқу, терең білу, арнайы зерттеу нысанына айналса, ол да Абайдың шығармашылық мұрасын біздің алдымыздағы алыптардай, тіпті болмағанда біздей, бізден аса құрметтеп, біздей, бізден аса зерттеп-зерделеу, оқыту деңгейіне көтерілсе, онда біздің алдымыздағы алыптардың да, біздің де еңбегіміздің далаға кетпегені.

Л.Мұсалы:

Әңгімеңізге рахмет.

МАЗМҰНЫ

Бірінші күн: 10.08.2020.

ДӘДЕБАЕВ Ж. АБАЙ ІЛІМІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІ МЕН НЕГІЗДЕРІ МЫРЗАХМЕТОВ М. АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ.....	5
ҚАЛИЖАНОВ У. АБАЙ ІЛІМІ.....	20

Екінші күн: 11.08.2020.

Д.ЫСҚАҚҰЛЫ. АБАЙ МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҰСТЫНЫ.....	29
А.ЖАКСЫЛЫКОВ, Ж.ДАДЕБАЕВ ЩЕДРЫЙ ДАР.....	36

Үшінші күн: 12.08.2020.

Т.ЕСЕМБЕКОВ. ТАЛАНТ ФОРМУЛАСЫ.....	49
С.МАНСУРОВА. АБАЙ - РОЖДЕННЫЙ ДЛЯ ВДОХНОВЕНИЯ.....	61

Төртінші күн: 13.08.2020.

Л. МҰСАЛЫ. АБАЙТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЕКІ ҚҰЖАТ О. ӘЛИЕВ. АБАЙҒА АПАРАР ЖОЛ.....	77
Г.БОЛАТОВА. ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ И ИДИОМАТИЧЕСКИЕ ВЫРАЖЕНИЯ В СИСТЕМЕ ПСИХОПОЭТИКИ АБАЯ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ПЕРЕВОДА НА РУССКИЙ ЯЗЫК.....	89

Бесінші күн: 14.08.2020.

М. ҮМБЕТАЕВ. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЗАМАНЫ ЖӘНЕ ЗАМАНДАСТАРЫ.....	102
А. ТЕМІРБОЛАТ. О КАТЕГОРИИ ХРОНОТОПА В ПОЭМАХ АБАЯ КУНАНБАЕВА.....	115
А. КАРТАЕВА. АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕ.....	126

Алтыншы күн: 15.08.2020.

Ө.ӘБДИМАНҰЛЫ. АБАЙТАНУ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАШ КЕЗЕҢІ.....	142
Ә.ТАРАҚОВ. АБАЙДЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ.....	150
Ә.БАЙБОЛ. АБАЙ – МЕНІҢ ЖҮРЕГІМДЕ.....	157
Е.ТОҚТАРБАЙ. АБАЙ АУДАРМАСЫ: ТАРИХЫ, КӨРКЕМДІГІ, ТІЛІ.....	165
Ж.ДӘДЕБАЕВ, Л.МҰСАЛЫ. ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА.....	169